

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



Маңызды  
мезет



# Маңызды мезет



*Алматы - 2021*

**ӘОЖ  
КБЖ**

**Жалпы редакциясын басқарған, жоба авторы  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ**

**«МАҢЫЗДЫ МЕЗЕТ»** – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті /  
Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2021 – 280 бет

ISBN

*Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Тәуелсіздік жылдары мемлекетіміздің қол жеткізген жетістіктерін еселей түсу маңызды. Біздің ойымыз да бір, мұрат-мақсатымыз да ортақ. Ол – Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту», – деген болатын. «Маңызды мезет» кітабында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы тәуелсіздік жылдарындағы елдегі, білім ордасындағы жағдай, ғалымдардың ашқан жаңалықтары, өздерінің және қарашаңырақ түлектерінің жетістіктері жайлы әңгіме қозғайды.*

*Кітап барша оқырман қауымға арналған.*

**ӘОЖ  
КБЖ**

ISBN

© «Қазақ университеті», 2021

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры

## *ҚазҰУ қалашығындағы маңызды мезет*



Биыл мемлекетіміз үшін маңызды мереке – ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Бұл – өткенге есеп беріп, келешекке нақты жоспар жасайтын үлкен белес. Ғасырлар бойы бодандықтың бұғауында болған халық үшін осы жылдардың әрбір сәті ұлттық маңызға ие.

Қазақ елі тәуелсіздік алған алғашқы сәтте Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздің бұл дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз», – деп, әрбір азаматтың алдына нақты міндеттер қойған болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында: «Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырамыз анық. Осы тұрғыдан

алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет», – деп, «той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келгенімізді» тағы бір мәрте еске салған еді.

Білім ордасы өткен 30 жылда ел тәуелсіздігін баянды ету үшін қандай қызмет атқарды? Бағындырған белестері мен келер ұрпаққа қалдырар аманаты қандай? Болашақта тағы не істей алады? Осы іспетті сауалдарға жауап іздеген университеттің оқытушы-профессорлар құрамы «Маңызды мезет» жинағында егемен елдің білім саласына сіңірген, зерттеп-зерделенген сан алуан еңбектерімен бөлісіп, болашақта атқарылмақ жоба-жоспарлары жайлы ойларын ортаға салды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымының докторы, профессор Мұхтарбай Өтелбаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ елімізде математика ғылымы ордларының бірі екенін айта келіп, дүниежүзілік есеп бойынша елімізде математика ғылымы өз деңгейін сақтап қалғанын, алдағы уақытта дами түсуіміз керектігіне тоқталады.

Биология ғылымының докторы, академик Ажар Жұбанова биотехнология ХХІ ғасырда дамып келе жатқан ғылым саласының бірі екенін айтады. Еліміз экономиканы индустрияландыру ғана емес, ақыл-ойға жүгінетін инновациялық дамуды да қолға алып, содан бері көптеген жұмыстар атқарылып жатқанын тілге тиек етіп,

биотехнология өндірісінің еліміздегі жай-күйін баяндайды.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұлттық жоғары білім мен университеттік ғылымның жаңа жүйесін қалыптастырып дамытуда, заман талабына сай инновациялық өнім өндіруде, оны Тәуелсіз Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетінің қарыштап өсуі, елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюы жолында жұмсауда ерен еңбегімен дараланды. Мұндай ерен еңбектің, жасампаз күштің қайнар көзі – университеттің оқытушы-профессорлар корпусы», – деген филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев білім ордасы жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының кейінгі жылдары 50 том болып баспадан жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық сериялық басылымының әлеуметтік зор маңызын атап өтті.

Химия ғылымының докторы, профессор Зұлхаир Мансұров тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда адами ресурстарды даярлау сапасын арттыруға, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім берудің ұлттық моделі қалыптасып, білім саласында маңызы зор бірқатар заң қабылданғанына тоқталады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Жану проблемалары институты ғалымдарының соңғы отыз жылдағы табанды еңбектері туралы көпшілікті хабардар етеді.

Тәуелсіздіктің бастауын пәлсапалық тұрғыдан қарастырған философия ғылымының докторы, профессор Тұрсын Ғабитов:

«Тәуелсіздік ұғымының бастауы – еркіндік. Адам баласы о бастан бұла өсіп, еркіндікті жақсы көрген-ді. Еркіндік дегенге пәлсапалық тұрғыдан қарайтын болсақ, ол – адамның еркін таңдауы, еркін қалау мүмкіндігі. Таңдау жоқ жерде – еркіндік жоқ. Міне, тәуелсіздік арқылы халық өз қалауы, яғни түпкі тамырында жатқан дәстүрі мен мәдениетін, діні мен ділін таңдау бақытына ие болды», – дейді. Ол алдағы он жылды – интеллектуалды ұрпақтың қалыптасу дәуірі деп есептеп, әлемдік өркениетте алдыңғы мемлекеттер қатарынан табыларымызға сенеді. Сол себепті алдағы он жылды рухани мәдениетіміздің жаңғыру, өркендеу онжылдығы деп атады.

Отыз жыл ішіндегі Елбасы айтқан борышты айнытпай орындап, уақыт талабын терең түсініп, ұрпақ болашағы үшін қалтқысыз қызмет еткен ұстаз-ғалымдарымыздың жасаған тың ізденістері мен еңбектері ел алдында үлкен абыройға ие. 1994 жылы шығыстану факультетінің алғашқы түлектері қанат қақты. Факультет осы жылдар ішінде шығыс елдерінің тілі мен әдебиетін, діні мен ділін, тарихы мен саясатын, қоғамы мен экономикасын зерделеген мыңдаған түлектерін даярлап шығарды. Сапалы дипломат кадрларды даярлауда ұстаздар жас маманның бойына жан-жақты терең білімді, жаңа жағдайларға тез бейімделе білу дағдысын, жылдам әрі салмақты шешімдер қабылдай білуді, мәселелерді мемлекеттің сыртқы саясат доктринасына қайшы келмейтіндей етіп шеше білуді үйретуге тырысты. Тарих ғылымының докторы, профессор Нұржамал Алдабек

осы жинаққа енген әңгімесінде шығыстану факультетінің шығыстану бөлімін бітірген алғашқы түлектердің дені мемлекеттік қызметтерге алынып, жас тәуелсіз еліміздің заманауи мемлекет ретінде қалыптасуына олар да кірпіш болып қаланғанын сөз етеді. Олардың барлығы дерлік тәуелсіз мемлекетіміздің әртүрлі салаларындағы – СІМ, ҰҚК, кеден, шекара, коммерциялық құрылымдарда қызмет етті. ҚР СІМ-де алғашқы қызметтерін қарапайым кіші қызметкер мен тілмаштықтан бастаған олар қазір еліміздің мақтанышына айналған, маман ретінде өздерін толық таныта білген азаматтар.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Тәуелсіздіктің туын қолда берік ұстау – әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның басты борышы, биік мақсаты» болды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлары азаттықтың ақ таңында өздеріне артылған осы міндетті айқын түсініп, сенім үдесінен шығуға жұмыла кірісті. Мемлекет міндеттеген білім беру жүйесін сапалық жағынан жақсартуға, ғылымды басқару мен қаржыландырудың құқықтық-заңнамалық базасын қалыптастыруға күш салды. Уақыт көшінен қалмай, жаңа заманның талаптарына сай қалыптасу кезеңінен өтті, жаңа ізденістерге жол ашты. Жылдар бойы іргелі оқу орнында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаздар өз ғылыми мектебін қалыптастырды. Осындай жауапкершілікті табанды түрде арқалап жүрген Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профес-

соры, әлеуметтану ғылымының докторы Мәнсия Садырова тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ғылыми қызметкерлердің, соның ішінде жас ғалымдардың құқықтық жағдайын реттейтін заңнамалық база қалыптасқанын айтады. «Олардың арасында ҚР «Ғылым туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Ғылыми және ғылыми техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциялау туралы» заңдар білім мен ғылым саласын реттеуде басшылыққа алынуда және отандық ғылымның дамуына жаңа қарқын беруде. Ғылымды басқарудың жаңа үлгісі қалыптасты. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың базалық, гранттық, бағдарламалық-мақсатты механизмдері айқындалды», – дейді профессор. Тәуелсіздік алған азғана жылдың ішінде жоғымызды түгендеп, жоғалтқанымызды тауып, келешекке соны қадам басып жатқанымызды тың ізденістерімен аңғартады.

ҚазҰУ ұжымы мен студенттерінің тәуелсіздік жылдарында ауыз толтырып айтатын жетістіктері көп. Әлемдік аренада елді танытатын бір сала спорт болса, университет студенттері мен түлектерінің бұл саладағы қол жеткізген жетістіктері мен жеңістері ел назарында. Ермахан Ыбырайымов (бокстан Сидней-2000 олимпиадасының чемпионы), Дмитрий Баландин (жүзуден Рио-2016 олимпиадасының чемпионы), Эльмира Сыздықова (әйелдер күресінен Рио-2016 олимпиадасының қола жүлдегері), Елдос Сметов (дзюдодан Рио-2016 олимпиадасының күміс жүлдегері, Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері), Нұрислам Санаев (еркін күрестен Токио-2020 олим-

пиадасының жүлдегері), Игорь Сон (ауыр атлетикадан Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері), Жұмағали Нұрдәулет (жүзуден Токио-2020 паралимпиадасының қола жүлдегері) т.б. спортшыларымыз біздің мақтанышымыз. Дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі Әлмира Ысқақова өз әңгімесінде университеттің спорттағы осындай жетістіктерін сөз етеді.

Бұл жинақта сондай-ақ филология ғылымының докторлары, профессор Элеонора Сүлейменова, Нәбижан Мұхаметханұлы, Ислам Жеменей, тарих ғылымының докторы, академик Берекет Кәрібаев, философия ғылымының докторы Жақыпбек Алтаев, экономика ғылымының докторлары, профессор Ержан Жатқанбаев пен Болат Мұхамедиев, заң ғылымының докторлары, профессор Алуа Ибраева, Дина Баймахановалар өз ойларын ортаға салады.

«Маңызды мезет» аталған жинақта ҚазҰУ-дың 60-қа жуық оқытушы-профессорының Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде ел егемендігіне қосқан үлесі, жеткен жетістіктері мен кәсіби ізденістері, ой-толғамдары баяндалады. «Qazaq universiteti» газетінде жарияланған мақалалар ҚазҰУ шежіресі ғана емес, жаңа мемлекеттің қалыптасу жолындағы білім саласының бастан кешкен тарихи баяны, ұмытылмас маңызды сәттері.

«Маңызды мезет» кітабы оқырман жүрегіне жол тауып, үш онжылдық белестегі жетістіктер мемлекеттігімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді баянды ету жолында жас буынға үлгі-өнеге боларына сенеміз.









ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТ

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY





## *Тәуелсіздік жылдарындағы ҚазҰУ жетістіктері*

2021 жыл – Қазақ елі үшін айтулы жыл. Биыл Қазақ хандығының құрылғанына 556 жыл толып отырса, дербес мемлекет болып, өз алдымызға ел болып көк туымызды көкке желбіреткенімізге 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік бізге оңай жолмен келген жоқ, сан ғасырлық бодандық құрсауынан құтылып, тәуелсіздіктің ақ таңы атқан күнде өмір сүріп жатқанымыз ата-бабаларымыздың қанымен, төккен терімен, «елім, жерім» деп соққан жүректеріндегі отансүйгіштік сезімдерінің арқасында деп білеміз.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Тәуелсіздіктің туын қолда берік ұстау –



**Ажар ЖҰБАНОВА,**  
*биология ғылымының  
докторы, академик*

**Аида ҚЫСТАУБАЕВА,**  
*профессор м.а.,  
кафедра меңгерушісі*



әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның басты борышы, биік мақсаты» болды.

Қаңтардың алғашқы аптасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығын жариялап, «Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз. Сондықтан бабалар аңсаған тәуелсіздіктің қадірін жан-жүрегімізбен сезінеміз. Егемендік – әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес бақыт», – деп атап өткен болатын.

Егемен ел болып, елдің рухы көтерілген шақта университетке ұлы энциклопедист-ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің аты берілді. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде қазақ білім беру саласының қаншалықты алға жылжығаны туралы айтпай кетуге болмас. Ректорымыз Жансейіт Түймебаев бастаған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – қазақ білім беру саласының тірегі, мақтанышы һәм көшбасшысы. ҚазҰУ қазіргі таңда еліміздегі және Орталық Азия жоғары білім беру мекемелерінің ішінде көш бастап, QS жаһандық рейтингінде 175-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. Қазақстанның жетекші университетіне айналып, әлемнің үздік ТОП-200 университетіне кіруі бойынша ҚР Білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген міндетті сәтті орындады. ҚазҰУ әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіндегі жоғары

деңгейге сәйкестігін растаған оқу орнына айналды. Университетіміздің биік жетістіктерге қол жеткізіп, алдыңғы қатарлы әлемдік университеттер қатарында болуына құрамындағы әр факультеттің қосқан үлесі орасан зор. Соның ішінде биотехнология ғылымының дамуы және жетекші мамандардың даярлануында биология және биотехнология факультетінің Биотехнология кафедрасы ғалымдарының да үлесі бар.

Бүгінде биотехнология – ХХІ ғасырда дамып келе жатқан ғылым саласының бірі. Еліміз экономиканы индустрияландыру ғана емес, ақыл-ойға жүгінетін инновациялық дамуды да қолға алуда, содан бері көптеген жұмыстар атқарылып, биотехнология өндірісі Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Қазіргі кезде адамзат алдында тұрған өзекті мәселелер: таза су және тағамдық заттардың тапшылығы (әсіресе белоктық тағамдардың); қоршаған ортаның ластануы; шикізаттар мен энергетикалық ресурстардың жетіспеушілігі; медицинада аурулардың диагностика және терапиясына қажетті жаңа препараттарды өңдеу және жаңа әдістер мен технологияларды енгізу қажеттілігі. Осы мәселелерді кешенді шешуде биотехнологияның рөлі жоғары болып отыр.

Биотехнология – әртүрлі өнімдердің өндіріс мәселелерін шешу, энергияның жаңа көздерін табу, биологиялық белсенді заттар мен антибиотиктердің синтезін жасау, қоршаған орта жағдайының биологиялық индикаторларын құру және іздеу

сияқты міндеттемелерді қамтыған ғылыми сала. Бұл мамандық түрлі тірі ағзаларды өндірісте пайдалана отырып, олардан құнды заттар алу үшін ген және клеткаларды биологиялық объект ретінде қолданады. Биотехнология әртүрлі биологиялық объектілер мен жүйелердің микроорганизмдер, вирустар, өсімдіктер және жануарлар клеткалары мен ұлпаларының, сонымен қатар клеткалардың клеткадан тыс заттары мен компоненттерінің катализдеу мүмкіндіктерін қолдануға негізделді.

Біздің жасаған препаратымыз – H1N1, SARS, MERS, COVID-19 сияқты қауіпті патогендерге қарсы споралы пробиотигі бар вирусқа қарсы интраназальды спрей. Препарат Ғылым қорының байқауынан өтіп, 141 жобаның ішінде үздік өнертабыстардың бірі ретінде танылды. H1N1, SARS, MERS, COVID-19 жататын респираторлық-синцитиалды вирустар (RSV) төменгі тыныс алу жолдарын зақымдайтын қауіпті патогендер. Емдеу әдістерінің тиімді түрлерінің бірі – вирусқа қарсы иммундық әсерлерді күшейту. Бұл әдістің басты ерекшелігі – RSV барлық түрлеріне қарсы әмбебап болуы, себебі ол туа біткен ғана емес, сондай-ақ бейімделген иммундық жүйені де қамтиды. Бұл реакциялардың триггері бактерия – пробиотиктер, жеткілікті мөлшерде қабылдау кезінде денсаулықты нығайтуға ықпал ететін тірі организмдер.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт

Кемелұлы Тоқаев өткен жылы 26 наурызда Ұлттық биотехнология орталығындағы ғалымдармен кездесуде Қазақстан ғылымының мәртебесін арттыру үшін отандық өнім көздерінің маңыздылығын атап өтті. Пандемия кезінде біздің ғалымдар COVID-19 вирустық ауруын емдеу және оның алдын алу үшін үш препарат ұсынған болатын. Сондай-ақ биология және биотехнология факультетінің ғалымдары микотрих препараты, Рисо-Лакт, Спирулина Лайф, стевия негізіндегі диабетпен ауыратын науқастарға арналған өнім шығару және басқа да емделушілерге арналған препараттарды өндіретін орталықтар ашу туралы ұсыныс жасап отырмыз. Университетіміздің жетекші ғалымдары ұсынып отырған әзірлемелерінің аналогы Қазақстан нарығында жоқ. Болашағы зор ғылыми жоба халық денсаулығын нығайтуға үлесін қосады деп сенеміз.

Қазақстан үшін биотехнология саласын дамытудың саяси стратегиялық маңыздылығы зор. Себебі бұл сала адам денсаулығынан бастап, азық-түлік, қоршаған орта, жанар-жағармай, тағы да басқа тұрғындар қажеттілігін өтеуге керек өнімдерді өндірумен айналысады. Елімізде биотехнологиялық саланы әрі қарай дамыту үшін қомақты қаржыландыру, осы заманғы құрал-жабдықтар, ең бастысы – сауатты ғылыми потенциал керек.

Жастарды білім нәрімен сусындатып отырған, ең алғаш ҚазҰУ-да құрылған әрі ең тарихы мол биология және биотех-

нология факультетіне тоқталмай кетсек болмас. Биология ғылымының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Болатхан Заядан басқарып отырған биология және биотехнология факультетінде студенттерді оқытуға ҚР Ұлттық ғылым академиясы институттарының ірі ғалымдары мен жетекші мамандары, сондай-ақ жұмыс берушілер қатысады. Осы уақытқа дейін факультет биология ғылымының әртүрлі салалары бойынша 13 мыңнан астам мамандарды даярлаған. Бітіруші түлектеріміз ғылыми-зерттеу мекемелерінде, түрлі өндірістерде, республикамыздың жоғары және орта білім беру жүйесінде, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің университеттері мен ғылыми орталықтарында: АҚШ-тың Гарвард, Техас, Вирджиния университеттерінде, Франция, Канада, Ұлыбритания, Германия, Ресей университеттерінде жұмыс істейді. Биология факультеті түлектерінің арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері де бар. Сондай-ақ қазіргі түлектердің жұмыс берушілері болып табылатын және білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, студенттерді үздіксіз практикалық даярлауға белсенді қатысатын бизнес өкілдері бар, олар тәжірибе базаларын ұсынады. Жыл сайын біздің факультет түлектерінің жоғары дәрежеде жұмыспен қамтылуы атап өтілуде.

Кезінде республикамызда «Биотехнология» мамандығының пайда болуына түрткі болған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетіндегі биология және биотехнология факультеті ұжымының ұсынысы болатын. Содан бері осы мамандық бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары осы факультетте жасалып келеді. Аз уақыттың ішінде мамандық бойынша білім берудің заманауи талаптарына сай оқу базасы құрылды, негізгі және элективті пәндер бойынша жаңа оқулықтар, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік нұсқаулар жазылды. «Биотехнология» мамандығы бакалавриат, магистратура мен докторантура бойынша халықаралық ASIIN аккредитациясынан өтіп, одан кейін KazSee аккредитациясынан өтіп, лайықты куәліктерге ие болдық.

Соңғы жылдардағы әлемдік ахуалға сүйеніп отырып, биотехнология ғылымы өз маңызын тағы бір мәрте дәлелдеп өткендей. Биотехнология кафедрасы қазіргі таңда Қазақстандағы бірден-бір осы сала бойынша жас мамандарды жүйелі біліммен қамтамасыз етіп отыр. Мұның өзі кафедраның үлкен жетістіктерінің бастамасы іспеттес. Жас ғылым саласында тереңдете білім беретін ұстаздарымыздың арқасында бүгінде кафедра түлектері әр салада өз мамандықтарының білікті маманы болып қызмет атқаруда.

«Биотехнология» мамандығы бойынша мамандар даярлау еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарында іске асып келеді, оның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биотехнология кафедрасының білім беру, оқу-тәрбие жұмыс-



тары мен ғылыми зерттеулеріндегі жетістіктері еліміздегі биотехнолог мамандарын даярлауда ең алдыңғы қатарлы кафедра екенін көрсетеді. Биотехнология кафедрасы заманауи жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, бүгінде биотехнология оқу бағдарламасымен қоса, микробиологтарды, вирусологтарды, биоинженерлерді және қоршаған орта биотехнологтарын даярлауда. Оқу бағдарламасының санын ғана емес, сапасын да көтеру үшін өзіміздің «Болашақ» бағдарламасын тамамдап келген студенттерді, қосдипломды бағдарламамен университетімізді аяқтаған түлектерімізді және шетелден жетекші профессорларды шақырып, студенттерге халықаралық стандарт бойынша сабақтар жүргізудеміз. Бүгінде Биотехнология кафедрасында 80 оқытушы-профессорлар құрамы жұмыс атқарады және 1500-ге жуық студент, магистранттар мен PhD докторанттар даярлануда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлары азаттықтың ақ таңында өздеріне артылған осы міндетті айқын түсініп, сенім үдесінен шығуға жұмыла кірісті. Мемлекет міндеттеген білім беру жүйесін сапалық жағынан жақсартуға, ғылымды басқару мен қаржыландырудың құқықтық-заңнамалық базасын қалыптастыруға күш салды. Уақыт көшінен қалмай, жаңа заманның талаптарына сай қалыптасу кезеңінен өтті, жаңа ізденістерге жол ашты.

Тәуелсіздік жылдарындағы ҚазҰУ ұжымының ауыз толтырып айтатын жетістіктері жетерлік. Мұның бәрі оңайлықпен, өзімен-өзі келген жоқ. Бұл тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, бұл сонау өткен ғасырдың 30-жылдары осы университеттің іргетасын қалап, жоғары оқу орны ретінде тұсауын кескен тұлғалардың еңбегі және осы ұжымда аянбай қызмет еткен мыңдаған ғұлама ғалымдар жұмыстарының нәтижесі.

## *Тәуелсіз елде еңбек ету – әрбір ұстаз үшін үлкен мәртебе*



**Қуандық САПАРОВ,**  
*биология ғылымының  
докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА құрметті  
академигі*

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 2021 жылды – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы ретінде жариялады. 1991 жылы Қазақстан егемен ел атанды. Тәуелсіздік – кез келген елдің ең үлкен құндылығы. Тәуелсіздіктің арқасында еліміз емін-еркін дамиды деп нақты айтуымызға болады. Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың саралы басшылығымен елімізде көптеген ауқымды істер жүзеге асырылды. Шекарамызды шегелеп, іргемізді бекітіп, дүниежүзіне белгілі мемлекет болып, өз орнымызды таба білдік. Қазіргі таңда Қазақстан 140-тан астам мемлекетпен дипломатиялық тығыз байланыста.

Тәуелсіздік жылдарында Сарыарқаның төсінде жаңа астанамыз – Нұр-Сұлтан қаласы салынды, сонымен қоса, бұрынғы тарихымыз жаңарып, Түркістан қайта түледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына бірінші үндеуінде сабақтастыққа, адалдыққа, прогреске бағытталған реформаны негізге алып дамитынымызды нақ белгіледі. Бұл бағытта Ұлт жоспары және бес институционалдық реформаны негізгі бағдар ретінде ұстануымыз қажет деп көрсетті. Осы жылдарда білім, ғылым салалары жедел дамып, бөлінген қаражаттар жылдан-жылға көбеюде.

Тәуелсіздік жылдарындағы білім және ғылымның дамуы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың басшылығымен 1993 жылдың 11 қарашасында «Болашақ» халықаралық стипендиясы белгіленді. Алғаш рет 1994 жылы 187 қазақстандық студент әлемнің 14 елінің жоғары оқу орындарына жол тартты. Елімізде 1992 жылы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі құрылды. 2001 жылы ғылым туралы жаңа заң қабылданды. Биотехнология және нанотехнология салалары бойынша ірі ұлттық зертханалар, ЖОО-ның қасынан жаңа инженерлік зертханалар ашыла бастады.

87 жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, оның құрамында биология және биотехнология факультеті тәуелсіздік жылдарында аса үлкен жетістіктерге жетті. Егемендік алғаннан кейінгі жылдары университетімізде белгілі ірі ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері басшылық етті. Атап айтатын болсақ, экономика ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі К.Нәрібаев, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Т.Қожамқұлов, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Б.Жұмағұлов, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Ф.Мұтанов. Қазіргі таңда университетіміздің түлегі, филология ғылымының докторы, профессор, қоғам

және мемлекет қайраткері Ж.Түймебаев басшылық етуде.

Университетіміздің дүниежүзілік рейтингі QS көрсеткіші бойынша өткен 2019 жылмен салыстырғанда «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» пәні бойынша 351-ден 257-ші орынға көтеріліп, оң нәтижеге қол жеткізді.

Сонымен, 2020 жылы QS World University Ranking әлемдік рейтингілердің нәтижелері бойынша қазақстандық университет (ҚазҰУ) әлемдегі ең үздік университеттер тізімінде 165-ші орынға ие болды. Бұл топта ТМД елдерінен тек М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті ғана бар. Бұл жетістіктер университет басшылығының профессор-оқытушылар ұжымының сапалы жұмыстарының жемісі деп есептеймін. Осы жылдар ішінде университетте биология және биотехнология саласында білім беру және ғылымды дамытудың бағдарламасы жасалды.

Биология және биотехнология факультеті Қазақ ұлттық университетінің құрамында алғашқы ашылған, 1934 жылдан бастап әртүрлі бағыттағы биолог мамандарды даярлауда үлкен үлес қосып келеді. Тәуелсіздік жылдарында биология және биотехнология факультетін басқарған ғалымдар: биология ғылымының докторы, профессор, ҰҒА академигі М.Шигаева, биология ғылымының докторы, профессор, ҰҒА академигі Р.Берсімбаев, биология ғылымының докторы, профессор, ҚҰЖА академигі, ҰҒА Құрметті академигі Н.Мұ-

хитдинов, биология ғылымының докторы, профессор, ҚҰЖА академигі А.Жұбанова, биология ғылымының докторы, профессор, ҚҰЖА академигі, ҰҒА Құрметті академигі Қ.Сапаров, биология ғылымының докторы, профессор Т.Шалахметова, биология ғылымының докторы, профессор, ҚҰЖА академигі А.Қанаев, биология ғылымының докторы, профессор, ҰҒА академигі Б.Заядан. Биология факультетінің негізін қалаған атақты ірі ғалымдар мен ұстаздар: А.Бартепов, П.Мищенко, А.Домбровский, Т.Дарқанбаев, Н.Хусаинова, В.Корнилова, Б.Тарабаева, Г.Бияшев, Т.Мәсенов, И.Байтулин, В.Митрофанов, В.Фурсов, Ф.Халилов т.б.

Биология және биотехнология факультетінің құрамында төрт кафедра бар. Солардың ішінде Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы сапалы білім беру саласында үздіксіз еңбектенуде. Соның көрінісі ретінде 2020/21 оқу жылында 12 халықаралық және отандық ғылыми жобалар орындалуда, олардың жалпы сомасы – 207 млн теңге. Ғылыми жұмыстар Scopus және Web of Science бағдарламаларында 30 мақала жарияланды, оның 13-і 1-2 кватиль журналдарында жарияланды.

Кафедра құрамында заманауи зоология, аквариаль, омыртқалылар, гербарий қоры, ихтиопатология және ихтиотрофология зертханалары жұмыс істеп тұр. Кафедрада «Биология», «Геоботаника», «Балық шаруашылығы және өндірістік балық аулау» мамандықтары бойынша 52 докторант дайындалуда. Олар 2020/21 оқу жылында

Scopus және Web of Science-те индекстелген 18-ден астам ғылыми мақала жариялады.

Кафедра студенттері мен магистранттары Қазақстанның жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен зертханаларында өндірістік тәжірибеден өтеді: Биоинженерия және регенеративті медицина зертханалары, Ұлттық зертхана (Назарбаев университеті, Астана қ.), Ботаника және фитоинтродукция институты (Алматы), Жалпы генетика институты және цитология (Алматы), Гидробиология және экология институты (Алматы), Зоология институты (Алматы), Ғылыми биотехнологиялық орталық (Астана) және т.б.

Кафедра шетелдердің ғылыми-зерттеу институттарымен және университеттерімен тығыз қарым-қатынаста: М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің зоологиялық мұражайы (Ресей), Санкт-Петербург университетімен, Дунай ғылыми-зерттеу институты (Будапешт, Венгрия), Хопштайнер ғылыми орталығы (АҚШ), Оттава университеті (Канада), Пьер және Мари Кюри университеті (Франция), Франкфурт университеті (Германия), University College London (UCL), Мичиган мемлекеттік университеті (АҚШ), Оснабрук университетіндегі Ботаникалық бақ (Германия) және т.б. ғылыми-зерттеу мемлекеттік университеті (Ресей), сондай-ақ басқа да ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерімен байланыс орнатуда.

Кафедраның ғылыми зерттеу жұмыстарының негізі Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлардың биоалуантүрлілігі мен биоресурстарына және экологиясына бағытталған. Кафедра меңгерушісі, б.ғ.д., профессор М.Құрманбаеваның ғылыми-зерттеу жұмыстары екі жобаның аясында жүргізіледі және жетекшілік етеді; «Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында биоалуантүрлілік пен топырақтың құнарлылығын сақтауда көпжылдық бидайды егіншілік мәдениетіне енгізу» және биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында *Nedysarum theinum Krasnob (Fabaceae Lindl)* өсімдігінің ботаникалық және молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін зерттеу.

Профессор Ш.Шалахметованың жетекшілігімен жасуша биологиясы және экотоксикология бойынша ғылыми мектебі бар, б.ғ.д., профессор С.Нұртазиннің ғылыми зерттеу бағыты жетекшілігімен Қазақстанның құрғақ аумақтарындағы зоналық және интразональды биотоптардың өзгеру тенденцияларын экожүйелік зерттеу, б.ғ.д., профессор Қ.Сапаровтың ғылыми зерттеуі әртүрлі биотопта мекендейтін омыртқалылар өкпелерінің морфологиялық тұрғыдан бейімделуіне бағытталған. Профессор Н.Мухитдиновтің ғылыми зерттеу жұмыстары өсімдіктер биоморфологиясына арналған. Кафедра доценті, профессор Н.Мамиловтың жетекшілігімен гидробионттардың экологиясы, морфологиясы, систематикасы зерттеліп келеді. Доцент С.Көбегенованың жетекшілігімен Қазақ-

стандағы балықтар фаунасы мен су омыртқалыларының экоморфологиясы, доцент Н.Ахтаеваның жетекшілігімен экологиялық морфология және өсімдіктер анатомиясы зерттелуде.

Ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша кафедра қызметкерлері биыл Қазақстан Республикасының сегіз патентіне және төрт авторлық куәлікке ие болды. Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының докторанттары мен оқытушылары Әділ Құсманқазинов және Назерке Бижанова Халықаралық спорт, білім және ғылым орталығы Genius «ТМД жастары арасындағы ең үздік жас ғалым» жобасы бойынша «ТМД-ның үздік жас ғалымы – 2021» төсбелгісімен және халықаралық конференциядағы «XXI ғасырдағы білім және ғылым» алғыс хатымен марапатталды. Кафедра оқытушысы, б.ғ.к. Дамира Юсаева 2020 жылдың соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» қоғамдық алтын медалімен марапатталды.

Өзім 1964 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне оқуға түсіп, оны 1969 жылы тамамдап, Цитология және гистология кафедрасында тағылымгер-зерттеуші ретінде биология факультетіне жұмысқа алындым. Осылайша 1970 жылдан бері педагогикалық-ғылыми қызметім басталып, осы күнге дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбек етіп келемін. 1982 жылы М.Ломо-

носав атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде кандидаттық, 2003 жылы докторлық диссертациямды қорғадым. 2003-06 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология факультетінің деканы болып қызмет атқардым. Қазақстанда және дүниежүзінде бірінші болып электронды микроскоп деңгейінде экологиялық және табиғат факторларының, жануарлар өкпелерінің нәзік құрылысына әсерін анықтап, осы арқылы экологиялық морфологияға және салыстырмалы цитологияға үлесімді қостым. 185 ғылыми еңбектің, оның ішінде екі монография, 17 оқулық пен оқу құралдарының авторымын және жетекшілігіммен 10 ғылым кандидаты мен ғылым докторларын және 40-тан аса ғылым магистрін дайындап шықтым. Міне, елу жылдан аса уақыттан бері ұла-

ғатты ұстаз атанып, шәкірттерімді білімнің қайнар көзімен сусындатып келемін.

Шәкірттерім Қазақстан ЖОО-ларында, ғылыми-зерттеу институттарында, білім салаларында табысты еңбек етуде. Онымен қоса, қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып, факультеттің партия ұжымының хатшысы, аудандық партия комитетінің мүшесі болып, халыққа аянбай қызмет жасап келемін. Білім мен ғылым жолындағы, қоғамдағы белсенділіктер бағаланып, көптеген марапаттарға ие болдым. Осының барлығы да егемен қоғамның бейбітшілігі мен тыныштығы және білім мен ғылымға деген құрметі аясында болып жатыр. Тәуелсіз елде еңбек ету әрбір ұстазға үлкен мәртебе деп есептеймін. Біз тәрбиелеген жастар елдің тірегі болсын, біздің жол оларға өнеге болып, елімізді әлемге паш ете берсін.

## *Биотехнологияның жаңа бағыттары пайда болды*



**Мейрамкүл  
НАРМУРАТОВА,**

*Биотехнология  
кафедрасы  
меңгерушісінің  
ғылыми-инновациялық  
жұмыс және  
халықаралық  
байланыстар жөніндегі  
орынбасары*

Бүгінде Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі ретінде дүниежүзіндегі саяси үрдістерге қатысуға мүмкіндік алып, халықаралық байланыстарды нығайтуға атсалысып жүрген келешегі зор мемлекет. Уақыт көшіне ілесіп, экономика, медицина, жаратылыстану ғылымдары, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, сондай-ақ технология мен өндіріс жаңа қарқынмен дамып, жемісті нәтиже беріп отыр. Бұл да тәуелсіз жылдарда жеткен елеулі жетістіктеріміздің қатарында. Отыз жыл бойғы қарқынды ерен еңбектің жемісі.

Қазіргі жаһандық ақпараттандыру ғасырында бүкіл әлем бойынша білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігі мәселесі өте өзекті. Әсіресе бұл мәселе Қазақстан Республикасы үшін маңызды. Себебі тәжірибелі, білікті мамандарсыз және заманауи ғылыми-зерттеу мекемелерінсіз экономикалық нарықтағы тұрақты позицияға қол жеткізу мүмкін емес. Біздің мемлекеттің алға қойған басты мақсаттарының бірі дамыған 30 елдің қатарына кіру екенін ескерсек, бұл тақырып төңірегіндегі түйткілді жайттардың маңыздылығы одан сайын арта түседі.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму сатысына сәтті қадам басқан мезетімен тұспа-тұс келіп отыр. Ғылымның даму деңгейі қоғам мен мемлекет дамуының негізгі көрсеткіштерінің

бірі болғандықтан, негізгі инновациялық шешімдер дәл осы ғылым мен білім саласында жүзеге асырылып жатыр. Бұған себеп – адамның айналасындағы барлық нәрсе ғылымның жетістігі екенінде. Алайда ғылымдағы қарқынды бастамалар мен түбегейлі өзгерістер еліміз егемендігін алған тұста-ақ іске қосылған. Соның арқасында 30 жыл ішінде Қазақстан ғылымы түрлі салаларда маңызды нәтижелерге жетті. Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырып, еліміздің ғылыми әлеуетін айқындауда негізгі күш ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарына түсетіні белгілі. Қазіргі таңда Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен 383 ұйым айналысады. Статистикалық мәліметтерге назар аударсақ, Алматы қаласында ғылыми зерттеулермен 133 ұйым айналысатынын байқаймыз. Бұл еліміздегі барлық ғылыми мекемелердің үштен бір бөлігін құрайды. Осы орайда, еліміздегі ғылым саласына дамудың даңғыл жолын салып берген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үлесі зор екенін айта кету керек.

ҚазҰУ – еліміздегі ЖОО-лар ішіндегі интеллектуалды әлеуеті жоғары, ғылыми-техникалық іргетасы мықты университет. Қазіргі уақытта университет ғылымның көптеген салаларында жоғары білікті мамандар даярлаудың үздік дәстүрлерін жалғастыруда. Білім ордасы өзінің тарихи қазығына сүйене отырып, қазіргі заман талабына сай мамандарды дайындайды. Сондықтан ол еліміздегі ең үздік кадрлардың ұстаханасына айналып отыр.

Тәуелсіздік жылдарында ҚазҰУ-дың ғылымы биотехнология, фитохимия, нано-

технология, микробиология, молекулалық биология және тағы басқа салаларда маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Соңғы онжылдықта биология бағытындағы өзгерістер биотехнологияның дамуында қағидалы жаңа перспективаларды ашты, өндірісте биологиялық процестерді қолдану шектерін кеңейтті және осы заманғы биотехнологияның жаңа бағыттары пайда болды. ХХІ ғасырда биотехнология ең бірінші кезекте азық-түлік өнімдерін, медициналық препараттарды алуда, ауыл шаруашылығында, экология, энергетика салаларында адамзаттың дамуын анықтауға өз үлесін қосуда. Атап айтқанда, университет зерттеушілері жасаған биология саласындағы өзгерістер биотехнологияның дамуында айтулы рөл атқарды. Оны зерттеу мен меңгеруге жол ашып, ғылыми таным көкжиегін кеңейте түсті. Сонымен қатар соңғы жылдары биология, биотехнология саласындағы білім беру үдерісіне және ғылыми зерттеулерге енгізілген жаңалықтар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдік рейтингтегі серпілісіне мүмкіндік берді.

Университеттегі биология және биотехнология факультетінің Биотехнология кафедрасының меңгерушісі Аида Қыстаубаеваның басшылығымен түйткілді мәселелер мен жаһандық жаңалықтарды үнемі бақылап, оңтайлы мүмкіндіктерді тәжірибе жүзінде қолданысқа енгізіп келеді. Бүгінгі күні биотехнологтың алдында көптеген шешілмеген технологиялық міндеттер тұр. Жасушалық және гендік инженерия әдістерін қолдана отырып, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін биологиялық организмдерді өзгертуге болады.



Мысалы, өнімнің сапасын арттыру, жаһандық экологиялық мәселелер құрғақшылық пен топырақтың тұздануына байланысты өсімдіктердің жаңа түрлерін алу, жануарларды модификациялау, тірі организмдерге қажетті қасиеттер беру және гендік инженерия, жасанды сұрыптау, будандастыру әдістерімен жаңа дәрілік заттар жасау.

ҚазҰУ-дың Биотехнология кафедрасы Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы өндіріс орындарымен екіжақты келісімшарттар жасап, болашақ биотехнолог мамандарды әртүрлі өндіріс салаларында практикадан өткізу арқылы теориялық білімдерін практика жүзінде қолданып үйренуде. Сонымен қатар шетелдік университеттермен меморандумдар жасалып, студенттеріміздің қос диплом бағдарламасы аясында білім алу мүмкіндіктері қарастырылған. ЖОО-да алған білімнің қайнар көзін, теориялық тұжырымдарды өндірісте, жұмыста қолдана білу және әрқашан жаңа ақпаратты игеруге ұмтылу өте маңызды. Қарашаңырақ ҚазҰУ-да қазіргі күнгі және келешек өнеркәсіп салаларында Қазақстанда және шетелде жоғары сұранысқа ие биотехнология мен тіршілік туралы ғылымдар саласында қазіргі заманға сай жоғары сапалы мамандарды даярлайды.

Биотехнология мамандығы бойынша аталған кафедра – біліктілігі жоғары кадрларды даярлап шығаруды көздейтін, білімі мен таланты бар студенттердің басын біріктіретін аяулы мекен. Осы орайда, «Тағам биотехнологиясы» лабораториясының рөлін атап өткен жөн. «Тағам биотехнологиясы» лабораториясы – түйе, бие, ешкі сүттерінің физика-химиялық құрамы мен сапасын,

сүт негізінде функционалды тағамдардың жасалу технологиясын, сүт белоктары (сарысу, казеин) мен олардың биологиялық белсенді пептидтері көмегімен тағамдық қоспалар және пептидтік препараттардың жасалу технологиясын фундаменталды және қолданбалы зерттеумен айналысады. Сүт белоктарының биологиялық белсенді пептидтерінің антимиқробтық, антиоксидантты, металл иондарын хелаттаушы және т.б. сияқты әртүрлі функциялары бойынша білімдерін жетілдіреді. Лабораториядағы биотехнология мамандығы бойынша бакалавр, магистр, PhD студенттері өнімді жұмыс атқарып келеді.

Жас ғалымдар лабораторияда тағамтану, биохимия және тағам технологиялары бойынша білім мен дағдыларды, сондай-ақ жобаларды басқару, тағамтану биохимиясы мен функционалды өнімдер саласында жоғары сапалы тәжірибе алуға мүмкіндік береді. «Тағам биотехнологиясы» лабораториясынан шетел және еліміздің ЖОО студенттері ғылыми тәжірибеден өтуде.

«Тағам биотехнологиясы» лабораториясының меңгерушісі қызметін атқаратын менің жетекшілігіммен зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бірқатар жаңалықтар ашылып, ол еңбектердің авторлары шетелдік конкурстардың, көрмелердің, сыйлықтардың, олимпиадалардың жүлдегерлері атанып жүр. Әсіресе түйе, бие және сиыр сүтінің физика-химиялық қасиеттерін салыстырмалы зерттеу, пастерленген түйе сүтін өндіру, түйе сүті негізінде ішілетін йогуртты өндіру, түйе сүті негізінде пробиотикалық қасиеттері бар йогурт өндіру сияқты лабораторияда жүргізілген

біршама тәжірибелердің елеулі еңбектері жарияланып, патенттелді.

Белсенді зерттеу қызметін жүргізе отырып, жоғары импакт-факторлы жетекші ғылыми журналдарда ғылыми мақалаларын жариялайды. Ұстаздарымыз өздерін ұзақ уақыт бойы жоғары тиімділік көрсететін, ұтымды қағидаларды ұстанатын мақсатты, бастамашыл мамандар ретінде танытты. Кафедрамыздың аға оқытушылары Қазақстан ғылымына, оның ішінде тағам биотехнологиясына септігін тигізетін іргелі бастамаларды көтере отырып, ғылымның қарыштап дамуына зор үлестерін қосуда.

Ал аталмыш лабораторияның және биотехнология мамандығының түлектері еліміздің түрлі өндіріс орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында жұмыс істеп, сонымен қатар әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында білімдерін шыңдап жүр. Сондай дарынды түлектеріміз Гүлжан Райымбек, Жасұлан Жаниязов, Гүлжан Нармұратовалар халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты атанып, АҚШ-тың алдыңғы қатарлы ЖОО-ларында білімдерін жетілдіруде. Тағы бір үлгілі студентіміз – Жанар Бақытқызы «Биотехнология» мамандығының 3-курс PhD студенті. Ол Лотарингия университеті тағам технологиясы факультетінің «Жануар және жануарлардан алынатын өнімдердің ерекшеліктерін зерттеу» лабораториясында (Франция, Нанси) тағылымдамадан өтті.

Осындай ізденімпаз ғалымдардың абыройлы іс атқаратынына сенім білдіре отырып, 2020 жылдың желтоқсанында білім

және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ведомствоның аппараттық отырысында елімізде биотехнология ғылымын дамытуда қандай мәселелерге назар аударылуы керекін айтып өткен еді. «Биотехнология бағыты фармацевтикалық кешен болсын, фундаменталды ғылым болсын өте маңызды. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үлкен міндеттерді үкіметке жүктеді. Тиісті министрлік бұл жұмысты жүргізуде. Біздің тараптан ғылыми сүйемелдеу қажет. Көп мәселеде тәжірибе енгізу керек. Коммерцияландыру бойынша әлі де көп жұмыс атқарылуы керектігі көрініп отыр. Мұның алдында «материалдық-техникалық база жоқ, ештеңе жоқ» деген сыңайдағы мәселе болатын. Мемлекет басшысының қолдауының арқасында биыл және келесі жылы ғылыми институттардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін миллиардтаған ақша бөлінеді», – деді Асхат Аймағамбетов. Министр бұл мақсатта институттарға қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды алуға мүмкіндік болатынын айтты.

Мемлекет, министрлік тарапынан қолдау көрсетіліп жатқанда біз өз кезегімізде болашақ мамандарды, еліміздің игілігіне қызмет ететін білікті кадрларды баптап шығарушы ұстаздар білім сапасын арттыруға белсене атсалысамыз. Себебі еліміздің тұтқасын ұстайтын жастардың өз Отанына еңбек сіңіріп, білім мен ғылымды жан-жақты дамытуға құштар болуы тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегінің айғағы.

## Шығыстанушылар ұлттық дипломатияның құрылуына зор үлес қосты



**Нұржамал  
АЛДАБЕК,**  
*тарих ғылымының  
докторы, профессор*

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаттағы стратегиясының басым бағыттарының бірі – шығыстық, яғни азиялық бағыт. Еліміздің геосаяси жағдайына орай қалыптасып отырған сыртқы саясаттағы және сыртқы экономикалық қызметтердегі шығыстық бағыттың басымдыққа ие болуы заңды құбылыс. Әлемдік деңгейде де біртіндеп евроцентризмнен шығыстық бағытқа бет бұру үрдісі белең алуда. Шығыс үдемелі түрде дамып отырған демографиялық және экономикалық қарқынымен ғана емес, сарқылмас ғылыми ілімдердің де ошағы ретінде өзіне тартуда.

Елбасымыздың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында ендігі меже – тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі дамыған ТОП-30 мемлекеттердің қатарына қосылу екені көрсетілген. Қазақстанның әлемнің ең дамыған, өркениетті, алпауыт мемлекеттер қатарына қосылуы үшін еліміздің жарқын болашағының кепілі, өркениетті елдің кемел келбеті, тәуелсіздік тұғырын нық ұстайтын білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі буынның, білім беру саласы қызметкерлерінің қасиетті міндеті, парызы.

Шығыстану ғылым және білім саласы ретінде алғаш рет Еуропадағы отаршылдық дәуірінің басталу кезеңінен пайда болған. Шығыс елдерін отарлау мақсатындағы

практикалық мақсаттардан туындаған алғашқы қарапайым ілімді игеруден біртіндеп ғылыми зерттеу және білім саласындағы тілді игеру салаларын дамыту дүниеге келді. Сол кезден бастап батыстың отаршыл елдерінің бірқатарында шығысты зерттеу орталықтары қалыптасты. Отаршылдар шығыс қоғамына қатысты құнды дерек көздерін, кітаптарды елдеріне алып кетіп, соның негізінде батыс елдерінде зерттеулер жасалып, бай дерек қорлары мен кітапханалар, зерттеу орталықтары пайда болды.

Қазақ халқы үшін шығысты тану, оның тілдерін білу, мәдениеті және әдебиетімен таныс болу бұрынғы замандардан бар үрдіс. Ертерек замандардағы қазақ даласынан шыққан ғұламаларды айтпағанның өзінде, бергі замандағы Абай, Шәкәрім, Шоқан сияқты ғұламаларымыз шығыстың бірнеше тілін біліп, шығыс ғұламаларының шығармаларымен таныс болған, оларды қазақшаға аударған.

Қазақстанда шығыстану білім беру саласы ретінде өзінің дербес дамуын тек тәуелсіздіктің сәл алдында, 1989 жылы біздің университетте шығыстану факультетінің дүниеге келуінен бастау алады. 1994 жылы шығыстану факультетінің алғашқы түлектері қанат қақты.

Шығыстық бағытты басты назарға ала отырып шығыстану факультеті осы жылдар ішінде шығыс елдерінің тілі мен әдебиетін, діні мен ділін, тарихы мен саясатын, қоғамы мен экономикасын зерделеген мыңдаған түлектерін даярлап шығарды. Университетімізде педагогтардың Әбсаттар Дербісәлі, Кеңес Қожахметұлы, Әбдіғали Шөпеков,

Мәрзия Мәженова, Гүлжан Рамазанова, Клара Таджикова, Өтеген Күмісбаев, Гүлнар Надирова, Герман Ким т.б. ұстаздардың қазақстандық шығыстанушылар мектебі қалыптасты. Олар құлшынысқа толы, жігерлі де патриоттық сезімдері жоғары жастардың маман ретінде қалыптасуына, ұлттық дипломатиямыздың құрылуына зор үлестерін қосты. Бұл ұстаздар шығыс елдерінің тілі мен әдебиетінен, тарихы мен саясатынан дәрістер оқып, жан-жақты білім беруге тырысты. Сондай-ақ сол кездегі шығыстанушы маман педагогтардың тапшылығына орай, университетке шығыстанушы орталықтарда білім алып, түрлі салада қызмет атқарып жүрген Бахтияр Тасымов, Мұхтар Тілеуберді, Бағдат Әміреев, Сайлау Батыршаұлы, Ақылбек Қамалдинов, Асхат Оразбай сияқты шығыстанушы мамандар жұмысқа шақырылды. Олардың барлығы дерлік кейін қазақстандық дипломатияның, сыртқы саясаттың бүкіл бір дәуірін қалыптастырған тұлғаларға айналды. Шығыс елдерінің тілдері, мәдениеті мен саясаты туралы еңбектер жазды. Дипломатиялық қызметте жүрсе де, педагог ұстаз деген қасиетті қызметін ұмытпастан шәкірттерінің қызметте шыңдалуына үлес қосып, қазақстандық дипломатия мектебін қалыптастырып келеді.

Сапалы дипломат кадрларды даярлауда ұстаздар жас маманның бойына жан-жақты терең білімді, жаңа жағдайларға тез бейімделе білу дағдысын, жылдам әрі салмақты шешімдер қабылдай білуді, мәселелерді мемлекеттің сыртқы саясат доктринасына

қайшы келмейтіндей етіп шеше білуді үйретуге тырысты.

1994 жылы шығыстану факультетінің шығыстану бөлімін бітірген алғашқы түлектердің дені мемлекеттік қызметтерге алынып, жас тәуелсіз еліміздің заманауи мемлекет ретінде қалыптасуына олар да кірпіш болып қаланды. Олардың барлығы дерлік тәуелсіз мемлекетіміздің әртүрлі салаларындағы – СІМ, ҰҚК, кеден, шекара, коммерциялық құрылымдарға қызметке кетті. ҚР СІМ-де алғашқы қызметтерін қарапайым кіші қызметкер мен тілмаштықтан бастаған олар қазір біздің мақтанышымызға айналған, маман ретінде өздерін толық таныта білген азаматтарға айналды. Олардың қатарында Қазақстанның Азия және Африка елдеріндегі төтенше және өкілетті елшілері Қайрат Лама Шариф, Азамат Бердібай, Берік Арын, Ержан Мұқаш, Арман Исағалиев, Бақыт Батыршаев сияқты түлектеріміз Араб елдерінде, Шахырат Нұрышев, Ғабит Қойшыбаев ҚХР-да, Ерлан Әлімбаев Үндістан Республикасында ҚР төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарды. Қазіргі күнде Шахырат Нұрышев СІМ бірінші орынбасары, ал Ерлан Әлімбаев СІМ орынбасары қызметтерін атқаруда, жапонтанушы Батырхан Құрмансейіт қазір СІМ төтенше тапсырмалар жөніндегі арнайы елші, қытайтанушы Нұрлан Аққошқаров Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қазақстанның арнайы тұрақты өкілі қызметтерін атқарып отыр. Бұдан басқа да СІМ, ҰҚК т.б. мемлекеттік қызмет саласында абыройлы түлектеріміз жетерлік. Ғылым мен білім саласында қаншама түлек-

теріміз еңбек етуде. Міне, бұл тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан қазақстандық шығыстанушылар.

Отыз жылдан астам тарихы бар шығыстану факультеті осы жылдар ішінде ғылыми кадрларды даярлауда өз үлесін қосып келеді. Ғылым мен білім беру саласында да алғашқы түлектеріміз шығыс тілі мен әдебиетінен, тарихы мен саясатынан дәріс беріп, әрі өздерінің ғылыми ізденістерімен жетістікке жете бастады. Қазір ғылым докторлары мен кандидаттары және жаңа форматтағы философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болғандар саны жыл сайын артып келеді. Шығыстану мамандығы бойынша шығыс елдерінің филологиясы, тарихы, саясаты, сыртқы саясаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қоғамдық өмірі туралы зерттеу жүргізіп, еңбектерін жариялай бастады. Ғылыми зерттеу бағыттары Қазақстанның сыртқы саясат доктринасын қалыптастыруға, халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін сараптауға септігін тигізер еңбектер деуге толық негіз бар.

1996 жылы елімізде Ғылым академиясы жанынан Шығыстану институты ашылды. Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі шығыстанулық зерттеулердің дені осы институт арқылы жүруде. Академиялық ориенталистиканың бір саласы – шығыс археографиясымен белсенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырған бұл ұйымның тындырғаны айтарлықтай көп. «Мәдени мұра» бағдарламасына белсене үн қосып, соның арқасында шетел мұрағаттары мен кітапханаларында жинақталған қазақ тарихына

қатысты материалдарды тауып, оны талдап, саралап, ғылыми аударма жасап халыққа ұсынды, бұл жұмыс әлі де жалғасуда. Ал шеті ойылмай жатқан тарихи мұраларымыз әлі де жетерлік. Шетелдік тарихи құжаттар қоры мен кітапханаларда зерттеуін күткен дүниелер қаншама. Ол үшін жүйелі де мақсатты бағдарлама құрып, мемлекеттік қолдау арқылы осы тарихи мұраларымызды зерделеу кезек күттірмейтін мәселе.

Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттердің бірі – егемен Қазақстан аймақтағы көшбасшы елге айнала отырып, бүгінде өзінің шынайы тарихын қалыптастыруда және әлемнің көптеген елдерімен белсенді қарым-қатынас ұстануда. Қазақстанның шығыс елдерімен өзара қарым-қатынастарын, шығыстың мәдениеті мен экономикасын, тіпті қазақтардың өз төл тарихын зерттеп, зерделеуі үшін де шығыстанушы мамандарға деген сұраныс әсіресе қазіргі таңда аса қажет деп есептейміз.

Шығыс елдерінің қазіргі кезеңдегі жаһандану мен әлемдік шаруашылық-саяси жүйеге қарай интеграциялану дәуіріндегі олардың тарихының іргелі мәселелерін саралау, сондай-ақ қазіргі замандағы шығыс елдерінде жүріп жатқан тарихи-саяси үрдістерді олардың тарихи тәжірибесі мен өркениеттік ерекшеліктерін ескере отырып, соған сәйкес, шығыстанушылардың кәсіби түсініктерін қалыптастыру ғалымдардың алдында тұрған жауапты міндет.

Кез келген мемлекет басқа елдің тарихын зерттеуге өз елінің мүддесі тұрғысынан

қарайды. Әлемдегі шығысты зерттеуге бетбұрыс немесе ориентализм ғылым және білім саласы ретінде дамуы отаршылдық заманынан бастау алғанын жоғарыда айттық. Батыс пен ресейлік ориентализм осы мақсатта пайда бола отырып, бүгінге дейінгі кезеңде ірі-ірі классикалық ғылыми мектептер қалыптастырып, адамзат игілігіне аса бай зерттеулер мен құнды деректер топтамасын қалыптастырды. Шығыс елдерін зерттеу ісі бұл елдерде қазіргі таңдағы әлемдік геосаяси жағдайларға, заманның даму бағытына орай жаңа сипатпен дамуын жалғастыруда. Сондай-ақ шығыс елдерінің өздерінде де отарсыздану дәуірі басталғалы бері дербес тың зерттеулерін дүниеге әкелуде. Шығыстану ілімі туралы отаршылдық сипаттағы еңбектерден, қасаң тұжырымдардан өзгеше, дербес шығыстық сипаттағы теориялар мен концепциялар қалыптастыруда, яғни шығысты шығыстық көзбен зерделеу белең алуда.

Ал тәуелсіз Қазақстанның шығыс елдерін зерттеудегі негізгі міндеті – қазіргі әлемде қалыптасып отырған геосаяси жағдайды еске ала отырып, Қазақстанның мүддесі тұрғысынан зерделеу мәселелерін айқындау. Мысалы, Қытаймен сан ғасырлардан бері тарихи байланыстардың түрлі кезеңдерін бастан өткерген еліміз қытайтану ғылымы мен білімін жан-жақты дамытуға мүдделі. Тәуелсіз Қазақстанның шығыстағы алып көршісі – Қытай қоғамының қазіргі кезеңдегі дамуы әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси салалардағы елеулі өзгерістері әлем назарын өзіне аударып отыр. Қытай XX ғасырдың соңғы ширегінен

бастап, Дэн Сяопиннің реформалық саясатын табысты жүргізу нәтижесінде қазіргі күнде «әлемнің екінші экономикасы» деген атқа ие болып отыр. Жаһандану үрдісі қытайлық қоғамның дамуына айтарлықтай ықпал етуде. Қытайлық социализмді ұтымды жүргізе отырып, социалистік Қытай дамудың өзіне тән жаңа қытайлық моделін қалыптастыруда. Сондықтан бұл елдің қоғамдық дамуы мен саяси жаңаруының ерекшеліктерін айқындау біз үшін өте маңызды. Ең бастысы, Қытай біздің елдің ғасырлар бойы тағдыр қосқан көршісі. Қытаймен байланыстарымыз ежелгі заманнан келе жатыр, ал қазіргі күнде бұл тіпті өзекті. Екі ел арасындағы стратегиялық, саяси, сауда-экономикалық байланыстар

дамуда. Сондықтан Қытай елін жан-жақты зерделеудің қаншалықты қажет екені айтпаса да түсінікті.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда шығыстану ғылым саласы ретінде де, білім беру саласы ретінде де даму үстінде, еліміздің ішкі-сыртқы саясатының мүддесінен шығатын, еліміздің бет-бейнесін сырт елдерге таныта алатын мамандар баршылық. Тек оларға барынша мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, олардың білім мен ғылыми зерттеу саласындағы талпыныстарына бағыт-бағдар беріп отырсақ, еліміздің шығыстанушы мамандары шетелдік әріптестерімен терезесі тең дәрежеде өздерін көрсете алары сөзсіз.

## Қандастарға қанат бітірген Қазақ университеті



**Нәбижан  
МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ,**  
*тарих ғылымының  
докторы, профессор,  
Қазіргі заманғы  
Қытайды зерттеу  
орталығының  
директоры*

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – Қазақстан халқының ғана емес, басқа да елдерде өмір сүріп жатқан исі қазақтың ұлы мерекесі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына мерейтой ретінде қарамау керек, ол – ең алдымен тарихи мәні бар оқиға. Болашаққа деген ұстаным, көзқарасты айқындайтын маңызды белес», – деп атап өткен еді.

Қазақстан қоғамында қандас, оралман немесе қазақ диаспорасы деген феномен ел тәуелсіздігімен бірге келген жаңа құбылыс. Ол Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіздіктің алғашқы жылынан бастап қолданған салиқалы саясатының нәтижесінде қалыптасқан феномен. Өйткені қазақ халқының құрамдас бөліктерінің көрші елдердің территориясында бөлініп қалуы және әлемнің 40-тан астам еліне тарыдай шашырап кетуі кезіндегі тарихи, саяси және әлеуметтік себептердің салдары еді. Сондықтан олардың Қазақстан тәуелсіздік алған кезде тарихи Отанына оралуы заңдылық.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев қазақ халқының тарихына және болашағына үлкен жауапкершілікпен қарап, егемендіктің алғашқы жылы, яғни 1991 жылы 31 желтоқсан күні радиодан алыс-жақын елдерде өмір сүріп жатқан ағайындарды жаңа жылымен құттықтап, оларды



Отанға оралуға үндеді. Елбасы құттықтау сөзінде: «Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, әрқайсыңыздың отбасыңызға мол бақыт, қуаныш тілеймін! Сіздермен атамекенде табысатын, емін-еркін қауышатын күнге тезірек жетейік! Қазақ елі – ежелден еркіндікті аңсаған ел. Өз алдына дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы еді. Құдайға шүкір, өз билігіміз өз қолымызға тиді. Қазақстан Республикасы бұдан былай тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің қатарына жатады. Сондықтан атамекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Атабаба аруағы алдарыңыздан жарылқасын!» – деген ізгі тілегін білдірді. Бұл әлемнің әртүрлі елінде тұрып жатқан этникалық қазақтардың алғаш рет естіген Қазақ елінің Тұңғыш Президентінің жаңажылдық құттықтауы және атамекенге шақырған үндеуі еді. Елбасының бұл үндеуі сыртта жүрген әрбір қазақ баласын қатты тебірентті және оларды тарихи Отанына жетуге ынтықтырды. Сонымен алыс-жақын шетелдердегі этникалық қазақтар, әсіресе жастар мен орта жас зиялылар дүркіреп елге келе бастады. Бұл іс жүзінде халқымыздың тарихи Отанында бірегейлену үдерісінің басталуы болды. Содан бері бұл үдеріс тәуелсіз Қазақстан Республикасының даму процесімен параллель жүріп келеді.

Әлемнің әр елінде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтарды тарихи Отаны – Қазақстанға көшіп келуге қозғаушы басты фактор – қазақ халқындағы ортақ ұлттық таным, Қазақстанның тәуелсіздігі мен Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев-

тың парасаттылықпен қабылдаған салиқалы диаспора саясаты. Елбасының осы саясатын жүзеге асыруға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қосып келе жатқан үлесі ерекше деп айтуға болады.

XX ғасырдың 90-жылдарының басында алыс-жақын шетелдерден Отанға оралған этникалық қазақ жастары мен жас мамандар жоғары оқу орындары мен ғылым академиясын жағалады. Аталмыш орындардың басшылары оларды құшақ жая қарсы алып, біреулерін аспирант, енді бірін оқытушы немесе ғылыми қызметкер ретінде қабылдап, жатақ беріп, стипендия тағайындап қамқорлық жасады. Солардың ішінде Қазақ ұлттық университетінің қабылдаған қандастары ең көп болды деп ойлаймын. Алғашқы жылдары келгендердің көбі жас отау құрғандар еді. Олар сәбилерін арқалап келгендер, қолдары да қысқа болғанына қарамастан, соларды қара тартып артынан келіп жатқан бауыр-туыстары көп болды. Сондықтан олардың басым көпшілігі базар жағалап, аладорба арқалап, күн көрудің қамын жасады. Оқу, ғылым іздеуге мұршасы келген жоқ. Бірақ университет «сендер дәріске келмедіңдер» деп оларды оқудан шығармады, жатақтан қумады, олардың қазақстандық ортаға сіңісуіне мүмкіндік жасады. Сөйтіп, олар тірліктерін жасап, бизнестерін ашып, қанаттанып шықты. Қазіргі таңда олардың көбі отандық экономика саласында өз шаруасын дөңгелеткен белгілі кәсіпкерлерге айналды. Ал олардың ұрпақтарынан ата-аналарының жолын жалғап, қарашаңырақ – ҚазҰУ-да оқып, PhD дәрежесін қорғағандары баршылық.

1994 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары оқу орындарына дейінгі дайындық курсына оралман студенттерді қабылдады. Мемлекет әр жылы ЖОО-ға арналған гранттың 2 пайызын оралман-қандас студенттерге арнады. Сонымен жылына 1000-ға тарта қандас студент Отанда оқуға мүмкіндік алды. Соның 100-150-і ҚазҰУ-дың дайындық курсында оқып, келесі жылы жалпыұлттық біртұтас конкурс арқылы әртүрлі мамандықтарға түсті. Университеттің оқу инфрақұрылымдары жақсы, оқытушы-профессор құрамының сапалы білім беруіне байланысты шетелдерден келген қандас оқушылардың барлығы ҚазҰУ-дың дайындық курсына түсуді және осындағы мамандықтардың бірін тандап, сол бойынша білім алуды армандайды.

Бүгінде ҚазҰУ-да бакалавриаттан PhD докторантураға дейін оқып, ғылыми дәрежесін қорғап, республикада және халықаралық деңгейде танымал ғалым болған жас профессорлар аз емес. Мысалы, жаратылыс ғылымынан оқығандардан Әлібек Ыдырысұлы (геоботаника), Жексен Тоқтарбай (химик, Назарбаев университетінің профессоры), Азат Сейітханұлы (химик), Манат Мұстафа (математика, Назарбаев университетінің профессоры), Базаргүл Мәткерім (информатика) сияқты ғалымдарды ерекше атап айтуға болады. Солардың ішінде Әлібек Ыдырысұлы (1985 ж.т.) ҚазҰУ-дың төл тумасы, 2015 жылы «Геоботаника» мамандығы бойынша (Ph.D.) философия докторы ғылыми дәрежесін қорғады. ҚР БЖҒМ 2019 жылы

«ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын иеленді. Президенттік жастар кадры резервисті. Қазір доцент және ҚазҰУ-дың Биомедицина ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметін абыроймен атқарып келеді.


Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылары қандас студенттердің оқып жетілуіне өте қолайлы шарт-жағдай жасап, қамқорлық көрсетіп келеді. Осы орайда, есіме түсіп отырған бір оқиғаны айта кетейін. Бұдан шамамен бес жыл бұрын ғалым ағамыз Зұлқайыр Мансұров маған 15 баланың аты тіркелген парақшаны көрсетті. «Бұлардың барлығы оралмандар, Қытайдан келгендер, мен университет ректорының бірінші орынбасары қызметін атқарып тұрған кезімде олар грантқа ілінбей қалып, банктен несие алып оқу керек болды, сол кезде мен оларға кепілдік берген едім. Кейін ұмытып кетіппін, олар бітіріп кеткелі көп жыл болды, енді банк келіп, сол ақшаны өсімімен қайтаруды менен талап етіп жатыр, бірнеше миллион болыпты, не істейміз? Сен оларды танисың ба, білесің бе?» дейді. Мен ағайдың қандас студенттерге жасаған қамқорлығына риза болып, қатты әсерлендім. «Бұларды танымаймын, бірақ ішкі істер басқармасы арқылы табуға болады» дедім. Кейін, естуімше, ол студенттердің барлығы Қазақстан азаматтығын алып, қоғамның әр саласында жұмыс істеп жүр екен. Кезінде банк олардан несиені қайтаруды сұрамаған, олар қалай қайтаруды білмеген болып шықты. Осының өзінен-ақ Зұлқайыр Аймұхаметұлы ағамыздың өскелең ұрпаққа деген қамқорлығын, адамгер-

шілігін, ұлтымызға деген жанашырлығын көруге болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға маман ретінде келген қандастардың да қанаттары қатайып, өрісі кеңейіп, жетістігі молайып, ғылыми дәрежесі биіктеп, жауапты қызметтер атқарып келеді. Өйткені олар елімізге қалтқысыз қызмет етуді армандап келгендер еді. Жат елде туып-өсіп, ғалым болып қалыптасқан зиялыларда «әттең, тәуелсіз елім болса, елім үшін тер төгіп, қызмет етсем» деген арман болатынын өз басымыздан өткергенбіз. Сондықтан болар, Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары осылай армандаған зиялылар мен ғалымдар көптеп елге оралып, академиялық ғылыми-зерттеу институттары мен ЖОО-ларға қызметке келген еді. Солардың ішінде ҚазҰУ-ға келіп, ғылыми дәреже қорғап, үлкен жетістіктерге жеткен, кафедра, факультет, ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттарға жетекшілік жасап келе жатқандардан аз-кем мысал айтуға болады. ҚазҰУ-дағы Ғылыми кеңес-

тен биология ғылымынан диссертация қорғаған Зиядан Болатхан қазіргі таңда биология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы биология факультетінің деканы қызметін атқарып жүр. ҚазҰУ-дағы кеңестен тарих ғылымының докторы ғылыми дәрежесін қорғағандардың бірі – мен. Тарихшы, қытайтанушы профессор ретінде екі мәрте кафедра меңгерушісі қызметін атқардым, қазір университет жанындағы Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының директоры қызметіндемін. Бүгінге дейін 400-ден астам ғылыми-танымдық еңбектер жариялаппын, оның ішінде 15 монография, ғылыми мақалалар жинағы, оқу құралдары бар. Соның көп бөлігін ҚазҰУ-да жаздым. Демек, біздің университетіміздің ғылыми ортасы, атмосферасы, білім беру шарт-жағдайы өте қолайлы. ҚазҰУ қабырғасында оқыған немесе қызмет жасаған адамдар осы жерден қанаттанып, шабыт алып биіктерге самғайды.

## Ұлттық кадрлар даярлаудың ұстаханасы



**Ислам ЖЕМЕНЕЙ,**  
*филология ғылымының  
докторы, профессор,  
Тұран-Иран  
ғылыми-зерттеу  
орталығының  
директоры*

1929-1933 жылдары Кеңес Одағының сталиндік саясаты «шаруашылықты ұжымдастыру керек» деген сылтаумен қазақтардың қолындағы бар төрт түлік малын күштеп тартып алды. Жалғыз мал шаруашылығына арқа сүйеп тіршілік етіп жүрген қазақтардың күнкөрісі қиындап қалды. Соның кесірінен қазақ даласында 3 миллион адам аштықтан қаза тапты, миллионға жуық қазақ шетелдерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Сол зұлмат саясаттың болымсыз нәтижелері алуан түрде бүгінгі күнде де жалғасып келеді. Өйткені егер аталған қырғын болмағанда қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасында халық саны 70 миллион шамасында болар еді.

Сол жасанды ашаршылық жылдары бір топ қазақ Маңғыстаудың Бозашы өңірінен елден тысқары жерлерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Олар өздерінің әлеуетіне және топ бастаған ақсақалдардың кеңесіне бағынып, Қарақалпақстан, Түрікменстан мен Иран еліне көшті. Иран жеріне бет алған олар Небиттағдың арғы жағына өтіп, су бұлағына жеткен. Содан кейін Каспий жағалауларынан өтіп, Иран жеріне қадам басқан аймағы «Мазандаран провинциясы» деп аталатын. Қазақтар көш бағытын алдын ала мықты барлаушы жігіттері арқылы анықтап алған соң жолға шығып отырған. Жылдар өте келе, қазақтар негізінен аталған провинцияның Горган, Бәндәр

Түрікмен және Гүмбез Кавуыс атты үш қаласының шеткері жағынан жергілікті тұрғындардан оқшау, өздері тұратын «қазақ маһалле» ықшамаудандарында тұра бастады. Ол аудандар да уақыт өте келе аталған қалалармен біте қайнасып, шаһар аумағына қосылып кетті. Аталған үш қаланың тұрғындары әртүрлі. Горганда жергілікті парсылар тұрады. Қазақ ол қалаға қоныс тепкен жалғыз өзге ұлт өкілі болды. Ал Бәндәр Түрікмен және Гүмбез Кавуыс қалаларының негізгі тұрғындары жергілікті түрікмендер болды.

Қазақтардың Иран жеріне көшінің ашылмаған сыры көп. Оның бірі – көшкен мыңдаған қазақтан он шақты жыл өткен соң, бар-жоғы бес жүз адам тірі қалып, ұрпағын жалғастыруға мүмкіндік алған. Мыңдаған адамның өлімі байқалмай арықтан ағып жатқан, мөлдір көрінсе де, у араласқан, Горган қаласының гарнизонынан бастау алатын суды ішудің кесірінен болғанын үлкендерден естігенбіз. Екіншісі – Иранға көштің қай бағытқа қай жерден басталып, жалғасқанын мен кейін елге оралғанымда жақын ағайын қариялардан естіп хатқа түсірдім.

Атажұрттан алшақ кетіп, ұзақ жылдар бойы шет мемлекеттерде тағдыр тәлкегіне түскен қазақтар әлемнің әр түкпірінде кездеседі. Олардың ортақ құндылық пен арманы атажұртқа оралу болды. Әсіресе диаспораның алғашқы көшкен буыны елге деген сағынышын өздерінен кейінгі буынға аманат етті. Мен елге деген сағынышты аталардан аманатқа алған буынның өкілімін және өзімді сол аманатқа қызмет жасауға

мүмкіндік алған бақытты жан екенімді сеземін. 1990 жылы аталарым армандаған елге қызмет ету бағы бұйырды. 1989 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақтың қайраткер шығыстанушы ғалымы Әбсаттар Дербісәлінің (1947-2021) ерен еңбегі және табандылығының нәтижесінде шығыстану факультеті ашылып, алғаш рет Қазақстанның жоғары оқу орындарында мұсылман шығыс тілдері оқытыла бастады. Оның басында араб тілі болды. Сонымен бірге парсы тілі бөлімі ашылған болатын. Парсы тілінен оқытушының тапшы болуына байланысты Әбсаттар Дербісәлі шығыстанудың тұңғыш деканы болған соң, керекті кадрын жан-жақтан іздей бастады. Сондай ізденістің арқасында жеребе менің атыма түсіпті. Сол кезде университеттің таңдауына қуандым. Өйткені атажұртыма әскери міндетімді атқару керек деген ойдан басқа түсінік менің санамда жоқ болатын.

Мен 1990 жылдың қыркүйек айынан оқытушылық міндетімді атқаруға кірістім. Бұл қызмет бір жылдық келісімшарт бойынша атқарылуға тиіс, мерзімі шектеулі болды. Бірақ 1991 жылға аяқ басқанымызда тағдыр кітабы мүлдем өзгеше мазмұнмен жазыла бастады. Жаңа оқу жылы басталар алдыңғы айларда қазақ қоғамына тәуелсіздіктің жарқын көкжиегін ашып бергендей халық азаттық қанатына отырып самғай түсті. Әр қазақ өзінің қазақы болмыс пен ана тілін, тарих пен мәдениетін ерекше іңкәрлікпен тілге тиек етуімен бірге, бір-біріне сүйсіне қарап, сен-мен демей, бір-бірін құрмет пен махаббатқа бөлей бастады.

Бұл шаттыққа толы күндер қап-қараңғы түндердегі кең-байтақ даланың ашық аспанының жымындаған қалың жұлдыздарындай нұр шашып, дүниемізді жарқыратып тұрды. Бұл нұрлы күндер ұзақ күттірместен, сол жылдың 28 қыркүйегінде Ыстамбұл қаласында дүниежүзі қазақтарының өкілдерін еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қабылдауына ұласты. Аталған кездесуден соң, қазақ диаспорасына жаңа дүниенің есігі ашылды. Өйткені президент бүкіл әлемдегі қазақ бауырларымызға құшағымыз айқара ашық деп әлемге жар салды. Сол жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланды.

Менің тағдырым да осы жылдың аясында жаңа сатыға аяқ басқан еді. Себебі университетпен жұмыс бабындағы бір жылдық келісімшартым бұрынғы кеңестік шеңберінен шығып, азат еліміздің еркіне өтті. Бұл оқиға тәуелсіз ел болудың тұңғыш тәтті дәмін маған татқызған болды. Сол жылы барлық ынта-жігерім қазақ қоғамының бүгінгі тыныс-тіршілігі мен бітім-болмысына ауып отырды. «Жетпіс жыл бойы рухы тапталған елдің еңсесі қашан және қалай көтеріле бастар екен» деген ой сана мен сезімді билеп жүрді. Сонда елін сүйген әр қазақтай мен де елімнің дамуы мен өркендеуіне қандай, қаншалықты үлес қоса аламын деген ниетпен өмір кештім. Сонда тіпті сағат бойы автобус аялдамаларында отырып, көлікте бара жатқан жүргіншілердің түріне қарап санақ жүргізіп, статистикалық қорытынды бойынша саяси-психологиялық және әлеуметтік психологияның

ғылыми қорытындысын жасауға тырысатын едім. Бұл жұмысты бірнеше жыл бойы тұрақты көздеп, тиісті нәтижелерге қол жеткізіп отырдым. Мұндай бақылау менің қоғамның таптық жай-күйін білуіме үлкен негіз қалады.

Екінші жағынан, шығыстану факультетінде оқып жүрген білімгерлер тәуелсіз еліміздің келешекте шетелдерде қызмет жасайтын елшілері болар деген үмітпен қиял құсымды азат елдің жарқын келешегіне қанат қаққызатын едім. Бұл қиялым да кейінгі жылдары ақиқаттың бейнесіне айналды. Бүгін шығыстану факультетінің түлектерінен көптеген мұсылман араб, парсы, түркі елдерінде небір шыныққан, тәжірибелі дипломаттар еліміздің саяси кеңістігіне елеулі үлес қосып, әлемнің саяси аренасында еңселі ел болып жүруімізді қамтамасыз етіп келе жатқанына куәміз. Сондай-ақ осы тұста айтуға тиіс бір жайт – сол 1990-92 жылдары мемлекеттік және мемлекеттік емес, әрі қоғамдық-мәдени, коммерциялық-экономикалық салалардың іскерлік ортасында бірде-бір тілші болмаған еді. Сол жылдары мен де қол қусырып отырмай, парсы тілінің сөздіктерін жазып, түрік тілінің курстарын ашып, үлгергенімше, уақыт пен қуатым мұрша бергенше мүдделі мемлекеттік шенеуніктер мен саудагерлер арасында ақысыз, аянбай жүгіріспен тілмаш һәм ұйымдастырушы міндетін міндетсінбей атқарып жүрдім. Сонымен қатар Иран мен Түркияның қоғамдық-мәдени, экономикалық-саяси байланыстарына барынша атсалыстым. Көптеген жастардың аталған екі елде жоғары білім алуларына мұрындық

болдым. Бұл жайттарды айтып отырған себебім «мен керемет дүние жасағанмын» деу емес. Бұның бәрі тәуелсіздіктің киесінің арқасында жүзеге асып жатқан игіліктер болды. Қашанда бар жақсылықтар бір Жаратқан тарапынан беріледі. Ал біз сияқты пенделер Тәңірі берген игілікке дәнекер бола алсақ, бақыт иесі бола аламыз.

Айтарым – сол жылдардың маман тапшылығы бізді көптеген шаруалардың баяу алға жылжуына тап қылған еді. Соның кесірінен қазақ тілінің қолданылу аясы да тар болған. Міне, бүгін шығыс тілдеріне қатысты сол жылдардағы тапшылықтың ізі қалған жоқ. Бұл шығыстану факультетінің негізін қалаушы әрі тұңғыш дәнегі, мемлекет және қоғам қайраткері, танымал ғалым Әбсаттар Дербісәлі еңбегінің нәтижесі екенін айту керек. Өйткені оған талай рет «шығыстану факультетінде орыс тілінің топтарын ашсаңыз, табысты және ұтымды

болады» деген уәждер айтылып келді. Сонда Әбеке: «Орыс тілінде оқитындарға жол ашық. Мәскеуге барса, мықты университеттердің кез келген шығыс тіліне түсіп, маман бола алады һәм оның жұмысқа сұранысы көп болады. Ал біздің маңдайға бұйырған жалғыз шығыстану факультетінің міндеті – қазақ балаларын оқытып жетілдіру», – деп ойын ашық айтатын. Мен осы күні Әбсаттар ағамыздың түпкі ойы еліміздің келешек ұлттық кадрларын даярлау болған екен ғой деп ойлаймын. Себебі бүгінгі азат елімізде жүздеген шығыстанушы қазақтілді мамандар дипломатия, сауда-саттық және ғылымда айтарлықтай қомақты табыспен қызмет атқарып келе жатыр. Бұның бәрі – ел тәуелсіздігінің жемісі.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы құт болып, баянды болсын деп тілейік. Әрі барынша сол киелі мақсатқа аянбай еңбек етейік!

## *Развитие корееведения в независимом Казахстане*



**Дмитрий МЕН,**  
*доктор политических  
наук, доцент кафедры  
Дальнего Востока*

Наука корееведения в будущем в 2022 г. отмечает 30 лет, эта славная дата совпадает с юбилеем независимости Республикой Казахстан. Каких результатов достигли ученые востоковеды в этой общественной дисциплине? Корееведение на сегодняшний день относительно молодая наука по сравнению с другими гуманитарными дисциплинами в Казахстане. Ученые исходили из того, что важную роль в выработке корейской политики Казахстану, в осуществлении её широкого и активного сотрудничества с Республикой Корея и КНДР должны играть также и общественные науки, призванные способствовать взаимопониманию и сближению народов.

В этой проблеме особое место занимает корееведение – изучение истории корейцев Казахстана, а также экономики, политики, культуры, большого круга современных проблем всего Корейского полуострова. В настоящее время это одна из отраслей казахстанской общественной науки, пользующаяся авторитетом в своей стране и за её пределами. Казахстанских корееведов ждут направление в изучении культуры Кореи, тут необходимо систематическое и глубокое освоение культурного наследия корейского народа, выяснение его вклада в мировую цивилизацию, разносторонний показ современ-



ного состояния культуры в КНДР и Республики Корея и их взаимосвязь с Казахстаном. В частности, перспективы неизбежного в будущем объединения Корейского полуострова требуют от исследователей и политиков лучшего понимания того, что составляет идеологическую и культурную основу сближения двух частей, более 75 лет расчленённой страны и что этому препятствует.

В наиболее важной из задач казахстанского корееведения входит изучение наследия по корееведению, созданными советскими и российскими учёными, критическое переосмысление за минувшие десятилетия. Работа в этом направлении ведётся и положено её начало, а основные усилия ещё впереди. Разумеется, речь не идёт о бездумном отбрасывании прежних взглядов и оценок, пересмотреть в угоду каким-то политическим симпатиям или антипатиям, а о серьёзном анализе на принципиальной основе, в свете новых достоверных сведений и новых возможностей науки. Справится со всем тем, что предстоит совершить корееведам Казахстана наверняка удастся лишь на основе богатого опыта, знаний и размышлений предшествующих поколений учёных, зафиксированных в трудах России, Кореи, США, Китая и других государств. Молодое поколение, которое придёт на смену нынешнему, ещё больше внесёт новых значительных достижений, ибо это наша патриотическая, национальная цель для развития корееведения в Казахстане.

Исследование корейской проблемы в

Казахстане интенсивно началось после распада Союза ССР. Нельзя сказать, что в этом направлении не проводились никакой научной работы, исследовательские работы по отдельным проблемам корейцев изучались, но такого интенсивного, масштабного характера, как сейчас, не носила. Несмотря, на строгую цензуру, учёные обществоведы находили себе мужество изучать собственную историю и судьбу своего народа. В своих монографиях, очерках, статьях они освещали нелёгкую судьбу и историю корейцев Советского Союза. После распада СССР эту тему начали исследовать по различным направлениям (истории, политологии, философии, филологии и др.) учёные Казахстана Кан Г.В., Ким Г.Н., Ким И.Ф., Ким О.Г., Копжасарова Ж.У., Тен А.Н., Пак-Ир П.А., Пак Н.С., Сатыбалдин С.С., Хан Г.Б., Мен Д.В. и другие. Ими уже опубликованы несколько десятков книг и монографии по проблемам корейцев Казахстана и Кореи. Корееведы Казахстана начали активно интересоваться Корейским полуостровом. Они посещают корейские государства, дополняют пробелы, которые ранее были не известны ученым. К настоящему времени защищены по этой проблеме докторские и кандидатские диссертаций. Работы казахстанских корееведов получили признание в своей стране и за её пределами. В зарубежных научных журналах нередко положительные отзывы на их книги и статьи, научные материалы используются учёными из других стран. Некоторые работы переведены на иностранные языки.

С приобретением независимости Казах-

стана растёт интерес к казахстанскому корееведению среди зарубежных учёных, в том числе в Республике Корея. Так свои научные труды посвятили по проблемам корейцев Казахстана и СНГ профессора Вада Харуки, И Эриа (оба Япония), Ким Бо Хэ (Республика Корея), Ким Пхиль Ёнг (Франция), Кинг Росс (Канада), Ко Со Мун (Финляндия), Пан Бен Рюль, Пяк Тхэ Хён (Республика Корея), Ока Нацуко (Япония), Чан Вон Чанг, Хен Вон Сук (Республика Корея) и др.

Подготовка кадров по корееведению в основном начались в Казахстане после приобретения независимости. Уже в начале 90-х годов прошлого столетия открылись корейские отделения в городе Алматы в Казахском Национальном университете им. Аль-Фараби, Казахском Национальном Педагогическом университете им. Абая и Казахском университете мировых языков и международных отношений им. Аблай Хана, затем корейские отделения были открыты в областных центрах, где компактно проживают этнические корейцы. Такие корейские отделения успешно функционируют в университетах Кызылорды и Талдыкоргана.

В настоящее время КазНУ им. Аль-Фараби и Казахский университет мировых языков и международных отношений им. Аблай Хана являются основными базами, где в республике готовят специалистов по корееведению. Некоторая часть корееведов также пополняются выпускниками университетов Усть-Каменогорска, Тараза, Шымкента и Караганды. Обучающиеся

студенты в этих университетах получают необходимую языковую подготовку, изучают историю, географию, экономику, культуру Кореи, а также историю корейцев Казахстана и СНГ, приобщаются к её современным проблемам. Это даёт им возможность достойно проявить себя затем в связанных с Кореей в различных государственных учреждениях и общественных организациях – в бизнесе, науке, на преподавательской работе и т.д.

Кадры высшей квалификации обучаются в магистратуре и докторантуре, имеющейся при каждом университете Алматы, где имеются корейские отделения. Отрадно отметить, что в последние годы, особенно в связи с активизацией отношений Казахстана с Республикой Корея, растёт число молодёжи, желающие изучать корейский язык и посвятить ей свою дальнейшую карьеру. Надо отметить, что многочисленные проблемы, вставшие перед Казахстаном после распада Союза в связи с внутренним и международным положением Корейского полуострова, необходимостью формирования своих отношений с ней, требовали обширных и глубоких знаний об этой стране, её прошлом и настоящем. Среди корееведов Казахстана увеличивался интерес к различным сторонам жизни корейцев своей страны и Республики Корея. Всё это создавало серьёзные стимулы для развития науки корееведения. Первым научным центром являлся, создание в 1994 году при Институте Востоковедения АН РК Ассоциации корееведов Казахстана. Президентом тогда был избран доктор

исторических наук, профессор Ким Г.Н., первыми членами являлись Кан Г.В., Ким О.Г., Пак-Ир П.А., Пак Н.С., Тен В.А., Хан Г.Б., Мен Д.В. и другие.

Среди направлений научно-исследовательской деятельности Ассоциации корееведов: проблемы корейцев Казахстана, взаимоотношения Казахстана и Кореи, а также зарубежные корейцы США, Китая, Японии и других стран занимают важное место. Несмотря на сравнительную молодость, эта ассоциация уже проявила свою творческую активность. Она установила деловые и научные связи с корееведческими академическими учреждениями зарубежных стран, прежде всего с университетами и учёными Республики Корея, России, Узбекистана, Кыргызстана, США, Канады, Европы, Китая, Японии, Австралии и других.

Ассоциация провела ряд международных и республиканских научных конференции, симпозиумов, семинаров, некоторые были посвящены юбилейным датам корейцев СНГ или же политическим событиям Корейского полуострова. Печатным органом Ассоциации корееведов является научно-политический журнал «Корееведение Казахстана» (в настоящее время под названием «Известия корееведения в Центральной Азии»), который выходит два раза в год при содействии Korea Research Foundation (Фонд Кореи). Журнал освещает социально-политическую жизнь и экономическое самочувствие корейцев бывшего Союза, международное сотрудничество в области экономики, политики и культуры между Казахстаном и корейскими госу-

дарствами, проблемам их объединения и др.

Но, к сожалению, корееведы Казахстана интенсивно сотрудничают только с одной Кореей – Республикой Корея, тем самым корееведение становится не полной и беднее. В начале 90-х годов XX века профессора из Пхеньяна по договору между министерствами образования Казахстана и КНДР, преподавали корейский язык в КазНУ им. Аль-Фараби и КазНПУ им. Абая. Это был творческий союз преподавателей Казахстана, Республики Корея и КНДР. Студенты высоко отзывались о методе преподавания корейского языка специалистов из Северной Кореи. Профессора из Пхеньяна принесли свои учебные пособия, а также специфический северный диалект, который не был знаком местным корейцам.

В середине 90-х годов по договорной системе все преподаватели из КНДР были отозваны на Родину. Неуклонно сократилось поступление из Пхеньяна в Казахстан научной литературы, прессы, учебников, в результате корееведение развивалась в одностороннем направлении. Всё это, естественно, не побуждало к активной научной работе по проблемам и тематике КНДР.

При всех трудностях настоящего времени корееведение в Казахстане развивается и даже достаточно активно работает. Монографии посвящены корейцам Казахстана о насильственной депортации, а также их положению после распада СССР. Среди публикаций по современной тематике подавляющее большинство принадлежит работам по политической системе Респуб-

лики Корея и отношения её с Казахстаном, о взаимоотношениях двух корейских государств в вопросах экономического и мирного объединения Корейского полуострова. Примечательно, что в числе авторов есть учёные из Республики Корея, защитившие кандидатские диссертации по проблемам корееведения Казахстана на основе архивных материалов (Ким Сан Чол, Мун Хи Гвон, Чан Вон Чанг, Хён Вон Сук, Мен Су Нок).

В научных центрах, занимающиеся проблемами корееведения проводятся международные конференции, профессорско-преподавательский состав, аспиранты и студенты университетов проходят стажировку в Республике Корея. Всё это свидетельствует о том, что казахстанское корееведение стремится пополнять творческим потенциалом из молодых учёных, которые уже достигли определённых успехов. Многие книги и монографии получили положительный отзыв в ближнем и дальнем зарубежье, а некоторые из них

предполагается перевести на иностранные языки. В научных журналах и прессе за рубежом часто можно встретить статьи и выступления казахстанских корееведов. Казахские учёные участвуют в многочисленных международных научных конференциях, форумах, симпозиумах и вносят определённый вклад в развитие корееведения. Всё это даёт основания утверждать, что казахстанское корееведение прочно заняло достойное место в общественной науке.

Таким образом можно сказать, что казахстанское корееведение прошла сложный путь, хотя очень молода. Зародившиеся в начале 90-х годов XX века, оно сформировалось как самостоятельная отрасль востоковедческой науки. Можно утверждать, что в Казахстане к настоящему времени состоялась наука корееведения, без всякого преувеличения можно сказать оно необходима исследователям, занимающиеся проблемами национальных и межнациональных отношений.















УНИВЕРСИТЕТ - ЗНАНИЕ, НАУКА, БУДУЩЕЕ

## *Тәуелсіздік тұсында геодезия ғылымы дамыды*

Тәуелсіз Қазақстан өзінің жаңа даму тарихында азық-түлік және энергетика бойынша әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін алдыңғы қатардағы елдердің санатына қосылып отыр. Сол себепті егемен еліміздің барлық салаларында ғылым мен білімді жоғары деңгейде дамытуға арналған технологияларды, тәуелсіздік тұсындағы реформалар нәтижесінде жер қатынастарында айтарлықтай өзгерістер және жаңа инновациялық технологияларды өндіріске енгізу басты бағыт болып саналады.

Солардың ішіндегі жер реформасының негізгі түпкі мақсаты – жерді барынша тиімді пайдалану, ол үшін қазіргі нарықтық жағдайда жер мүлтіксіз сапалық және сандық жағынан есепке алынып бағалайтын және реттелетін өндірістің жалпы құралы және жылжымайтын мүлік ретінде танылуы тиіс. Соңғы кездегі жер реформасының барысын талдау жаңа жер қатынастарының



**Төлеубек ПЕНТАЕВ,**  
*Картография және  
геоинформатика  
кафедрасының профессоры*

**Айжан АСЫЛБЕКОВА,**  
*доцент м.а.,  
кафедра меңгерушісі*



қалыптасуымен жаңа жер құрылымдарының қиындықпен жүріп жатқанын көрсетеді. Оның басты себебі жер ресурстарын пайдалануды және болжау жұмыстарының барысы көңілді көншітпейді. Осы мәселелерді шешу үшін жердің мөлшері, саны мен сапасы, олардың орналасу орны, пайдалануы, жер беттерінің физикалық-географиялық жағдайы, жер телімдерінің нормативтік және нарықтық құны туралы толық әрі нақты мәліметтері болуы тиіс. Бұл мәселелерді шешуде басты рөлді геодезия, картография, кадастр, жерге орналастыру қызметтері атқарады.

Әлемдік стандарт бойынша Қазақстан Республикасы жер ресурстарына өте бай. Сондықтан жер ресурстарын игеруді қамтамасыз ету үшін геодезиялық-топографиялық, топырақтану, геоботаникалық, геоурогеологиялық ізденістерді, басқа көптеген қолданбалы міндеттерді жылдам шешуде үлкен көлемдегі ақпараттарды өңдеу, сақтау, пайдалануды қазіргі кезде автоматтандырылған геоақпараттық жүйе (ГАЖ) табысты қолданыс табуда. Осыған байланысты еліміздің барлық өндірістік-салалық білімі мен ғылымын жоғары деңгейде дамытуға арналған технологияларды және соңғы заманауи инновациялық технологияларды өндіріске енгізуді басты мақсат етіп, экономикалық тиімді, экологиялық қауіпсіз және әртүрлі жер санаттарының орналасуын, пайдалануын, жүйелі түрде есепке алынуын, мониторинг жүргізілуін қазіргі уақыт талап етеді. Осындай жағдайда геодезиялық, картографиялық жаңа технологиялар кеңінен қолданыс табуда.

Соңғы жылдарда әлемдік ғылым мен техниканың қарқынды дамуы геодезияға

тұрған жердің орнын, яғни пункттің координаттарын анықтаудың жер серіктік атты жаңа әдісін дүниеге әкелді. Бұл әдісте геодезистер әдеттегідей геодезиялық торлардың жылжымайтын нүктелерін пайдаланбай, оның орнына жылжымалы жер серіктерінің координаттарын пайдаланады.

Қазіргі кезде координаттарды анықтаудың негізгі үш түрлі жер серіктік жүйесі қолданылады, яғни ГЛОНАСС (Ресей), NAVSTAR (АҚШ) және GALILEO (ESA). Осы үш жүйені пайдаланып, геодезистер кез келген уақытта тұрған нүктелердің орнын өте жоғары дәлдікпен анықтай алады. Аталған үш жүйенің радионавигациялық сигналдарын қабылдау, есептегіш тұтынушы аппаратурасын құру, геодезиялық және навигациялық мәселелерді шешу және нәтижелердің дәлдігін жоғарылатуда әлем ғалымдары мен инженер-геодезистері ғылыми зерттеулер жүргізіп, нәтижелерін жүзеге асыруда.

Жер серіктік навигациялық жүйелер аспаптарын бірнеше компания шығарады. Біздің елімізде де бұл аспаптарды жасап шығаратын бүкіл әлемге танымал GPS – жүйелерін шығарушы Trimble (АҚШ), Leica (Швейцария), Topcon (Жапония) фирмаларының филиалдары бар. Бұл компаниялар ГЛОНАСС және NAVSTAR жер серігінің сигналдары бойынша жұмыс істейтін жер серіктік геодезиялық аспаптарды жасап шығаруда. Навигациядан басқа координаттарды анықтау дәлдігін жоғарылату жер серігінің технологияларын геодезияда, геодинамикада, топографияда, картографияда, жерді алыстан зондтауда, геоақпараттық технологияларда және тағы басқаларда пайдалануға мүмкіндік береді.

Бүгінде ғарыш айлағы бар ел саусақпен

санарлықтай ғана. Халықаралық сарапшылардың дені сол санаулы ғана елдің ішінде тәуелсіз Қазақстанның мәртебесі биік, шоқтығы жоғары деседі. Кейбір сарапшылар «2020 жылға қарай Қазақстан ғарыштық державаға айналуы мүмкін» деген жорамалды айтса, ғалымдардың біразы әлемдегі ғарыш айлақтары ішінде біздің «Байқоңырдың» беделі бәрінен асқақ деген пікірде екен.

Бүгінде «Байқоңыр» ғарыш айлағы дүниежүзілік ғарыштық зерттеулер жүргізудің орталығына айналды. Бұл алаңнан тәуелсіз Қазақстанның ұшқыш-космонавтары Тоқтар Әубәкіров (1991), Талғат Мұсабаев (1994) және Айдын Айымбетов (2001) ғарышқа ұшырылды.

Еліміз тәуелсіздігінің арқасында ғарыш кеңістігін игеру саласында ғарыштық жоспарларды жүзеге асыратын жер бетіндегі геодезиялық-картографиялық жұмыстарды орындайтын арнайы мемлекеттік мекемелер мен орталықтар ашылды. Солардың ішіндегі еліміздегі ғарыш кеңістігін зерттеу және игеру жөніндегі ғылыми-зерттеу институтын, Ауыл шаруашылығы аэрофото-геодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАИМИ), «Оңтүстік геодезия», «Маркшейдерия орталығы», «Солтүстік геодезия», «Батыс геодезия», «Шығыс геодезия», «Казгеодезия», «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» сияқты мекемелерді атап айтуға болады.

Осы аталған мекемелерде өндірістік жұмыстарды, ғылыми-зерттеулерді орындайтын және өнімдер шығару үшін білікті мамандар қажет. Бұл тұрғыдан алып қарағанда Қазақстан өз алдына мемлекет болып, тәуелсіздік алғалы біраз жақсы жетістіктерге жетті деп айтуымызға болады.

Мысалы, Кеңес Одағы тұсында Қазақстанда геодезист-картограф даярлайтын бір ғана техникум болды. Ол 1946 жылы 3 маусымда КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы (ГУГК) және КСРО Білім министрлігінің №64/95 бұйрығымен Семей топографиялық техникумы ашылды. Сол уақыттан осы кезге дейін колледж Қазақстан Республикасы үшін орта білімді геодезист-картографтар даярлайтын жалғыз оқу орны болды. Тек тәуелсіздік тұсында ең алғашқы болып ҚазБСҚА (ААСИ) «Қолданбалы геодезия» мамандығын ашты. Келешекте геодезия-аэрофотограмметрия факультеті ашылуы жоспарланған екен, бірақ тоқырау басталып кетті де, ол жоспар іске аспай қалды. Оның алдында бұл мамандықты Рудный қаласындағы индустриялық институтында МИИГАиК филиалы дайындаған болатын. Еліміздің еңсесін көтеріп, егемендігімізді толық алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан бастап, осы мамандықтарға сұраныс пайда болды. Соның нәтижесінде еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарында «Геодезия-картография» мамандығы ашылды. Солардың қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қарағанды техникалық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы Ауыл шаруашылығы техникалық университеті, Шәкәрім Құдайбердиев атындағы Семей университеті, Атырау мұнай-газ университеттерін атап айтуға болады.

Осылардың арасында QS WORLD university Rankings by subject 2019 пәндік рейтингі бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ТМД елдерінің жоғары оқу орындары арасында

бірінші болып «Заманауи тіл білімі» мамандығы бойынша әлемдегі ең үздік 51-100 топқа кіріп, бірден 50 сатыға көтерілгенін білеміз. Осы рейтингке университеттің алты мамандығы енген. Тағы бір айта кетерлік жайт, ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу бағытында әлемдік рейтингілерде табысты алға ілгерілеуде. 2018 жылы QS ғаламдық рейтингінің қорытындысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 220-шы орын иеленді. Бұл рейтингте әлемнің 1200-ден астам жоғары оқу орны «Жаратылыстану ғылымдары», «Әлеуметтік ғылымдар», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Өмір туралы ғылым және медицина», «Техникалық ғылымдар және инженерлік іс» сияқты бес пәндік салада бағаланған болатын. Осы топқа ТМД елдерінен екі-ақ университет – Мәскеу мемлекеттік университеті және ҚазҰУ енді. Бұл да болса еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніміздің арқасы деп білгеніміз дұрыс. Өйткені егемен ел болғалы ғылым-білімге жан-жақты көңіл бөлініп жатыр, заманауи сандық технологиялармен жабдықталған аудиторияларда студенттеріміз сапалы білім алуда. Қорықта келе айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2002 жылдан бастап география және табиғатты пайдалану факультетінің Картография және геоинформатика кафедрасы барлық деңгейдегі геодезист-картограф мамандарын даярлап шығаруда.

Осы жерде тәуелсіздігіміздің тайға таңба басқандай бір ерекшелігі – жоғарыда аталған оқу орындарының барлығы дерлік оқу үдерістерін үш тілде жүргізуге кірісті. Соның ішінде атап айтсақ; геодезия-картография студенттері, магистранттары және докторанттары арасында сабақты

қазақ, орыс және ағылшын тілінде оқитын топтар бар.

Осы орайда, «Геодезия және картография» мамандығында оқудың кейбір артықшылықтарын көрсеткіміз келеді:

- мемлекеттік білім беру гранттарының көп мөлшері;
- стандарттарға сай сапалы түрде үш тілде білім беру;
- онлайн білім алу мүмкіндігі;
- халықаралық бағдарламалардың мол таңдауы;
- оқу ғимараттарының орналасу ыңғайлығы;
- жұмысқа орналасу кепілдігі.

Осылардың барлығы тәуелсіздік тұсындағы «Геодезия және картография» мамандығының жақсы даму көрсеткіштері. Кезінде Жүсіпбек Аймауытов: «Бала өз тілінде тәрбиеленбесе, білім алмаса өз ұлтына толыққанды қызмет ете алмайды», – деп айтып кеткен екен. Біз осындай қанатты сөздерде зор мән-мағына жатқанын бір ғасырға жуық уақыт өткенде ғана түсінгендейміз. Адам қанша парасатты болса да, өз ана тілінде білім, тәлім-тәрбие алмаса оның түйсігі оянбайтынын уақыт көрсетті. Тіл, діл, дін – біртұтас ұғым. Осы біртұтас ұғым – ұлттық өлшем. Ал ұлттық сана жоқ жерде ұлттың мүддесін қорғайтын қорғаныш болмайды. Өйткені бостандықтың, еркіндіктің қадірі – жеке бастың тәуелсіздігі. Ол ұлт тәуелсіздігіне тікелей байланысты.

Бүгінде өз ана тілімізде білім алып, қызмет жасап жүрген жастарды бақытты деп санаймыз. «Тәуелсіздік» деген бір ауыз сөз – аса қастерлі және киелі ұғым. Оны әрбір қазақ, әрбір қазақстандық азамат өзінің бойтұмарындай қастерлей білуі тиіс. Тәуелсіздігімізді барлығымыз бағалай білейік, ағайын!

## *Достижения в сфере высшего образования и науки*

Современное общество движется от индустриального статуса к информационному, в котором ключевым ресурсом становится информация и знания. Качественное преобразование общества неизбежно приводит к такому же изменению образования. Быстро меняющаяся среда требует принципиально нового отношения ко всему, что окружает. Урбанизация, цифровизация, глобализация, пандемия коронавируса приводят к беспрецедентному всплеску неизведанного, с которым мы сталкиваемся каждый день. Как известно, образование – один из трех основных субъективных факторов рейтинга человеческого развития. Именно образовательная



**Калкаш АБУБАКИРОВА,**

*д.с/х.н., профессор*

**Нина ВОРОНОВА,**

*кандидат биологических наук*



система способна решать главные проблемы общества XXI века.

В своем послании глава государства Токаев К.К. подчеркнул, что знания и профессиональные навыки – ключевые ориентиры современной системы образования, подготовки и переподготовки кадров. В ближайшем будущем следует выстроить максимально прагматическую стратегию трансферта необходимых для страны технологий. За годы Независимости в Казахстане сформирована национальная модель образования, направленная на повышение качества подготовки человеческих ресурсов, удовлетворение потребностей личности, общества и государства. Приняты законы Республики Казахстан «Об образовании», «О высшем образовании», «О науке», «О правах ребенка в РК», «О государственной образовательной накопительной системе», «О коммерциализации результатов научной и (или) научно-технической деятельности», «О статусе педагога» и другие.

Реализованы 6 государственных программ, направленных на развитие системы образования (Государственная программа информатизации системы среднего образования на 1997-2002 годы, Государственная программа «Образование», Государственная программа развития образования в РК на 2005-2010 годы, Государственная программа развития технического и профессионального образования в РК на 2008-2012 годы, Государственная программа развития образования РК на 2011-2020 годы, Государственная программа развития образования и

науки РК на 2016-2019 годы). В 2019 году принята новая Государственная программа развития образования и науки на 2020-2025 годы.

С 1999 года вузы Казахстана перешли на новую модель формирования студенческого контингента высших учебных заведений на основе государственного образовательного заказа. Изменился качественный состав профессорско-преподавательского состава (ППС), остепененность ППС вузов составляет 48,3% (1999 год - 24%). Участие в Болонском процессе позволило привести качество отечественного образования в соответствие с европейскими стандартами. Система внешнего обеспечения качества реализуется через механизм аккредитации.

В казахстанских вузах активно стали внедряться дудипломные совместные с зарубежными вузами программы, что, безусловно, повысило качество образования за счет внедрения международных стандартов. Увеличилось количество программ на английском языке, растет число иностранных студентов.

Усилена нормативная правовая база, регламентирующая науку. С момента реализации Закона РК «О науке» выстроена работа основных структур данной системы, действуют новая модель управления наукой и новые механизмы финансирования науки (базовое, грантовое, программно-целевое финансирование). Наблюдается значительный рост публикационной активности казахстанских ученых в международных рейтинговых изданиях. По данным отчетности министерства образования и науки Казахстана, на сегодня общее



количество публикаций казахстанских ученых в базе данных Scopus в сравнении с 2011 годом выросло в 34 раза (с 577 до 19 879), в базе данных WebofScience – в 59 раз (с 425 до 25 088).

Современный этап модернизации казахстанской системы образования и науки предполагает доступность для каждого качественного образования, возможность получить новые профессиональные навыки в колледже и университете, развить исследовательские и творческие компетенции. В этих условиях новый смысл обретает само понятие образования. Образование перестает рассматриваться только как несколько лет в университете, после чего вы получаете заветную «корочку». Полученные в стенах университета знания, должны постоянно обогащаться и развиваться. А это значит, что постоянно учиться — сегодня не роскошь или дорогая прихоть, а реальная необходимость каждого. Еще древнегреческий историк Плутарх сказал, что ум – это не сосуд, наполненный знаниями, а факел, который нужно зажечь.

Главная задача образования в этих условиях все более фокусируется на привитие навыков непрерывного саморазвития и адаптации к изменениям. Формирование мышления, заточенного на постоянное развитие, самосознания и социальной осознанности, ответственного принятия решений, самодисциплины, позволит адаптироваться в быстро меняющемся мире. В этих условиях более важным становится научить постоянно учиться.

Современное образование личностно-ориентированно. Сам обучающийся стано-

вится в центре обучения, выбирая свою траекторию образования. В ближайшие годы будут увеличиваться возможности для дополнительного, так называемого неформального образования. Для этого используется цифровые технологии, искусственный интеллект, онлайн, мобильные и смешанные формы обучения. Образовательные программы начинают переосмысливать пользовательский интерфейс своих цифровых продуктов и задумываются над тем, как сделать пользование всевозможными инструментами максимально удобным и интерактивным. Например, большое будущее ждет технологии VR — виртуальной дополненной реальности.

Уже в ближайшие несколько лет все больше образовательных цифровых платформ будут курироваться при помощи искусственного интеллекта. Эксперты предсказывают, что в ближайшем будущем образование по запросу будет все более и более востребованным. Это значит, что появится возможность самостоятельно выбирать дату начала обучения и двигаться в собственном темпе, что сделает процесс получения образования более удобным и доступным.

Следует отметить, что Казахстан с момента обретения Независимости является активным участником авторитетных рейтингов. Это подтверждение открытости социально-экономической политики страны. Число казахстанских вузов в международном рейтинге лучших университетов мира QS, выросло с 5-ти до 10-ти (за 2011, 2020 год, соответственно).

КазНУ имени Аль-Фараби стал флагма-

ном образования не только в Казахстане, но и занимает высокий международный рейтинг, войдя в топ-200 лучших университетов мира по рейтингу QS. Перспективные направления развития университета определяются его местом и ролью в системе высшего образования РК как флагмана национальной системы, старейшего национального университета, занимающего передовые позиции и в отечественных и зарубежных рейтингах, обеспечивающего национальную и региональную экономику высококвалифицированными профессиональными кадрами

Сегодня, с учетом главных вызовов современности – глобальных и региональных изменений среды обитания, география и смежные с ней науки: геодезия и картография, землеустройство, кадастр, ГИС технологии, метеорология, экология, геоэкология, гидрология, туризм являются очень важными сферами национальной безопасности и устойчивого развития нашей страны. На передний план выходят проблемы климатических изменений и адаптации, водной и энергетической и экологической безопасности. На факультете географии и природопользования КазНУ имени Аль-Фараби осуществляется разработка совместно с работодателями профессиональных стандартов по стратегическим направлениям национальной безопасности государства, модернизация образовательных программ с учетом новых отраслевых рамок квалификации и профессиональных стандартов, создание двудипломных образовательных программ с зарубежны-

ми вузами. По запросу работодателей разрабатываются междисциплинарные образовательные программы. Активно ведется работа по разработке массовых открытых онлайн курсов (МООК) по базовым дисциплинам образовательных программ.

На факультете на основе партнерства с ведущими зарубежными университетами, такими, как Колумбийский Университет (Нью-Йорк, США), Политехнический Университет Лиссабона (Португалия), Международный университет природы, общества и человека «Дубна» (Россия) и др. создана кафедра ЮНЕСКО по устойчивому развитию, главной задачей которой является подготовка и выпуск на междисциплинарной основе специалистов в области устойчивого экологического развития РК, призванных обеспечивать переход Казахстана к «зелёной экономике» по следующим направлениям подготовки: «Экология», «Геоэкология и управление природопользованием» «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды», «Экологический инженеринг», «Экологическое почвоведение», «Менеджмент и аудит комплексной безопасности в промышленности» в бакалавриате, магистратуре и докторантуре.

Казахстан, как независимое, суверенное государство, в контексте новых вызовов сложного и динамично развивающегося мира, чтобы быть конкурентоспособным должен иметь все приоритеты обеспечения высокого качества образования и науки.

## *БАҚ-тың даму қарқыны жаңа сатыға көтерілді*



**Клара  
ҚАБЫЛҒАЗИНА,**  
*филология  
ғылымының  
кандидаты,  
қауымдастырылған  
профессор*

«ҚазССР» деп таңбаланатын мемлекетіміздің тәуелсіз Қазақстанға айналғанын естіген күн мәңгі есімде. Қолымда екі жастағы балам бар еді... Іштегі бұлқынған, буырқанған, лақ етіп шығарға саңылау таппай тұрған көп жылдарғы қордаланған жалын көзден тарам-тарам ағылды-ай дерсің... Не болғанын түсінбеген сәби кішкентай саусақтарымен бетімді сүртіп жатыр, «Құлыным-ай, сен азат елдің ұрпағы боласың» деп сөйлеп қоямын.

Бостандық, еркіндік, әлдекімдерге жалтақтамау, өз ана тілін еркін қолдана алу, үстемдік құрушы тілді түсінбегенің үшін қорлық көрмеу деген асыл арманымыз еді. Адам болған соң еркіндікті, бостандықты аңсайды, армандайды, сол үшін әрекет етеді, күреседі. Тәуелсіздік деген бабаларымыздың арманы, аңсауы еді, енді соған қолымыздың жеткеніне отыз жыл болды.

Ол кездері қазіргідей гаджеттің түр-түрі жоқ, күндіз радиодан шала естіп қалдым ба деген жымысқы ой да жоқ емес, кешкі хабарды күтіп сарсылдым. Толқи отырып халқымыздың тағдырын шешкен жаңалықты диктор да жеткізді-ау... Алдымен құттықтаған түрік ағайындар екенін естіп, марқайып қалдым.

Міне, сол бақытты күннен бері отыз жыл өтіпті. Бұл аралықта Қазақстан шекарасын бекіткен дербес, зайырлы

ел қатарына жетті. Алайда қазір осындай жеңіске қол жеткізген соң, оны сақтап қалу одан да қиын міндет екенін түсіндік. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмауы керек. Ал ол мақсат жолында халыққа біртұтас идея, жұмылдырушы күш, мақсат-мұрат қажет. Анығырақ айтқанда, ұлттық идеяның мықты болуы алдыңғы кезекте деген сөз. Идея сыртқы дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына қолданылады.

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев кезекті жолдауында «Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» деген пікірді айтты. Әлем елдерімен терезесі тең мемлекет атану, елінің тұрмысы бай, саналы, сауатты ұрпақтары ертеңіне сеніммен қарайтын ел болу еді. Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының негізгі тұтқасы – ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім. Ал бұл құндылықтар Елбасының «Мәңгілік ел» атты жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту – басты мақсат. Өйткені тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау Алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын.

Елбасы бес институционалдық реформаны талдау барысында тарихтың жаңа белесінде тұрған ұлттың бірлігін нығайтуды ерекше назарға алды. «Қоғамымыздың көптүрлілігі – біздің әлсіздігіміз емес, күшіміз. Барлық азамат құқықтың бірдей көлемін пайдаланып, жауапкершіліктің бір-

дей жүгін арқалап және түрлі мүмкіндіктерге бірдей қол жеткізуі тиіс. Біздің қоғамымыз неғұрлым қуатты және біртұтас бола отырып, тарихи тұрғыда көптеген тілдерден және мәдениеттерден қалыптасты. Бүгінде бізді «Мәңгілік ел» құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, оқымыстылық, толеранттық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді», – деді. Шындығында, бірлігі мықты, іргесі бүтін елдің қашанда ырзығы мол. Еліміз осындай баға жетпес байлығы – татулығымен мақтана алады.

«Мәңгілік ел» – жалпықазақстандық ортақ шаңырақтың ұлттық идеясы әрі бабаларымыздың асыл арманын, аманатын жүзеге асыру болып қарастырылғаны абзал. Яғни Мәңгілік ел болу – шектеусіз ғұмыры бар, тәуелсіз, тұғыры биік, ғылым-білімі дамыған, бірлігі жарасқан алдыңғы қатарлы, әлем таныған алпауыт елге айналу. Сондықтан да мәңгілік әрі бәсекеге қабілетті ел болу үшін болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңірген болуы керек.

Отанды сүю – әрбір ұрпағымыздың, азаматтарымыздың міндеті. Өткенді ұмытуға болмайды. Б.Момышұлы «Отан үшін отқа түс – күймейсің» дегендей, ата-бабамыз көзінің қарашығындай сақтап келген жерін солай қастерлеп, еліміздің көк туын биікте ұстап, тәуелсіздігімізді сақтау – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Н.Назарбаев: «Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, мемлекетімізді нығайта беру үшін бізге ең әуелі бірлік қажет», – деген болатын. Шынымен де, бірлік жоқ жерде – тірлік жоқ.

Сондықтан да қуаныш пен қиыншылықта халқымыз әрдайым бірге болуы қажет деген тәмсіл күн тәртібінде тұруы тиіс. Арысы Қазақ хандығынан бастап, берісі егемен елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы – осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керген керегесін құлатпау, туған елімізді, жерімізді қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам – ормансыз құс» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі, тірлік кешуі мүмкін емес. Себебі тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің, тапталмаған намыстың күшімен келген ұлы мәртебе.

Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық», – деген. Жаһандану заманында бүкіл әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұлқыздарымыздың жер жүзіндегі кез келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де баршылық. Осы орайда, ел ішінде «жастар шетелге кетіп жатыр» деген алаңдаушылық та бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін. Өйткені қырық жылдан астам уақыт шәкірт тәрбиесімен айналысып, жастардың ортасында жүргеннен кейін олардың психологиясы маған жақсы таныс.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек. Осы орайда, Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқан сөзі ойға оралады. Ол: «Уақыт қарқыны – зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін», – деген болатын. Міне, осы сенім халқымыздың санасынан берік орын алған сәтте бізді жеңер жау, еңсемізді түсірер құдіретті күштің болмайтыны анық.

Елбасымыздың: «Біз өткен шаққа қарайлай беруді емес, баянды болашаққа ұмтылған елдің ұмытылмас ұстанымын алуымыз керек. Кейде «Томирис қазақ екен», «Шыңғыс хан қазақ екен» дегенде, менің ішім пысып қалады. Басымызды артқа бұрып, алға қарай қалай жүреміз? Алға қарайтын кез келді. Ұлыбританияның экспремьері Тони Блэрдің парламентте тұрып: «Ұлыбританияның бай тарихы бар. Бірақ біз музейде өмір сүрмейміз ғой», – деп айтқаны бар. Сіздерден, зиялы қауым, білімді, дуалы ауызды адамдардан шығатын сөз дұрыс болуы керек. Болашақты ойлауымыз керек», – деген пікірі отандық бұқаралық

ақпарат құралдарының ұстанар негізгі межесі болу керек.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды насихаттауға күш салудың қажеттілігі артып отыр, өйткені жаһандану процестері елімізге тереңдеп енген сайын, демократияны бетперде еткен, «көрінбейтін» қауіптер төне бастады. «Көрінбейтін» қауіптер деп – сыртқы белгілері бойынша заңды құбылысқа жататын, ал түп негізінде ақпараттық құралдар арқылы елді арандату мақсат ететін құбылыстарды айтамыз. Соның бірі – батыстық мәдени экспансия. «Батыстық» сөзі бұл жерде шартты ұғым, ол ұлттық құндылықтарымызға жат, қайшы келетін мәдени формаларды өрнектеу үшін қолданылып тұр. Мұның қауіпті тұсы мынада: дәстүрлі сыртқы ынтымақтас елдер арасындағы еліміздің имиджіне нұқсан келтіру, елдегі ұлттық дәстүрлерді ұстанатын халықтың әдейі ызасын келтіру және осы арқылы арандату сияқты мақсаттар

үшін істелініп жатқан әрекеттер жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге кері әсерін тигізеді.

Ақпарат ғасырында бұқаралық ақпарат құралдарының даму қарқыны жаңа сатыға көтерілді. Сондықтан қазақ бұқаралық ақпарат құралдарының сан алуан функциясын, қоғамдағы рөлін, теориясы мен тәжірибесін жаңа қарқынмен, бағытпен дамыта түсу қажеттілігі туындап отыр. Осы ретте журналист кадрларды даярлау жолында еңбек етіп жүрген педагогтардың мақсат-мүддесіне деген, жауапкершілігіне деген талап та арта береді.

Тәуелсіздігіміздің көк байрағын желбіретіп, еліміздің еңсесін биікте ұстап, тілімізді тұғырынан тайдырмай, байлығымызды талан-таражға түсірмей, болашақ ұрпақтың алдында ата-бабалық парызымызды адал жалғастыру – бәріміздің басты борышымыз.

## Қазақтілді БАҚ-тың үлесі артты



**Гүлмира  
СҰЛТАНБАЕВА,**  
*саяси ғылымдар  
докторы, профессор,  
Баспасөз және  
электронды БАҚ  
кафедрасының  
меңгерушісі*

Бәрінен қымбат тәуелсіздіктің қадірі мен қасиеті уақыттың көмбесінде сақтала бермек. Сақталған сайын тәуелсіздік ең құнды байлыққа айналып, құндылықтың символы ретінде мәртебесі арта түспек. Қазақ елінің құндылық эталоны – осы тәуелсіздікте. Қазақ журналистикасының басты тақырыбы да, өзекті күн тәртібі де – тәуелсіздікте. Қазақстандық медиакеністіктің дамуына ықпал еткен басты күш – әрине, тәуелсіздікпен келген үрдістер. Елдегі қазақ тіліндегі бұқаралық ақпараттың үлесі артуы осыған дәлел. Сондай-ақ ұлттық баспасөз бен жаңа медианарығының технологиялық, коммуникативтік алаңдарының интеграциясы бұл үрдістерді жылдамдата түсті. Электронды бұқаралық ақпарат құралдарының сапалық дамуы жаңа конвергентті ақпараттық кеңістікті қалыптастырды. Бұл өз кезегінде елдегі шұғыл ақпараттың семантикалық өңделуі мен техникалық жылдамдығын арттырды. Бұқараға арналған мессенджерден тәуелсіздіктің семиотикалық мағынасы артты, символикалық тұрғыда нық қалыптасты. Тәуелсіздік эталоны Қазақ елінің мәңгі ақпараттық кодына айналды. Бұл орайда, бұқаралық коммуникацияның тәуелсіздік шындығынан толық ақпаратқа айналып, адамның түбегейлі мүддесіне арналуы, түсіністік тілінен қоғам мүддесіне айналуы

бүгінгі қазақстандық БАҚ-тың басты бағдары болуы тиіс.

Журналистика факультеті – шығармашылық кеніші. Нарық талабына сай, білікті мамандар даярлау үлкен жауапкершілікті және креативті шешімдерді басқарудан тұрады. Бүгінгінің журналистикасы – сауатты да көркем жазумен қатар, универсалды білімді, мультимедиа, үлкен деректер құралдарын меңгеруді, бірнеше тіл білуді қажет етеді. Журналистиканың жаңа медиа мен ақпараттық кеңістіктегі интеграциясы нарыққа жаңа мамандық иелеріне сұранысты арттырды. Жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларының модернизациясы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында соңғы үш жылда медианарыққа бағытталған. Бакалавриатта «Кино&Медиа», магистратурада «Data журналистика», «Бизнес-коммуникация», «Экологиялық журналистика», «Креативтік индустриялар», сондай-ақ үш деңгейде «Медиакоммуникациялар» білім беру бағдарламаларына қабылданған білім алушылар саны артуда.

Кафедра базасында соңғы оқу жылдарында ашылған «Qazaqstan», «Egemen Qazaqstan», Ж.Кенжалин атындағы Баспасөз және жаңа медиа оқу-шығармашылық зертханалар жұмыс беруші ұйымдардың қолдауымен оқу-техникалық мүмкіндіктердің алаңына айналды. Осы орайда, кафедраның оқу-техникалық базасын жаңалаудан бастап, оқу үрдісіне, білім беру бағдарламалары медианарыққа бейімдеу-

дегі жобалары аталды. «Egemen Qazaqstan» газетінің Алматыдағы тілшілер қосыны, «Qazaqstan» ұлттық арнасының Алматы редакциясы мен «Қазақ газеттері» ЖШС базасында Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының филиалдары ашылуы оқу үрдісінің медиаөндіріске бейімделуіне жол ашты.

Қазақстандағы медианарық сан алуан тарапта дамып жатыр. Оған маман даярлау үшін солар қалыптастырған талапқа сай әрекет ету керек. Бұл ретте кафедраның ғасырға жуық классикалық тәжірибесі қалыптасты. Жаңа медианарығының үндеулеріне сай, цифрлық даму моделін басымдықта ұстады. Журналистика білім беру ісінің шежіресі 1934 жылдан бастау алады. Біртуар қайраткерлер журналистиканың дамуы мен қалыптасуы үшін үлкен еңбек етті. Журналистиканың көрнекті ұстаздары, атап айтсақ: Темірбек Қожекеев сатираның теориясын жасаса, Қайыржан Бекхожин негізін қалаған, кейінірек профессор Сағымбай Қозыбаев, профессор Ләйла Ахметова қазақ журналистикасының тарихын, Тауман Амандосов бастап, профессор Бауыржан Жақып жанрлық тұрғысын зерттеді, ал Марат Барманқұлов іргелі дүниелермен негізін салған тележурналистикаға профессор Сәуле Барлыбаева ерен үлес қосты. Қазақ радиожурналистикасы ғылыми мектебін қалыптастыруда профессор Намазалы Омашев түрен салды. Жаңа медианы зерттеудің қолданбалы мектебін дамытқан профессор Ғалия Ибраева бар. Бүгінде бұл бағыттағы зерттеулер жас ғалымдар



тобымен жаңарып келеді. Осы классикалық дәстүрдің қаймағын бұзбай, жаңа заманға сай икемдеу, жалғастыру – біздің маман даярлаудағы миссиямыз. Шығармашылықтың цифрлық ұстаханасынан журналист мамандар даярлауда басты потенциал – әдістемелік құралдар, ғылыми-технологиялық және өндірістік базаның нығаюы. Журналистер сөз өнері мен технологиялық құралдардың тандемі аясында білім беруі – заман талабы. Бүгінде баспасөз бен жаңа медиа, телевизия мен радио хабар тарату нарығында мультимедиадан, SMM құралдарын жетік меңгерген түлектерге сұраныс артуда.

Қазір әр университет, әр кафедра өзінің білім беру бағдарламасы нарықта қаншалықты сұраныста болса, соншалықты рейтингі артатыны рас. Журналист мамандарын даярлайтын еліміздегі 30-ға жуық кафедраға шағын зерттеу жасадым. Білім алып жатқан студенттердің контингенті мен олардағы білім беру бағдарламаларының басымдықтарын зерделеп шықтым. Таяуда «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» мен «Білім беру сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің» қорытындысы жарияланды. Журналист мамандарды даярлау бойынша біздің университет алда келе жатыр екен. Журналист мамандарын даярлау бойынша мемлекеттік жоғары оқу орындары мен жеке оқу орындарының үлесі шамалас. 45 пайызы – мемлекеттік, қалғаны – жекеменшік. Жаңа білім беру бағдарламасын дайындау үшін нарықты көп зерттедік. Осы орайда, «Qazaqstan», «Хабар агенттігі», «Қаз-

контент», «Қазақ газеттері», «Жас өркен» және «Нұр-Медиа» секілді медиахолдингтер мен агенттік басшыларына сұраныстар жібердік. Олардың маманға қойған талаптарын білдік. Нарыққа не керек, не жетпей жатыр, біздің мамандардың бойында қандай кемшіліктер бар, нені үйрену керек, соны терең білгіміз келді. Сонда олардың көп сұрайтыны – мамандардың технологиялық тұрғыдан сауатты болуы, аудио және бейнематериалдарды монтаждай алуы, әлеуметтік желі бойынша маркетингтік тәсілдерді меңгеруі. Сондай-ақ редакцияның ішкі жұмыстарын да ұйымдастыратын арнайы мамандар, датамен жұмыс істейтін журналистер де ерекше сұранысқа ие екен.

Біз үнемі әлемдік топ-университеттердің бағдарламаларына бағдар жасап отырамыз. IT факультетінің студенті бола тұра, біздің факультеттің бір бағдарламасын таңдап, ары қарай журналист квалификациясын ала алады. Не болмаса биология факультетінен келген студент журфак бағдарламасын таңдап, білімін жетілдіреді. Яғни ол келешекте экология саласын індете жазатын журналист болуға мүмкіндік алады. Керісінше, заң саласын жақсы білгісі келген журналист-студент заң факультетіне барып оқып келе алады. Бұл орайда, төрт жылға негізделген толыққанды бағдарлама аясында бір семестрге созылатын қысқа мерзімді бағдарлама қарастырылған. Бұл еліміздегі салалық журналистиканың дамуына жол ашады.

Журналистика факультеті бүгінде Орталық Азия аймағында академиялық білім

алумен қатар, қосымша кәсіби білім беру ісінде медиабренд қалыптастырып отыр. Ол – БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары аясында журналистика мен коммуникация жазғы және қысқы мектептері аясында жас журналистердің практикалық білімінің артуы, танымал журналистер мен медиа мамандар пулының қалыптасуы. Ыстық-көзде жыл сайын дәстүрге айналып, бертін келе шетелдік студенттер де қатысуға ынта білдіре бастады. Алғаш Қанат Әуесбай, Мұрат Нұрбай, Меруерт Құмарова, Есболат Айдабосын, Мұхамедәлі Бұқарбаев, Бейсен Құранбек, Серікқазы Кәкібалапов, Өркен Кенжебек сияқты журналистер, мамандар, блогерлер уақытын қиып дәріс беріп, қолдау танытты. Әр жылы әртүрлі тақырыпты таңдап аламыз.

Біздің мектеп – еркін пікірлер алаңы. ЮНЕСКО қолдауымен «Радио адам өмірін құтқарады» деген тақырыпта өткізгеніміз бар. Төтенше жағдайлар кезінде, табиғи катаклизм уақытында интернет ажырап қалуы мүмкін. Сондай кезде радио бәрін хабардар етіп отырады. Студенттерімізді осындай маңызды тақырыптармен қамтуға мықты спикерлерді шақырып, пікірталас алаңын құруға талпындық. Бір жолы тақырыпты спортқа арнадық. Сол кезде біздің қыздарымыздың ішінде спортқа қызығатындардың қатары көп екенін аңғардым. Ал былайғы күнде спорт тақырыбын тек жігіттер ғана жақсы білетін секілді көрінеді. Тіпті спорт комментаторлары мектебін ашқымыз келді.

Әр мектептен кейін әртүрлі идеялар туындайды. Осы мектептердің арқасында

қаншама талантты студентті таныдық, олардың еңбекке белсене араласуына бағыт сілтедік. Пандемия алдында өткізген шараларға 180 адам қатысты. Оның ішінде Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Франция, Жаңа Зеландия, Канада университетінің студенттері, журналистері мен профессорлары бар. Ал Ауғанстаннан төрт бірдей әйел журналистің келуі үлкен жаңалық болды. Бұған дейін ол елден әйел азаматтарды, әсіресе журналистерді жібермейтін. Кабулдан келген BBC ауған қызметінің, CNN ауған қызметінің, ToloNews арнасының репортерлары дәріс оқыды, білгендерімен бөлісті.

Университет базасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ТРК кешенінде радио және телестудия, Kmlab Коника Минолта оқу зертханасы, бағдарламалық қамтылған төрт ірі компьютерлік кластерлер практикалық дәрістерге арналған технологиялық алаң бар. Мүмкіндігі 400-ге жуық студентті қамтуға, бәріне білім беруге жеткізу үшін студиялық дәрістер мен эфир кестесін жіті бақылап отырамыз. Кафедра доценті Жидегүл Әбдіжәділқызы «Телемұнара», «Көзбе-көз», «Сөзбе-сөз» студенттік теле және радиобағдарламаларға жаңа өмір беріп келеді. Біздің цифрлық платформамыздың ресурсы әлі де жетілдіруді қажет етеді. Мәселен, Гонконг университеті журналистика және кино факультеті ғимаратының өзі 17 қабаттан тұрады. Бірнеше студиясы, елу шақты камерасы бар. Олар журналистика және кино мамандарын даярлайды. Бір телекорпорацияның жүгін арқалап отыр десе де болғандай. Универ-

ситеттің жаңа басшылығының технологиялық стратегиясы мен шығармашылыққа жанашыр шешімінің арқасында біздің оқу корпустары қазір түбегейлі күрделі жөндеуден өтуде. Сондай-ақ заманауи құралдармен жабдықталатын студия мен зертхана кешенін ашу жоспарланды. Бұл журналистиканың шығармашылық кластеріне айналмақ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің ғалымдары ғаламдық зерттеулер жүргізу тобына қосылды. Бүкіләлемдік журналистика зерттеулері – Worlds of Journalism Study Association (WJS) 2010 жылы құрылған әлемдегі журналистиканың ахуалын тұрақты бағалайтын академиялық жоба. Людвиг-Максимилиан Мюнхенс университетінің профессоры Томас Ханичтың үйлестіруімен ғаламдық зерттеу тобы бүгінде 110 елдің журналистика академиялық ошақтарының басын біріктірген. Әлемдік QS топ-университеттердің медиа және коммуникация зерттеулері рейтингінің көшбасшы кафедралары жетекші-

лігімен Африка, Азия, Орталық және Шығыс Еуропа, Латын Америкасы және Кариб аралдары, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка, Батыс Еуропа, Солтүстік Америка, Австралия және Жаңа Зеландия елдерінің ұлттық нарығын зерттеуді бастады.

Зерттеудің басты мақсаты – журналистер, репортерларға жұмыс бабында қойылатын шарттар, шектеулерге қатысты кәсіби көзқарастары, дүниетанымындағы өзгерістерді жақсы түсінуде, сондай-ақ әлемдегі пандемия жағдайында журналистиканың әлеуметтік функциясын айқындау саналады.

2020-22 жылдарды қамтитын WJS үшінші толқын зерттеулеріне 110 елдің ішінен Қазақстан ғалымдары алғаш қатысуда. Қазір республика бойынша 2500 журналисті қамтитын болжамды респонденттер базасы әзірленіп жатыр. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары WJS аясында зерттеулер жүргізуге дайын. Бұл елімізде журналистиканың ұлттық ерекшелігін жаһандық деңгейде танытуға жаңа жол ашады.

## *Журфак готовит профессионалов*



**Ольга  
ЛОЖНИКОВА,**  
*старший  
преподаватель  
журфака*

Факультет журналистики Казахского Национального университета имени Аль-Фараби своё летоисчисление ведёт с марта 1934 года, когда был образован Казахский Коммунистический институт журналистики (КазКИЖ, общепринято – КИЖ). Цель создания института – обеспечение советской республики профессиональными кадрами большевистской печати. В 1940-м году КазКИЖ был переименован в Казахский государственный институт журналистики, а с 8 мая 1941г. постановлением Совнаркома КазССР весь состав студентов и преподавательский персонал КИЖ вошел в КазГУ им.Кирова в качестве самостоятельного факультета. Все эти годы наш журфак рос и развивался вместе с КазНУ, вместе с Казахстаном. Поэтому и вехи независимости отмечает со всей страной. Статья Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева «Независимость превыше всего», посвящённая 30-летию Независимости Казахстана, как нельзя лучше объясняет значимые события в жизни факультета.

По мнению Касым-Жомарта Токаева – первое десятилетие можно назвать периодом, когда закладывался фундамент нового Казахстана. Второе десятилетие – отмечает президент, – стало периодом укрепления

государственности, повышения потенциала экономики страны. И наконец, в третьем десятилетии наряду с политическими и экономическими реформами стало придаваться особое значение духовному возрождению человека, гражданина своей страны. То есть нравственное и духовное возрождение человека с новыми ценностями и ориентирами выступает в качестве основополагающей во главе каждого из этих периодов. Хотелось бы вспомнить людей – видных ученых и педагогов, которые в годы независимости возглавляли наш факультет.

1990-1991 гг. – доктор филологических наук, профессор М.К.Барманкулов.

1991-1993 гг. – доктор исторических наук, профессор С.К.Козыбаев

1993-1995 гг. – кандидат филологических наук, профессор Ю.А.Крикунов.

1995-2001 гг. – доктор филологических наук, профессор Н.О.Омашев.

2001-2008 гг. – доктор филологических наук, профессор Б.О.Жакып.

2008-2011 гг. – доктор политических наук, профессор Г.Ж.Ибраева;

2011-2012 гг. – доктор юридических наук, профессор Е.О.Алауханов.

2012 -по 2014 гг. – доктор филологических наук, профессор О.Абдиманулы

2014-2021 гг. – кандидат филологических наук, доцент С.Медеубек.

В сентябре 2021 г. деканом избран доцент С.Ш.Мадиев.

Каждый из них внес в факультет частичку своей души. К сожалению, М.К.Барманкулова и Ю.А.Крикунова уже нет с нами, но он

всегда в нашей памяти. Марат Карибаевич Барманкулов много лет возглавлял кафедру телевизионной и радиожурналистики, был деканом заочного журфака. Марат Карибаевич был одним из первых отечественных тележурналистов, основателем вещательной научной школы в стране, а также телевизионной и радиостудии в КазНУ. Нужно сказать, что на факультете каждый год 13 февраля отмечают день рождения профессора Барманкулова. М.К.Барманкулов всегда заботился о творческом росте молодых журналистов, поэтому в формат «Барманкуловских чтений» прекрасно вписалось награждение победителей республиканского конкурса лучших теле- и радиосюжетов, программ, документальных фильмов среди студентов.

Сейчас на факультете функционируют три кафедры: кафедра печати и электронных СМИ; кафедра ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе; кафедра издательского дела и редактирования. В связи с трансформацией КазНУ имени Аль-Фараби в исследовательский университет в результате укрупнения университетских инфраструктур в 2011 году на базе кафедр телевидения и радиожурналистики, периодической печати и Интернет-журналистики, истории журналистики и массовой коммуникации была создана кафедра печати и электронных СМИ. С 2013 года заведующей кафедрой является доктор политических наук, профессор Г.С.Султанбаева.

Кафедра ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе была создана

в результате слияния трех кафедр – «ЮНЕСКО, международной журналистики» и кафедры «Связи с общественностью и рекламы» в 2011 году в связи с необходимостью усиления научного потенциала кафедры с целью приобретения КазНУ статуса научно-исследовательского университета. С 2013 года кафедрой возглавляет д.ф.н., профессор Н.Т.Шынгысова.

Издателей, редакторов, дизайнеров на факультете журналистики готовит кафедра издательского, редакторского и дизайнерского искусства, которая ведет свою историю с 1976 г. В январе 2016 года, согласно требованиям времени, кафедра обрела новый вектор развития. Современное название – кафедра издательского, редакторского и дизайнерского искусства. В состав кафедры влились педагоги творческих направлений, усилилась креативная составляющая. Кафедрой возглавляет доктор филологических наук, доцент Рамазан Айгуль Амиргаликызы.

На факультете проведена полная модернизация образовательного процесса, реализуются уникальные образовательные программы, сопоставимые с программами ведущих вузов мира. Действуют программы двойного диплома с РУДН и Стамбульским Университетом.

Ведущими профессорами факультета были и остаются: доктор исторических наук, профессор, президент Академии журналистов Казахстана С.К.Козыбаев, профессор Ә.Ыдырысов, д.ф.н., профессор А-Х.Ф.Мархабаев, д.ф.н., профессор Б.Ө.Жакып, д.и.н., профессор Л.С.Ахметова,

д.п.н., профессор, Г.Ж.Ибраева, д.п.н., профессор Ш.И.Нургожина, д.ф.н., профессор К.Хамзин, д.и.н., профессор С.Х.Барлыбаева. Ценный вклад в развитие факультета внесли доценты С.Нурбеков, К.К.Кабылгазина, С.Н.Велитченко, Ж.Абдижадилкызы, Е.И.Дудинова, Ж.Бекболатулы, М.Онегизбаева, К.Н.Мысаева, К.Абжанов, С.Медеубек, К.Мұқатаева и другие квалифицированные преподаватели и известные ученые.

В соответствии с Болонским процессом в рамках подготовки магистрантов и докторов Ph.D проводятся стажировки, тренинги, мастер-классы ученых США, России, Австралии, Германии, Польши, Швеции. Журналистику как профессию не выбирают, а становятся частью этой профессии. Профессорско-преподавательский состав факультета проводит работу по программам грантового финансирования фундаментальных и прикладных исследований МОН РК на 2012-2014 гг. В 2013 году впервые в рамках проекта научная экспедиция «Қазақ елі» провела исследования в Кызылорде, Мангыстау и Семее. Традиционными являются Барманкуловские, Кожакеевские чтения, чтения имени Бекхожина.

В последнее десятилетие на факультете был открыт сайт «Журфак KZ». При поддержке международного ОФ «WIKI Bilim» на кафедре печати и электронных СМИ был создан студенческий бизнес-инкубатор. Образован научный центр гуманитарных исследований «Медиа сфера». Среди инновационных проектов можно отметить

«Global School Room». Студийные медиа-платформы ТВ «Аль-Фараби», Радио «Аль-Фараби», Фотостудия, учебная газета «Журналист», учебно-творческие лаборатории «Qazaqstan», «Egemen Qazaqstan», «Печати и новых медиа» им.Ж.Кенжалина и «KMLab» – это помощники студентов в получении профессиональных знаний. При поддержке Информационного бюро ООН в РК студентам представилась возможность на казахском языке вести новости на радио ООН и озвучивать учебные видеопособия о моделях журналистики ЮНЕСКО. Факультет ведет активную воспитательную работу. Студенты с интересом занимаются в дискуссионном клубе «Сана», театральном кружке «Эйдос», лаборатории «Тележурналист».

Есть на журфаке особенное мероприятие, в рамках которого журналистика из детской мечты превращается в профессиональную цель, и которое с нетерпением ждет молодежь. Ежегодно с последние дни апреля проходит событие, объединяющее молодых журналистов и позволяющее им оценить свой творческий потенциал. Это Форум молодых журналистов Факультета журналистики. С чего должны начинать юные журналисты, на какие вопросы искать ответы? На эти и другие вопросы пытаются отвечать участники форума. На протяжении двух лет осуществлялся инновационный проект «Global School Room». Так, например, в 2013 году только на одной онлайн-встрече присутствовали ученики шестьдесят одной школы республики.

Факультет работает в контакте с пред-

ставительствами ООН, ОБСЕ и ЮНЕСКО в Казахстане, Фондом «Сорос-Казахстан», региональным представительством Фонда «Евразия», «Айрекс», «Фулбрайт», американской Ассоциацией преподавателей факультетов журналистики, информационными агентствами США, Турции, Китая, России и др., рекламными агентствами и компаниями Казахстана и зарубежья. С 2014 года факультет журналистики КазНУ имени Аль-Фараби при поддержке Кластерного Бюро ЮНЕСКО Алматы проводит Международную зимнюю школу журналистики и коммуникации, которая стала медийной диалоговой площадкой между обучающейся молодежью и практикующими журналистами. Благодаря Международной Зимней Школе молодые люди получили новейшую информацию, актуальные советы специалистов и ученых, обучились основам журналистики и связи с общественностью. В рамках проекта дистанционного медиа обучения «Multimedia Journalism School» на факультете прошел вебинар «Мультимедийный сторителлинг». Главной задачей проекта является содействие ознакомлению обучающихся с современным медиа пространством, обоснованию в нем, а также содействие их становлению мультимедийной личностью. Обучение направлено на то, чтобы работать на любом уровне как в качестве журналиста, так и в качестве пользователя. Формирование навыков поиска информации в интернет пространстве, анализа данной информации и соответствующего ее применения. В период прогрессивного

развития науки и техники значима роль мобильной журналистики. Прошедший вебинар в онлайн формате большая возможность для студентов, будущих журналистов узнать и понять работу отечественных телеканалов.

Имя Аль-Фараби – особенное для нашего университета. Мы не только с гордостью его носим, но и стараемся пропагандировать наследие великого ученого и мыслителя. Современное прочтение концепции Аль-Фараби позволяет интерпретировать миссию университета в устойчивом развитии общества через роль «правителя» добродетельного города как воспитателя, наставника и учителя народов. И в этой связи распространение трудов Аль-Фараби является наиболее актуальной и важной миссией для всех стран и народов. Факультет журналистики внес свою лепту в эту миссию – в радиостудии факультета были записаны труды великого ученого.

Учебно-методическая, научно-исследовательская и воспитательная работа факультета журналистики направлена на

реализацию главных ориентиров развития Казахстан-2050 и подготовку высококвалифицированных специалистов для рынка СМИ. Например, в этом году на кафедре печати и электронных СМИ факультета журналистики открылась образовательная программа «Кино&Медиа» для бакалавров. Она направлена на подготовку кадров в области кино и медиа, способных создавать креативный продукт с использованием творческого мастерства, для чего в учебный процесс включены такие дисциплины, как: «история кино», «кино и медиаисследования», «кинодраматургия», «кинорецензии», «режиссура» и другие.

В этом году выпускникам Казахского национального университета им. Аль-Фараби впервые были вручены дипломы собственного образца, который был разработан дизайнерами издательского дома «Қазақ университеті». Получили их и выпускники факультета журналистики. Надеемся, что обладателей этих дипломов везде будут принимать как крепких профессионалов и истинных патриотов.



## *Ел тарихын жаңаша тани бастадық*



**Берекет КӘРІБАЕВ,**  
*тарих ғылымының  
докторы, ҚР ҰҒА  
академигі*

Тәуелсіздік рухынан қуат алған университеттің тарих факультеті ғалымдары өткен отыз жылда отандық тарихтың барлық кезеңдеріне, оның ішінде ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырып, ондағы ең өзекті проблемаларға қатысты бірнеше жүздеген ғылыми мақала жазып, ондаған монографиялық зерттеу еңбектерін жариялады. Д.Дулатова, Ә.Хасенов, С.Жолдасбаев, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Н.Масанов, М.Елеуов, Ә.Төлеубаев, Ж.Құндақбаева, Б.Сайлан, Н.Нұртазина, Г.Хабижанова секілді тарихшыларымызбен бірге осы мақсатта жұмыла еңбек еттік. Бұл ел тарихын жаңаша тұрғыда танып-білуге мүмкіндік берді. Нақтырақ айтсақ, профессорлар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбеков алғаш рет отандық тарихнамада бұрын тыйым салынған мәселелер – Алаш қозғалысы мәселесі мен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аграрлық реформалар мен оның қорытындысы – қазақ жеріндегі аштық пен оның салдарларын зерттеп, монографияларын жариялады.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары факультет тарихшысы, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры Н.Масановтың «Кочевая цивилизация казахов» атты (1992) монографиясы жарық көріп, бұл еңбек қазақ

халқының дәстүрлі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығының табиғатын, қалыптасуы мен дамуына арналған тек отандық тарих ғылымындағы ғана емес, әлемдік тарих ғылымындағы ең сүбелі еңбектер қатарына жатты. Автор өз еңбегінде көшпелі мал шаруашылығының қоршаған ортамен байланысын, табиғи-климаттық ерекшеліктермен өзара қатынасын, төрт түлік малдың маусымдық жайылымдарда өмір сүруін, жайылымдардың түрлерін, олардың ерекшеліктерін терең қарастырады. Автор бұл еңбегінде көшпелі мал шаруашылығына қатысты және оның өмір сүруінің маңызды ерекшелігі ретінде дисперсиялық заңдылықты негіздеп береді. Сондай-ақ көшпелі қоғамдағы саяси жүйенің қалыптасуы мен өмір сүру жағдайларын, ерекшелігін түсіндіреді. Қорыта айтқанда, факультет өкілі Н.Масановтың бұл еңбегі номадологиядағы сол жылдарда жарық көрген ең маңызды еңбектер қатарына жатты.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында отандық тарих ғылымында таптық принциптен бас тартудың басталғанын көреміз. Дегенмен бұл үдеріс бірден қарқынды жүріп, жаңа ұстанымдар бірден орныға қойған жоқ. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары тарихшыларымыз диалектиканың «терістеуді терістеу» атты заңына сәйкес, кеңестік кезеңде жасалған тұжырымдарға жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, оларды сынға алып, тарихымыздағы «ақтаңдақтардың» беттерін ақтарып, ақиқатын аша бастады. Соның нәтижесінде 1992-94 жылдары, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары

көлемі жағынан кішірек болса да, салмағы мен маңызы жағынан ауыр әрі құнды еңбектер жарық көре бастады. М.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» (1992), тарих факультетінің сол кездегі жас зерттеушілері, тарих ғылымының кандидаттары М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтің бірлесе жазған «Тарих тағылымы не дейді?» (1993), М.Қозыбаевтың «Жауды шаптым ту байлап» (1994) атты еңбектері шығып, сол тұстағы тәуелсіз елдің жаңа сұраныстарына жауап бере бастады. Негізінен, бұл көрсетілген еңбектерде тарихшылар тәуелсіздік кезеңіне дейін отандық тарихтың мүлде зерттелмеген немесе аз зерттелген, тіпті зерттеуге билік тарапынан тыйым салынған, сондай-ақ бұрынғы таптық ұстаным бойынша әдейі бұрмаланған тарихымыздың ең өзекті мәселелерін қарастырады.

1996 жылы Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы кафедрасының доценті Ә.Хасеновтің «Қазақ тарихының бес мыңжылдық баяны» атты монографиясы жарық көріп, бұл монография сол жылдары отандық тарих ғылымындағы зор сенсация болып саналды.

1997 жылы тарих факультетінің өкілі, Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры С.Жолдасбаевтың «Жетісу тарихы» (Қазақтардың XV-XVII ғасырлардағы жартылай отырықшы мәдениеті) атты монографиясы жарыққа шығып, ол еңбек өзінің ғылыми ерекшелігімен айрықша бағаланды. Автор ұзақ жылдар бойы Жетісу өңіріндегі тұрғындардың қыстаулары мен қоныстарына жүргізген археологиялық қазба жұмыста-

рының нәтижелері мен жазба дерек материалдарына негіздеп, Жетісу өңірінде өмір сүрген қазақ халқының тарихын, шаруашылығын зерттеген. Автордың бұл еңбегі де отандық тарих ғылымындағы зор жетістіктер қатарына жатты.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығында Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі халықтың тарихи санасын нығайтуға арналған бірнеше жарлық пен арнайы қаулылар қабылдады. Олардың алғашқысы ҚР Үкіметінің 1993 жылғы «Орбұлақ шайқасының 350 жылдығын атап өту туралы» қаулысы және 1998 жылды «Ұлттық тарих және халық бірлігі» деп атау туралы президент қол қойған жарлық болатын. Оқу ордасының тарихшыларына жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін көптеген мақалалар жарияланып, іс-шаралар ұйымдастырылды.

Тәуелсіздігіміздің екінші онжылдығында тарих факультетінің ғалымдары отандық тарихтың мәселелерін зерттеуде өте маңызды табыстарға қол жеткізіп, тіпті бұрын-соңды сараланбаған тақырыптарды қолға алды. Мәселен, соның бірі – қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеу. 2003 жылы Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Т.Омарбековтің ғылыми жетекшілігімен «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Мұнда А.Қалыш, Г.Хабижанова, Т.Қартаева, М.Ноғайбаева, М.Байдәулетова секілді тарихшылармен бірге ғылыми ізденістерді жүзеге асырдық. 2010 жылға дейін жұмыс істеген бұл орталық үш ай сайын оқырманға

жол тартатын «Алаш» ғылыми журналын жариялап тұрды. Ең бастысы, 26 томнан тұратын ру-тайпалар тарихын баспадан шығарды.

Жалпы алғанда, факультет ғалымдары аталған жобаны жүзеге асыру барысында мынадай кітаптарды жазып шықты. Олар: «Тама» – үш том, «Табын» – екі том, «Жағалбайлы» – екі том, «Телеу» – бір том, «Керейт» – бір том, «Кердері» – бір том, «Рамадан» – бір том – барлығы Жетіру тайпалық одағына енетін жеті тайпаның тарихы 11 томды құрады.

Одан басқа, «Арғын» – үш том, «Найман» – үш том, «Қаңлы» – бір том, «Дулат» – екі том, «Жалайыр» – екі том, «Қаракесек тайпалық бірлестігі немесе алты ата Әлім» төрт том болып жарық көрді. Барлығы 26 том болатын қазақ ру-тайпаларының тарихы жазылды.

Тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығында ғалымдарымыз Қазақстан тарихының этно-саяси, саяси-экономикалық, мәдени-рухани бағыттағы зерттеулерін одан әрі жалғастырып, көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, 2014-15 жылдары «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты ұзақ жылғы зерттеу жұмыстарымның нәтижесін баспадан шығардық. Бұл Елбасымыз Н.Назарбаевтың 2015 жылды «Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл» деп жариялауымен тұспа-тұс келді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің тарихшыларына жеті томдық Қазақстан тарихын жазу туралы тапсырмасына факультет тарихшылары белсене араласуда. Көптомдықтың 1-ші

томы негізінен археологиялық дәуірді қамтыса, оны орындауға факультеттегі Археология және этнология кафедрасының ғалымдары атсалысып жатыр. Жеті томдықтың екінші және үшінші томдарын орындауға Б.Көмеков, Н.Нұртазина, Г.Хабижанова, А.Жұмаділ, ал маған Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы ретінде 4-ші томды орындау міндеті жүктелді. Осы томның негізгі тарауларына М.Ноғайбаева, Т.Қартаева, А.Жұмаділ, Н.Тасилова, Э.Телеуова секілді оқытушы-профессорлар құрамымен бірге атсалысатын боламыз.

2004-13 жылдар аралығында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасына да тарих факультетінің мамандары белсене қатысты. Бұл мемлекеттік бағдарламаның бір құрамдас бөлігі – археологиялық зерттеулер. Бұл жұмыстарды факультет археологтары – У.Шәлекенов, Ә.Төлебаев, М.Елеуов, Ғ.Омаров және олардың шәкірттері бірігіп атқаруда.

2016 жылы «Қазақ хандығының күшеюі»,

«Қазақ хандары» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) атты еңбектерім жарық көрді. Ал 2019-21 жылдар аралығында менің авторлығыммен «Қазақ хандары туралы зерттеулер», «Қазақ хандығының басқару институттары» (авторлармен бірге) атты монографиялар жарық көреді. Тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығы ішінде Тұңғыш Президентіміздің «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын жүзеге асыратын мемлекеттік комиссия құрамында еңбек еттім.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының 25 жылдық мерекесіне арналған «Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары» (2016 жыл), «Тәуелсіздіктің 30 айшықты оқиғасы» (2021 жыл) атты қоғамдық-саяси жанрдағы кітаптарым оқырманға жол тартты.

Жалпы, қорыта келе, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетіндегі Қазақстан тарихы кафедрасының ғалымдары ұлттық сананың орнығуы мен дамуына өз үлестерін қосуда.

## «Приливы гордости» я испытывала часто



**Жанат  
КУНДАКБАЕВА,**  
*доктор исторических  
наук (РФ и РК),  
профессор*

В этом году наша страна отмечает тридцатилетний юбилей Независимости. В своем послании народу Казахстана Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил: «Суверенитет – это не пустые лозунги и громкие слова. Для нас важно, чтобы каждый гражданин ощущал плоды Независимости, главные из которых мирная жизнь, общественное согласие, повышение благосостояния народа, уверенность молодежи в будущем».

Действительно пришла пора переосмыслить, что дала Независимость стране и каждому из нас. За тридцать лет Независимости исторический факультет КазНУ им. аль-Фараби превратился во флагмана исторического образования. Наши археологи благодаря финансовой поддержке государства совершили новые открытия мирового значения. Осуществилась давняя мечта – дать возможность студентам получать два диплома сразу. Открылись новые специальности, что значительно расширило возможности трудоустройства наших выпускников. Ученые факультета обогатили отечественную науку новыми, поистине фундаментальными исследованиями. Они стали узнаваемы в Международном сообществе своими публикациями в цитируемых журналах, выступлениями на крупных Международных форумах. Поездки наших ученых зарубеж, приглашения иностранных ученых для чтения лекций – стали обыденным делом.

За это время факультет подготовил докторов PhD, ученых новой формации нашей независимой страны. Наши студенты, магистранты и докторанты участвуют в научных проектах. Можно сказать, мы развиваемся в ногу со временем, вносим свой вклад превратить наш alma mater в исследовательский вуз. Открыты новые учебные программы, введены современные траектории образования, открыты группы с английским языком обучения. В корне изменилась образовательная парадигма, так как все обучение исходит из приоритета компетенций. Все это делает наших студентов востребованными на рынке труда. Теперь перед нами стоят новые амбициозные задачи. И у нас есть солидная база, чтобы с оптимизмом двигаться вперед.

Что касается личного измерения. Что дала Независимость лично мне? Как на себе я ощутила плоды Независимости? Как ученый и педагог, который имеет лишь одну запись в трудовой книжке – «Казахский национальный университет» я хотела бы поделиться своими размышлениями на эту тему со своими коллегами – профессорами и преподавателями нашего университета.

Я как раз отношусь к тем, кто получил образование, в том числе степень кандидата исторических наук в советское время, а начал трудовую деятельность в начале 1990-х годов. Можно сказать, что мое поколение росло и развивалось вместе с нашей страной. Помню, что 1990-ые годы были очень трудным временем. Каждый из нас ощутил на себе тяжелейший экономический кризис, бремя краха прежних ценностей, страх перед будущим. В это время и для молодого государства и для каждого

человека стоял вопрос о сохранении и выживании. Сегодня, оглядываясь назад, в 1990ые годы, я вдруг остро осознала, что перед лицом неотложных, жизненно-важных проблем, таких как, к примеру, защита и обустройство границ, создание собственной финансовой системы, строительство аппарата управления, руководство страны не обходило стороной образование и науку. Уже в это период наш Первый Президент Н.Назарбаев учредил Международную стипендию Болашак (1993 г.), то есть выделил деньги на обучение молодежи в лучших университетах мира. Таким образом, Первый Президент сразу задал вектор тому, куда должна двигаться наша образовательная система и наука. В этот период началась качественная перестройка системы высшего образования: менялись учебные планы и программы, внедрялась система госзаказа на подготовку специалистов, вводилась новая система поступления в вузы.

В 2000-ые годы преобразования 1990-х годов стали приносить свои плоды. Стало как-то легче жить, появилось чувство уверенности в будущем. Поэтому в 2003 году я решила поступить в очную докторантуру. Тем не менее, это все еще был нелегкий шаг. Стипендия докторанта составляла в переводе на доллары США 53 доллара. Поэтому нужно было продолжать работать, чтобы приносить копейку в бюджет своей молодой семьи, а диссертацию писать в свободное от зарабатывания денег время... К тому же тема моей диссертации требовала основательной работы в архивах Москвы и Санкт-Петербурга, Оренбурга. Для этого также нужны были деньги. Но судьба была

ко мне благосклонна. За один день до дедлайна я случайно узнала о конкурсе на присуждение гранта Президента РК Н.Назарбаева для поддержки молодых ученых. Эту стипендию наш Президент учредил для молодых ученых, желающих проводить исследования в зарубежных вузах. Я выиграла стипендию на обучение в докторантуре МГУ им. М.В. Ломоносова. Теперь мне не надо было думать о хлебе насущном, а целиком посвятить себя диссертации. В итоге я в МГУ в положенный срок защитила диссертацию, там же опубликовала две монографии. Трудно переоценить тот опыт, который я приобрела в годы обучения в докторантуре МГУ. Навсегда со мной остались навыки ведения научной работы, опыт общения с высококлассными учеными России, а также коллекция архивных документов и благодаря фондам библиотеки ИНИОН знакомство с новейшими достижениями западной русистики.

В годы пребывания в Москве я неоднократно испытывала чувство гордости за свою страну, за наши достижения. Я видела своих соседей по общежитию МГУ, которые в материальном плане жили крайне стесненно, у них зачастую не было денег на еду, не то, что на компьютер, который в то время был предметом роскоши. Как-то раз моя соседка открыто спросила меня: «Откуда у тебя деньги? Кто тебе помогает?». Мой ответ о гранте Президента, подверг ее в ступор. Нужно сказать «приливы гордости» я испытывала часто. В МГУ со стороны взыскательной профессуры я чувствовала уважение к нашему Президенту, признание наших достижений. «Приливы гордости» я испытывала при беседах с

случайными людьми на улицах Москвы: «Казахи...Да, вы-молодцы! Я ни разу не видел дворников, строителей казахов, хотя видел многих выходцев из бывших республик Союза». Или в паспортном столе мужчина, услышав, что у меня казахстанский паспорт, подошел ко мне и сказал: «Вы из Казахстана? А я недавно был в Астане. Ну, ребята, я вам скажу! Это - второй Шанхай!».

Особенно я запомнила «прилив гордости», который я испытала в Актовом зале МГУ в ноябре 2005 г. на конференции, посвященной проблемам интеграции российских вузов в общеевропейскую систему образования. Несколько часов перед высокопоставленными представителями Болонского процесса и Европейского образования выступали ректоры российских вузов, в том числе В.А. Садовничий, Л. Вербицкая, и приводили убедительные доводы, почему двухступенчатая система подготовки кадров не подходит России. Между тем, ко времени моего приезда в Москву наш университет уже несколько лет работал по кредитной системе обучения, и ввел двухуровневую систему. А в 2005 г. активно готовился процесс подготовки внедрения PhD докторантуры. В перерывах между заседаниями, я, конечно, своим собеседникам сказала об этом. В ответ была фраза: «Да, вы - молодцы! У вас очень сильный Президент! Вы – впереди всей планеты: Пенсионная реформа, новая банковская система и новая система высшего образования».

В последующем, когда началась моя работа в качестве профессора, я опять получила помощь от государства. Наш Президент учредил премию Лучший преподаватель

вуза. Я выиграла, получила на руки огромную для меня сумму денег. На эти деньги я обновила устаревший компьютер, купила принтер, книги, которые раньше не могла себе позволить из-за дороговизны, поехала на стажировку в университет Глазго и издала учебник.

По мере работы я чувствовала необходимость знания английского языка, осознала наше отставание в плане методологии. Опять наше государство пришло мне на помощь. В 2012 году я выиграла стипендию Болашак и уехала на научную стажировку в США. Целый год я провела в Калифорнийском университете Беркли – один из лучших университетов Америки. Трудно переоценить ту уникальную интеллектуальную среду Беркли для моей последующей карьеры ученого и педагога. Все новшества и модные веяния в социальных науках идут из Беркли. Это уникальная интеллектуальная среда даже для американских университетов. Я посещала лекции ведущих ученых, нобелевских лауреатов, работала в красивейшей и богатой библиотеке, познакомилась и наладила контакты с известными учеными, выучила английский язык.

Наконец, я хотела подчеркнуть, что наше государство тратит огромные средства на научные исследования! Два раза я выигрывала грант МОН на проведение исследования. Эти деньги дали мне возможность привлекать студентов, бакалавров и докторантов. Работая в составе исследовательской группы, получая заработную плату, ребята научились вести поиск в архиве,

собирать и обрабатывать материал. Более того, поскольку их темы входили в рамки проекта, параллельно писали свои дипломные работы или диссертации. Я горжусь, что сегодня они – хорошие специалисты, востребованные на рынке труда. А я благодаря грантовой поддержке МОН разработала новое направление в исторической науке Казахстана – женская история, издала две монографии, статьи. Кроме того, финансирование позволило мне делиться с учеными других стран с результатами исследования на крупных Международных конференциях США и Великобритании.

Подытоживая, я хотела сказать: если я сегодня имею международную репутацию, выигрываю зарубежные гранты, имею постоянные контакты с учеными США, Европы и России, имею индекс Хирша, то это – плоды той постоянной поддержки со стороны Президента и государства. Даже в системе нашего университета, не говоря о других вузах республики, очень много ученых, которые с благодарностью принимают помощь и поддержку Независимого государства. Сегодня с оптимизмом смотрю на будущее науки и университетского образования. Правильная преемственность и ответственность Президента Касым-Жомарт Токаева ставит перед нами новые задачи. Уверена, что тридцать лет стратегического планирования, постоянных финансовых вливаний со стороны государства являются хорошей стартовой площадкой для будущего науки и образования уже на новом витке истории.









ӨМІРБЕК  
АРЫСПАНҒЫ  
ЖОЛДАСБЕКОВ  
АКАДЕМИК

XXI ҒАСЫР - ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒАСЫРЫ  
ОСЫ ДӘУІРГЕ СӘЙКЕС ОЗЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕР  
ҒАНА ҚОҒАМДЫ. МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ ЖАРҚЫН  
БОЛАШАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ. МОЛ ТАБЫСТАРҒА  
ЖЕТКІЗЕДІ.

*С. Ә. Қ.*







## *Басты құндылығымыз – ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісім*



**Бибизия  
ҚАЛШАБАЕВА,**  
*тарих ғылымының  
докторы,  
профессор м.а.*

Ел тәуелсіздігінің баянды болуының бір тетігі мемлекетіміздің 30 жылдан бері жүргізіп келе жатқан этносаясатымен де байланысты. Осы уақыт аралығында әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдер қатарына қосылу мақсатында ҚР дамуының стратегиялық бағыттарын қалыптастырды.

Еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуы мемлекеттің тұрақты дамуымен және өз кезегінде ел ішіндегі ұлтаралық бейбітшілікті қамтамасыз етуімен байланысты. Ал мұндай мақсатқа жету үшін қазақ қоғамының мемлекеттілігі мен саяси тұрақтылығының басты тұғыры – этносаралық үйлесімділік пен келісім. Елбасының этносаралық қатынаста табысқа қол жеткізуінің тетігі ең алдымен 130-дан астам этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы, яғни ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін реттеу болса, екіншісі – толеранттылық, ал үшіншісі – тарихи тағдырлардың қауымдастығы Қазақстан халқы Ассамблеясын құруында еді.

Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Сондықтан да Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Археология, этнология және музеология кафедрасының этнолог мамандары да этносаралық қатынастарды дамыту мәселелеріне өз үлестерін қосуда. Этно-

логия ғылымы негізінен халықтың шығу тегін, этникалық тарихын, халықтар арасындағы қарым-қатынасты, мәдениетін зерттейтіндіктен, этнолог мамандарды тереңдей дайындау мақсатында «Қазақстанның этносаясаты», «Қазақстанның этникалық топтар этнографиясы», «Қазақстанның этномәдени үдерістері», «Қазақстандағы этноконфессиялық үдерістер», «Әлемдік кеңістіктегі этносаяси үдерістер» т.б. тақырыптарда дәрістер оқылады. «Археология және этнология» мамандығын бітірген түлектеріміз ҚР министрліктерінде, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының мәдениет бөлімдерінде, этносаралық қатынастар мәселелерімен айналысатын бөлімдерінде, облыстық, аудандық мәдениет бөлімдерінде қызмет атқаруда. Осы салаларда қызмет етіп жүрген түлектеріміз де еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі мәселелері саласында атсалысуда. Бұл, әрине, Археология, этнология және музеология кафедрасының кадр даярлаудағы Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл қарсаңындағы үлесі деп білеміз. Бұрын «Археология және этнология» мамандығы аясында бірге дайындалса, 2020 жылдан бастап «Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы негізінде магистратура деңгейі бойынша мамандар даярлануда.

Өткен 30 жылда, әрине, көп өзгерістер болды. Факультетте мамандық аялары кеңейіп, білім беру бағдарламаларының саны өсті. 2013 жылы ҚР мемлекеттік хатшысы

М.Тәжиннің төрағалығымен және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесі шешімімен ұлттық тарихты зерттеу ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген мәжілісі хаттамасын орындау үшін құрылған үш ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істеді: 1) «Орталық Азияның дәстүрлі өркениетін зерттеу» Республикалық ғылыми-зерттеу орталығы. Орталықтың жетекшісі – белгілі ғалым, ежелгі түркі тайпалары тарихын зерттеуші, т.ғ.д., профессор Т.Омарбеков. 2) «Әлем тарихын зерттеу» Республикалық ғылыми-зерттеу орталығы, директоры – т.ғ.д., профессор, Геттинген университетінің құрметті профессоры (Германия) Қ.Жұмағұлов. 3) «Археология және дала өркениеті» ғылыми-зерттеу институтының директоры В.Зайберт. Институт жанында «Геоархеология» халықаралық зертханасы жұмыс істеді. Факультетте 20-ға жуық ҚР БЖҒМ қаржыландырған гранттық жобамен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері кітап, мақалалар түрінде жарық көрді. Аталған орталықтар мен қаржыландырылған тақырыптық ғылыми жоба аясында көптеген еңбектер жарияланды. Оның ішінде шетелдерде де ғалымдарымыз өз еңбектерін шығарып, Қазақстан тарихының кейбір аспектілері ашылған еңбектер жарияланды. Мәселен, «Omarbakov T., Khabizhanova G., Kartayeva T., - Nogaybayeva M. Kazakistan'da tüklerin tarihi // Ortak Turk tarihi. – Ankara, 2019. 401-527 бб.» еңбегі Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен жазылған. Ол көне заман-



дардан XV ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Үшінші бөлімінде Қазақстандағы түркілер тарихы сөз болады.

Факультетте студент, магистрант, докторанттардың білімін одан сайын тереңдету мақсатында шетелдерден профессорлар шақырылып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтқанда, олар: Н.Кенжеахмет (Бонн университетінің профессоры, Германия), Оджал Огуз (Хажы Байрам Вели атындағы Анкара университетінің профессоры, Түркия), Марина Толмачева (Вашингтон мемлекеттік университетінің профессоры, АҚШ), Ренато Сало (Турин университеті, Италия), Ирена Скуба (СГХ Халықаралық қатынастар бөлімінің жетекшісі, Польша), Сейфы Иылдырым (Хаджетепин университетінің профессоры, Түркия), Колин Макфадден (Миннесоты университетінің профессоры, АҚШ), Паул Уерз (Невада университетінің профессоры, АҚШ), Ангела Шоттенхаммер (Зальцбург университетінің профессоры, Австрия) және т.б.

Археология, этнология және музееология кафедрасының мамандары да шетелдік ЖОО мамандарымен бірлесе зерттеу жұмыстарын қатар алып келеді. Мәселен, Алтай мемлекеттік университетімен (РФ), РФА Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтымен, Санкт-Петербург қаласындағы РФА Материалдық мәдениет институты т.б. зерттеу институттарында археологиялық артефактілерге зертханалық талдау жүргізсе, енді біреулерімен этнография саласында ын-

тымақтаса жұмыс жүргізіп отыр. Алыс шетелдердегі мамандармен де тығыз қарым-қатынаста бола отырып, бірлесе зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Олар Әхиме университеті (Жапония), НАРА (Жапония) университетінің мамандары – профессор Ясуюки Муракаимен археология саласында, профессор Садакацу Кунитакэ дендрохронология мәселелерімен тәжірибе алмасады. Синьцзян педагогикалық университетінен (Қытай) PhD Нұрбақыт Туерхун, Газий университетінен (Түркия, Анкара) профессор Оджал Огуз, Цюрих университетінен (Швейцария) Петер Финке т.б. этнология саласында кафедра мамандарына кеңесін беріп, тәжірибе алмасып, зерттеулер жүргізуде.

Шетелдік ғалымдармен тығыз қарым-қатынаста болу мақсатында халықаралық ғылыми конференциялар жиі ұйымдастырылып отырады. Мәселен, 2018 жылы «Түркі дүниесінің саяси-экономикалық және мәдени дамуы», «Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары», 2019 жылы «Ботай мәдениеті және Орталық Азиядағы энеолиттік ескерткіштер» т.б. тақырыпта конференциялар өткізіліп, факультет, кафедра ұжымының шетелдік ғалымдармен тығыз байланыста болуына жағдай жасалған.

Факультетте студент, магистранттардың қосдипломды бағдарлама негізінде де білім алу жолға қойылған. Мәселен, 2018/19 жж. жеті магистрант білім алса, 2020 ж. олардың саны 23-ке жетті. Ал әлемдегі жағдайға байланысты 2020/21 жж. алты магистрант

білім алуда. Академиялық ұтқырлық бойынша серіктес ЖОО-лар қатарында: Ла Сапиенца Рим университеті, Ыстамбұл университеті, Ататүрік университеті, Анкара Хажы Байрам Вели атындағы университеті, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті, Алтай мемлекеттік университеттері т.б. бар.

Факультет, кафедра ұжымы оқытудың жаңа технологияларын дамыту және оны оқу үдерісіне интеграциялауда табысты еңбек етуде. Кейбір пәндер бойынша қашықтан оқытудың Жаппай ашық онлайн курстары (МООК), атап айтқанда: «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта», «Әлем халықтарының этнографиясы», «Ежелгі шығыс өркениеті» пәндері бойынша қолданыста болса, болашақта мұндай курстардың тиімділігіне байланысты «Ортағасырлық еуропалық өркениет», «Этнологияның зерттеу әдістері», «Орталық Азия тарихы» (ағылшын тілінде), Modern History of Kazakhstan, «Археология негіздері» т.б. курстарды дайындау жоспарланды.

Сондай-ақ студенттердің болашақта сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету мақсатында факультет, кафедра ұжымы жұмыс берушілермен де тығыз қарым-қатынаста. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Марғұлан атындағы Археология институты, ҚР Орталық мемлекеттік музейі, ҚР Президенті архиві, Ә.Қастеев атындағы Өнер музейінің мамандары да шақырылып, студенттерге

дәріс береді. Сонымен қатар аталған ғылыми-зерттеу институттарында, музейлерде, архивтерде практика өткізудің базасын ашып қойған. Студенттер жыл сайын белді археолог-этнолог мамандардың экспедицияларына («Ақтөбе» (Баласағұн) экспедициясы, «Елеке сазы» экспедициясы, Шығыс Қазақстанның Тарбағатай ауданы, «Геоархеология» халықаралық зерттеу лабораториясымен Есік қорғанына бірлескен экспедиция) қатысып, тәжірибе алмасып, қазба жұмыстарына бейімделеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері Археология, этнология және музеология кафедрасы кеңейтілді. Кафедраның өсіп-өркендеуінде былтыр марқұм болған белгілі ғалым, т.ғ.д., профессор У.Шәлековті айтпай кете алмаймыз. Өмірінің соңғы кезеңіне дейін ортағасырлық «Ақтөбе» (Баласағұн) қаласында студенттердің археологиялық-этнографиялық тәжірибені игеруде өзінің білімін, бейімін, тәжірибесін бөлісуде аянған жоқ. Кеңес дәуірінен бері бүкіл КСРО-да бірден-бір студенттердің тәжірибе меңгеру орталығы болған «Ақтөбе» (Баласағұн) қаласын заманауи талаптарға қарай қайта жабдықтау арманына жете алған жоқ. Оны жалғастыру енді кафедра ұжымы – біздің міндетіміз деп ойлаймын. Кафедраның археолог, этнологтары оқу үдерісімен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатар алып келе жатыр. Кафедраның жетекші археолог-этнолог мамандары ҚР БЖҒМ жариялаған ғылыми жобалардың жеңімпазы деуге болады. Бір кездері ка-

федрада жеті жобаға дейін ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жыл сайын археологтарымыз дала кезіп, қазақтың көне тарихи ескерткіштерін іздеуге археологиялық экспедицияға кетсе, гранттық қаражатпен қамтылған этнолог, музейтанушыларымыз ел арасынан тарихи-мәдени мұраларды жинауға аттанады. Біздің кафедра мамандары өздеріне берілген демалысты да есепке ала бермейді.

Кафедра өміріндегі соны жаңалыққа Археология және этнология кафедрасының профессоры, т.ғ.д. Ә.Төлеубаевтың 2003 жылы Шығыс Қазақстаннан тапқан үшінші «Шілікті алтын адамы» әлемдік археологиядағы сенсация болды десек, артық айтпаспыз. Зерттеу нәтижелері бүгінде мектеп оқулығына еніп, табылған құнды артефактілер негізінде «Раннесакская Шиликтинская культура» атты үлкен монография иллюстративті материалымен жарық көрді. 2020 жылы т.ғ.д., профессор Ә.Төлеубаев жетекшілік еткен археологиялық экспедиция барысында «Алтын сәйгүлік» тапты. Оның құйысқаны, үзеңгісі т.б. алтындары осыған дейінгі табылған алтын адамдардың алтынынан біршама көп болыпты. 2020 жылы Семей қаласында Абайдың мерейтойы қарсаңында ҚР Президенті мен мемлекеттік хатшы алдында «Алтын сәйгүлік» барлық жабдықтарымен көрмеге ұсынылды. Ұлы даламыздан ғалымдардың археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған дала өркениетінің адамзат дамуына қосқан теңдессіз үлестерінің бірі,

рухани байлығының айшықты белгісі болып табылатын сақтар қолынан шыққан артефактілер біздің сақ дәуірінен сақталынып, үзілмей жалғасып келе жатқан ата-бабалар мұрасының жарқын көрінісі.

Кафедра профессоры, т.ғ.д. М.Елеуовтің де Қазақстанның ортағасырлық археология ғылымына қосқан үлесі айрықша деуге болады. Ол Тараз өңірі, Сырдария аумағындағы ортағасырлық қалаларды ашуда көп еңбек сіңіріп келе жатыр. Тараз өңіріндегі барлық археологиялық ескерткіштердің құжатын жасап, есепке алды. Сол сияқты Ф.Омаров Шығыс Қазақстанның қола, ерте темір дәуіріне қатысты ескерткіштерді зерттеуде көп еңбек етуде. Кафедраның жас мамандары Р.Жұматаев, Б.Бесетаев т.б. бүгінде шетелдік археологтармен бірге қазба жұмыстарын жүргізуде. Этнологтарымыз да гранттық қаржыландыруға қарай кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, нәтижелерін ғылыми журналдарда, жеке кітап ретінде шығаруда. Олар: т.ғ.д., профессор А.Қалыш, Б.Қалшабаева, Т.Қартаева, М.Егізбаева т.б.

Болашақта, әрине, үлкен жоспарлар тұр. Соның бірі ретінде айтар болсақ, мемлекет қолдауымен биыл қыркүйекте Оксфорд университетінде Gold of Kazakhstan (т.ғ.д., профессор З.Самашев, т.ғ.д., профессор Ә.Төлеубаев) атты көрме, Wenner-Gren Foundation Conference and Workshop Grantees қаржыландыруымен халықаралық этнографиялық конференция өткізу жос-

парлануда, Ehime University (Жапония) біріккен археологиялық зерттеу жүргізуді мақсат етіп отыр.

Этнология ғылымының зерттеу нысандарының бірі – этникалық тұтастық пен оны қамтамасыз етудің факторлары, этномәдени мұраларды сақтау, дәстүрлі мәдениеттің сабақтастығы немесе ұлтаралық қатынастар үдерісіндегі мәдениеттің трансформациялану мәселелері. Қазіргі жаһандану заманында әртүрлі күрделі де қайшылықта болып жатқан халықтардың көптүрлі байланысының нәтижесінде этникалық өзгеріс болатыны анық. Ал этникааралық қатынастарда көбіне олардың бір-біріне түсіністікпен қарауы және

келісімге жетуі әрбір жақтың өзара әрекет-тестіктерінен, байланысқа түсетін этностардың психологиясы, этникалық мәдениеті айқындалады. Осы мәселелерге назар аударуда да Археология, этнология және музеология кафедрасының мамандары тыс қалып отырған жоқ.

Қорыта келгенде, мемлекетіміздің ұлттық саясаттағы негізгі қағидасы – Қазақстан халықтарының бірлігі мен татулығын, толеранттылығын қамтамасыз ету. Осы орайда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ барлық ұлт өкілдері жастарының білім алу құқығын сақтай отырып, бірдей жағдайда білім алуына мүмкіндік жасау міндетін адал атқарып келеді.

## *Тарих – өткен шақ пен келешектің көпірі*



**Еділ НОЯНОВ,**  
*Қазақстан тарихы  
кафедрасы  
меңгерушісінің  
оқу-әдістемелік және  
тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары*

Қазақстан тарихы кафедрасы ел идеологиясының қалыптасуы мен рухани өмірінде үлкен жұмыстар атқарып келеді. 1995 жылы республика үкіметінің «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы мақұлданып, еліміздің төл тарихының да негізі қалануына одан ары жол ашты. Онда негізінен отандық тарих ғылымының басым тұстары сөз болды. Тәуелсіз ел болғалы төл тарихымыз терең зерттеліп, егемен елдігімізге, ой-санамызға, жас ұрпақтың сауатты бола түсуіне өз ықпалын тигізуде. Төл тарихымыз – ұлтымыздың келешегі мен өткенін түйістіретін көпір. Біздің кафедра да өз қал-қадерінше егемендігіміздің өркендеп, университетіміздің дами түсуіне септігін тигізіп жатыр.

Тарих ғылымында жаңа көзқарастарды қалыптастыруда тарих факультетінде 1992 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Хабаршы» (тарих сериясы) журналы жарияланып келеді. Бүгінге дейін бұл журналдың 101 нөмірі жарық көрді. Журнал соңғы үш жылдан бері халықаралық Scopus базасы тізіміне кіру мақсатында күрделі жаңартуларды бастан өткізуде. Аталған журналда Қазақстанның ежелгі тарихына қатысты сақтар, ғұндар жайлы көптеген мақалалар жарияланып тұрады.

1993 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындарында бұрынғы «КОКП тарихы» орнына «Қазақстан тарихы»

курсы оқытылатын болып өзгертілді. Жас маман ретінде қарашаңырақ мені кері қайта шақырды. Осы жылдарда мен ассистент қызметінен доцент қызметіне дейін дәрежем өсті. Сонымен қатар 2002 жылдан бүгінгі күнге дейін сол кездегі Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасында, кейіннен біріккен Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келемін. 1996 жылы кандидаттық диссертациямды қорғап, жаңа деңгейде ғылыми еңбектер жазуды қолға алдым. Мемлекетіміздің, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың тікелей жарлығымен 1997 жыл – Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 1998 жыл – Халықтар тұтастығы мен ұлттық тарих жылы, 1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы деп жариялануы өткен тарихымызды қайта саралап, зерделеуге, тарих бетінің ақтаңдақтарын өз ортамызға алып келу арқылы бұқаралық сана мен жастар арасындағы патриоттық тәрбиеге негіз қалауға септігін тигізді.

2013 жылы Елбасы бастамасымен үш жылға арналған «Халық тарих толқынында» арнайы тарихи зерттеулер бағдарламасы ұсынылды. Бұл бағдарлама 2014-16 жылдар аралығында жүзеге асырылды. Бағдарлама аясында мол қаржы бөлініп, еліміздің ірі қалалары – Астана мен Алматыда бес республикалық ғылыми орталық ашылды. Соның үшеуі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінде ашылып, жұмыс істеуде. Қазақстан тарихы кафедрасы базасында құрылған, ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі Т.Омарбеков директоры

болып табылатын «Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерделеу» республикалық ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, жемісті жұмыс жасап отыр. Мен жоғарыда көрсетілген орталықта қызмет істеп, төрт кітаптан тұратын, жаңа көзқараспен жазылған «Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» оқулығының авторы қатарынан табылдым. Аталған оқулық ҚР БЖҒМ-ның 2016 жылғы «Үздік оқулық» номинациясын жеңіп алды. Бүгінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударылып, ЖОО студенттерінің қолынан табылатын бірден-бір оқулық қатарында.

Сонымен қатар ғылыми-зерттеу орталығы 2014-17 жылдары жариялаған тоғыз монографияның үшеуінің авторлар құрамына кірдім. Мен ғылыми жұмыстар жазумен қатар, өзімнің ғылыми көзқарастарымды еліміздің телеарналарында сұхбат, құжатты фильмдер түрінде білдіріп келемін. «Қазақстан» телеарнасында «Айтуға оңай», «Қаракет» бағдарламаларында ежелгі және орта ғасырлардағы тарихи тұлғаларға қатысты 10-ға жуық көрсетілімге қатыстым. Сондай-ақ аталған телеарнаның түсірілімімен қазақты құраған тайпалар тарихына қатысты көптеген құжатты фильмдер түсірілді. Соңғы кездері «Талим» телеарнасы ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты менің бес дәрісімді түсіріп, көпшілікке ұсынды. «Аңыз адам» журналының №15 нөмірінде жарияланған Қазақстан тарихы мен әлем тарихында орын алған жеке тұлғаларға қатысты берген сұхбаттарым бұқара халықты төл тарихымен таныстыруға қосқан үлесім деп есептеуге болады.

Мен үш монографияның, ЖОО-ға арналған үш оқулықтың, үш типтік бағдарлама-

ның, үш қосымша оқу құралы мен мектеп оқушыларына арналған үш электронды оқу құралы авторларының құрамындамын. Сондай-ақ 70-ке жуық ғылыми мақала мен дистанциялық оқуға арналған MOOK авторы қатарындамын.

Ғылыми жобаларға қатысып, үздіксіз зерттеу жұмысын жүргізу – әрбір ЖОО қызметкерінің басты мақсаты. Зерттеу жұмысы нәтижелерімен баспасөз және телеарналарда бөлісіп, халыққа қызмет етуді жалғастыру қажет. Университет оқытушылары ретінде шәкірттердің дипломдық жұмыстары мен магистрлік диссертацияларына жетекшілік жасауды жалғастыра бермекпіз. Университетіміз ғылыми-зерттеу оқу орнына айналуы және халықаралық рейтингтерде иеленген жоғары орнын сақтап қалу үшін шетелдік, соның ішінде Scopus базасындағы журналдарда мақалалар жариялауды жалғастыра беруіміз тиіс.

Қазақстан тарихы алдымен қазақтың өзіне қажет. Сол себепті де ел Президенті мен үкіметіміздің идеологиялық салаға қажет жолдаулары мен стратегиялық бағдарламаларын халыққа насихаттау жұмысы жалғасын табатын болады. Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісінің оқу ісі жөніндегі орынбасары ретінде оқу үдерісіне қатысты ісқағаздары бойынша жұмысты жалғастыру университеттің басты талаптарының бірі. Олардың қатарында шетелдік алдыңғы қатарлы университеттерімен қос диплом, бірлескен оқу бағдарламаларын дайындау, жаңа мамандықтар ашу, білім беру бағдарламаларын жаңғырту, жаңа базалық және элективті курстар дайындау, әрине, ең бастысы – сапалы,

бәсекеге қабілетті маман даярлау біздің жұмыстың басты приоритеті болып қала бермек.

Кафедра бакалавриатта «6B02205-Тарих» мамандығы, магистратурада «7M02210-Тарих» мамандығы, докторантурада «8D02206-Тарих» мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. Аталған мамандықтар бойынша мамандар даярлау университет талабы бойынша жүзеге асырылып келеді. Магистратура бойынша Түркияның Стамбул университетімен бірлесіп «7M02213-Ұлттық тарих», Италияның Ла Сапиенца университетімен «7M02208-Дүниежүзі тарихы» мамандықтары бойынша қосдипломды бағдарламалар, Ресейдің Халықтар достығы университетімен бірлескен оқу бағдарламасы бойынша мамандар даярлануда. Аталған мамандық бойынша білім алған магистранттар өз университетімізден бөлек, көрсетілген елде білім алып, екі ЖОО-ның да дипломдарын алуда.

Соңғы жылдарда тарих мамандығы бойынша сұранысқа ие жаңа мамандықтар дайындау жұмысы да үздіксіз жүзеге асырылып келеді. Бакалавриатта «Тарих және информатика», магистратурада ағылшын тілінде оқытылатын «7M02214-Көпшілік тарих» мамандықтарының негізгі оқу бағдарламалары дайындалды. Негізгі оқу бағдарламалары 2020 жылы «Тарих» мамандығының барлық білім беру сатыларында QS халықаралық рейтингінің әлем бойынша гуманитарлық саладағы 150-200 аралығындағы үздік мамандықтар қатарына ілінді. «Тарих» мамандығының барлық сатылары, ACQUIN – Das Akkreditierungs (Германия) халықаралық аккредитация

ұйымының, ARQA халықаралық ұйымының, сонымен қатар НКАОКО, НААР, «Қазақстан – 2050» ұлттық аккредитациялық ұйымдарының қорытындысы бойынша жүлделі I орынды иемденіп келеді. Біздің білім саласының қызметкерлері, университет оқытушылары, кафедра меңгерушілері ретінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аралығында алған марапаттарымыз бен мақтау қағаздарымыз да біршама деп ауыз толтырып айтуға болады.

2014 жылы тамызда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлытауда берген сұхбатында елдің тарихы, ұлттың тілі, халқымыздың саны, қазіргі кездегі көрші елдермен қарым-қатынас орнату мәселесі айтылып, халықтың ұлт болашағына деген сенімін күшейтті. «Ұлытауға барып тебіренбеу мүмкін емес», – деп Елбасының өзі айтқандай, Сарыарқаның төрінде орналасқан Ұлытау өңірі – қазақ жерінде алғаш жылқыны қолға үйреткен тас дәуіріне қатысты Ботай мәдениеті, алғаш металлургия ісін дамытқан қола дәуірі мәдениеттері, ортағасырлық Қыпшақ, одан кейінгі Алтын Орда, Қасым, Абылай хандардың хан ордалары орналасқан жер.

2015 жылы Ұлытауда Қазақ географиялық қоғамының ұйымдастыруымен, Елбасының ізімен еліміздің 14 ЖОО студенттерінен құралған командалары бескүндік іссапарда болды. Елбасының Ұлытауда берген сұхбатынан кейін «Халық тарих толқынында» бағдарламасы, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары жарық көрді. Солардың ішінде ұлттың сана-сезімі жайлы үлкен

серпіліс туғызатын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ерекше орын алады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде баспасөзде жариялаған бұл мақалада Қазақстанның болашағы үшін аса маңызды рухани дамудың көкейкесті мәселелері қарастырылған. Атап айтатын болсақ, мақаланың «XXI ғасырдағы ұлттық сана» туралы бөлімінде бәсекелік қабілеттілікті арттыру, қазақ ұлтының бірегейлігін сақтау, білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру туралы айтылған. Әсіресе мақаладағы «ұлттық код», «ұлттық бірегейлік» мәселесін көтеруі бүгінгі заманның талабынан туындаған дүние деп есептеймін.

Елімізде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының қабылдануы мен жүргізілуіне байланысты 2017-20 жылдар аралығындағы үш оқу жылында Қазақстан тарихы кафедрасы университеттің гуманитарлық және жаратылыстану факультеттері мамандықтарының 2-курс студенттеріне арналған «Рухани жаңғыру және тарихи сананың қалыптасуы» атты элективті курс дайындап, студенттер тарапынан сұраныс туғызған осындай пәнді оқытуды жүзеге асырды. Бұдан тыс, кафедраның ОПҚ-ы баспасөз беттері мен интернет сайттарында мақалалар жариялады. Сондай-ақ студенттердің қатысуымен түрлі тәрбиелік шараларды жүзеге асырдық.

Иә, Елбасы көтеріп отырған осындай бағытта жүргізілетін ғылыми-зерттеу және тұлғаларды насихаттау жобалары Қазақстан тарихын байыта түсетіні сөзсіз. Бұл, әрине, болашақтың маңызды ісі.



## *Путь независимости*

Суверенный и независимый Казахстан за 30 лет своего существования смог не только «окрепнуть», но и во многом преуспеть, опередив дружественные страны по качественным показателям роста и развития. Прежде всего, это определено, правильно ориентированной политикой, четко заданными стратегиями Глав государства, обеспечением возможностей для интенсификации всех сфер деятельности населения. Приоритетами для страны на многие годы являлось и является развитие научных знаний, разработок, технологий и их внедрение в практическую сферу с целью модернизации и улучшения условий нашей жизни. Математика – основа всех наук. Именно благодаря ей становится возможным исследовать космос; недра земли; водную среду и воздушное пространство; разрабатывать инновационные техно-



**Даурен ЖАКЕБАЕВ,**  
*доктор PhD, профессор,  
декан мех-математического  
факультета КазНУ*

**Оксана КАРУНА,**  
*доктор PhD,  
заместитель декана  
по учебной работе*



логии, погружая мир в новую реальность; трансформировать разработки к более совершенным формам их использования; создавать единое цифровое пространство, растворяющее содержание всех привычных форм жизни. Математика всегда была, есть и будет тесно связанной с другими науками – физикой, биологией, географией, геологией, химией, медициной, информатикой, социологией и т.д. она призвана описать изучаемые явления, заменить натурные эксперименты, оказать помощь в анализе данных, разработать новое. Безусловно, в своем большинстве, наука развивается в стенах высших учебных заведений, где имеются достаточные условия для проведения исследований различного рода. Казахский национальный университет имени аль-Фараби – кузница кадров, которая взрастила не одно поколение знаменитых ученых и выдающихся деятелей науки. Механико-математический факультет КазНУ особо славится своими выпускниками, поскольку каждый из них сегодня – это яркий представитель своей профессии – сотрудники Правительства, директора Холдингов, главы ведомственных организаций, успешные бизнесмены, ректора и проректора крупных отечественных и иностранных вузов, выдающиеся ученые и лучшие преподаватели.

С момента основания университета механико-математический факультет, как один из первых открытых факультетов вуза, стал уникальным научно-образовательным органом, производящим лучшие кадры в стране, способствующим разработке новых технологий, адаптивных к

цифровой экосистеме, продуцирующим изменения в науке, образовании, производственном секторе и т.д. Благодаря его работе имело развитие многих научно-исследовательских институтов, центров, школ и иных образовательных учреждений, продолжающих свое успешное функционирование и сегодня. Современные четыре кафедры – «Математика», «Механика», «Математическое и компьютерное моделирование», «Вычислительных наук и статистики»; Научно-исследовательский институт Математики и механики, – являясь структурными элементами, ведут исследования в области фундаментальной и прикладной математики; механики жидкости и газа; механики твердого тела; робототехнических систем; космических технологий; математического моделирования физических, химических, медицинских, финансовых и других процессов; актуарной математики; квантовых вычислений и т.п. В годы независимости факультет претерпел много изменений, которые привели к качественной модернизации направлений работы.

Основными этапами совершенствования научной, образовательной, методической деятельности факультета являются: увеличение количества диссертационных советов по направлениям «математика» и «механика», что сказалось на подготовке молодых специалистов, имеющих возможность получить ученую степень; значительно расширилось международное сотрудничество – на сегодняшний день механико-математический факультет тесно и продуктивно организует сов-

местную работу со знаменитыми учеными и представителями индустрии из таких стран как Великобритания, Франция, Германия, Греция, Испания, Италия, Турция, Швеция, США, Россия, Китай, Южная Корея, Япония, Сингапур и др. Широкая география представленного сотрудничества повлияла на разработку ряда двуязычных образовательных программ, позволяющих учащимся окончить два учебных заведения, что, в свою очередь, существенно повышает уровень конкурентоспособности специалистов на рынке труда. На данный момент реализуются двуязычные образовательные программы с университетами Франции, Бельгии, Греции и России на базе магистратуры и докторантуры. Факультет претерпел модернизацию, изменив местоположение – теперь здание имеет больше компьютерных классов, просторных лекционных аудиторий и лабораторий; каждый профессор имеет свой кабинет; корпус оснащен современным оборудованием. Благодаря активной деятельности ассоциации выпускников факультета, корпус ежегодно обновляет оборудование для отдельных аудиторий, которые на сегодняшний день ничуть не уступают западным аналогам – здесь имеется специальное рабочее место для студента, современные ноутбуки, огромная доска для записей мелом и маркером, являющаяся при этом экраном, куда, благодаря дополнительно установленному iPad, имеется возможность проецировать лекционный материал, внося коррективы в презентации в режиме реального времени. Можно смело сказать, что механико-математический фа-

культет стал колыбелью просвещения и одним из национальных центров образования и науки. Факультет с честью проходит через все испытания и остается одним из ведущих центров научных исследований и подготовки кадров по математике и механике в стране, что отражено в международном рейтинге лучших образовательных программ мира. Из 10 000 аналогичных международных образовательных программ, программы факультета твердо укрепились на позиции 300 в рейтинге QS-bySubject.

На протяжении своей деятельности, факультет всегда являлся и является кузницей лучших кадров по математике и механике, здесь работают Лауреаты государственных премий и иных наград, знаменитые академики и профессора, о научных достижениях которых знает весь мир – ими решены многие проблемы математики, над которыми работают величайшие мировые умы человечества. Сегодняшние выпускники – это знаменитые первые руководители министерств и ведомств нашей страны, международных и национальных компаний, вузов и иных организаций. Все достижения факультета сегодня стали возможны только благодаря энтузиазму и творчеству нескольких поколений ученых, работавших и работающих на факультете. Этапы развития математики и механики как науки в Казахстане, связаны с именами многих ученых, кто оставил заметный след в истории факультета.

Действующая со дня основания университета кафедра «Механика» осуществляет подготовку высококвалифицированных

специалистов по механике, робототехническим системам, космической технике и технологиям. Здесь проводятся фундаментальные и прикладные исследования в области механики жидкости и газа, энергетики, небесной механики, теории колебаний, механики деформируемого твердого тела, теории механизмов и машин, управления движением космических аппаратов, космического мониторинга, разработки и управления робототехническими интеллектуальными системами, проектирования космических аппаратов и механических систем и др.

Кафедра «Математика» осуществляет подготовку высококвалифицированных кадров, отвечающих самым современным требованиям, специалистов в области математики, теории функций, дифференциальных уравнений и их приложений, решения задач математической физики, оптимизации и оптимального управления, исследования операций и системного анализа, математической логики, алгебры и геометрии.

Основанная в 2002 году кафедра «Математического и компьютерного моделирования», готовит специалистов по направлению математического и компьютерного моделирования природных явлений, физико-химических и технологических процессов, медицинских и биологических процессов, получения новых материалов, параллельного программирования и высокопроизводительных вычислений, информационных технологий. Сотрудники данной кафедры успешно реализуют прикладные исследования в области мате-

матического моделирования процессов: экологии, биомедицины, химии, физики, экономики и др.

Самая молодая кафедра «Вычислительных наук и статистики» нацелена на возвращение высококомпетентных специалистов по актуарной математике, квантовых вычислений, эффективного моделирования оценки рисков и др. Здесь исследуются вопросы теории случайных сред, вычислительные методы в области добычи нефти и газа, квантовые вычисления, развивается вычислительная статистика т.п.

Функционирует Научно-исследовательский институт «Математики и механики», на базе которого ведутся научно-исследовательские работы по фундаментальным и прикладным проектам, в рамках отечественных и международных грантов, договоров с зарубежными и национальными компаниями РК.

Уже более 10 лет успешно ведет совою деятельность Казахстанско-французский образовательный и исследовательский Центр «Гео-Энергетика» в рамках договора о стратегическом партнерстве между Францией и Казахстаном, которое было подписано Президентами Н.Назарбаевым и Н.Саркози. Центр ставит перед собой долгосрочную задачу формирования казахстанской научной элиты в области геологии и добычи энергетических ресурсов через подготовку студентов в совместной магистратуре и докторантуре с выдачей дипломов двух стран. С момента создания, Центр «Гео-Энергетика» подготовил более 100 магистрантов и порядка 20 докторантов по специальностям «Меха-

ника», «Математика» и «Математическое и компьютерное моделирование». Кроме этого, начиная с учебного года 2020-2021, была сформирована новая магистерская программа двойного диплома по ОП «Математика» с Университетом Шампань — Арденны (Реймс). В дальнейшем, предусмотрено создание новых совместных образовательных программ двойного диплома с ведущими университетами, входящими в топ-100 международных рейтингов вузов.

Благодаря продуктивной работе бизнес-инкубатора, открытого 8 лет назад, факультет смог разработать и «выпустить в жизнь» ряд интересных и жизнеспособных проектов студентов, выполняемых под руководством представителей из индустрии. Сегодня это успешно действующие холдинги, имеющие стабильный доход и ежегодное увеличение рабочих мест.

Математику недаром называют междисциплинарной наукой – она умело связывает знания с практикой, трансформирует привычный мир в пространство несуществующей реальности, возвращая потом новые формы истинного бытия. Независимый Казахстан уже сформировал базу устойчивой цифровой экосистемы, обеспечением работы которой призвана заниматься наука, в частности, исследования и разработки, основывающиеся на математике.

Наше государство с обретением независимости стало более технологичным, гибким к модернизации, адаптивным к современному международному пространству.

Мы все понимаем, что уровень развитости науки – основной и важный показатель развития общества. Именно состояние сферы науки является определяющим фактором в оценке благосостояния страны.

Благодаря огромному количеству специально разработанных и реализованных Государственных программ и стратегий за 30 лет наша страна успешно осваивает новейшие наукоемкие технологии, предоставляет для этого достаточно мощные финансовые, информационные, производственные, интеллектуальные средства, лидирует в современной политико-экономической гонке и занимают ведущие позиции на мировой арене по отдельным показателям развития. И как локальный результат: сегодня мы наблюдаем расширение международного сотрудничества в сфере науки и образования; более качественную подготовку ученых на базе докторантуры, где, благодаря поддержки государства, молодые ученые имеют возможность перенять научный опыт ведущих иностранных образовательных учреждений; дудипломные образовательные программы с ведущими мировыми вузами; успешные start-up проекты; готовых исследователей для производственного сектора и т.д.

30 лет для государства – это небольшой срок, однако достижения, которыми славится Казахстан сегодня, позволяют сформировать самый благоприятный прогноз дальнейшего развития! Цвети, мой Казахстан!

## ҚазҰУ – математика ғылымының ордасы



**Мұхтарбай  
ӨТЕЛБАЕВ,**

*физика-математика  
ғылымдарының  
докторы,  
ҚР ҰҒА академигі*

Әлемде 10 мыңнан аса білім бағдарламасы бар болса, соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы физика-математика ғылымдарының білім бағдарламасы әлемдік рейтингте ТОП-300-дің қатарында. Тәуелсіздік жылдары біздің математика ғылымы осындай дәрежеге жетті.

1937 жылғы саяси қуғын-сүргінде жақсы ғалымдардың бәрін дерлік итжеккенге айдап, азапты өлімге душар етті. Сол зобалаңда Ақбергенов деген маңдайымызға біткен мықты математик те атылып кетті. Біз есімдерін білмейтіндер қаншама?! Осы себептен болса керек, 1960 жылдарға дейін Қазақстанда математика ғылымы дамыған жоқ. Ол кезде қандастарымыздың көбісі ауылда болатын. Қалаға келіп оқу өте қиын еді. Сондықтан арамыздан жөні түзу ғалым да жарып шыға алмады. Бірақ 1965 жылдары, яғни билікке Дінмұхамед Қонаев келгеннен кейін қазақ ғылымының тамырына қан жүгірді. Игі үдеріс математика ғылымын қарқынды дамытып, көрнекті математиктер пайда болды. Айталық, Асан Дабысұлы, Оразбаев, Жәутіков... Бұл ақсақалдардың ізін ала Сұлтанғазин, Қасымов, Беделбаевтар келді.

Жетпісінші жылдары, Димекеннің қолдауы болса керек, ғылымның дамуы тіпті үдей түсті. Мысалы, 1977 жылы Қазақстанда математика ғылымының докторы төртеу еді,

бесінші болып мен қосылдым. Десе де, Өзбекстан, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Латвия, Белоруссия, Украина республикаларымен салыстырғанда артта болатынбыз. Бірақ 1991 жылғы Дүниежүзілік конгресте жария болған 1000 көрнекті математиктің 30-ға жуығы қазақтар еді. Демек, біз жан басына шаққанда ең мықты деген Украина мен Ресейдің алдына шығып кеттік. Еуропа мемлекеттерінің кейбірінен озық болдық. Бұл – математика ғылымынан ғана. Себебі бұл ғылымды дамытуға көп қаражат жұмсала қоймайды, қағаз, қалам және бас болса болғаны. Сол тұста ұлтымыз математикаға өте қабілетті халық екенін дәлелдеп шықты. Кейін де мұны ғалымдарымыз дәлелдеп жүрді. 1991 жылы еліміз егемендігін алғанда әріптестерім қатты қуанды. «Енді тәуелсіз өркендеуіміз басталады. Қазақ ғылымының дамуына бәріміз аянбай күш-жігерімізді саламыз» десіп, бөріктерін аспанға атты.

1973 жылдан бастап ғылым кандидаты мен ғылым докторларының ғылыми еңбектеріне жетекшілік ете бастадым. Содан Кеңес өкіметі құлағанша, яғни 1991 жылға дейін 70-ке жуық ғылым кандидатын даярлап шықтым. Олардың шамамен 10-15-ке жуығы сол кездерде ғылым докторлары атанды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары, өкінішке қарай, халық әлеуметтік тұрмысқа байланысты ғылымға аса ден қоя алмады. Десе де, одан бері қарай жетекшілік еткен ғылым докторларым да 10-нан асып жығылады. Аз да, көп те емес. Құдайдың берген осы ғұмырында қолдан келгенше еңбек

еттік. Сол азды-көпті еңбектеріме көптеген ғалымдар қызығушылық танытты. Сонда мәскеулік ғалымдар қазақ халқының ғылымы алдында бас иген болатын.

Тәуелсіздік алғанға дейін де, алғаннан кейін де осы елдің «бір кірпіші» болып қаланайын деген ниетпен жоғары білікті ғылыми мамандар даярлау ісіне қолдан келгенше үлес қостым. 35 жылдан астам уақыт республика жоғары оқу орындарының студенттеріне дәріс оқып, аспиранттар, PhD докторанттар, магистранттар, студенттер мен ізденушілер үшін семинарлар мен үйірмелер ұйымдастырдым. Математиктер қауымына белгілі «Дифференциалдық операторлардың кеңеюлері және тарылулары», «Бөліктену теориясы», «Ену теоремалары», «Қазіргі есептеу әдістері» және басқа да көптеген арнаулы курстар оқыдым.

Әлбетте, ғылымның көптеген салаларында қызмет атқардым. Мысалы, Қазақстанға келгеннен кейін Төлеубай Аманов деген мықты математикпен жолықтым. Сол кезде Қазақ КСР Ғылым академиясының Математика және механика институтының директоры және ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі еді. Ол кісімен бірлесіп екі мақала жаздым. Айтпағым сол – Мәскеуде де, елде де осындай биік тұлғалармен бірлесіп көптеген еңбектер мен мақалалар жазу нәсіп болды. Ол еңбектер әлемнің түкпір-түкпіріндегі математиктердің қажетіне жарап жатқаны анық.

1966-69 жылдары Мәскеуде оқыдым. Ал 1969-72 жылдары аспирант болдым. Сол кезде Мәскеуге іссапармен келіп-кетіп

жүрген түркі ғалымдарын жолықтырып, танысып-білісіп, еңбектерін оқыған соң, оларға қайран қалдым. «Түркі халықтарының бойында математикаға деген қабілет бар екен» деп топшыладым. Өкінішке қарай, олардың кейбірі елдеріне қайтқан соң, ғылымдағы жаңалықтары бәсеңсіп қалды. Студент кезімнің алғашқы жылдарында әр математик, профессор, тіпті қасымдағы студенттердің өздеріне таңғалумен болдым. Оқу бітіргенше оларды қуып жетіп, ақырында өзімді мойындаттым.

Студент кезім, 4-курста оқимын. Бір күні университетімізге қазақ ғалымы Дәулет Үмбетжанов келіп баяндама жасады. Біз, студенттер, тыңдап отырмыз. Бір кезде бір жерінен қате кетті. Мен соны байқап қойдым. «Мына жеріңіз күмәнділеу екен», – дедім жастық желікпен. Сонда отырған бір профессор да байқаса керек, ол да мені құптады. Ғалым ары қарап, бері қарап, сол жерді түзете алмады. Баяндама біткен соң, маған қарап: «Сен өзің қайдан шыққан бәлесің?» – деп арқамнан қағып қойды өтірік ренжіген болып. Математиканың жауапкершілігі де сол – бір қатені көрсең, оны бүкпей айту керек. Кейін ол кісі мықты ғалым болып, көптеген шәкірттердің ғалым ретінде қалыптасуына септігін тигізді.

Докторлықты 1978 жылы қаңтар айында қорғадым. Асылы, Мәскеуде докторлықты қорғаған бірінші қазақ мен болдым. Мен бұны айтып отырған себебім – әлемнің кез келген бұрышында ғылымнан жаңалық ашу әрбір қазақтың қолынан келеді.

Кеңес өкіметі кезінде көрнекті ғалымдар-

дың саны жағынан біз Өзбекстан, Армения, Әзірбайжан, Грузия, Латвия, Литвадан артта болдық. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін аталған мемлекеттерден озып кеттік. Біздің алдымызда Украина мен Ресей ғана тұрды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ғылымнан алыстап, кейін қайта ден қойып, әйтеуір, тұрақтала алмай жаттық. Уақыт өте келе, ғылымға мән беріле бастады. Елімізде математика ғылымының ордалары – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Математика институты және Қарағанды университеті біршама алда келеді. Аталмыш оқу ордалары ғылымның дамуына үлкен үлес қосты.

Ғылымды дамыту үшін дәстүр мен тұрақтылық қажет. Әрі бір жерде кем дегенде үш ғалым жұмыс істеуі керек. Бүгінде қаптаған жеке оқу орындары ғылымға көп зиянын тигізіп жатыр. Бұрын Алматыдағы Математика институтында ғалымдардың басы жиі қосылатын, бетпе-бет әңгімелесіп, семинар өткізетін. Себебі көптеген ЖОО-лар профессорлар құрамын таратып алды. Мысалы, атом бомбасы жарылу үшін оның массасы 1 келіден асуы керек. Ал 1 келіні екіге бөліп, арасын алыс қойсаң, ол жарылмайды. Ғалымдардың бас қосып, семинар өткізуі де осы сияқты құбылыс. Үш-төрт профессор бір аудиторияда студенттермен бірге есептің шемімін табу жолдарын талқыласа, нәтиже болады. Мықты профессор өзінің білгенімен жүре берсе, ақырындап сөне береді. Қазақтың «Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз кірпіш қорған болмас» дейтіні – осы. Ал бізде ананы бір, мынаны екі өзгерте берген соң және ғалымдар жан-жақта



жүргеннен кейін ғылым дамуы тежеліп қалды. Бірақ дүниежүзілік есеп бойынша Қазақстанда математика ғылымы өз деңгейін сақтап қалған. Дегенмен күннен-күнге дами түсуіміз керек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мәңгілік елдің мәңгілік тілі, қасиетті жері туралы айтып жатыр. Ол – бізге де, кейінгі ұрпаққа да жүктелген жүк. Шын мәнінде мемлекеттік тіл мемлекеттің қажетін өтеп отыр ма? Оның тірегі біз болмасақ, кейінгілер «е, орысша сөйлей беруге болады екен» деп, арқасын кеңге салып жүре береді. Қазақ екенімізді ұмытпайық. Үйімнің төрінде, жұмыс бөлмеде қазақтың киелі домбырасы тұрады. Сырлы сыбызғы да бар. Кейде қолға аламын, керемет қуат, шабыт береді. Ел «ақсақал» деп айта бастағанда аталы сөзімді батыл айтуға құқылы шығармын. Мемлекет тілін үлкен-кішінің түгел білу үрдісін кезінде КСРО көрсетті. Ол бәріміздің жадымызда. Соны көріп-біліп отырып, мемлекеттігін алған елдің тіліне немқұрайдылық таныту, былдыр-былдыр, шүлдір-шүлдір ету кешірілмес күнә. Кім болса ол болсын, мені сыйламасаң да, мемлекетті, сол мемлекеттің тілін сыйла деймін. Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» атты жолдауында: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар – ана тіліміз мәңгілік елімізбен бірге мәңгілік тіл болады», – деп ерекше атап өтті. Осыдан кейін де серпілмейміз бе? Ежіктеп отыратындар, менсінгісі келмейтіндер ойлануы керек.

Мен бұрын мектепте мұғалім болғанмын, қазір де мектепке жиі барып тұрамын. Сонда байқайтыным, қазақ сыныптарында 20 бала отырса, соның кем дегенде төрт-бесеуі математикаға бейім, болашақта менен аспаса, кем түспейтін математик болуға қабілеті бар. Дарынды балалар өте көп. Бірақ 9-10 сыныпқа келгенде жаңағы балалар математикаға суып қалатынын байқаймын. Себебі мұғалімдер сабаққа қызықтыра алмайды. Оларға «сен мынадай мықты маман боласың, сен халқыңа керексің», «сен осындай болуың керек» деп арқасынан қағып, мақтап, ынталандырып, жігерлендіріп отыру керек. Оларға басқаша тамақ беріп, басқаша бағудың қажеті жоқ. Тек оларды танып, қанаттандырып, елге керек азамат қылып өсіруді ойласақ жетіп жатыр.

Атом ғасыры компьютер ғасырына ауысты. Енді компьютер ғасыры, менің болжамымша, роботтар ғасырына сөзсіз жалғасады. Сондықтан жаңа ғасырдан қазақ өз үлесін алуы тиіс. Осы идеямды Эйнштейн теориясын зерделеу барысында жетілдіру үстіндемін. Мен Эйнштейннің салыстырмалық теориясы модель ретінде қате емес, бірақ нағыз физиканы түсіндіре алмайды деймін. Бұған дауласушылар табылады. Сондықтан «математикалық тұрғыдан» дегенді қосып қойдым. Физиктер «е, бәсе» деседі. Ішкі түйін қағазға түсіп жатыр. Бір білетінім, дүниені толық түсіндіріп беретін бірде-бір теория жоқ десем, қателеспеймін. Орта ғасырда Исаак Ньютон өз теориясын ашты. Ол «Галилей-

Ньютон теориясы» деп аталды. Алғашында дүниенің бүкіл болмысы сонда көрініс тапқандай болған. Артынан олай емес екені белгілі болды. Ол да әлемнің бір моделі екен. Мәселен, адам моделі – адамның суреті емес қой. Эйнштейннің салыстырмалық теориясын ашқаннан кейін физиктер дүние дәл осылай мәңгілік деп ойлады. Сөйтсек, ол да дүниенің бір моделі екен. Мен осылайша Эйнштейн теориясын қазірше философиялық тұрғыда қарастыра беремін. Оның нәтижесі келер күндердің еншісінде.

Ғылымға сүйенген ел дәуірдің ұлы көшінен қалмайды. Тәуелсіздіктің соңғы жылдарында ғылымға айрықша назар аударыла бастағаны көңіл көншітеді. Өйткені қай саланы да дамыту үшін алдымен қаражат керек. Ал бұл Мемлекет басшысының қамқорлығы арқасында молынан қаралуда. Өкініштісі, мұнда да бөлінген қаражатты алдымен жалған ғалымдар алады, көбіне дарынды ғалымдардың қолына тие бер-

мейді. Осылай жалғаса берсе, ғылым дағдарыстан алдағы он-он бес жылда бір-ақ шығады. Псевдоғалымдар бара-бара азаюы керек. Себебі олар қаңбақ секілді – тұрақ жоқ. Қазір ғылымға бөлінген қаржының 50 пайыздайы ғана өз мақсатына жұмсалып отырса, алдағы он жылда 90 пайызға дейін таза ғылымға түсер. Сонда ғана саланың қарыштап дамитынына сенуге болады.

PhD докторантураны оқытуға жастарды шетелге жіберу қажет. Мұнда да мына жайтты ескерген жөн: ғылымға қабілеті бар жас маман шетелдің ең мықты университетін бітіріп келді делік. Ол ортамызға оралысымен айналасында бәсекелесетін әріптесі болмаса, идея алмаспаса, білгенін ешкімге үйретпесе, біртіндеп талантынан айырылып қалады. Себебі атом бомбасы жарылу үшін жалпы массасы 1 келі болу керек. Оған жетпесе, кішкене жылуы мүмкін, бірақ жарылмайды. Сол сияқты ғылымды дамыту үшін таланттылар көп болуы керек.

## *IT мамандар даярлауға атсалысып келеміз*



**Байдәулет  
УРМАШЕВ,**

*профессор м.а.,  
ақпараттық  
технологиялар  
факультетінің  
деканы*

Тәуелсіздік, ел еркіндігі – әлемдегі ең құдіретті сөз. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздік – бұл біздің басты құндылығымыз, ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – өркендеген және қуатты Қазақстанды болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру», – деп атап өткендей, тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Бүгінде тәуелсіз еліміз тарихтың жаңа бір белесіне көтерілген кезде «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істеуіміз керек?», «Еліміздің болашағын нығайтатын қандай ұрпақ тәрбиелеп жатырмыз?» деген сауалдар әрбір ұстазды толғандыратыны сөзсіз. Бұл еліміздің тәуелсіздігіне 30 жыл толу мерейтойы емес, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет. Осы ұлы мереке қарсаңында еліміздегі жетекші оқу ордасының құрамындағы факультетіміздің ел тәуелсіздігін нығайтуға қосып жатқан еңбектерін баяндағым келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекетіміздің даму қарқынын арттыруға арналған жобалардың жүзеге асырылуына үлкен үлес қосып келеді. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында 2018 жылы университет құрамында жаңа ақ-

параттық технологиялар факультеті ашылды. Алғашқы декан болып профессор У. Тукеев тағайындалып, қанат жайған жас факультет жұмысын тез бастап кетті. Ашылған сәтте Информатика және Ақпараттық жүйелер кафедраларынан ғана тұратын факультетке ІТ саласының жаңа лебі – Жасанды интеллект және Big Data кафедрасы қосылды.

Қазіргі ең танымал ақпараттық технологиялар факультеті сұранысқа ие бағыттар бойынша мамандар даярлай бастады. Негізгі міндеті бәсекеге қабілетті жоғары білікті ІТ мамандарын даярлау мақсатында сапалы білім беруді қамтамасыз ету болып табылатын факультетте бакалавриат студенттері, магистратура мен докторантурада оқитындар үшін жаңартылған білім беру бағдарламалары әзірленіп, көптеген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен қосдипломды білім беру бағдарламалары бекітілді. Информатика, ақпараттық технологиялар, әсіресе жасанды интеллект саласы қарқынды дамып келеді. Оқу жоспарларын жыл сайын халықаралық стандарттарға, ІТ-индустрияның қажеттіліктеріне сәйкес жетілдіріп келеміз. Жетекші ІТ-вендорлардың (Microsoft, Cisco, Kaspersky, Siemens, Oracle, Huawei) қолдауымен факультет қаржы бизнесі үшін сертификаттық-пилоттық жобаларды орындауға мүмкіндік беретін зертханалық жабдықтармен жабдықталды.

Факультет құрылымы әзірге айтарлықтай өзгерген жоқ. Информатика кафедрасында 72 штаттық бірлік, Ақпараттық жүйелер кафедрасында 113 штаттық бірлік, Жасанды

интеллект және Big Data кафедрасында 64 штаттық бірлік профессорлық-оқытушылар құрамы жұмыс істейді. 2020-2021 жылдары 6 білім беру бағдарламасы ASIIN және AQUIN жүйелері бойынша халықаралық аккредиттеуден өтті. Қалған білім беру бағдарламалары ол сыннан ертерек өткен, лицензиялары 2022 және 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін жарамды. Бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша Ақпараттық жүйелер кафедрасында «Ақпараттық жүйелер», «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Есептеуіш лингвистика», «Жоғары жүктелген жасанды интеллектісі бар ақпараттық жүйелер», «Индустриалды ақпараттық жүйелер» мамандықтары бойынша, Информатика кафедрасында «Компьютерлік инженерия», «Компьютерлік ғылымдар», «Жүйелік инженерия», «Педагогикалық информатика» мамандықтары бойынша, Жасанды интеллект және Big Data кафедрасында «Автоматтандыру және басқару», «Заттар интернеті және Big Data», «Деректер туралы ғылым», «Интеллектуалды басқару жүйелері», «Бизнес талдау мен Big Data», «Машиналық оқыту және деректерді талдау» мамандықтары бойынша ІТ саласының болашақ үздік мамандары білім алып жатыр.

Программалаушыларды олимпиадалық даярлау, ІТ мамандарды үздіксіз даярлайтын «Компьютерлік ғылымдар» және Қосымша білім беру, Касперский зертханасының ақпараттық қауіпсіздік орталықтары құрылып, 6 оқу зертханасы жұмыс жасап отыр. Педагогикалық-ғылыми қызметпен 15 профессор, 32 ғылым

докторы, 28 доцент, 30 ғылым кандидаты және 38 PhD доктор айналысады. Құрылған күннен бастап факультет IT саласының 3000-ға жуық маманын оқытып шығарды. Жүйелі жүргізілген кәсіби бағдарлау жұмыстары нәтижесінде факультет мамандықтарына оқуға түскісі келетіндер саны жылда артып келеді. Факультетте 2601 білімгер оқиды, оның 2176-сы – бакалавр, 329-ы – магистрант, 96-сы – докторант. Оқу үдерісіне ғылыми көрсеткіштері жоғары 12 шетелдік профессор тартылған. Кафедра оқытушылары өздерінің ғылыми әзірлемелерін оқу үдерісіне белсенді түрде енгізуде: бұл жаңа дәрістік курстар мен инновациялық семинарлар, әртүрлі оқыту технологиялары.

Іс-жоспарларымыздың уақтылы орындалуы – ұжым мүшелерінің жоғары біліктілік деңгейінің айғағы. Түлектеріміздің жұмысқа орналасу көрсеткіші де өте жоғары. Бакалавриат түлектерінің магистратура мен докторантурада оқуын жалғастыру мүмкіндігі бар. Информатика кафедрасы Қазақстанда алғашқылардың бірі болып информатика саласы бойынша философия докторларын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасын жүзеге асыра бастады. 2008 жылы алғашқы информатика ғылымдарының философия докторы (PhD) атағы қорғалды. Студенттермен жүргізілген жан-жақты жұмыстың нәтижесінде шәкірттеріміз ғылыми журналдарда 34 мақала жариялап, әртүрлі деңгейдегі конференцияларда 17 баяндама жасаса, 201 авторлық куәлік иеленген. Жалпы алғанда, факультетте студенттердің академиялық ұтқырлығы,

бірлескен ғылыми зерттеулер, ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, студенттер алмасу үшін жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдармен 60-тан астам халықаралық келісімшарттар жасалған. Англияның, АҚШ-тың, Еуропаның, Кореяның, Жапонияның, Ресейдің және Қытайдың жетекші университеттерімен, ғылыми ұйымдарымен және орталықтарымен әріптестік байланыстамыз.

Факультеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының қарқыны да қуантады. 2018 жылдан бері 15-тен астам патент пен 100 авторлық куәлік алынып, 10 монография, 500 мақала (100-ден астамы Scopus деректер базасында) жарияланса, 20-ға жуық оқулық басылып, әртүрлі деңгейдегі конференцияларда 38 іргелі жұмыс баяндалып, 18 PhD-диссертация қорғалды. Ұжымымызда заман талабына сай зерделеніп-зерттеліп жатқан Түркі тілдерінің есептеуіш лингвистикасы; Жасанды интеллекті бар жоғары жүктелген АЖ; Веб-контенттің семантикалық талдауы модельдерін, алгоритмдерін және киберкриминалистикалық құралдарды зерттеу; Жасанды интеллект және машиналық оқыту; Жылу және масса алмасу процестерін математикалық және компьютерлік модельдеу; ТП интеллектуалды басқару жүйелері; Стационарлық және мобильді IoT құрылғылары, интервалдық талдау, болжау, биометрия, робототехника; Басқарудың және шешім қабылдаудың интеллектуалды жүйелері; Жасанды интеллект және робототехника жүйелері; Жану процестерін, сұйықтық динамикасы мен фармакокинетикасын компьютерлік модельдеу тәрізді

өзекті мәселелер бойынша еңбек етіп жатқан 15 ғылыми топ бар. Оларға елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де танымал ғалымдар – У.Тукеев, Г.Балақаева, Д.Ахмед-Заки, А.Дүйсембаев, Ш.Жомартова, Е.Әмірғалиев, Б.Белгібаев, Н.Керімбаев сияқты профессор-докторлар және Ш.Мусиралиева, М.Мансурова, А.Беделбаев, Ж.Әлімжанова сияқты доцент-кандидаттармен қатар, факультет ұйымдастырылғалы бері ҚР ЖОО үздік оқытушысы атағын иеленіп үлгерген, шетел ғылыми орталықтарында философия докторы дәрежесін қорғап келген Т.Иманқұлов, А.Пыркова, Б.Дәрібаев, С.Қабдрахова, Б.Омаров секілді дарынды жас ғалымдарымыз да жетекшілік етеді.

Факультет информатика және ақпараттық технологиялар саласында ізденіп жүрген ОПК мен жас ғалымдардың еңбектерін жариялау үшін Journal of problem in computer science and information technology ғылыми журналын шығаруды қолға алды. Қосымша «Информатика және ақпараттық технологиялардың заманауи мәселелері» атты ғылыми еңбектер кітабының бірінші шығарылымы дайын, онда алыс-жақын шетелдік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінің соңғы нәтижелері шолу мақалалар түрінде жарияланбақ.

Ғылыми қызметкерлеріміз жыл сайын гранттық және бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобаларын ұтып алып, шетелдік профессорлармен бірге үздік нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Компьютерлік жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз

ету саласындағы қолданбалы бағдарламалармен әртүрлі есептерді шешу үшін математикалық модельдер мен IT-әдістерін әзірлеп-қолдану саласында белсенді ғылыми жобалар орындап жүрген олар білім беруді ақпараттандыру мәселелерін, параллель және үлестірілген есептеулерді шешудің әдіс-құралдарын зерттеумен де айналысады. Факультет 2021 жылы жалпы сомасы 210 787 000 теңгені құрайтын гранттық қаржыландыру бойынша – 6, ББҚ бойынша – 1, коммерцияландыру бойынша – 2 және 4 халықаралық жобаны жеңіп алды.

Халықаралық ынтымақтастық туралы айтар болсақ, тәуелсіздік жылдары факультет ұжымы 50 халықаралық жоба орындап шықты, қазіргі кезде 8-і жүзеге асырылып жатыр. Мысалы, 2018 жылдан 2021 жылға дейін Еуропаның 6 елінен 10 ЖОО қатысқан, Erasmus+ CLASS Development of the interdisciplinary master program on Computational Linguistics at Central Asian universities, number 585845-EPP-1-2017-1-ES-EP-РКА2-СВНЕ-JP мемлекеттік грантымен жұмыс жалғасуда. Жобаның мақсаты – лингвистикалық және есептеу тәжірибесі бар студенттерге арналған компьютерлік лингвистика жөніндегі магистрлік бағдарламада аралас курстардың көмегімен жоғары білімге қол жеткізуді жақсарту үшін KZ & UZ университеттерінің мүмкіндіктерін дамыту. Оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығының екінші халықаралық жобасы – Erasmus+ Mobility for learners and staff – Higher Education Student and Staff Mobility бағдарламасы Швецияның

Маалардален университетімен бірлесіп орындалмақ. Үшінші жоба – Beijing Percent Information Technology Co., Ltd (Қытай). Ал төртінші халықаралық жоба – ERASMUS+ Project -EPP2016-1JT-EPPKA2-SBHE-JP (LMPI) «Кәсіпорындарда компьютерлік желілерді әзірлеу, әкімшілендіру, басқару, қорғау үшін бакалавриат және кәсіби магистратура бағдарламаларын әзірлеу». Жобаның мақсаты – компьютерлік жүйелер мен корпоративтік желілердің қауіпсіздігіне мамандандырылған кәсіби әкімшілендіру және басқару саласында бакалавриат және кәсіби магистратура бағдарламаларын әзірлеу.

2021-2024 жылдарға ERASMUS+ Project-618860-EPP-1-2020-1-EL-EPPKA2-SBHE-JP (LMQS) «Ресей, Қазақстан, Әзірбайжан және Лаоста қашықтан ашық білім беру аясында «Денсаулық сақтау саласындағы тәуекелдер мен қызметтердің сапасын стратегиялық басқару үшін бакалавриат пен магистратураны кәсібилендіру» халықаралық жобасы жеңіп алынды. Жоба денсаулық

қауіпсіздігін және денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын басқаруды дамытуға, сондай-ақ кадрларды жұмылдыру және оларды медициналық құрылымдар мен компанияларға қажетті дағдыларды беруге қабілетті жоғары білім беру бағдарламаларын және кәсіптік даярлау бағдарламаларын ұсыну жолымен қажетті іс-қимылдарды іс жүзінде қолдануға үйрету арқылы Ресейде, Қазақстан мен Әзірбайжанда саясатты және стратегиялық қағидаттарды іске асыруға ықпал етуге бағытталған.

Ақпараттық технологиялар факультетінің бүгінгі басты мақсаты – ел Президенті Қ.Тоқаевтың «100 мың білікті IT маман дайындау» жобасын жүзеге асыруға білек сыбана кірісіп, мемлекет азаматтарының цифрлық сауаттылығын арттыруға өзіндік сүбелі үлес қосу. Факультетіміздің болашақта Қазақстан цифрлық қоғамының үздік IT мамандары үшін жаттығу алаңына айналатынына сеніміміз мол.

## *Развитие IT-технологий в независимом Казахстане*



**Тыштык  
ХАКИМОВА,**  
*кандидат  
педагогических наук,  
доцент*

На Ученном Совете КазНУ имени Аль-Фараби в начале текущего года был утвержден План с основными мероприятиями, посвященных празднованию 30-летия Независимости РК, отраженными в дорожной карте «Отыз жылдыққа отыз апталық». Согласно Плану, в университете проводились конференции, встречи с видными общественными и научными деятелями, круглые столы, молодежные челленджи, дебатные турниры, проектные работы, благотворительные акции, кураторские часы, онлайн конкурсы художественной самодеятельности, посвященные празднованию Независимости.

В год 30 ление независимости Казахстана, нельзя не вспомнить имя Умирзака Махмутович Султангазина, доктора физико-математических наук, профессора лауреата Государственной премии СССР, академика НАН РК, вице-президент НАН РК, директора Института космических исследований НАН РК. Он был специалистом в области численных методов решения задач математической физики. У.М.Султангазин прошел серьезную школу по вычислительной математике в новосибирском Академгородке под руководством академика Г.И.Марчука, где защитил кандидатскую и докторскую диссертации. С именем У.М.Султангазина связаны многие достижения



в области вычислительной математики. Будучи заведующим кафедрой в КазГУ имени С.М.Кирова на мехмате, академик У.М.Султангазин особое внимание уделял подготовке кадров. Большой вклад внес в развитие кафедры вычислительной математики.

Султангазин У.М. всемерно способствовал развитию в Казахстане научных исследований по вычислительной математике. Заметным событием в научной жизни страны была организованная по инициативе У.М.Султангазина в июне 1978 Республиканская школа по вычислительной и прикладной математике. В последующем кафедра вычислительной математики неоднократно реорганизовывалась, меняя свое название, но при этом сохраняла свое научное направление. В разные годы на кафедре работали видные ученые Казахстана и СНГ в области вычислительной математики. Большую роль в становлении и дальнейшем развитии кафедры сыграли д.ф.-м.н., профессор С.Е.Темирболат, д.ф.-м.н., профессор С.С.Оспанов, профессор К.Е.Сарбасов, профессор С.А.Атанбаев, д.ф.-м.н., профессор Ш.С.Смагулов, Н.Т.Данаев, д.ф.-м.н. М.К.Орунханов и другие. Подготовку специалистов в области вычислительной математики осуществляли опытные педагоги А.Ш.Акишев, В.Н.Губанов, М.М.Дошанова, Х.К.Сабитова, А.А.Адамов, Т.Х.Хакимова, К.Т.Назарбекова и др.

На базе кафедры вычислительной математики в ноябре 2001 года была организована кафедра информатики первым заведующей кафедрой стала доктор физи-

ко-математических наук, профессор Балакаева Г.Т. Кафедра осуществлял подготовку бакалавров по следующим специальностям: информатика, вычислительная техника и программное обеспечение, информатика и педагогика; магистров по специальностям: информатика, вычислительная техника и программное обеспечение; PhD докторов по специальностям: информатика, вычислительная техника и программное обеспечение, информатика, вычислительная техника и управление. Кафедра информатики одной из первых в Казахстане стала работать по образовательной программе подготовки докторов философии (PhD) в области информатики. В 2007 году состоялся первый выпуск PhD-докторов информатики.

В бакалавриате кафедры информатики следующие направления обучения: Теория алгоритмов и разработка программного обеспечения; Организация параллельных вычислений; Web технологии; Теория баз данных; Информационная безопасность компьютерных систем и сетей; Разработка программного обеспечения для социальной сферы; Создание программного обеспечения со связью с оборудованием для технологических задач. Выпускники кафедры имеют возможность продолжить свое образование в магистратуре. В научно-педагогической магистратуре специальности Информатика магистрантам предлагаются три образовательных программы: Теоретическая информатика; Высокопроизводительные вычисления; Информационная безопасность систем и сетей. В

2018 году был открыт новый факультет, факультет информационных технологий, в состав которого и вошла кафедра информатики. Это было требованием времени в рамках внедрения программы «Цифровой Казахстан-2020», главной концепцией которой является увеличение числа ИТ-специалистов с учетом потребностей современного рынка ИТ-сферы и требованиями профессиональных и образовательных стандартов.

К профессорско-преподавательскому составу кафедры в настоящий период предъявляются большие требования при подготовке новых лекционных курсов и инновационных семинаров, применении различных технологий обучения, разрабатываются и успешно применяются дистанционные курсы обучения, например, по дисциплине «Информационно-коммуникационные технологии» на английском языке. Также сотрудниками кафедры разрабатываются новые курсы и виртуальные лабораторные по другим дисциплинам кафедры.

Кафедра обладает материально-технической базой лабораторий, оснащена современным компьютерным оборудованием. Выпускники могут продолжить свое образование в магистратуре и докторантуре. Кафедра информатики одна из первых в Казахстане работает по образовательной программе подготовки докторантов философии (PhD) в области информатики. Первый выпуск PhD-докторантов состоялся в 2008 году. Кафедра в течении многих лет готовит

бакалавров и магистров по современным ИТ-направлениям.

На кафедре информатики регулярно проводятся научные и научно-методические семинары, одним из которых является семинар «Актуальные проблемы информатики», где обсуждаются научные изыскания преподавателей, PhD-докторантов и магистрантов в области новейших информационных технологий, касающихся объектно-ориентированного, системного и структурного программирования, алгоритмизации и структуризации данных, сетевых технологий, параллельных вычислений, надежности и отказоустойчивости компьютерных систем, систем реального времени и Web-программирования и др. На базе кафедры информатики ведет свою деятельность образовательный центр «Computer Science».

Преподаватели кафедры принимают активное участие в республиканских и международных научных, практических и методических конференциях, ведут научно-исследовательскую и проектную деятельность с привлечением студентов и докторантов кафедры. В области сетевых и коммуникационных технологий кафедра информатики сотрудничает с Regional/Local Networking Academy Cisco (несколько преподавателей кафедры являются сертифицированными инструкторами этой академии). Студенты кафедры информатики могут пройти обучение в режиме online по международной программе Cisco Networking Academy и получить сертификат. С 2003 года кафедра информатики

на базе механико-математического факультета проводит четверть финал чемпионата мира по программированию среди команд Казахстана. Ежегодно в чемпионате Казахстана принимают участие свыше 80 команд (более 240 человек) всех ведущих вузов республики. Кроме того, кафедрой информатики ежегодно проводятся олимпиады по программированию среди школьников и студентов: MechMat Open, Inform, Региональная предметная олимпиада.

Также, кафедра имеет тесные научные связи с ведущими университетами дальнего и ближнего зарубежья, международными организациями и фондами, благодаря которым ведущие ученые зарубежных вузов вовлечены в учебный процесс, научные конференции, являются руководителями магистрантов и докторантов кафедры. Благодаря тесному международному сотрудничеству развиваются современные актуальные научные проекты. В результате соглашения о сотрудничестве с University of Newcastle upon Tyne (Великобритания), Universidad Politecnica de Valencia (Испания), Blekinge Institute of Technology (Швеция), King's College (Великобритания), Венским Техническим университетом (Австрия) и др. кафедра информатики развивает проекты, направленные на внедрение в процесс образования новых курсов, совершенствование существующих образовательных методик и эффективное привлечение в процесс образования новых информационных технологий.

С января 2010 года кафедра информатики работает по международному проекту

Tempus IV CANDI «Teaching Competency and Infrastructure for e-Learning and Retraining». Основной задачей проекта является разработка инфраструктуры для электронного обучения и переподготовки специалистов, а также формирование навыков, необходимых для передачи существующих курсов и учебных программ в среду электронного обучения. Партнерами КазНУ с европейской стороны являются лидеры в области дистанционного обучения: Открытый университет (Великобритания), Университет Вены, Венский Технический университет (Австрия), Технический университет Мюнхена (Германия). В рамках данного проекта уже разработаны и внедрены в среду дистанционного обучения КазНУ следующие электронные курсы: «Основы компьютерных наук» совместно с Ургенчским государственным университетом, «Алгоритмы и структуры данных» совместно с Национальным университетом Узбекистана имени Мирзо Улугбека.

Высококвалифицированные преподаватели кафедры обеспечивают высокий уровень подготовки будущих специалистов, что позволяет им применять свои профессиональные навыки в различных областях и добиваться отличных результатов в своей профессиональной деятельности.

Сегодня кафедра информатики, имеющая свою историю, располагает высококвалифицированными научно-педагогическими кадрами. Преподаватели и выпускники кафедры вносят неоценимый вклад в развитие IT-технологий в современном мире.

## Студенттік спорттың дамуына тың серпіліс әкелді



**Әлмира  
ЫСҚАҚОВА,**  
*доцент м.а.,  
Дене шынықтыру  
және спорт  
кафедрасының  
меңгерушісі*

Қазақстанның егемен ел болуын халықаралық деңгейде білім беру, ғылымды жетілдіру, оқытудың инновациялық әдістемелерін енгізіп, алмасудың кең мүмкіндігі ашылғанымен байланыстырады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің тарихында жоғары білім беру саласында өзінің табысты жолын жалғастырып келе жатқан алдыңғы қатарлы білім ордасы. Университеттің әр білім алушысы «мен Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы, көшбасшы университетте оқып, білім алдым» деп мақтанышпен айтуға тұрарлық дәрежеге жетті.

Осы уақыт аралығында университет өмірінде өзіндік орны бар медицина және денсаулық сақтау факультеті құрамындағы Дене шынықтыру және спорт кафедрасының ұжымы дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау бағытында жұмыс атқаруда. 2005 жылдан бастап кафедраның «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына алғашқы студенттер қабылдана бастады. 2010 жылы ғылыми-педагогикалық бағытта магистратура деңгейі «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы ашылып, 2015 жылы PhD докторантура білім беру бағдарламасы бойынша «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы енгізілді. Осы жылдар аралығында университетіміздің елімізде және халықаралық дәрежеде танымал

болуына өз үлесімізді қосып келе жатқанымызды мақтанышпен айта аламыз.

Кафедра жұмысының табысты болуы университет ұжымының ойластырып жасалған стратегиялық даму жоспарын іске асырудағы қажырлы еңбектерінің жемісі деп білеміз. Университетте оқытушыларға, барлық ұжым мүшелеріне, сапалы білім аламын, спортпен шұғылданамын деген студенттерге жағдайдың бар екенін атап өткім келеді. Оған біліммен сусындауға қажетті үлкен кітапхананың болуы, мәдени-рухани жетілуіне керекті сарайлар мен қазіргі инновациялық технологиялармен қамтамасыз етілген оқу аудиториялары мен зертханалардың жабдықталуы, стадион, спорттық жаттығу кешендерін де атап өтуге болады.

Қазіргі таңда сапалы білім беру мақсатында кафедрада 17 оқытушының ішінде 2 п.ғ.докторы, 2 PhD докторы, 4 п.ғ. кандидаты, 3 ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы, доценттер, аға оқытушылар еңбек етеді. «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 277 студент, 7 магистрант, 4 докторант білім алуда. Бүгінде кафедрамызда спорт түрлері бойынша жоғары деңгейдегі кәсіби спортшы-студенттер білім алуда. Оның ішінде екі студент Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері, 19 халықаралық деңгейдегі спорт шебері, 75 спорт шебері, 79 спорт шеберіне үміткер білім алушылар бар.

Сондай-ақ 50 шетелдік студент білім алуда. Негізінен, шетел студенттерінің контингенті Түрікменстан, Өзбекстан, Қытай елде-

рінен құралған. Олар да кафедраның спорттық, әлеуметтік және мәдени өміріне белсенді атсалысуда.

Біздің түлектер кәсіби тұрғыдағы педагогтар, спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар және нұсқаушылар болып әртүрлі жекеменшік және мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейді.

Кафедрада биылдан бастап PhD докторантура білім беру бағдарламасы бойынша «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына Витаутас Магнус университетінің (Литва) биология ғылымының докторы, профессор Казис Милашюс «Дене шынықтыру және спорт туралы ғылыми білімдер жүйесіндегі өзекті мәселелер», «Дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми зерттеулердің тарихы мен әдістемесі», «Ғылыми зерттеу әдістері», «Академиялық жазу» пәндері бойынша сабақ жүргізеді. Сонымен қатар ғалым кафедра докторанттарының шетелдік ғылыми жетекші жұмысын атқара отырып, профессорлармен бірігіп жоғары рейтингті журналдарға мақалалар жариялауда.

Кафедрадағы оқу үдерісі профессор-оқытушылардың жұмыс бағдарламасы мен типтік бағдарламаға сай ұйымдастырылған. Оқытушылар өздерінің жұмыс бағдарламаларын жаңа талаптарға сәйкес, үнемі жаңғыртып отырады. Студенттердің білім деңгейін тексеруде жаңа әдістер қолданып, өздерінің ғылыми жұмыстары барысындағы нәтижелерін оқу процесінде белсенді түрде қолданады.

Бакалаврлар мен магистранттардың ғы-

лыми жұмыстарда белсенділік танытуы PhD докторантураға түсу үшін алғышарт. Магистранттар өздерінің теориялық білімдерін тереңдетіп, зерттеушілік потенциалын кеңейте алады. Студенттік алмасу және академиялық мобильділік бағдарламаларының аясында кафедра студенттері мен магистранттары, докторанттары шетелдік университеттерге (Испания, Литва, Ресей, АҚШ-Шығыс Каролина) тағылымдамаға жіберіледі.

Сонымен қатар кафедра оқытушылары ERASMUS+ бағдарламасы бойынша «Мүмкіндігі шектеулі жандарға қызметтерді дамыту» атты жобаға қатысуда. Бүгінде Түркия, Ресей, Литва және т.б. ТМД мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып, білім алушы жастардың аталған университеттерде біліктілігін арттыруға, қосымша академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алуға мүмкіндік жасап отыр.

Университет факультеттерінің 1-2 курс студенттеріне міндетті пән ретінде денешынықтыру сабақтары өткізіліп, клубтық-спорттық секциялары 25 спорт түрі бойынша жұмыс атқарады. Олар: баскетбол, волейбол, еркін күрес, грек-рим күресі, дзюдо, тоғызқұмалақ, жүзу, бокс, бадминтон, шағын-футбол, шахмат, үстел теннисі, семсерлесу, жағажай волейболы, садақ ату, спорттық бағдарлау, самбо, қазақ күресі, армрестлинг, джиу-джитсу, «Денсаулық» тобы. Емдік денешынықтыру кабинетінде мүмкіндігі шектеулі студенттердің денешы-

нықтыру және спортпен шұғылдануларына жағдай жасалған.

Университетімізде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының ашылуы жетекші жоғары спорттық шеберліктері бар спортшылардың оқуға түсуіне жол ашты. Бұл өз кезегінде денешынықтыру және спортты дамытуда мол мүмкіндігінің бар екенін көрсете отырып, университеттің еліміздегі және халықаралық дәрежедегі имиджін арттыруға үлесін қосып отыр.

Кафедра тарапынан білім ордасында студенттердің және ұжымның денешынықтыру мен спортпен айналысуы насихатталып, оны іске асыру шаралары жасалуда. Осы мақсатта жоспарлы түрде спорттық жарыстар мен универсиадалар, мереке күндеріне арналған спорттық іс-шаралар өткізіледі. Осындай игілікті істер арқылы кафедра ұжымы университеттің денешынықтыру және спорт саласындағы жетістіктеріне айтарлықтай өзіндік үлестерін қосып келеді.

Дене тәрбиесі және спорттың жақсы жолға қойылуы әлемдегі барлық университетте оқу орнының табысты дамуының бір көрсеткіші болып саналады. Университетіміздің осы маңызды бағыттың дұрыс дамуына үлкен көңіл бөліп отырғанының жемісі ретінде ҚазҰУ-дың студенттік құрама командалары ЖОО-лар арасында өткізілетін универсиада ойындарында соңғы жылдары қатарынан сегіз дүркін жеңімпаз болуы үлкен еңбектің жемісі екенін айту керек.

Университет студенттері мен түлектері

спорттық жарыстарда мемлекетіміздің жетістігіне өз үлестерін қосып келеді. Атап айтар болсақ, олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері: Ермахан Ыбырайымов (бокстан Сидней-2000 олимпиадасының чемпионы), Дмитрий Баландин (суда жүзу, Рио-2016 олимпиадасының чемпионы), Елдос Сметов (дзюдо, Рио-2016 олимпиадасының күміс жүлдегері, Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері), Игорь Сон (ауыр атлетика, Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері), Эльмира Сыздықова (әйелдер күресі, Рио-2016 олимпиадасының қола жүлдегері), Жұмағали Нұрдәулет (суда жүзу, Токио-2020 паралимпиада ойындарының қола жүлдегері) т.б. әлемдік аренада ел мерейін үстем етті. Бұл жетістіктер Қазақ ұлттық университетінде білім алумен қатар, спортпен шұғылдануға да қажетті жағдайлардың бар екенінің көрсеткіші.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында, сондай-ақ алдағы уақыттарда атқаратын үлкен

жоспарлар бар. Жоспардың негізгі бағыттары түлектерге жұмыс берушілердің талаптарына сай маман даярлауға арналған оқу бағдарламаларын дайындау, білім алушылардың теориялық білімдерін тәжірибелік тұрғыда іске асыруды қамтамасыз ететін (орта мектептерде, спорт мектептерінде, спорттық колледждерде) университеттің арнайы тәжірибелік бөлімдерін ашу, қосымша спорттық секциялар ашу, кафедрада ғылыми мәселелерді зерттеуге қажетті лаборатория жасақтау секілді маңызды істер жоспарға енгізіліп отыр.

Тәуелсіздік жылдары Дене шынықтыру және спорт кафедрасының ашылып, тыңғылықты жұмыс істей бастауы студенттік спорттың дамуына тың серпіліс әкелді. Бұл өз кезегінде студенттер мен түлектеріміздің халықаралық жарыстарда топ жарып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік туғызды. Талай халықаралық жарыстарда еліміздің көк байрағы желбіреп, әнұраны шырқалды.

## *Егемен елдің болашағы – саналы ұрпақ*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті университет ректоры Жансейіт Қансейітұлының байыпты бағыттауы мен сындарлы саясатының арқасында талай асулардан асып, толағай табыстар мен жемісті жетістіктерге жетті. Сонау 2009 жылы еліміздің сол тұстағы Білім және ғылым министрі, қазіргі ректор Жансейіт Түймебаевтың әрі Еуропа кеңесінің және Болон үдерісінің жұмыс тобы өкілдерінің қатысуымен университетімізде Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы жөніндегі комиссиясының жұмыс отырысы өтті. Еліміз посткеңестік кеңістікте Орталық Азия елдерінің арасында Еуропа аймағында жоғары білімге қатысты біліктілікті мойындау жөніндегі Лиссабон



**Асқар ДӘУЛЕТОВ,**  
*физика-математика  
ғылымдарының докторы, профессор,  
физика-техникалық факультетінің  
деканы*



**Салтанат БӨЛЕГЕНОВА,**  
*физика-математика  
ғылымдарының докторы, профессор,  
Жылуфизика және техникалық  
физика кафедрасының меңгерушісі*



конвенциясына қол қойған ең алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардағы әлемдік білім кеңістігінде Қазақстанның беделін паш ету мақсатындағы еуропалық мәдени біліктілікті бекіту бағытында жасалған алғашқы ауқымды қадамдардың бірі осы еді.

Еуропалық білімге қолжетімділік аясын кеңейту, оның сапасын жақсарту, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын арттыру мақсатында физикатехникалық факультетінің Жылуфизика және техникалық физика кафедрасы Еуропа кеңесінің қаржыландыруымен жүзеге асырылатын «Ресей мен Қазақстанның жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауда қалдықтарды орнықты басқару облысында біліктілікті арттыру» Erasmus+ бағдарламасы шеңберінде жоба грантын жеңіп алды. Біздің университетімізден бөлек, жобаға Ресей, Дания, Финляндия, Испанияның жетекші жоғары оқу орындары мен еліміздің өзге өңірлеріндегі білім ордалары қатысады. Аталмыш жоба аясында жергілікті оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін жан-жақты дамыту арқылы Қазақстан мен Ресейдің физика ғылымдары мен қоршаған ортаны қорғау облысындағы жоғары білім беру жүйесін модернизациялау, қолжетімділігін арттыру және оны жалпыұлттандыру идеясы жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жоба қатысушыларының барынша күш салып, еселеп еткен еңбектерінің арқасында қалдықтарды орнықты басқару саласында сегізге жуық онлайн-оқыту мо-

дальдері қалыптастырылып, оқу үдерісіне сәтті түрде интеграцияланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылымды басқару жүйесін модернизациялау, ғылыми әлеует сапасын арттыру, оны қаржыландыру мен инновацияларды бейімдеу туралы тапсырмасы еліміздің экономикасын едәуір өсіретін принциптік тұрғыдан жаңа шешімдерді талап етеді. Тәуелсіздік алғалы бері Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаты мен қолдауының арқасында елімізде жетекші ғылыми мектептер мен ұйымдардың тарамдалған желісі сақталып қалды, ғылым туралы прогрессивті заң қабылданып, қазақстандық бірқатар білікті ғалымдармен ғылымның алуан түрлі саласында айтарлықтай жетістікке жеттік. Кафедрамызда шетелдік университетаралық іскерлік қарым-қатынасты дамытудың түйінді бағыттарының бірі – магистранттар мен докторанттарға бірлескен білім беру бағдарламаларының аясында университеттің және шетелдік серіктес-университеттің дипломын иеленіп шығу мүмкіндігі қарастырылған. Магистратура деңгейінде «Техникалық физика», «Жылуэнергетикасы» және «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» білім беру бағдарламаларының аясында Ақпараттық технологиялар, механика және оптика Санкт-Петербург ұлттық университеті, Томск политехникалық университеті, Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, Мәскеу энергетикалық институты (Ресей), Каунас технологиялық университеті, Вильнюс техникалық университеті (Литва) сияқты

білім ордаларымен тығыз байланыс орнатылып, көптеген түлектер түлеп ұшып, өмірден өз орындарын таба білді. Докторантура деңгейінде білімгерлеріміз Франция, Чехия, Германия, Испания, АҚШ, Дания сияқты еуропалық мемлекеттердің үздік білім және ғылым ордаларында біліктіліктерін шыңдап, тәжірибе алмасып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің Жылуфизика және техникалық физика кафедрасы меңгерушісінің Каунас технологиялық университетінде болған іскерлік іссапарының аясында Метрология институтымен келісімшарт жасалып, кафедрамыздың түрлі зерттеу бағыттары бойынша ғылыми семинарлар ұйымдастырылып, жемісті еңбектің нәтижесінде импакт-факторы жоғары басылымдарда мақалалар жариялануда.

Қазіргі таңда шетелдік әріптестермен иық тіресе, білек сыбана жұмыс істеудің нәтижесінде «Жасыл технологиялар», «Интеллектуалды энергетика» Smart Grid және Smart Metering концепциялары негізінде энергетикалық жүйелерді қалыптастыру сияқты салаларда мамандар даярлаудағы жаңа трендтерге көбірек көңіл бөлу қолға алынды. Осы мақсатта кафедрамыздың білікті профессорлары, жас ғалымдары мен докторанттары Erasmus+, Mevlana, Orhun, IAESTE, Abay-Verne, DAAD және т.б. халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысып, шетелдік авторлармен бірлесе жұмыс жасауда. Кафедрамыздың ғылыми мектептерінің бағыттарына сәйкес әзірленген

әртүрлі арнайы курстардың шеңберінде заманауи қолданбалы бағдарламалар пакетін пайдаланып, компьютерлік модельдеудің қыр-сырын үйрету көзделген. Атап айтсақ, KIVA, OpenFoam, Furnace, CoalDust, Эра-Воздух, Эра-Отходы, SimaPro сандық технологиялардың көмегімен болашақ энергетиктер мен инженерлер нақты жылуэнергетикалық орталықтардың жану камераларында орналасатын жанарғылардың тиімді параметрлерін таңдай отырып, ондағы орын алатын физика-химиялық жану процестерінің симуляциясын жүзеге асыра алады. Сонымен қатар қазіргі ғаламдық масштабтағы климаттың жылынуы мен мегаполистердің атмосферасының шаң-газды қалдықтармен ластану мәселелерінің алдын алу мақсатында жылу электр стансаларының қызметі нәтижесіндегі зиянды факторлардың қоршаған ортаға әсерін бағалай алады.

Кафедрамызда жоғары оқу орнын тамамдап, жаңа өмірге қадам басқан түлектерді жұмыспен қамтудың жаңа форматтары қарастырылған. Университетімізде өтетін жыл сайынғы вакансиялар жәрмеңкесінен бөлек, альтернативті шешімдер іздестірілді. Бұл мақсатта Жылуфизика және техникалық физика кафедрасы ұлттық университетте соңғы жылдары жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынас және іскерлік туралы мәселелермен арнайы жасақталған Мансап және бизнес орталығымен бірлесе отырып, студенттер мен магистранттардың өндірістік тәжірибесін жандандырды.

Кафедрамыздың білім беру бағдарламалары бойынша студенттер еліміздің ірі ғы-

лыми-техникалық орталықтарында, көп-салалы кәсіпорындарында және іргелі коммуникациялық мекемелерде болашақ мамандығына сәйкес практика өту мүмкіндігіне ие болды. Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының бұл саладағы ірі серіктестерінің қатарында «KEGOC» АҚ, «Сайман корпорациясы» ЖШС, Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, «Алматыжылужайэнерго» ЖШС, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ, «Транстелеком» АҚ, «Жану мәселелерінің институты» РМК, «ҚазТрансОйл» АҚ және т.б. өзге ірі жергілікті кәсіпорындар бар. Аталған кәсіпорындармен орнатылған тығыз іскерлік қарым-қатынасты нығайту, оның ішінде кафедраның «Жылуэнергетикасы» және «Техникалық физика» білім беру бағдарламаларында оқып жатқан студенттер мен магистранттардың өндірістік практикасын ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету, болашақ түлектерді оқу аяқталған соң жұмыспен қамту әрі алғыр, тиянақты, білімі мен тәртібі бір арнаға тоғысатын белді студенттерге компания тарапынан шәкіртақы тағайындау сияқты ұзақ мерзімді жоспарлар жүзеге асырылды. Сонымен қатар байырғы дәстүр бойынша және еліміздің «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының жарғысына сәйкес, мүдделі жұмыс беруші серіктестерді оқу процесіне тарту әрі жұмылдыру ұранымен кафедраның білім беру бағдарламаларын жасауға компания өкілдерінің қатысуы

көзделген. Кафедрамызға тән білім беру бағдарламаларының негізгі оқу жоспарын, паспортын жасауға, пәндер каталогындағы арнайы курстар мен базалық пәндерді қалыптастыруға компания өкілдері аянбай атсалысып келеді. Бұл студенттерді оқыту барысында іргелі физика заңдарынан бөлек, заманауи жоғары оқу орындарының ұстанымы мен жұмыс беруші кәсіпорындар мен компаниялардың да талаптарын ескеретін тиянақты оқыту кешенін қалыптастырудағы үлкен қадам деп есептейміз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультеті ғаламдық жаһандану шеңберінде бүкіләлемдік жер бетінің экологиясын сақтау тарапындағы еліміздің саясатын қолдай отырып, оған үлес қосу бағытында белсенді жұмыстар атқаруда. Заман буынан тыс қалмай, ғаламдық масштабтағы мәселелерге көз жұмып қарап отыра алмайтын, болашақ ұрпаққа экологиялық таза мекенді мирас етіп қалдыруды жөн көретін Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының ұстаздары өскелең ұрпақ тәрбиесінде қоршаған ортаға деген жауапкершілікті сіңіріп, өзінен кейінгі қалатын эконоимнің әсері туралы ой салу мақсатында түрлі экологиялық-концептуалды шараларды ұйымдастырып келеді. Осы салада кафедра ұжымы Ресей, Финляндия, Дания мемлекеттерінің жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды пайдалы жүзеге асыру және орнықты даму тақырыбындағы халықаралық жоба төңірегінде көлемді жұмыстар істеді. Жастарды қоршаған ор-

таны қорғау, оның тазалығына көңіл бөлу, заманауи қалдықтарды өңдеу орындарымен таныстыру, олардың бойында қоқысты қалдықтарды саналы тұтыну мәдениетіне баулу мақсатында кафедрamızда студенттердің міндетті өндірістік практикасы аясында осы бағыттағы бірқатар кәсіпорындармен тығыз жұмыс істелуде. Практика барысында студенттер қалдықтарды сұрыптау зауытында болып, осы саладағы кәсіпорындардың жалпы қызметімен танысады. Ондағы қалдықтарды іріктеу және өңдеу технологиясын көріп, кәсіпорын тарапынан тағайындалған жетекші берген тапсырмаларды орындайды.

Алматы қаласының өзінде бір күнде 80 тоннадан аса қағаз, пластик, шыны және алюминий қалдықтары жиналады екен. Кәсіпорын басшыларының ұйғарымымен жүргізілген кішігірім эксперимент бары-

сында студенттерге жүктелген тапсырма бойынша қалада орналасқан 30-дан аса экобөлімшелердің қызметі тексеріліп, халықаралық стандарттар негізіндегі заттардың маркалануына сай сұрыптау технологиясы зерттелінді. Өз тұрмысына өзгертулер енгізіп, ғаламға пайдасын тигізуді қалайтын әрбір тұлға осы аталған экопункттердің қызметіне жүгіне алады. Қазірдің өзінде кафедра тарапынан студенттерді қоршаған ортаны аялауға және тұлғаның өзінен кейінгі қалдыратын экоізіне немқұрайды қарамауына дағдыландыру үшін кабинеттерге қалдықтарды бөліп, ажыратып салуға міндеттелген экобокстар орнатылды. Бұл тек өзінің ғана емес, әлемнің болашағына ой салатын, егемен елдің болашағы – саналы ұрпақ тәрбиесіндегі аса маңызды қадамның бірі деп есептейміз.







GASTRUCAL HINCHIKHAYANA



Abonament yep  
Abonamentus  
Subscriptions  
←

INTERNET OPTICISM







## *Наука. Образование. Независимость*

В этом году мы отмечаем 30-летие главного национального праздника, дня Независимости, образования суверенного государства – Республики Казахстан. Казахстан за годы Независимости стал процветающей, развивающейся страной, известной на международной арене. Здесь создана новая политическая система, основанная на базовых принципах демократии, сформировано соответствующее законодательство, создан и продолжает совершенствоваться эффективный аппарат государственного управления. Большим достижением Казахстана являются успехи страны на международной арене, в том числе инициативы в сфере Евразийской экономической интеграции,



**Маргулан ИБРАИМОВ,**  
*доктор PhD, заведующий  
кафедрой физики твердого  
тела и нелинейной физики*

**Алдияр АГИШЕВ,**  
*доктор PhD, заместитель  
заведующего кафедрой  
по учебной, методической и  
воспитательной работе*



региональное экономическое и политическое лидерство. Сегодня Казахстан является членом ведущих международных организаций.

## **НАУКА – НЕЗАВИСИМОСТЬ В СУЖДЕНИЯХ, СОЗИДАНИЕ**

В 2012 году Казахстан вошел в число 50-ти конкурентоспособных стран мира в глобальном отчете Всемирного экономического форума 2013-2014 года. За период Независимости Казахстан привлек огромное количество иностранных инвестиций из США, Франции, России, Италии, Японии и не только в денежном эквиваленте, но и в виде специалистов высокой квалификации, мирового опыта и наиболее успешных моделей развития. Решены задачи по нормализации экономической и политической ситуаций в стране. Ведется укрепление независимости и международной роли Казахстана через создание самостоятельных институтов.

Из практики, признаком высоко развитого государства принято считать наличие авторитета Науки и особого внимания к ее развитию обществом, в целом. Развитие науки – это трудоемкий процесс, что невозможно достигнуть ни умом, ни богатством, душевное спокойствие, доступное только высшей нравственности, присущей исключительно всесторонне образованному, и интеллигентному обществу.

С начала 2017 года в Казахстане реализуется третья модернизация, задачи которой были поставлены Президентом в Послании народу «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Как подчеркнул Н.А. Назарбаев, эта модернизация – надежный мост в будущее, навстречу целям «Стратегии-2050». Она проводится на базе Плана нации «100 конкретных шагов» по реализации Пяти институциональных реформ, в число которых входит пять основных приоритетов модернизации, призванных обеспечить темпы роста экономики выше среднемировых и устойчивое продвижение в число 30 передовых стран. Первый приоритет – это ускоренная технологическая модернизация экономики. Второй приоритет – кардинальное улучшение и расширение бизнес-среды. Третий – макроэкономическая стабильность. Четвертый приоритет – улучшение качества человеческого капитала. Пятый приоритет – институциональные преобразования, безопасность и борьба с коррупцией.

Выполнение поставленных задач сами по себе требуют интеллектуалов, инноваций, развития науки и научной среды как целого. Согласно поставленной задаче, Казахский Национальный Университет принял вектор трансформации из классического в исследовательский ВУЗ. В университете проводятся научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы. Ученые, связанные с университетом, продвигают имя ведущего учебного заведения

Нельзя не заметить, что во многом культурная жизнь и духовная жизнь Казахстана последних тридцати лет, по сути, означала духовное возрождение, реабилитацию традиционных учений и верований народа, в том числе и религии отцов, дедов и прадедов. И эта деятельность означала не только воссоздание духовных институтов, открытие медресе и семинариев, академий разных уровней, строительство мечетей и храмов узаконенных конфессий, но и многостороннюю работу университетов, факультетов, кафедр по изучению культуры народа в прошлом, традиций, верований, обрядов и обычаев, календарных праздников, национальных игр и состязаний, в том числе и Наурыза. Перед учеными, творческой интеллигенцией встала задача по изучению и возрождению духовного космоса нашего народа. Кафедры филологического

факультета КазНУ им. аль-Фараби приняли посильное участие в этой работе, в том числе и в рамках Государственных программ «Культурное наследие», «Рухани жангыру», Празднования 175-летнего юбилея со дня рождения Абая. Плодотворным результатом этой исследовательской работы стали десятки научных проектов, инициированных как университетом, так и МОН РК, издание сотен статей, монографий и учебных пособий, в том числе и в зарубежных высокорейтинговых изданиях. В рамках этой работы необходимо было гораздо глубже и системно осмыслить историческую и онтологическую сущность традиционных верований и предназначение религии, так как в культурогенезе религия, литература и мифология всегда синхронно взаимодействовали, иногда тесно переплетаясь и коррелируясь.

Как известно, в советское время отношение к религии со стороны партии и правительство было враждебным, нередко агрессивным, уничтожению подвергалось не только духовное тело религии, но и материальное, были репрессированы и уничтожены сотни тысяч священнослужителей разных религий. Одним из последствий такой политики стала экспансия бездуховности, нигилизма, отчуждения между людьми и социальными слоями, разрушение традиционных семейно-родственных отношений, уничтожение и забвение памятников культуры, нивелирование самой культуры с выкорчевыванием ее самого глубокого духовного слоя. К

примеру, в истории казахской литературы появились целые зоны белых пятен, то есть запретных тем, которые нельзя было изучать, в их числе протоказахская мифология, литература с религиозным содержанием (кисса и дастаны), поэзия течения Зар заман, литература поэтов-книжников, ориентирующихся на арабо-персидскую культуру, творчество Шакарима Кудайбердиева, Ахмета Байтурсынова, Халела Досмухамедова, Магжана Жумабаева, Алихана Бокейханова, Шангерей Бокеева, Машхур Жусуп Копеева, Жусупбека Аймауытова, Миржакыпа Дулатова и др., любые тексты, так или иначе связанные с голодомором. Для преодоления пагубных последствий репрессивной идеологии и политики в девяностых и двухтысячных годах кафедр филологического факультета КазНУ им. аль-Фараби пришлось провести большую научно-организационную, интеллектуальную и предварительную работу по переосмыслению всего, что касалось духовной сферы народа Казахстана, и особенно – взаимосвязи науки, литературы, мифологии и религии.

На весьма сложном и трудном этапе системных реформ, оптимизации кафедр, укрупнения их в гуманитарные циклы, изменения образовательных и учебных программ, выработки новых стандартов обучения, глубокой трансформации научно-методических основ обучения в университетах и вузах Казахстана, перехода на, так называемую, Болонскую систему, поиска своей парадигмы высшим образо-

ванием в Республике Казахстан, своего направления в условиях Независимости, кафедру русской филологии и мировой литературы возглавила доктор филологических наук, профессор Баян Омирбековна Джолдасбекова.

Изучение и восстановление в истории казахской литературы творчества акынов-жырау, то есть огромного периода в пять веков, позволило не только заполнить вакуум, созданный идеологами и полпредами большевизма, безжалостно растаптывавшими национальные культуры, но и реконструировать естественную духовно-онтологическую картину поэтапного развития казахской литературы. Именно когда она после древнетюркского периода, после принятия ислама, арабской графики, распада Золотой орды начала восходить к вершинам национального самосознания и аутентичности, обслуживая глубинные запросы формирующейся нации. Этой работой занималась большая группа казахских литературоведов, в том числе коллектив кафедры казахской литературы КазНУ им. аль-Фараби во главе с академиками З.К. Кабдоловым, Т. Какишевым.

Говоря о духовном содержании важнейших этапов казахской литературы, нельзя не упомянуть такую знаковую фигуру, как Абай Кунанбаев. Этот великан новой эстетики, направивший национальную литературу в русло интравертного развития словесности XIX в., нес с собой естественную для него народную духовность, укорененную в исламе, безграничное

мифо-поэтическое мироощущение, чутко понятое и прекрасно переданное потом в знаменитой эпопее М.О.Ауэзова «Путь Абая». Однако нельзя не сказать и о том, что творчество Абая было все же идеологически откорректировано комментаторами и препарировано в таком духе, что Абай предстал перед обществом едва ли не борцом с исламом. Это автор открыл для себя, еще работая над монографией «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в казахской литературе. Типология, эстетика, генезис». Об этом настойчиво говорили ему академики З.К.Кабдолов, Т.Какишев, доктор филологических наук Х. Суюйншалиев. Поэтому встала задача проштудировать поэзию и прозу Абая заново и восстановить его истинный духовный облик. Для этого он отправился работать в мемориальный дом-музей Абая в Семипалатинске, где пришлось читать тексты Абая с помощью арабистов. Выяснилось следующее – 25 процентов стихотворений Абая и почти половина его прозы наполнены религиозным содержанием, и не являются критикой ислама, а, напротив, выступают апелляцией к богу, они нередко оформлены как своего рода

реминисценции и упования. В советское время все это было предано забвению, переинтерпретировано, или просто вычеркивалось из абаеведения. Необходимо было восстановить подлинный духовный портрет Абая и вернуть его народу в первоизданном виде. К счастью в этот период на филологическом факультете КазНУ им. аль-Фараби был открыт научно-исследовательский институт, названный именем Абая. Институт возглавил доктор филологических наук, профессор Ж.Дадебаев. Именно в этом институте коллектив ученых развернул большую научно-исследовательскую работу по изучению, реконструкции и изданию как произведений Абая, так и наиболее значимых трудов по творчеству поэта. Итогом многолетней работы коллектива стало издание 40-томного собрания трудов по творчеству Абая Кунанбаева. В последние годы эта работа велась под эгидой Государственной программы «Празднования 175-летнего юбилея со дня рождения Абая». Это, конечно, весомый результат, в этом многотомном собрании представлены все более или менее значимые исследования по абаеведению за последние тридцать лет.

## Ұлт тұтастығының тұғыры – тіл



**Анаркүл  
САЛҚЫНБАЙ,**  
*филология  
ғылымының  
докторы, профессор*

Қазақстан тәуелсіздігіне – 30 жыл. Дүниауи болмысты уақыт пен кеңістік ұғымына салып, кең шеңбер аясында ой зерделесек, 30 жыл аса көп мезгіл емес те болар. Алайда еліміздің қазіргі даму үдерісінде болып жатқан күрделі өзгерістердің сандық та, сапалық та маңызы ерекше, сипаты бөлек. Дос қуанып, дұшпан тамсанып айтатын бұл ұлы өзгерістердің тәуелсіздік туы астында, Елбасының шебер бастауы мен парасатты басшылығының, шебер саясатының нәтижесінде басталғаны әлем жұртшылығына аян.

«Бұрындары жүзжылдықтар мен онжылдықтарға созылатын іс бүгіндері қас қағымда атқарылады», – деп жазды Елбасымыз «Сындарлы он жыл» атты зерттеу еңбегінде. Бұрынғы «қара қазан, сары бала» қамы үшін атқа қонған ел азаматтары бір рулы елдің жоғын жоқтап, мұңын мұндаса, бүгінгі ел тұлғасы ер-тұлға соңында қалың қазақ жұрты бар, қолында қазақстандықтар мұңы мен мемлекет мүддесі бар. Уақыт талабы тым қатал болды, «өмірімізге енетін жаһанданудың жағымды-жағымсыз болуы тек бізге ғана, жарасым мен жақсылыққа ұмтылған біздің сезуіміз бен түйсігімізге ғана байланысты емес қой». Бір қоғамда өмір сүріп отырғандықтан, көршіңмен де санасу керек, өзіңнің мүдденді де қорғап, барынша есеңді жібермей,

тиістіңді алуың қажет. «Аңғарып болмас факторлар өзгелермен санасуды қажет етеді».

Отыз жылдағы ірі саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік өзгерістердің ауқымы кең, болмысы бөлек. Ең бастысы, қазақстандықтардың қоғамдық санасында ірі өзгеріс болды, ұлттық сана сілкінді, қарым-қатынастық санада, тілдік санада айтарлықтай жетістіктерге қол жетті.

Бүгінгі «Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тек мерейтой деп санауға болмайды. Ең алдымен бұл тарихи оқиғаға идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұл сөздің мән-мағынасы терең. 30 жылдық мерейтой – Қазақ еліндегі тәу етер тәуелсіздігіміздің мерейлі жылы ғана емес, ұлттық сананың өсу, толысу жылдары. Кеңес кезеңі сіңірген құлдық сананы бірте-бірте ойсырата жеңіп, құлдырата артқа құлатып, ұлттық болмысымызды тауып, танып, қазақстандық этникалық топтар мен қазақ ұлтының бірлігін сақтай отырып алға адымдау, іргедегі ұлы елдермен достық қатынасты сақтап, өзімізді бетке ала экономиканы құру, ұлттық мәдениетті жаңғырту, «Мәдени мұраны» қайта түлету, рухани жаңғыру, болашаққа бағамы берік байсалды бағдар жасау.

Ұлт тұтастығының тұғыры саналатын тіл саясатының мемлекеттік деңгейде шешілуі өте өзекті әрі маңызды мәселе. Бұл – қазақ халқының рухани болмысының негізін сақтап дамыту, ұлттық идеологиялық саясаттың шешілуі деген сөз. Елбасымыз айтқандай, қазақ халқы бұрындары жүз

жылдар бойы, тіпті мың жылдар бойы аңсап келген тәуелсіздігінің арқасында тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде өзінің ана тілінің статусын Конституция арқылы белгілеп, бірінші рет қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Қазақстандағы тіл саясаты мен оның шешілуі туралы мынадай негізгі мәселелерді атап өткен жөн.

Біріншіден, қазіргі таңда көпдиаспоралы Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің заңды бекуінің тарихи маңызы зор. Бұл – мемлекеттің тіл саясатын жүргізудегі ең басты шешкен тарихи мәселесі, яғни қазақ тілі конституциялық өзінің заңды тұғырына тарихта бірінші рет қондырылып, мемлекеттің өзге де ресми рәміздерімен бірдей санатқа еніп, бірдей қорғалады.

Екіншіден, мемлекеттік деңгейде ісқағаздарының қазақ тілінде жүргізілуі тарихта тұңғыш рет қолға алынып, бірте-бірте жүзеге асырылып келеді. Бұл тіл саясатының толық жүруі мен мемлекеттік тілдің орнығуының басты кепілі. Татулық пен тұрақтылықты, ұлтаралық, дінаралық келісімді ту еткен, толеранттылық жалауын желбіреткен Қазақ елі үшін бұл тұрғыда атқарылар істің мол екені басқа әңгіме. Бастысы – ғасырлар бойы мызғымай жатқан сең сөгілді, түзу тіл саясаты орнықты. Министрліктерде, облыстар мен қалаларда ісқағаздарын мемлекеттік тілге көшіру мәселесі кең етек алды.

Үшіншіден, мектепте, жоғары оқу орындарында қазақ тілі арнайы пән ретінде оқы-

тылуы, мемлекеттік тест сұрақтарына енуі.

Тілдің дамуы немесе тұйықталуы мемлекетте жүргізілетін тілдік саясатпен тікелей байланысты. Жазу-сызу аса дами қоймаған, негізгі ақпараттық кеңістік жазба тілде емес, ауызекі сөйлеу тілінде болып, халық әдеби тілінің қаймағы бұзыла қоймаған уақытта бұл соншалықты күрделі мәселе болмады. Хабарлар ұзынқұлақ арқылы жетіп, бала ана әлдиімен оянып, әже айтқан батырлар жырымен тәрбиеленген уақыт алыста қалғалы қашан.

Қазіргі жағдай мүлде басқаша. Бесік жырынан бастап, қоғамдағы барлық ақпараттық кеңістік эфир мен жазудың қолында. Эфир мен жазу арқылы сөйлеу тілінің орфоэпиясы мен орфографиясы анықталады, терминдік атаулар қалыптасады, балабақша мен мектептен бастап оқыту жүйесінде мемлекеттік саясат анықтайтын жүйе ұрпақ бойына өз мүддесін сіңіре алады. Мұндай жағдайда сөйлеу тілін де, жалпы, тілдің өзін де саясатпен басқару әлдеқайда жеңіл, сондықтан қазіргі ұлт тілінің дамуын белгілеу, оны жоспарлау, тіл болашағын өркендету үшін мемлекеттің тіл саясатының маңызы тым мәнді.

Қазақ тілінің әлеуметтік жағдайынан, қолданыс аясынан бастап, тілдің ғылыми сипатына дейін, яғни әліпби, сөйлеу, жазу, терминология, топонимика, лексикография, орфография және т.б. мәселелерді қамтыған қазақ ұлтының рухани көсемі А.Байтұрсынұлының тұжырымды ойлары тіл саясатының негізіне алынуы тиіс.

Төртіншіден, ғылыми терминологияны

қалыптастыратын әр ғылым саласы бойынша терминологиялық сөздіктер мен екі тілдік аударма сөздіктердің шығуы. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясы мен әдеби тіл ретіндегі қызметін дамыту, жетілдіру мақсатында жүргізілген бұл қыруар жұмыстың нәтижелі болуы да мемлекеттік тілге деген оң көзқараспен ұштасады. Лексикография мен терминология мәселесінің ерекше қарастырылуы олардың ғылыми-теориялық маңыздылығы мен практикалық жағынан өзектілігімен, зәрулігімен байланысты.

Бесіншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жасалған аудармалар мен қазақ әдебиеті мұраларының көп том болып шығуы.

Бұрын тек архивте жатқан мұралардың тірілуі, қайта басылып жарыққа шығуы қазақ әдеби тілінің баюына, қолданыс аясының кеңеюіне кең жол ашады. Әлемдік көркем туындылар мен ғылыми туындылардың, философиялық еңбектердің қазақ тіліне аударылуы болашақта қазақ ғылымының, мәдениетінің дамуына зор импульс болары сөзсіз.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақ елінің болашақ дамуының басты тетігінің бірі ғылым мен білім, инновация екенін көрегендікпен танып-біліп, қазақстандық жастарды білім мен ғылымның шыңына шыққан елдерге оқу-білім жинауға жіберу үшін «Болашақ» бағдарламасын ұйымдастырғаны көпке белгілі. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілі-



гіне пайдалану үшін, шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген еді. Кейінірек бұл бағдарлама бойынша ғалымдар да шетелде ағылшынша тіл сындырып, шетелдік оқыту тәжірибесімен алмасып, біліктілігін жетілдіріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейде жетілдіруге мүмкіндік алды.

2013/14 оқу жылында осындай мүмкіндік біздің де есігімізді қағып, АҚШ-та Мадисон университетінің түркітану бөлімінде «Классикалық филология» мамандығы бойынша бір жылдық тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алдық. Негізгі мақсат – ХХІ ғасырдағы түркітану ғылымының (қазақ тіл білімінің де) әлемдік ғылым мен мәдениеттегі орнын көрсету; АҚШ-тағы түркітану орталықтарының ғылыми бағыттарымен, ғылыми зерттеулерімен танысу; түркітанудың басты ғылыми даму парадигмаларын белгілеу; көне түбірлердің даму семантизациясын анықтау үшін ғылыми кешенді салыстырулар, салғастырулар жасау. Түркітану ғылымының әлемдік ғылымдағы орнын саралап, бүгінгі түркітану ғылымы бойынша Америкада жасалып жатқан ғылыми зерттеулермен тікелей танысып, олардың ғылыми-теориялық ерекшеліктерін, ғылыми жаңалықтарын зерделеп, бүгінгі қазақ тіл білімінің әлемдегі өзіндік орнын тану да қажет еді. ХХ ғасырдағы кеңестік түркітану ғылымы жоғары деңгейде дамып, сала бойынша іргелі ғылыми зерттеулер бергені белгілі. Қазіргі түркітануда да осы із сақталып отыр. Жалпы, түркітану ғылымында қазақ ғалымдарының да қосқан үлесі мол,

мәселе соны айшықтап көрсету, түркітанушы ғалымдар зерттеулерін (М.Томанов, Т.Қордабаев, Ә.Құрышжанов, А.Аманжолов, Н.Келімбетов, Қ.Өмірәлиев т.б.) шетел тілдеріне жинақтап аударып, таныстыру қажет. Біз осы мақсат жолында «Қазақ тіл білімінің тарихы» атты зерттеуімізді жаздық.

«Дүние де – өзі, мал да – өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз», –

деген ұлы Абай насихатын бірде бағалап, бірде бағаламай келе жатқан қазақ жұртының ғылымнан алар еншісі әлі алда деп түсініп, АҚШ-тағы түркітану орталықтарының ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыттарымен танысып, әлемдік ғылымға түркітану ғылымының ғылыми-теориялық деңгейі, түркітанудың даму бағыттарын анықтауды басты бағыт ретінде ұстадық. Қазіргі таңда Қазақ тіл білімі кафедрасында алған білігіміз бен тәжірибемізді отандық тіл білімі мен білім берудің әлемдік деңгейде дамуына пайдалану үстіндеміз. Кафедра ұстаздары мен ғалымдары да Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында жемісті еңбек етуде. Қазақ ұлттық әдеби тілі мен оның даму жолдарын ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени кеңістікте ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, лингвистикалық және мәдени мәселелерді анықтайды.

Бүгінде рухани мәдениетіміздің ілгері дамуында жолбасшы құжат ретінде танылуы тиіс Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелдене

түсуіне, салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, жаңғырта дамытуға үндейді. «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деуі бүгінгі ұстаздардың алдына үлкен мақсат биігін нұсқайды. Ұлттық құндылық тек ұлт үшін емес, адамзаттық мәдениеттің көкжиегінің кең болуы үшін, тынысының кең, тұғырының биік болуы үшін маңызды. Адам баласының гармониялы дамуы үшін маңызды. Құндылықты бағалау – өмірдің мағыналы болуын айқындайтын маңызды феномен. Құндылықты бағалау арқылы айналадағы болып жатқан ірілі-ұсақты оқиғалар мен жағдайлардың

бағыты мен бағдарын айқындап, әлеуметтік, мәдени, тіпті саяси процестердің динамикасын саралап, жүйелі түсінік беруге болар еді. Құндылықтар сапында ұлттық кодтар мықшегедей бекіген, бекітілген. Құндылыққа айналуының өзі оның бойындағы ұлттың мәдени-рухани кодының болуымен байланысты. Құндылық – дүниетанымның рухани өзегі, қоғамда қалыптасатын сан алуан жағдаяттардың тарихи себептері мен мәнін түсінуге мүмкіндік беретін негіз. Басты таразы осы құндылық болмаққа керек. Өйткені халықтың немесе этностың ерекшелігі мен бірегейлігін айқындайтын – осы ұлттық құндылықтар.



Қош келдіңіз!  
Добро пожаловать!

ОРЗАҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ









Д.И.Балаңдин атындагы  
жүзу бассейні





**Плавательный бассейн  
имени Д.И.Баландина**





## *Плоды нашей независимости*

На современном этапе развития Казахстана, когда наше государство прочно интегрировалось в мировое пространство, когда сформировались качественно новые взаимоотношения нашей страны с членами мирового сообщества, успешное овладение иностранным языком нашей студенческой молодежью, будущими специалистами, стало потребностью общества и, соответственно, социальным заказом на сегодняшний день. Всё это заставило наполнить новым содержанием цели обучения иностранным языкам, методики их преподавания и потребовало расширения их функции как учебного предмета с учетом лучшего мирового опыта обучения языкам.

Известно, что цель всегда отражает потребности общества на определенном этапе его развития и всегда соответствует



**Айжан МУЛДАГАЛИЕВА,**  
*кандидат филологических  
наук, доцент*

**Шолпан ГУМАРОВА,**  
*ст. преподаватель*



социальному заказу. Именно в этот момент вспоминается цели изучения иностранным языкам как предмету в учебной программе обучения студентов высшей школы Казахстана в Советский период.

Начнем с того, что было время, когда предмет «Иностранный язык» отсутствовал в университетском учебном плане студентов казахского отделения и согласно университетскому учебному плану, иностранный язык был только в программе групп с русским языком обучения, а студенты казахского отделений изучали русский язык. В типовой программе цель изучения иностранного языка звучала следующим образом: научить студентов умению чтения и перевода оригинальной литературы для извлечения необходимой информации для работы по выбранной специальности и навыкам устной речи в пределах пройденных тем.

Тот факт, что в учебной программе казахского отделения отсутствовал предмет «Иностранный язык», выпускникам казахских отделений преграждал путь к поступлению в аспирантуру. Вступительные экзамены в аспирантуру включали предметы «Иностранный язык», «Философия» и экзамен по специальности. Курсов, обучающихся иностранным языкам как в настоящее время, не было. А выучить иностранный язык самостоятельно, как известно, проблематично, поэтому им приходилось долго изучать языки по истечении 2-3х лет и только потом поступали в аспирантуру. Вступительные экзамены в аспирантуру были достаточно трудными: чтение и перевод текста по специальности,

пересказ газетного текста и устная беседа на тему будущей научной работы.

В те годы были большие проблемы с учебной литературой. Читали старые номера «Московских Новостей», которые доходили до нас с большим запозданием из Москвы. Вспоминается один курьёзный момент, связанный с газетой «Московские Новости». Широта колонки в этой газете была размером широты одного советского рубля. Студенты измеряли «тысячи» длиной этой купюрой. Одна купюра, положенная на колонку, соответствовала одной тысячи знаков газетного текста. Три рубля – три тысячи знаков.

Большое внимание уделялось развитию у студентов навыков перевода, в основном, с английского на русский язык. «Гугла» тогда не было и студенты порою достигали высокого мастерства в переводе, особенно, текстов по специальности, а отдельные способные студенты, буквально, сразу читали английский текст на русском языке; на современном языке их можно было бы квалифицировать переводчиками-синхронистами. В то время на уроке иностранного языка практиковался прием «перевод с листа» и умение хорошо переводить считалось «высшим пилотажем». И сейчас было бы нужно больше уделять внимание развитию у студентов навыков устного и письменного перевода документов, статей и других, которые необходимы в рамках задач профессиональной деятельности. Это поможет нашим студентам, будущим специалистам, адекватно использовать профессиональную терминологию на родном и иностранном языках, читать и

адекватно понимать профессиональную литературу на иностранном языке, свободно вести беседу, переговоры с иностранными коллегами.

Сегодня наше общество нуждается в радикально новом подходе к системе образования, где во главу угла, ставится задача подготовки специалистов новой формации: высокообразованные, профессионально ориентированные, конкурентоспособные личности, которые могут самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способны к сотрудничеству, отличаются мобильностью в образовательном пространстве, готовы к диалогу с представителями разных культур, обладают чувством ответственности за судьбу страны, за её социально-экономическое процветание. Одной из составляющих профессиональной компетентности специалиста является владение иностранным языком, соответственно перед преподавателями иностранных языков поставлены новые и более сложные задачи, когда в унисон с требованием времени необходимо радикально изменить подход к выбору принципов обучения, методики преподавания, отбора содержания предмета, усилить практическую и личностно-социальную направленность преподавания иностранных языков. Особую важность приобретает не только потенциал знаний обучаемого, но и как он умеет реализовать его.

Наряду с основной коммуникативной целью, связанной с овладением знанием о языке и через язык, в поле зрения находятся и другие компоненты целеполагания: воспитательная, образовательная и раз-

вивающая. Реализация образовательно-воспитательных целей заключается в формировании у студентов гуманистического мировоззрения, чувства патриотизма, высокой нравственности, повышение общекультурной образованности учащихся, формирование базы национально-культурной компетенции, под которой имеется в виду целостная система знаний об ключевых обычаях, традициях, реалиях своей страны и страны изучаемого языка, расширении кругозора студентов, более глубокого понимания вопросов международных отношений и участия Казахстана в мировых интеграционных процессах. Образовательная и воспитательная цели достигаются отбором учебного материала и соответствующего лингвострановедческого материала.

В целях достижения поставленных целей кафедры иностранных языков много и усердно работает над совершенствованием учебного процесса и ведет активную воспитательную деятельность. Профессорско-преподавательский состав кафедры успешно использует в своей учебной работе опыт ведущих зарубежных ВУЗов и внедряют МООК по грамматике таких ВУЗов, как University of Pennsylvania, U.S., University of California, Irvine, King's college London UK и др. а также внешние цифровые образовательные инструменты: Kahoot, Quizizz, Quizlet, Google Forms, а также проводят занятия на платформах дополненной или виртуальной реальности: SpatialChat // Spatial Mozilla Hubs, Hubs by Mozilla. Усилиями преподавателей кафедры подготовлен МООК «Ағылшын тілі», целью которого

является обучение грамматике английского языка через казахский язык. MOOK прошел апробацию и сейчас успешно интегрируется в учебный процесс.

Кафедра уделяет особое внимание на воспитательную деятельность. Все воспитательные мероприятия направлены на выполнения комплексного решения задач: они имеют не только воспитательные и познавательные цели, но и учебные, поскольку они проводятся, исключительно, на английском и немецком языках. Участие в различных мероприятиях студентам представляется прекрасная возможность развить навыки устной речи, умение делать презентации, выступать на иностранном языке перед аудиторией и т.д. Темы воспитательных мероприятий соответствуют темам учебной программы по иностранным языкам и, практически, являются логическим продолжением учебных занятий. Самыми бесценными результатами таких мероприятий, безусловно, является то, что студенты обретают уверенности в себе и в своих способностях, которые затем сформируют у них чувство собственного достоинства, стрессоустойчивость, конкурентоспособность, что в конечном счете, приведет их к успешной реализации своего потенциала. План воспитательной работы строится по факультетам с учетом исторических дат, официальных праздников, народных обычаев, выдающихся людей той или иной страны. На кафедре работают 14 английских и немецких клубов.

Ежегодно кафедра проводит магистер-

скую конференцию «Advancing skills towards professional skills» с выступлениями магистрантов на английском языке на темы своих диссертации. Конечной целью этой конференции является развитие у магистрантов навыков презентации, аудирования, написание докладов и т.д. Этому мероприятию предшествует большая совместная работа магистранта и преподавателя по подготовке к выступлению магистранта на иностранном языке перед большой аудиторией. Темы докладов определяются самими магистрантами. Как правило, магистранты готовят доклад по теме своих диссертации или по темам, интересующим их. Ценность этой конференции заключается в моральном удовлетворении, который магистрант получает от результатов своего труда и обретает бесценный навык выступления перед аудиторией с презентацией на иностранном языке.

Очень сильно возросло желание и даже рвение наших студентов овладеть иностранными языками, поскольку значительно повысилась мотивация. Наши студенты активно, с большой охотой и интересом принимают участие во всех мероприятиях, устраиваемых нашей кафедрой: на английском и немецком языках готовят сценки, поют песни, читают стихи, делают презентации, готовят плакаты. Наши студенты твердо знают, что знание иностранного языка очень важно, потому что он открывает перед ними большие возможности. И всё это плоды нашей Независимости!!!

## Факультет фарабитанудың орталығына айналды



**Бекжан  
МЕЙІРБАЕВ,**

*философия  
ғылымының докторы,  
философия және  
саясаттану  
факультетінің  
деканы*

Еліміз биыл ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке жетуінің 30 жылдығын атап өтуде. Ғаламдық әрі ғарыштық тұрғыдан болмашы ғана мезет болғанымен, бұл отыз жылдың көтергені нар жүгіндей. Олай болатын себебі – тәуелсіздікке жеткен кезең жаһандық аласапыранмен тұспа-тұс келгені. Осынау алмағайып кезеңде еліміз сарабал саясат пен көреген басшылық арқасында алпауыт елдерге жұтылып кетпей, революция мен азаматтық соғысқа жол бермей, барымызды шашау шығармай құнттап, тәуелсіздігімізді нықтап, шыңдап үлгерді. Әрине, бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жүргізген реформалардың арқасында мүмкін болды. Рас, елімізде әр салада жекелеген кемшіліктер мен проблемалар да жоқ емес. Дегенмен де еліміз көптеген көрсеткіштер бойынша ТМД елдері арасында ғана емес, тіпті кейбір дамыған елдер арасында да алдыңғы орыннан көріне білді. Бұған мысал жеткілікті: тұрғындар 100 пайыз сауатты, шалғай ауылдарға дейін жол төселіп, ғаламтор тартылған, қалалар көркейіп, ауыл абаттанып келеді, мемлекеттік тіл аясы күн өткен сайын кеңеюде. Зайырлы елімізде тұрғындардың кәсіптік, құқықтық, діни сауаты да артуда. Міне, осындай мысалдарды әлі де тізбектей

түсуімізге болады. Ал бұның бәрі тәуелсіздіктің жемісі. Енді тәуелсіздікпен байланыстыра отырып, білімнің қарашаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, оның ішінде философия және саясаттану факультетіне тоқтала кетейік.

Альма матер – университетіміздің аты аталғанда-ақ көз алдымызға асқақтық, әдемілік, үйлесімділік, жүйелілік пен тереңдік келеді. Оқу ордасының еңселі ғимараты да асқақ Алатаумен үйлесім тапқан. Ботаникалық бақпен іргелесіп, жасыл желекпен көмкерілген қалашығымыз да әдемі. Орналасқан әрбір корпусы мен ғимараты да ретті әрі жүйелі. Ал беретін білімі терең болса, атауының өзі терең ойлы философ – әл-Фараби атында. Осы мәнділіктердің бәрі ҚазҰУ-дың бір бойында.

1991 жылғы тәуелсіздікпен бірге С.М.Киров атын алмастырған әл-Фараби есімі университетпен бірге жасасып келеді. Университет тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға мойымай, мамандар даярлауды еш тоқтатпады. Қиындыққа шыдамай, коммерция мен бизнеске кетіп жатқан оқытушы-профессорлық құрамды да шоғырландыра білді. Ынталандыру шаралары мен әлеуметтік қолдау тетіктері арқылы 90-жылдардағы қиындықтарға қарамай, ұстаздардың құлшынысын арттырды. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында көптеген мамандықтар пайда болып, факультеттер мен кафедралардың басым бөлігі қайта құрылды.

Университет 2001 жылы елімізде «ұлттық» мәртебесіне ие болды. 2003 жылы Болонья қаласында қабылданған университеттердің ұлы хартиясына қол қойды. Университетіміздегі білім үш сатылы (бакалавриат-магистратура-докторантура) негізде ғана емес, үш тілде де (қазақ-орыс-ағылшын) беріледі. Міне, осы тектес ерекшеліктерді айта берсек әсте таусылмас. Университетіміздің асқақтығын дәйектеуге қосдипломдық бағдарламаларды, инфрақұрылымы жоғары кампусты, технологиялық жағынан ең дамыған 50 университет қатарына енгенін, Түркі әлемінің ең үздік университеті деп танылғанын, ұлттық рейтингте бірінші орында екенін, QS «Бес жұлдыз» (5 stars) марапатын алғанын, әлемдік QS WUR рейтингінде 165-орында екенін айтсақ та жеткілікті болар.

Факультетімізге келсек, оның ел көлемінде де, алыс-жақын шетелдерде де беделі зор екенін мақтанышпен айтамыз. Факультет үш тілде білім береді. Білімгердің креативтілігі мен шығармашылық ойлау қабілетін шыңдауға бағытталған дәстүрлі сабақтас-тықпен қатар, жаңа сарындағы ақпаратқа негізделіп, жан-жақтылық пен жүйелілікпен жасалған 70-ке жуық білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды. Факультеттегі 2000-ға жуық студент 300-ге тарта білікті ұстаздардан сапалы білім алуда. Факультет философия, мәдениеттану, дінтану, әлеуметтану, психология, педагогика, саясаттану ғылымдары мен олардан туындайтын бағыттар мен ілімдер дамуы-

ның базасы әрі университеттегі барлық мамандықтардың методологиялық бағыттаушысы ролін атқаруда. Орталық Азия аймағындағы философиялық білім берудің, фарабитанудың орталығы әрі үйлестірушісі десек те, артық айтпағандық болар еді.

Осы ретте 70 жылдан астам уақытты алып жатқан факультет тарихына тоқталып кеткеніміз дұрыс болар. 1946 жылы Т.Тәжібаевтың бастамасымен филология факультетінде логика және психология бөлімі құрылады. 1949 жылы философия және экономика факультеті ашылады. Бәрімізге белгілі ФЭФ атауы осы тұстан қалыптасқан болатын. Факультет тарихы 1946 жылдан бастау алғанымен, бірде біріктірілген, бірде қосылған, енді бірде тіпті тоқтатылған жағдайлар көп болды. Айталық, тың игеру жылдары философиялық мамандықтар тек Мәскеу, Ленинград, Киев қалаларында ғана оқылатын болып шешіліп, факультеттегі философиялық білім беру тоқтайды. Дегенмен ол экономика аясында, айталық саяси экономия т.б. ауқымда іске асады. 1963 жылы Нархоз, яғни Алматы халық шаруашылығы институты құрылған кезеңде ФЭФ уақытша ұмыт қалады. 1968 жылы философиялық білімдерге қайта қан жүгіріп, енді тәуелсіздікке дейін мызғымай тұрақтаған ФЭФ – философия және экономика факультеті қайта ашылады. Бұл аралықта университетімізде маңдайалды философ ұстаздар мен ғалымдар легі түзіліп, қазақстандық философия мектебі қалыптаса бастайды. Бұған Қазақ

КСР Ғылым академиясындағы Философия және құқық институты да дем береді (әсіресе фарабитанымдық зерттеулер контекстінде). Бертін келе, 1988 жылы факультетте социология бөлімінің негізі қаланды, ал 1991 жылы саясаттану, 1999 жылы дінтану бағыттары ашылып, заман ағымына сай кафедралар құрылды. Бүгінде іргелі халықаралық Әл-Фараби орталығына айналған Республикалық Әл-Фараби ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығы да факультет бастамасымен 1993 жылы ашылды. Тарихи экскурста факультет пен Әл-Фараби орталығының мұрындық болуымен өткен Дамаскідегі әл-Фараби ескерткішіне қатысты, Каирдегі Сұлтан Бейбарыс кесенесіне қатысты шараларды, өзге де келелі істерді көптеп келтіруімізге болады.

Жетпіс жылдан астам тарихындағы бір ашылып, бірде жабылған бұралаң жолдарға қарамастан, қазақстандық философия мектебі тарихта өзін қалдырып, қарқынды дамып келеді. Құрылғалы бері тәуелсіздікке дейін факультетті Н.Дардыкин, Ф.Жеребятъев, Т.Шәукенбаев, О.Сегізбаев, А.Қасымжанов, Н.Сәрсенбаев, М.Әженов, Р.Алшанов, С.Елбісінов басқарып келді. Тәуелсіздік жылдарынан бері қарай факультетті А.Қасымжанов, А.Қасабеков, Н.Логинова, К.Бұрханов, Ғ.Есім, З.Шәукенова, А.Құлсариева, Ә.Масалимова басқарды.

Факультет түлектері (экономикамен бірлікте болған тарихы тұрғысынан) бүгінгі таңда еліміздің және шетелдің жоғары оқу орындарында, Ғылым академиясында, би-

лік, басқару құрылымдарында, өндірісте, медиада, бизнесте – жалпы, қоғам өмірінің түрлі салаларында жемісті еңбек етуде. Олар: Марат Оспанов, Марат Тәжин, Бақытжан Сағынтаев, Рахман Алшанов, Әли Әбішев, Рашид Сәрсенов, Нұржан Субханбердин, Гүлжан Қарағұсова, Дидар Амантай, Ерлан Арын, Жабайхан Әбділдин, Жәмилә Нұрманбетова, Мұхтар Тілеуберді, Дархан Жазықбаев және басқа да мақтан тұтар түлектеріміз.

Факультеттің тұғыры білікті де білімді мамандарды тоғыстырған республикада беткеустар кафедраларымыз саналады. Бүгінде факультет алты кафедрадан тұрады: Философия кафедрасы: меңгерушісі – ф.ғ.к. Ә.Құранбек; Дінтану және мәдениеттану кафедрасы: меңгерушісі – ф.ғ.д. А.Құрманәлиева; Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы: меңгерушісі – с.ғ.д. Г.Насимова; Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы: меңгерушісі – с.ғ.д. Г.Әбдірайымова; Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы: меңгерушісі – п.ғ.д. З.Мадалиева; Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы: меңгерушісі – п.ғ.к. Н.Алғожаева.

Бұл басшылардың басқарушылық, үйлестірушілік және ұйымдастырушылық қабілеттері, құзыреті мен білігі адами ресурстарды басқару үдесіне толық жауап береді. Оған дәлел – кафедралардың тындырымды шаралары. Ондаған мамандық бойынша жоғары кәсіби деңгейдегі мамандарды даярлап келе жатқан аталмыш кафедралар ел деңгейіндегі істердің басым бөлігін еңсерген. Білім беру бағдарламалары мен стандарттарының іске асуы ғана емес, бүкіл ел деңгейіндегі міндеттердің орындалуы факультет кафедраларының еңбегі. «Мәдени мұра» бағдарламасының, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан туындаған міндеттердің іске асуы, «Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадамның» іске асуы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бойынша нақтылы міндеттердің атқарылуы, «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының өз нәтижесін беруі, әл-Фарабидің 1150 жылдығының ойдағыдай атап өтілуі және басқа да көптеген ауқымды жобалардың іске асуында кафедралар мен ұстаздардың еңбегі ерек.



## Тәуелсіздік жемісі «Мәдени мұра»



**Тұрсын ҒАБИТОВ,**  
*философия  
ғылымының докторы,  
профессор*

Тәуелсіз Қазақстанның ең үлкен жетістігі – осы мемлекеттегі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында береке-бірлікте ғұмыр кешуі. Себебі елдің өркендеуі үшін ұлттық мәдениеті қалыптасып, халықтар достығы нығайып, тәуелсіз мемлекет болуы шарт. Тәуелсіздік – қазақ ұлтының ғана емес, осы кең-байтақ өлкені мекен еткен барша ұлт пен ұлыстардың бақ-ырысы. Біздің міндетіміз – қоғамның көпұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру, яғни мықты ұлттық идея қалыптастырып, бүкіл халықтың арман-мүддесін жүзеге асыру.

Тәуелсіздік ұғымының бастауы – еркіндік. Адам баласы о бастан бұла өсіп, еркіндікті жақсы көрген-ді. Еркіндік дегенге пәлсапалық тұрғыдан қарайтын болсақ, ол – адамның еркін таңдауы, еркін қалау мүмкіндігі. Таңдау жоқ жерде – еркіндік жоқ. Міне, тәуелсіздік арқылы халық өз қалауы, яғни түпкі тамырында жатқан дәстүрі мен мәдениетін, діні мен ділін таңдау бақытына ие болды.

Тәуелсіздік жылдарындағы тағы бір үлкен жетістігіміз – 2004-2008 жылдардағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Жаһандану жағдайында алдымызда тұрған міндеттердің бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды мұқият зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық мұрамызды жаңғырту. Қазақ халқының

әлемдік өркениетке өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктерін саралау өте маңызды. Бұл ғасырлар тұңғығымен тамырласып жатқан құндылықтар, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық руханиятымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты талдау.

Қазақстан философтары «Әлемдік философиялық мұра», «Қазақ халқының философиялық мұрасы» серияларымен қатар, әл-Фараби шығармаларының 10 томын дайындауға тікелей қатысып, әлемдік және ұлттық рухани-философиялық мұраны ана тілінде насихаттауға сапалы да сүбелі үлес қосты. Мысалы, бәріміз мақтан тұтатын әл-Фараби шығармаларының 10 томдығымен қоса, ойшыл трактаттарының тағы үш томы қазақ тіліне аударылып, баспадан шықты. «Әлемдік философиялық мұра» сериясының төртінші томы әл-Фараби мен Ибн Сина философиясына арналды.

«Ежелгі көшпелілер дүниетанымынан» (Т.1. Құрастырғандар: Т.Ғабитов, Д.Кенжетай) бастап, «Қазіргі түркі философиясына» (Т.20) дейін халқымыздың інжу-маржандарын топтастырған және идеялық-рухани байлығын тұтас қамтыған сериялық жұмысты құрады. Бұл тың да күрделі серия бойынша түрлі әдебиеттерден шығарманы іріктеу, түркі, араб, орыс тілдерінен аудару, оларды идеялық бірізділікпен сараптау, әр томға, авторларға арнайы түсіндірме жасау жұмыстары қатар жүргізілді.

Профессор Ж.Молдабеков – «Қазақ

ақын-жырауларының дүниетанымы» (Т.8. Қ.Әлжанмен бірге), «Қазақтың би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы» (Т.9. Д.Раевпен бірге) кітаптарының құрастырушысы әрі тұжырымдамалық түсіндірмесін жазған автор. Бұл серияны құрастыруға философия ғылымының профессоры ретінде мен де белсене атсалыстым. Бұның бәрі тәуелсіздік жылдарында біздің адамзат пен ұлт руханиятына жасаған ықпалымыз болар деп білемін.

Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың нұсқауымен жасалған аталмыш «Мәдени мұра» бағдарламасы рухани жаңаруымызға байланысты көптеген көкейтесті мәселелерді толық қамтып отыр. Бұл бағдарлама бүгін де, яғни дербестігімізге отыз жыл толған соң да өзектілігін жоғалтпаған. Бұл Қазақстан Республикасын құрушы қазақ халқының өміршендігінің, арман-тілегінің орындалғанының тағы бір айғағы емес пе?! Олай болса, соқпағы көп тар жолда көршілес елдермен терезесі тең болу үшін дұрыс бағдар ұстап, әлемдік өркениетке ұмтылу, өз халқының жетістігін әлемге паш ету – әрбір Қазақстан азаматының парызы.

Жаһанданған әлемдік тенденцияны алып қарасаңыздар, жаңа заманауи тың технологиялармен жаңғыруда. IT мамандығының өзі бір төбе. Жаңа форматтағы білім жүйесі ауадай қажет. Өзімді бұл санатқа қосу қиын болар, бірақ мына өскелең ұрпақ Z ұрпақтарына жатады. Олар инновациялар мен идеяларға, ақпараттық қарым-қатынастарға икемді. Көптеген антропологтардың жорамалдауынша, Z ұрпақтары Альфа ұр-

пақтарына ауысады-мыс. Альфа ұрпақтары – интеллектуалды ұрпақ. Жасанды интеллект пен табиғи интеллектінің үлкен синтезі. Демек, өте ақылды ұрпақ келе жатыр деген сөз. Міне, өзгеріс! Біз де соған дайын болу арқылы оларға бар мүмкіндікті жасауымыз керек.

«Қайырымды қала» тұрғындарының негізгі идеясы – білім мен тәрбие мәселесі. Қоғамдағы метанарративтардың ең маңызды екі түрі. Атақты ойшыл әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», – деп дәп айтқан. Білім – заманның озық заманауи үлгілерін санаға жинақтау болса, тәрбие – жергілікті мәдениетке негізделген құндылықтар.

Қысқасы, бізге ұлттық идеология, философиямен қатар, ұлттық антропология да қажет. Ол ұлтшылдық, діншілдік деген сөз емес. Бізде еркін ойлы, шығармашыл, әлемдік өркениетпен қосылған жастар өсіп келеді. Олар тәуелсіздіктің бірден-бір жемісі. Хакім Абай: «Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел, Алдыңғы толқын – ағалар, Артқы толқын – інілер», – деп жырлағандай, әр заман талабы басқа. Мына өзгермелі ғасырда ынталы шәкірттерді, жастарды тәрбиелеу – басты парызымыз. Бұл ретте Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Түймебаев Жансейіт Қансейітұлына алғыс білдіремін. Ол біз секілді ардагер ғалымдарға, профессор, студенттерге көңіл бөліп, жұмыс істеуіне, ізденуіне жағдай жасап жатыр.

Ұлттық және әлемдік философиялық

мұраны игеру жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Ой еркіндігі, пікір дербестігі – қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Оған ақын-жыраулар дүниетанымы, би-шешендер және ағартушылар философиясы кепіл. Қалыптасқан пікірлер мен қағидаларға күмәнмен қарау – қазақ ойшылдарының негізгі ұстанымы. Еркін ойлау адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми және техникалық жаңалықтардың ашылуына, өнер мен шығармашылық туындыларының пайда болуына, күрделі саяси-экономикалық мәселелердің шешілуіне себеп болады.

Алдағы он жыл – интеллектуалды ұрпақтың қалыптасу дәуірі. Әлемдік өркениетте алдыңғы қатардан табыларымызға сенемін. Сол себепті алдағы он жылды рухани мәдениетіміздің жаңғыру, өркендеу онжылдығы деп атар едім.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының білім саласына көңіл бөлгендігі аса қуантады. Ел болашағын тереңнен ойлай білу үшін ұлттық идеяның өзегі ретінде қазақтың тілін, рухын, мәдениетін көтеру міндет. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның негізгі идеясы – ел тәуелсіздігін баянды ету, халықтық, ұлттық бірлікті нығайту, әлеуметтік, экономикалық жағдайларды жақсарту, көрші елдермен тату-тәтті өмір сүру, елге сырттан инвестиция тарту сияқты аса маңызды мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыруға бағытталады. Біздің мемлекеттік идеологияның ауқымы 2050 жылға дейінгі аралықты қамтиды.

Қазақ елі еркіндікке бет түзеді. Бұл, сөз жоқ, жаһандану алып келген игілікті, табыс-

ты өзгерістер. Халықтар өзінің бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі дамуын терең тануда өзіндік бағыт-бағдар алды. Әр халық өркениет әлеміндегі орнын білу мүмкіндігіне ие болды. Біздің де әлемдік өркениетке қол жеткізуімізге мүмкіндік туды. Әлемдік өркениеттің өрісіне шыққан, дамудың сара жолына түскен елдердің тәжірибесіне баса назар аудара отырып, өз жолымызды табудың маңызы зор болмақ. Демек, біздің таяу жылдары дәстүрімізге сай халықтық қалпымызға оралып, әлемдік білімді игеруге қол жеткізу арқылы өркениетті елдердің қатарына қосылуымызға, яғни адамзат өркениеті биігіне көтерілуімізге толық мүмкіндігіміз бар екені айқын. Оған көптеген шаралар жасалып, алғашқы қадамы жүзеге асып та жатыр. Қазақ халқының рухани түлеуінің тарихи жағдайларды түгендеусіз мүмкін еместігі, тарихи, ділдік, діни және тілдік сабақтастықтың ұлттық идеологияның негізі екені де барынша сезіле бастады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қызмет еткеніме, міне, 50 жыл болды. Біздің зерттеулерімізді білім процесіне қосу үшін белгілі дәрежеде синтездік тұжырымдарды қолдану мақсатында 40-50 баспа табақтағы 800 беттік энциклопедия жазуға кірістік. Энциклопедияны ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми кеңесі баспаға ұсынған. Құрастырушылар: мен және философия ғылымының докторы, профессор С.Нұрмұратов. Мақалалар авторлары арасында елімізге танымал Л.Асқар, Қ.Әлжан, Н.Байтенова, Қ.Затов, Ә.Құранбек, С.Мырзалы, Д.Раев, А.Сағиқызы, Б.Сатершинов, М.Сәбит сияқты философтар

бар. Алматы қаласының «Лантар Трейд» баспасы бұл еңбекті осы жылы оқырманға ұсынбақ.

«Философиялық энциклопедияда» маңызды философиялық ұғым терминдер мен көрнекті философтар туралы мәліметтер алғаш рет жүйелі түрде қазақ тілінде берілген. Философиялық энциклопедия философия пәні бойынша мектеп оқушылары мен студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, оқытушылар мен ғалымдарға, философия және рухани мәдениетпен айналысушы мамандар мен жалпы оқырман қауымға арналған.

Сонымен қоса, философия ғылымының докторы, профессор Б.Сатершиновпен бірге «Тәуелсіз Қазақстанның тарих философиясы» атты монографияны дайындадық. Бұл монография Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған және «Қазақ университеті» баспасына ұсынылды. Кітапта қазақ халқының тарихи санасына компаративистикалық және тарихи-философиялық талдау беріледі. Бабыр, Дулати, Әбілғазы, Жалайыр, Халидтың және тағы басқа тарихи туындылары сұрыпталып, олардың дүниетанымдық көзқарастарына және жалпы қазақ тарихының философиясына түсіндірмелер беріледі. Монография мәдениеттану мамандығының «Қазақ мәдениетінің тарихы» пәні бойынша қазақ бөлімі студенттеріне және жалпы оқырман қауымға арналған.

Алдағы мақсатым – заман талабына сай тағы да еңбектер жазу және шәкірттер тәрбиелеу. Сонымен қатар ел тәуелсіздігіне, қазақ мәдениетіне сүбелі үлес қосу.

## Әл-Фараби мұраларын зерттеу орталығының құрылуы – үлкен жетістік



**Жақыпбек  
АЛТАЕВ,**  
*философия  
ғылымының докторы,  
профессор*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу, оған жеткізетін жолдарды айқын көрсетіп, мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», – деп үлкен мақсат-міндеттерді қойған болатын.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де жаңарып, жаңғырып келеді. Менің бар саналы ғылыми өмірім осы университетпен тікелей байланысты. Сонау 1976 жылдан бастап университетімізде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың куәсі болып жүрмін. Біз үшін үлкен бір қуаныш – тәуелсіздік таңымен бірге, 1991 жылы қазақтың ғылымы мен білімінің ордасына шығыстың ғұлама ойшылы, энциклопедист-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби есімінің берілуі. Солай болуы да заңдылық. Отырардан шыққан ойшылды бүкіл әлем біледі. Студенттер мен оқытушы-профессорлар университетіміздің аты ұлы

ғұламаның есімімен аталғанын мақтан тұтады. Сол үшін біз, университет ұжымы, аянбай тер төгіп, еңбек етуіміз керек. Тек мақтан тұтып қана қоймай, ұлттық бренд ретінде әлемге паш етуіміз қажет. Тәуелсіздігіміздің тағы да бір үлкен жетістігі – университетімізде 1993 жылы Әл-Фараби мұраларын зерттеу орталығының құрылуы.

Қазақстандық фарабитану ілімі, Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын зерттеу, оны жарыққа шығару ісі білім ордасының профессоры, Әл-Фараби мұраларын зерттеу орталығының тұңғыш ұйымдастырушысы, Орта Азия мен Қазақстанға кеңінтанымал ірі ғалым Ағын Қасымжановтың есімімен тікелей байланысты. Қазақстанда А.Қасымжановпен бірге, белгілі фарабитанушылар: А.Машанов, И.Мухаммед, Б.Ошерович, Е.Харенко, А.Көбесов, Б.Ғафуров, Ю.Завозовский, А.Сагадеев, А.Иванов, К.Таджикова секілді белгілі ғалымдар жемісті қызмет етті.

А.Қасымжанов бастаған ғылыми топтың орасан зор ғылыми ізденістерінің арқасында әл-Фарабидің 30-ға жуық ғылыми еңбегі жарыққа шығып, қалың оқырманға танымал болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Фарабиге арналған көптеген монографиялар мен ғылыми және ғылыми-танымдық зерттеулер жасалынды, дипломдық жұмыстар жазылды. Әл-Фараби мұралары бойынша көптеген докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды. 2014 жылы университетіміздің 80 жылдығына орай, әл-

Фарабидің жеті томдығы жарыққа шықты. Қазақ ұлттық университетінде әл-Фараби мұраларын сақтауда, жастар тарапынан оның идеяларын зерттеуде үлкен жұмыстар атқарылуда. Университет музейі мен Әл-Фараби орталығы, философия және саясаттану факультетімен бірге Фараби оқулары – пәнаралық ғылыми-студенттік семинар 2011 жылдың 21 қазанында алғаш рет өткізілді.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай, ҚазҰУ-да Әл-Фараби атындағы ғылыми кітапхана іске қосылды. Қазіргі таңдағы орталық іс-әрекетінің маңызды бағыттары – жаһандану кезеңіндегі халықтар мен мәдениеттердің өзара бірлігі мен тұтастығына негізделген Фараби идеяларының жүйесін толықтай зерттеу арқылы сол кезеңдегі қазақ даласындағы өркениетті насихаттау мен болашақ ұрпақтың жадында мәңгі сақтау.

Университетіміз бен факультет кафедраларының қол жеткен барлық табыстары ел тәуелсіздігімен байланысты. Әсіресе ғылыми-зерттеу жолында көптеген мүмкіндіктердің жолы ашылды. Осы жылдары кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау кеңестерінің ашылуы университетімізде ғылыми кадрларды даярлауда үлкен жетістіктерге жеткізді. Жас ғалымдардың қатары көбейді, бұрын тек Мәскеуге ғана бағынышты болсақ, енді барлық іс-шара өзімізде шешілді, үлкен мүмкіндіктерге жол ашылды. «Дені сау ұлт» жобасы әрбір азамат үшін ғылыммен айналысу, ойынды іске

асыру, алға қойған арман-мақсатыңа жету тәуелсіздіктің арқасында мүмкін болды. «Білімді ұлт» жобасы интеллектуалды адам капиталын дайындап шығуда университетімізде қаншама мүмкіндікке жол ашты. «Ұлттық рухани жаңғыру» – бұның бәрін Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы ұлттық жобаларға байланысты жарлығы аясында іске асыру жолға қойылды.

Тағы бір айтар келелі мәселе – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы. Мақаланы оқып шыққаннан кейін бұл шын мәнінде ұлттық сананы ұйыстыратын, болашағымызға нық қадам жасауға серпін беретін құжат екеніне көзіміз жетті.

Алдымызда тұрған ұлы арманның тәуелсіздік философиясы қандай? Қазақ халқының рухани еркі мен күшін қалай оятуға болады? Халқымыздың, әсіресе жастарымыздың ұлтқа, Отанға қызмет етуге деген отансүйгіштік сезімін қандай жолмен оятып, бойына сіңдіре аламыз? Осы орасан зор энергияны қалыпты арнаға қалай бағыттауға болады? Бұлай істей аламыз ба? Бұған қатысты тарихта көптеген мысалдар бар. Мысалы, мемлекет саналы түрде оянып, мол энергияны ел мүддесі үшін ұйымдастырып, бағыттай білген. Осы сұрақтарды тек тәуелсіз Қазақстанда ғана іске асыруға болады деп толық сеніммен айта аламын.

Біздің алдымызда біршама өзекті міндет тұр. Қазақ халқының, қазақстандықтардың

ұлттық санасын қалай оятуға болады? Осы жағдайда қалай болу керек? Халықты, оның рухани жігерін немен оятуға болады? Осы сұрақтарға тәуелсіздігіміздің кепілі болған Елбасы сөздерінен жауап таптық.

Біздің пайымдауымызша, Қазақстан үшін, қазақ ұлтының рухын жандандыру міндетін шешу үшін ең алдымен өзіміздің шынайы тарихымызды, мәдениетіміз бен дінімізді, тәуелсіздік философиясын терең пайымдап, сенуіміз қажет.

Егер бұл мәселелерді өзіміздің тарих, мәдениет, идеология тұрғысынан қарастырсақ, біздің көзқарас бойынша жекелеген спортшыларымыздың, мәдениет және ғылым қайраткерлерінің, қарапайым еңбек адамдарының, ардақты ұстаз, ақ халатты абзал жандардың, қарулы күштеріміздің жетістіктерін БАҚ арқылы көпшілікке насихаттап жеткізіп отырсақ, жастарымызды отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін оятуға үлкен септігін тигізері сөзсіз. Бұл өз кезегінде жас буынның осы мамандықтар мен кәсіп түрлеріне деген қызығушылығын арттыра түсері анық.

Бір кездері сөзбен әсер ететінбіз. Бұл ұлы бабаларымыздың асыл құндылығы еді. Қазақ сөзге құлақ асты, сөзінде тұрды. Осындай қасиеттерді қазақ жастарының бойына сіңіріп отыру – ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың кепілі. Осы қасиеттерді жастардың бойына сіңіріп отыруға, оларды іске асыруда университет қабырғасында толық мүмкіндіктер бар. Тек аянбай тер төгіп, жұмыс істеу керек.

Біздің алдымызда бір ғана мақсат, асқақ арман тұр: ол – Елбасымыз айтқандай, болашақты бірге жасау, осы жолда аянбай тер төгу. Тәуелсіз Қазақ елін әлемдік деңгейге көтеруге атсалысу. Өз басыңның және Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту. Жеке мүддені мемлекет мүддесіне топтастыру.

Иә, мүдде арқылы халықтың энергиясын ояту – адамзат іс-әрекетінің күшті қозғаушысы болатыны бесенеден белгілі. Экономикадағы нарықтық жүйеде мұндай қозғаушы күш ретінде екі негізгі принцип – тәуелсіз бәсекелестік және тәуелсіз баға қалыптастыру принциптері нарықтық жүйені алға сүйрейді. Бұл тұрасында Елбасы «Ұлт жоспарында»: «Біз ғылымды қажет ететін экономиканы қалыптастыру бойынша жұмыстарды жалғастыра береміз», – деп атап көрсетеді.

Ұлы жерлесіміз, Екінші ұстаз, түркі дүниесінің ғұлама философы әл-Фараби философиясының басты түйіні: мемлекетті, оның әрбір мүшесін ізгілікке баулу, бақытқа жеткізу. Ол ақыл-парасат пен білімнің биік

мәнін дәріптеп өтті. Жоғарыда айтылған ойлар мен тұжырымдар ұлы ұстаздың ойтүйіндерімен, арман-аңсарларымен үндесіп жатқанын түсінеміз.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, үлкен жетістіктерге тек қоғам алдында тұрған келелі мәселелерді шешуге халықтың шығармашылық күшін бағыттай білген, басын біріктіріп, ұйымдастыра алған мемлекет қана жете алады. Бұл халықтар өз тарихын, философиясын, дін, психология мәдениетінің ерекшеліктерін пайдалана алды. Батыстық демократия модельдері тек еуропалық кеңістікте ғана қанат жайып өркендейді. Өзге құрлықтарда тек ұлттық мәдениет пен діни ерекшеліктерге негізделген демократия түрлері ғана жемісті бола алды. Яғни, Елбасы айтқандай, біздің өз жолымыз, өз мақсат-мұратымыз, өз арманымыз бар. Ол – тәуелсіз қазақстандық жол. Бұл тұрғыда еліміздің болашағы үшін жаңа қазақстандық арманға жетелейтін Ұлт жоспарының маңызы зор. Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жолдың темірқазығы.



## Образование – движущая сила развития



**Анар  
МУКАШЕВА,**  
*доктор  
педагогических наук,  
доцент*

Тридцать лет независимости можно условно разделить на три десятилетия. У каждого десятилетия была своя миссия в решении тех проблем, которые являлись важнейшими в экономическом, социальном и политическом плане. И все сегодняшние свершения, достигнуты благодаря лидеру нашей нации, Первому Президенту Н.А.Назарбаеву, мудрости и здравому смыслу нашего народа, единству и сплоченности проживающих в нашей стране народов, кропотливому труду наших соотечественников.

В этом году исполняется 30 лет независимости нашей страны. С точки зрения истории, тридцать лет – это время, которое протекает в мгновение ока. Но, это целая эпоха в жизни народов, в которой чередуются трудности и радости, кризисы и реформы, остановки и развитие. И мы, граждане нашего государства, прошли этот сложный путь. Осознавая независимость своей страны, каждый сознательный гражданин, безусловно, задается волнующими его вопросами: «Каких успехов мы достигли за тридцать лет?», «Какую страну мы оставим следующим поколениям?», «Что еще мы можем сделать, чтобы укрепить нашу независимость?». Эти вопросы возвращают нас в прошлое, без чего не может быть будущего, и являются важным моментом при анализе достижений и недостатков, в объединении наших целей и новом рывке в будущее.

В целом, силы нашего государства всегда были направлены на создание справедливого общества и в любом деле, руководствуясь принципом справедливости, наша страна добивается больших достижений по всем направлениям. Например, в нашей стране с каждым годом улучшается социальное положение населения, мы можем гордиться достижениями во многих областях, в том числе и международными успехами нашей страны.

Движущей силой развития и достижения успехов в различных областях в современном, независимом Казахстане, является образование. Елбасы, Н.А.Назарбаев все годы независимости нашей страны, в своих посланиях народу Казахстана, подчеркивал о значимости образования подрастающего поколения и особый акцент он делал на высшее образование, на подготовку специалистов. И его пристальное внимание к совершенствованию высшего образования дало свои результаты в виде огромных достижений и в этой сфере. Мы вошли в мировое образовательное пространство, у нас действует система непрерывного образования, которая занимается обучением и воспитанием будущих поколений, а также подготовкой молодых специалистов. Они, новые поколения казахстанцев, генераторы новых идей, внесут свою лепту в развитие нашей независимой страны, поэтому мы должны направить потенциал подрастающего поколения в нужное русло и эффективно использовать его. В этой связи, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби создает все условия, для получения качественного высшего

образования не только для студентов из всех регионов Казахстана, но и для студентов из ближнего и дальнего зарубежья.

Внедрение различных инноваций, современных методов и технологий при подготовке специалистов, а также реализация действенных социальных проектов на базе КазНУ имени Аль-Фараби, способствуют формированию сильной духовно-нравственной и интеллектуальной личности будущего специалиста. За 30 лет произошли кардинальные изменения: поменялось отношение преподавателей к своей деятельности, изменились подходы к воспитанию современных специалистов, привносятся в процесс обучения инновационные технологии. Например, работая в КазНУ им. Аль-Фараби, каждый преподаватель управляет учебно-воспитательным процессом студентов, мы руководим научными работами, ежегодно выпускаем новые кадры для нашей страны в области педагогики и психологии, социальной педагогики, учителей самопознания, чего не было в предшествующие годы нашей независимости и за 30 лет, своим трудом мы внесли немалый вклад в развитие нашей страны. На современном этапе, новым для нас является то, что в рамках модернизации казахстанского образования, в нашем университете идет подготовка специалистов в области инклюзивного образования. И отраднo, что именно мне, как координатору новых образовательных программ и моим коллегам, предстоит активно участвовать в подготовке специалистов, востребованных на современном этапе.

На сегодняшний день, нами подготов-

лены и внедрены две новые образовательные программы – «Современные технологии в условиях инклюзивного образования» и совместная с КазНМУ им. С.Асфендиярова образовательная программа «Медико-педагогическое сопровождение инклюзивного образования» для обучающихся ступени магистратуры. Это специалисты нового поколения, которые востребованы в обществе в связи с пристальным вниманием к людям с особыми образовательными потребностями, так как проблемы инклюзивного образования, являются проблемой не только детей и их родителей, но и всего общества и государства в целом. В современном обществе меняется отношение к детям и лицам с особыми потребностями, защищаются их права, оказывается большая педагогическая, психологическая и социальная помощь родителям.

Образование лиц с особыми образовательными потребностями стало одним из приоритетных направлений деятельности всей системы образования Республики Казахстан. На сегодняшний день интеграция лиц с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательную и социально-культурную среду, является закономерным этапом развития системы инклюзивного образования, связанным с переосмыслением обществом отношения к лицам с особыми образовательными потребностями, признанием равных прав на получение образования и представляет собой актуальную проблему коррекционной педагогики и психологии. Развитие инклюзивных форм обучения лиц с особыми образовательными потребностями требует

не только материально-технического оснащения общеобразовательных учреждений, но и создания специальных учебных программ для учащихся, подготовки и переподготовки кадров в сфере инклюзивного образования. И в этой связи, подготовка кадров в сфере инклюзивного образования является закономерным этапом развития системы высшего образования.

Магистранты, обучающиеся по данным образовательным программам, получают знания, умения и навыки работы с лицами с особыми образовательными потребностями, особенно с детьми с ограниченными возможностями здоровья и их родителями, с применением современных психолого-педагогических технологий, издаются научные труды. Также, знания медицинских основ психофизиологических особенностей детей, способствует применению различных подходов в деятельности педагога-психолога в современной школе, в сфере здравоохранения, а также в различных коррекционных и реабилитационных центрах. С учетом передовых практик других стран, опираясь на новые модели обучения в инклюзивном образовании детей с особыми потребностями, мы совместно с магистрантами создаем модели инновационных подходов в работе с родителями и детьми, а также модели создания благоприятных условий для интеграции детей в общество. Подготовка и выпуск специалистов в сфере инклюзивного образования, их активное участие в научных мероприятиях, проведение исследований в области инклюзивного образования приведет к позитивным изменениям на всех

уровнях учебно-воспитательной деятельности образовательных институтов, что повысит качество образования с инклюзивной практикой.

Руководство Казахского Национального университета имени Аль-Фараби не ограничивается открытием образовательных программ в области инклюзивного образования. В нашем университете проявляют заботу и о студентах с особыми образовательными потребностями. Например, с 2018 года функционирует Центр поддержки студентов с ограниченными возможностями здоровья. Целью Центра является оказание поддержки и необходимой помощи студентам в учебном процессе, проведение психологических консультаций, организация воспитательных мероприятий, профориентационной работы и других видов деятельности, с учетом потребностей данной категории студенческой молодежи.

Хотелось бы также отметить, что сопровождение инклюзивного образования студентов с особыми образовательными потребностями представляет собой актуальную проблему педагогики, психологии и образовательного менеджмента. Исследуя данную проблему, мы работаем над разработкой методических рекомендаций для психолого-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями в учебно-воспитательном процессе.

Как директор данного Центра, я стараюсь организовать волонтерскую работу, привлекая студентов специальностей «Педагогика и психология» и «Социальная педагогика и самопознание», а также взаимо-

действовать со всеми структурными подразделениями университета по решению вопросов студентов с особыми образовательными потребностями. Так, например, все студенты с ограниченными возможностями здоровья и имеющие инвалидность, получают профессиональную медицинскую помощь и консультации в ЦОС «Керемет» при КазНУ. В учебно-воспитательном процессе для студентов с ограниченными возможностями здоровья создаются наиболее благоприятные условия. Проводится работа по формированию системы сопровождения студентов с ограниченными возможностями здоровья в учебной и вне учебной деятельности, которая учитывает их психофизиологические особенности и позволяет свести к минимуму различные затруднения, возникающие в этой связи.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что КазНУ имени аль-Фараби являясь флагманом среди вузов страны, не сдает своих позиций ни в одном направлении. Это подтверждается неустанным трудом руководства вуза, профессорско-преподавательского состава и соответственно, постоянным продвижением наверх в мировых рейтингах.

Независимость Казахстана предполагает не просто ее провозглашение или создание фундамента государства. Независимость подтверждается ежедневным трудом каждого гражданина нашей страны, особенно молодежи, а также развитием всех сфер нашей жизни, чтобы не останавливаться на достигнутых успехах и постоянно двигаться вперед.

## Жас ғалымдардың әлеуеті жоғары



**Мәнсия  
САДЫРОВА,**  
*әлеуметтану  
ғылымының докторы,  
профессор*

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде: «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз», – деген сөзі арқылы жас буынды шабыттандырып, нық сеніммен ұлт болашағын жастардың келешегімен түйістіреді. Осы орайда, мемлекет тарапынан жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі жолдауларында жастарды жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Елбасының жастарға әрдайым көңіл бөліп, олардың білім-ғылымын дамытуды көздейтіні де содан. Елбасы өз сөзінде жастардың барлық санатын қолдауға арналған бағдарламалар әзірлеп, ел ертеңі жас өркендерге жан-жақты ізденуіне мүмкіндік беріп, қоғамдағы белсенділігін арттыруды нықтап тапсырған болатын.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Жастар жылының жабылуы және Волонтер жылының басталуы рәсіміне арналған шарада сөйлеген сөзінде: «Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі», «Ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналатыны белгілі» немесе «Біз халқымызды әлемге

танытқан ең асыл қасиеттерді сіздердің бойларыңыздан көргіміз келеді», – деп жастарға сенім артады. Әрине, сол жылу мен жалын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жастарынан да табылары хақ. Олардың ел тәуелсіздігі мен мемлекет дербестігіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Жастардың зерттеулері мен ғылыми жетістіктері, ашқан жаңалықтары кімді болсын елең еткізбей қоймайды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаев та университетіміздің студенттері мен жас ғалымдарына баса назар аударып, көңіл бөлуі бекер емес.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары арқылы елімізді басқа өркениетті мемлекеттермен салыстыра отырып, тарих сахнасында үздіксіз дамып келе жатқан келешегі кемел мемлекет ретінде дамытуды қадап айтты. Білім мен іскерлік, ұлттық рух пен жігер жастарды мақсат биігіне жеткізері хақ. Бұл тұрғыда жас ғалымдардың да тәуелсіздігіміздің нығая түсуіне, болашақтың жарқын болуына қосар үлесі мол.

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылы қоғам өміріндегі елеулі әлеуметтік өзгерістерге алып келді. Ауқымды өзгерістер білім беру саласын да қамтыды. Білім беру жүйесінің Болон жүйесіне кіруі қазақстандық жас мамандардың әлемдік деңгейде ғылыми процестерге қатысуына жол ашты. Қазіргі кезде инновациялардың, IT технологиялардың жедел қарқында дамуы мен Қазақстан экономикасының өркендеуі жас-

тардың ғылыми зерттеулерге тікелей қатысуына байланысты. Бәсекелестіктің 2018 жылғы Жаһандық индексі бойынша Қазақстан 140 елдің ішінде 59-шы орын, білімнің даму индексі бойынша 40-шы, жастардың дамуы бойынша 61-ші орын алады.

Білім және ғылым саласында жұмыс істейтін жастар ерекше әлеуметтік-кәсіби топ болып саналады. Бір жағынан, бұл топтың қасиеттері мен белгілері жалпы жастарға тән бағыттарды бейнелейді, екінші жағынан, олар ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметпен, яғни интеллектуалдық қызметпен айналысатын кәсіби қауымдастық. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңында жас ғалым білім беру және ғылыми мекемелердің қызметкері ретінде анықтала отырып, жас мөлшері де көрсетілген. Ғылым докторы – 40 жас, ғылым кандидаты – 35 жас, ғылыми атағы жоқ, аспирант – 30 жас. Қазіргі кезде «Ғылыми ұйымдар мен ҚР жоғары оқу орындарындағы жас ғалымдар кеңесі туралы» қаулыда жас ғалым санатына 35 жасқа толмаған ғылыми қызметкерлер, ізденушілер, аспиранттар мен докторанттар, ғылыми қызметпен айналысатын ЖОО оқытушылары кіреді.

Тәуелсіздік жылдарында жас ғалымдарға тән сипатты белгілер қалыптасты. Біріншіден, жеке дамуға келетін болсақ, олар: жас ғалымдардың өз білімін қосымша толықтыру, ішкі ресурстарын жұмылдыру, өмірлік стратегиясын құру, жоғары коммуникативтік деңгейін дамыту. Сонымен

қатар командада серіктестік қатынаста жұмыс істеу, басқа мәдениет, мамандық, дін иелеріне құрметпен қарау да жас ғалымдарға тән. Екіншіден, жас ғалымдар ана тілін және шет тілдерді білумен, ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларымен де ерекшеленеді. Атап айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды қолдау, құжаттармен жұмыс істеу, оларды реттеу және топтастыру, үлгілеу және есептеу құралдарын пайдалана білу – уақыт талабы.

Қазіргі жас маманның бойында «Қазақстан – 2030» стратегиясында аталғандай, патриотизм, білімге, жаңалыққа құштарлық, ашықтық пен бәсекеге төзімділік сияқты қасиеттер де айқын көрінеді. Қазіргі кезде білім, әсіресе сапалы кәсіби білім тек әлеуметтік категория емес, экономикалық категорияға айналды. Қазақстан жас ғалымдары жеке тұлғалық ерекшеліктерімен де, кәсіби деңгейлерімен де, психологиялық, физикалық қасиеттерімен де сипатталады.

Қазақстанда ғылым саласында 21 782 адам қызмет істейді. Олардың ішінде 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесі 34 пайызды құрайды. Доктор PhD-лердің ғылыми жобаға қатысуы 2014 жылы 330 болса, қазіргі кезде шамамен 850-ге жетті. Сонымен қатар жас ғалымдарға арналған ғылыми жобалар саны да артуда. Мемлекет тарапынан қаржыланатын жобалар жас ғалымдардың ізденістерін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев, ҚР Президенті Қ.Тоқаев ғылымның дамуына және ғалымдарды қол-

дауға тұрақты көңіл бөле отырып, қай елдің де мақсаты жас буынның шығармашылық және ғылыми бастамаларына барлық жағдайды жасау екеніне баса мән беруде. Елімізде жастардың ғылыми потенциалын дамыту мемлекеттің білім мен ғылымды дамыту саясатының басты бағыты ретінде анықталған. Жас ғалымдарды даярлау магистратура және PhD докторантура және постдокторантура сатылары бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасы, Назарбаев университеті жоғары білікті жас мамандарды даярлауда елеулі үлес қосып отыр.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ғылыми қызметкерлердің, соның ішінде жас ғалымдардың құқықтық жағдайын реттейтін заңнамалық база қалыптасты. Олардың арасында ҚР «Ғылым туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциялау туралы» заңдар білім мен ғылым саласын реттеуде басшылыққа алынуда және отандық ғылымның дамуына жаңа қарқын беруде. Ғылымды басқарудың жаңа үлгісі қалыптасты. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың базалық, гранттық, бағдарламалық-мақсатты механизмдері айқындалды.

Мемлекеттік ғылым, жастар саясатын үйлестіру және жетілдіру мақсатында ҚР президенті жанында Жастар саясаты кеңесі құрылды. Сонымен қатар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және басқа жоғары оқу орындарында «Жас ғалымдар кеңесі»,

«Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жыл сайын өткізілуде. Жас ғалымдардың өз зерттеулерінің нәтижелерімен таныстыруы да ғылыми серіктестікке жол ашатын ғылыми іс-шараға айналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаев та өзінің қызметін жас ғалымдармен кездесуден бастай отырып, интеллектуалдық, адами капиталдың құнды екеніне көңіл аударды.

Қазіргі таңда университетімізде 300-ден аса жас ғалым еңбек етуде. Олардың басым көпшілігі әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мен орталықтарында білім алып, ғылыми тәжірибеден өткен. Биыл университеттің жас ғалымдары гранттық қаржыландыру негізінде 60-қа жуық жобаны жүзеге асыруда. Бұл жас ғалымдардың жоғары әлеуетін көрсетеді.

Мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ даярлаған төл түлектерінің бірімін. 1981 жылы тарих факультетін қызыл дипломмен аяқтап, Орал қаласындағы педагогикалық университетте алғашқы еңбек жолын бастадым. Біздің студенттік шағымыз ҚазҰУ қалашығы салынып жатқан кезге тура келді. Біздің университет бітіргенімізге биыл 40 жыл толады, яғни 1976-81 жылғы түлектер болдық. Менің еңбек және ғылыми тұрғыда

жеткен биіктерім тікелей университетпен байланысты. Аспирантура, докторантура баспалдақтарынан өту ғылыми жеткен тұғырыма өз әсерін тигізді.

1994 жылдан бері Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында қызмет етудемін. Әлеуметтанудың ғылым және мамандық ретінде қалыптасуына атсалысып келемін. Қазақстан әлеуметтанушылары ассоциациясы, Қазақстан әлеуметтік жұмыскерлер ассоциациясының құрылуы тікелей біздің кафедраның бастамасымен жүзеге асты. Кафедра меңгерушісі қызметін де атқардым. Әлеуметтану саласына қатысты 250-ден аса ғылыми еңбегім жарық көрді. Соның ішінде бес монография, 15 оқу құралы, үш сөздік бар. Әсіресе қазақ тілінде жетіспейтін оқу құралдарын дайындауға баса назар аударудамын.

Бүгінде екі ғылым кандидатын, төрт ғылым докторын, екі PhD докторын дайындадым. Шәкірттерімнің өзі бүгінде ғылым докторлары, әлеуметтанудың дамуына зор үлесін қосып отырған ғалымдар. Бүгінде үш PhD докторантқа ғылыми жетекшілік етудемін. Бұның өзі азды-көпті елімізге еткен қызметіміз болар. Әлі де жасайтын, атқаратын жұмыстар реті көп. Осының бәрі Тәуелсіздік саясында болып жатқан үлкен нығмет.















1 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

# QAZAQ UNIVERSITETI

Астана  
1948 жылдан  
30 сәуірден бастап  
Астана

№43 (1,824)  
27 қараша  
2021 жыл

www.kaznu.kz

Ал-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

facebook.com/KazakhNationalUniversity

Instagram.com/KAZNU\_UJARI

yt.com/kaznuuniversity

## Абдумәуіт Гүл, Түркияның 11-ші президенті: Нұрсұлтан Назарбаев — түгел түркінің мақтанышы



Түркия президенті Абдумәуіт Гүл мен Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің 11-ші президенті болып тағайындалуына байланысты мақаланың басындағы суреті. Түркия президенті Абдумәуіт Гүл мен Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің 11-ші президенті болып тағайындалуына байланысты мақаланың басындағы суреті.

## Елібасы жастарға тарихи миссия жүктеді



Қазақстанның Тұңғыш Президенті Елібасы Нұрсұлтан Назарбаевтің жастарға тарихи миссия жүктеді. Оның сөзінше, жастар өз елінің болашағын қалыптастыруға міндетті.

## Тұңғыш Президенттің ерен еңбегі

Тұңғыш Президенттің ерен еңбегі. Оның қолымен еліміздің тәуелсіздігі қамтамасыз етіліп, демократиялық құрылымдар орналысы.

## *Вклад кафедры в развитие независимого Казахстана*



**Ольга  
АЙМАГАМБЕТОВА,**  
*профессор кафедры  
общей и прикладной  
психологии*

Период суверенизации Казахстана и его развитие как демократического социального государства совпало с пересмотром ценностей, которые претерпевают изменения вместе с другими компонентами жизни общества. Глобализация, либерализация и демократизация как факторы жизнедеятельности современного Казахстана способствуют формированию новой духовной и нравственной атмосферы общества, которая требует синхронных изменений не только в экономическом, социальном и политическом сферах, но и в области личностного развития. Понимание современных процессов и их дальнейший мониторинг сегодня невозможен без воссоздания целостной картины развития личности, ее нравственно-духовного развития и совершенствования, изучения ее истоков и особенностей.

Статья Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева «Независимость превыше всего», посвящённая 30-летию Независимости Казахстана, пронизана идеей – формирования высоконравственного гражданина страны, находящегося в постоянном процессе личностного развития и совершенствования, который бы чувствовал себя комфортно в своей стране, как с экономи-

ческой, с политической и социальной точки зрения.

Целых три десятилетия независимый Казахстан развивался в определённой стратегии. По словам Касым-Жомарта Токаева, - первое десятилетие можно назвать периодом, когда закладывался фундамент нового Казахстана. Второе десятилетие, - отмечает президент, - стало периодом укрепления государственности, повышения потенциала экономики страны. И наконец, в третьем десятилетии наряду с политическими и экономическими реформами стало придаваться особое значение духовному возрождению человека, гражданина своей страны. Эта основная идея, - тонко подмечает Президент страны, - нравственное и духовное возрождение человека с новыми ценностями и ориентирами выступает в качестве основополагающей во главе каждого из этих периодов.

Казалось бы, сейчас в век цифровизации многие процессы проходят без вмешательства человеческого фактора, но мы можем наблюдать как активно параллельно с цифровизацией быстрым шагом идёт – саморазвитие, самосовершенствование, когда человек пытается жонглировать всеми областями своей жизни, при этом, держа всё в балансе. В связи с этим сегодня происходят глобальные изменения в культуре, особенно в ценностной проблематике и ценностных ориентациях. Как следствие, концепции и взгляды на приобщение молодого поколения к достижению

человеческой цивилизации становятся все в большей степени преимущественно гуманистически ориентированными. Если раньше в учебных заведениях мы могли наблюдать картину как пытаются всех сгруппировать и вывести всех на единый уровень мировоззрения, то сейчас делается уклон на – индивидуальное восприятие.

Это позволяет осмыслить человека как уникальное явление природы, признать приоритет его субъективности. Благодаря этому, появляется возможность переосмыслить влияние человека на свою жизнь, свое право и ответственность за раскрытие своих способностей и творческого потенциала, понять соотношение между внутренней свободой выбора личности в саморазвитии и самореализации. В связи с этим большое значение и особую актуальность получают те науки, в центре внимания которых, находится человек, т.е. науки, связанные с человековедением. Одной из таких современных наук является психология, которую еще в конце XIX века известный американский психиатр Абраам Кардинер назвал наукой XXI века. И, действительно эти пророческие слова явились доказательством того, что миру сегодня необходима наука о человеке и для человека.

Мир меняется, мир должен меняться и мир должен быть понят. И точно также должна быть исследована и понята изменившаяся психология человека в новых условиях изменившегося мира. Приходя в



какую-либо современную организацию, мы не услышим таких фраз как – продуктивность, мотивация, доход, реклама. Мы услышим – специалисты, люди, профессионалы, клиенты, корпоративная этика. С этого и можно делать выводы о важности человека в этом потоке жизни.

И отсюда возникает главный вывод – психология как современная наука, в центре внимания которой находится человек, должна изучать и открывать новые психологические законы для его дальнейшего личностного и социального развития. В этом заключается ее основная задача. В этом и состоит специфика психологии как науки, которая неисчерпаема и изменчива, как неисчерпаема и изменчива сама суть человека. Это положение и определяет все проблемы, тенденции и перспективы развития психологии в начале XXI века.

Конечно, решением этих сложнейших задач должны заняться представители нового современного поколения психологов, сформировавшихся в совершенно других научных, социальных, ценностных парадигмах, характерных для XXI века. Именно им предстоит ответить на глобальные вопросы психологии, которые были поставлены еще в V веке до нашей эры античными философами и которые, к сожалению, не решены до сих пор. Большой вклад в решение всех этих задач, поставленных психологией перед современным поколением учёных, вносит профессорско-

преподавательский состав кафедры общей и прикладной психологии КазНУ им. Аль-Фараби. Новое поколение психологов, скрупулезно, изучая труды Платона, Демокрита и Аристотеля, наследие всей мировой культуры, религий, мифов с новых позиций и новых взглядов современного мира, усовершенствованной психологии XXI века, должны наконец ответить на основной вопрос современной психологии – что такое душа, существует ли она как отдельный феномен, если существует, то, как она развивается, параллельно с психикой и сознанием? Последние исследования известнейшего психофизиолога, всю свою сознательную жизнь, занимающуюся изучением мозга, нейронных связей Н. Бехтеревой, основоположника трансперсонального направления в психологии Станислава Грофа в плане изучения души задают новые парадигмы исследования. И, если представителям нового поколения психологов удастся решить этот глобальный вопрос современности, решаемый с античности, то психология засверкает новыми гранями. И в центре этой науки будет стоять человек со своим внутренним миром и своими особенностями, но уже изучаемый в контексте понятия «душа».

Впервые отделение психологии и логики было открыто в 1947 году на филологическом факультете университета в соответствии с постановлением Центрального комитета ВКП (б) от 1946 года об обязательном преподавании логики и психо-

логии во всех школах Советского Союза. Возглавивший на тот момент кафедру, академик Т.Т.Тажобаев, будучи ректором университета, очень много сделал не только для ее становления, но и в целом для подготовки национальных кадров по психологии. Его короткая, но очень яркая жизнь была тем факелом, зажегшим свет в мир психологии многим поколениям казахстанцев. В 1980 году кафедра психологии стала самостоятельной общеуниверситетской кафедрой, в составе которой было всего 7 человек. В 1988 г. с открытием отделения психологии на базе философско-экономического факультета в республике впервые началась подготовка специалистов с базовым психологическим образованием, впоследствии ставших бесценной интеллектуальной элитой казахстанской психологической науки. В 1991 году впервые в истории казахстанской психологии было открыто казахское отделение, которое с момента своего основания стало ярким символом отечественного просвещения и науки, внося огромный вклад в развитие психологической науки страны.

Последние годы кафедру возглавляет доктор психологических наук, профессор З.Б. Мадалиева, успешно реализующая свой научный и творческий потенциал как научный работник, способный к проведению научных исследований, как педагог высшей квалификации, но в тоже время она является практикующим психологом, специализирующимся в области арт-тер-

апии, когнитивно-поведенческого подхода в психологии и др. Сегодня на кафедре успешно трудятся 9 докторов наук, 15 кандидатов наук, 3 доктора PhD, педагогический труд, научно-исследовательская деятельность которых, является сильным импульсом к дальнейшему развитию психологической науки суверенного и независимого Казахстана.

Члены кафедры активно участвуют в научно-исследовательской работе, ежегодно участвуя в грантовых проектах. В частности, только за последние годы были закончены следующие проекты – «Синергические основы и эвтагогика для саморазвития личности и развития духовно-нравственных качеств», Психофизиологическое исследование диагностики и коррекции депрессивного состояния», Международный проект – «Исследование этнической идентичности корейцев (коре-сарам), проживающих в РК и др.

В этом году члены кафедры выиграли еще три проекта МОН РК.

Министерство образования и другие государственные органы оценивают по достоинству все достижения членов кафедры. Свидетельством этого является награждение членов кафедры правительственными медалями и орденами. Профессор С.К.Бердибаева и доцент К.Е.Басыбекова награждены орденами «Құрмет» за трудовые достижения и гражданскую позицию. О.Х.Аймаганбетова – «Почетный работник

образования», С.К.Кудайберенова – «Отличник здравоохранения», Н. Тленчиева – «Отличник образования», доцент М.П.Кабаква награждена медалью «За трудовое отличие» и др.

Исходя из миссии кафедры – практико-ориентированной подготовки конкурентоспособных специалистов психологов через создание условий для реализации индивидуальных траекторий профессионального развития участников образовательного процесса, сегодня осуществляется подготовка по 6 специальностям, реализуются дудипломные программы с ведущим российским университетом (УРФУ им. Б. Ельцина), совместные обучаю-

щие программы с ведущими зарубежными вузами России, Болгарии, Канады, Германии. Обучение в магистратуре, докторантуре осуществляется на трех языках.

Таким образом, кафедра общей и прикладной психологии Казахского национального университета им. аль-Фараби вносит свой посильный вклад в развитие независимого Казахстана. Поэтому примечательная дата 30-летие независимости страны связана с 30-летним становлением и развитием самостоятельной казахстанской психологической науки, в центре внимания которой находится Человек XXI века, претерпевающий изменения в изменившемся мире.

## «Болашақ» жастардың шетелде білім алуына жол ашты



**Құдайберді  
БАҒАШАРОВ,**

*PhD,  
қауымдастырылған  
профессор*

Өткенге барлап қарасақ, тәуелсіздіктің 30 жылдығында жасалған елеулі жұмыс аз емес. Ол туралы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында кеңінен атап өткен болатын. «Болашақ» бағдарламасы бүгінге дейін қаншама жастардың шетелдерде білімін шыңдауына жол ашты. «Болашақ» түлектері қазіргі уақытта атқарушы биліктің әртүрлі саласында елге қызмет етуде. Пәндік олимпиада жеңімпаздары халықаралық додаларда үнемі алтын, күміс, қола медальдарымен халықты қуантып келеді. Оксфорд, Кембридж сынды әлемнің үздік оқу орындарына қазақстандық азаматтардың түсуіне осы тәуелсіздіктен кейін кең жол ашылды. «Білім-инновация» лицейлері, Назарбаев зияткерлік мектептері, Республикалық физика-математика мектебі секілді айтулы білім ошақтарының жетістіктерін көрген сайын, тәуелсіз ел ретінде болашаққа деген үміт пен сенім күшейе түседі.

Жуырда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жан-жақты сарапталған, терең саяси-философиялық мәні бар көлемді мақаласын жариялаған болатын. Тәуелсіздіктің 30 жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөле отырып, оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұрғанына назар аудартқан. Дегенмен Президент алдағы төртінші онжылдықтың жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу

екенін баса айтады. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру күн тәртібінде тұрғанын ұқтырады. Бұл тұрғыда ол: «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз», – деп, негізгі мәселе әділетті қоғам құру екенін нақтылап өтеді. Әділетті қоғам құру жолында біздің саланың да атқарып жатқан еңбегі ұшан-теңіз.

Философия және саясаттану факультетінің университет дамуына қосып жатқан үлесі аз емес. Айталық, университетіміз Елбасы Н.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген, 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде екі қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингісінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екенін дәлелдеді. Міне, университеттің осындай биік деңгейден көрінуіне әр факультет аянбай күш салғаны белгілі.

Философия және саясаттану факультеті 10 мамандық бойынша мамандар даярлайды, Ресейдің жетекші университеттерімен бірге қосдипломды білім беру бағдарламасын, шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен бірге білім беру бағдарлама-

ларын жүзеге асырады. Факультетте қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде білім беріледі. Факультет бағдарламалары шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған, ақпаратты жаңа сапалы деңгейде алуға, жүйелік байланыстарды түсінуге көмектеседі. Факультет құрамындағы алты кафедрадағы белгілі ғалымдар, білікті педагогтер сала мамандарының жақсы қалыптасуына бар күшін салып келеді. Осы кафедралардың бірі – Дінтану және мәдениеттану кафедрасы. Кафедра негізінен дінтану, мәдениеттану және исламтану мамандарын даярлаумен шұғылданады. Жуырда факультет деканы, ф.ғ.д., проф. Ә.Рымғазықызымен қатар, кафедраның профессорлық оқытушылық құрамынан ф.ғ.д., проф. А.Құрманалиева, ф.ғ.д., проф. К.Бишманов және мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитеті басшысының қолынан алғыс хат алдық.

Студенттеріміз де түрлі жобалардан марапаттар алып қуантып жатады. Мысалға, биыл «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференцияда дінтану секциясы бойынша студентіміз Алуа Әуелбек бірінші орын алса, осы конференцияда мәдениеттану секциясы бойынша Нәзира Нәбиева бірінші орынды иеленді. Қазақстан жоғары оқу орындары студенттерінің XIII республикалық пәндік олимпиадасының II кезеңінде де студенттеріміз дін және теология бойынша екінші орын алып қуантты. Бұдан басқа да, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген түрлі байқауларда жүлделі орын алып жатқан студенттеріміз аз емес. Факультет, кафедра ретінде ең негізгі міндеті – сала мамандарын даярлау. Бұл бағытта

даярланған мамандар тиісті салаларда жемісті еңбек етіп келеді. Бұл біз үшін үлкен жетістік және зор қуаныш.

Тәуелсіздік жылдары осы іспетті мамандардың қалыптасуы мемлекетіміздің білім алуға жасаған қамқорлығының арқасы дер едім. Біз дінтанушы мамандар ретінде қоғамдағы дін мәселелеріне әрдайым құлақ түріп, өзіміз де мемлекеттік органдармен бірлесіп осы бағытта жұмыстар жасап келеміз. 2017-20 жылдары «Зайырлы мемлекетте дін мен дәстүр сабақтастығы» атты докторлық диссертация тақырыбында PhD докторын қорғатып, ғылыми жетекші болдым. Ғылыми бағытта 2019 жылдан бері Философия, саясаттану және дінтану институтында «Әл-Фараби» ғылыми журналына, 2020 жылдан бері ҚазҰУ хабаршысы – «Дінтану» ғылыми журналында да сарапшылыққа қатысудамын. Яғни дінтану, исламтану бағытында жазылған ғылыми мақалаларды сараптап, сұрыптап, талдап, қажет болса авторына қайтарып, түзеттіріп отырамыз. Бұл да бір тәуелсіздік жылдарындағы рухани-ағарту жұмыстарына қосылған үлесіміз болар деп ойлаймын.

2011-14 жылдары «Исламдағы толеранттылық дәстүр» тақырыбындағы ғылыми жобаға қатыстық. Өздеріңіз білесіздер, мемлекетіміз түрлі этнос өкілдері мен конфессия өкілдерінің бірлігін жарастыруда толеранттылыққа ерекше көңіл бөледі. Осы орайда, біз ғылыми жоба ретінде дәстүрлі ислам дініндегі толеранттылық негіздерді қарастырдық. Бұдан басқа да, Алматы қаласы дін істері басқармасының әлеуметтік тапсырысы аясында көптеген жобаларды өткіздік. Әдетте бұл жобалар ел ішінде дін

туралы заңдарды, дін саласындағы өзекті мәселелерді түсіндіруге бағытталады. Мысалға, 2017-18 жылдары «Перспектива» ақпараттық кеңес беру тобы» қоғамдық қорының «Дін саласындағы заңнамаға енгізілетін өзгерістерді халыққа түсіндіру» бойынша Алматы қаласы дін істері басқармасының әлеуметтік тапсырысы, 2017-18 жылдары Алматы облысы дін істері басқармасы ұйымдастырған «Рухани керуен» жобасы, 2020 жылы Алматы қаласында Best center of all levels қоғамдық қоры ұйымдастырған «Дін мен дәстүр» әлеуметтік жобалары осындай мақсатта өткізілген жобаларға жатады. Осындай жобаларда білікті мамандар ретінде әрдайым қатысып, халыққа дін мәселесін түсіндіріп отырамыз. Әрине, мұндай шаралар көбіне елде діни экстремизмге жол бермеу мақсатын көздейді. Бұдан бөлек, кейде Мониторинг және талдау орталығы ұйымдастырған Алматы қалалық дінтанушы ұстаздардың біліктілігін арттыру курстарын жүргіземіз. Мұндай жобаны университеттегі Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, кейде Алматы облысы дін істері басқармасы да ұйымдастырады.

Факультетімізде «Өзгеріс философиясы» атты ғылыми конференция өтті. Өзгеріс қай кезде де керек. Өйткені жер-жаһанда барлық нәрсе сәт сайын өзгерісті бастан кешуде. Идеялар мен көзқарастар да өзгеріп, уақытымен пісіп-жетіледі. Жаңа заман тіпті шұғыл өзгерістерге толы. Бұл жаңа дүниелерге тез бейімделуді қажет етеді. Жаңа заманда барлық нәрсе өзгеріп, жаңалануда. Бізге осы тұрғыда жасаған істердің сапалы болуына деген талапты күшейту керек. Өйткені сапа болмаса, не істесең де

бәрі бекер. Сапасыз дүние сұраныс та тудырмайды. Барлық нәрсе сапасына қарай бағаланады. Сапалы құрылыс салу, сапалы маман даярлау сияқты оның мысалдарын көптеп келтіруге болады. Сондықтан жаңалану мен өзгеру сапаға қарай бағытталуы тиіс. Тәуелсіздік жылдары атеистік жүйеден шыққан еліміз дәстүрлі дінге бет бұра бастады. Осы орайда, қоғамда рухани ізденіс күшейді. Осы жылдары 300-ден астам түрлі исламдық бағыттағы әдебиеттер шығарды. Бұл да тәуелсіздік жылдарындағы рухани ағарту жұмыстарындағы үлкен өзгеріс болды деп ойлаймын. Себебі тәуелсіздік алғалы бері дін ғылымына барынша ден қойылып, назар аударылып жатыр.

Тәуелсіздік жылдары дін саласындағы ахуал өте күрделеніп кетті. Осыған орай, өткен жылы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен және «Қазақстан Республикасындағы лаңкестік және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен онлайн форматтағы оқыту семинарында дәріс оқыдық. «Дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру» гранттық жобасы аясында облыстарда өткен курсқа сол облыстардағы мамандар қатысты. Мемлекетіміз дінтану саласына көбірек грант бөлу арқылы мамандар даярлауға ерекше мән бере бастады. Сол себепті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының атқарған қызметі орасан зор деуге болады.

Бүгінде кафедрамыз елге кең танымал. Ондағы оқытушы-профессорлық құрам негізінен беделді ғалымдардан құралған.

Қазіргі уақытта дінтану, исламтану, мәдениеттану мамандықтары бакалавриат, магистратура, докторантура академиялық деңгейлерінде даярланады. Бұл өте үлкен жетістік. Бізде даярлықтан өткен мамандар республиканың түкпір-түкпірінде жауапты қызметтер атқарып жүр. Бұл егемен елдің азаматтарына қай салада болсын қарыштап дами түсуіне мүмкіншілік мол дегенді білдіреді. Азды-көпті еңбегіміз тәуелсіздігіміздің одан әрі нығайып, өркендей түсуіне қызмет етер деп үміттенемін. Біздің жетістік – егемендігіміздің жемісі.

Шәкірттеріміздің өз саласында еңбек етуі, тіпті өз саласында жетекші мамандар ретінде қызмет жасап жүргені қуантады. Бір ғана Алматы облысының бірнеше ауданында дін істері бойынша жетекші мамандар қатары біздің түлектерден құралған. Тіпті басқа облыстарда да еңбек етіп, азаматтық борышын атқарып жатыр. Біз үшін түлектеріміздің өз мамандығын жақсы көріп, толық меңгеріп, сол салада еңбек етуі үлкен қуаныш. Шәкірттеріміз университет қабырғасындағы жылдарда мамандықты игергенмен, сол салада кәсібилікті шыңдау өмір бойы жалғасады. Ешқашан болдым, толдым деп тоқмейілсуге болмайды. Қазақ «Білгенім – бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» дейді. Сондықтан түлектер өмір бойы оқу мен ізденуін жалғастыруы керек. Өмірдің мәні үйрену және үйренгенінді басқаларға үйрету болса керек. Ешқашан үйрену мен үйретуден қол үзбеу керек. Студенттеріміздің болашағынан мол үміт күтеміз. Қазіргі заман мүмкіндіктерге толы. Студенттеріміз әлі-ақ қоғамның кетігін тауып қаланып, өзін жан-жақты көрсете біледі деп ойлаймын.

## «Мәңгілік ел» ұлы мұратымызды айқындап берді



**Роза ҚАСЫМОВА,**

*педагогика  
ғылымының  
кандидаты,  
доцент*

Тәуелсіздік – ұлттың ұлт болып, ел болып, мемлекет болып салтанат құруының бірден-бір өлшемі, өзегі, ұлт болып дамудың шарты, көрсеткіші. Мемлекет үшін тәуелсіз болу сезімінен артық өрісті, қымбат сезім жоқ. Әрбір мемлекет тағдырындағы ең бақытты шағы, ол – тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңі. Елбасы Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар, оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – Көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі», – деген сөзі кімді болсын ойға қалдырады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдерде небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, әлеуметтік, экономикалық, саяси жаңғыру жолына түскен Қазақстан бүкіләлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі бар абыройлы мемлекетке айналды. Ұранымыз, мақсат-мұратымыз мүлде өзге сипатта еді. Бүгінде өз шекарамызды нақты білеміз, өз әскеріміз, астанамыз, жеріміз, еліміз, Ата заңымыз бар жұртқа айналдық. Азаттықтың арқасында «Мәңгілік ел» болу деген ұлы мұратымызды айқындап алдық. Тәуелсіздік пен мемлекет егемендігі туралы заң қабылданған сәтте толқымаған, шаттанбаған, қуанбаған қазақ жоқ шығар, сірә.

Алматының алаңына жиналған жұрт та желтоқсанның



ызғарын елемеді. Өйткені егемендіктің әсері өте жалынды, ыстық болатын. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Халқымызға сан ғасырлар арман болып келген тәуелсіздіктің ең басты тірегі – ана тіліміз. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі – жан дүниеміздің айнасы, сондықтан елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілік пен мақтаным сезімі болуы қажет. Өйткені тіл – біздің түп тамырымыз, шығу тегіміз. Ешқандай халық өзінің салт-дәстүрінсіз, әдет-ғұрпынсыз және ана тілінсіз өмір сүре алмайды, оның мәнісі де осында. Халықтың даналығы, даралығы, тарихы мен шежіресі, мәдениеті сол халықтың тілінде жазылып, сол тілде жас ұрпағымызға мұра болып қалады.

Тағы бір айта кететін жайт, тәуелсіздік жылдары ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, болмысымыздың өзегі, елдігіміздің негізі болып саналатын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама ұлттың рухани-ағартушылық, мәдени-интеллектуалдық деңгейін көтеруге, өсіп келе жатқан ұрпақты өз елінің салт-дәстүрі мен жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық рухта тәрбиелеуге бағытталған. Мұның бәрі тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек деп ойлаймын.

Қазақстан – бүгінде Еуразияның жүрегінде орналасқан, тату-тәтті өмір сүріп жатқан көпэтносты мемлекет. Тәуелсіздігімізден

артық қасиетті де қымбат ұлы арман, орасан зор биік мақсат бар ма!? Бүгінгі тәуелсіздігіміздің тірегі – Елбасымыздың өзі құрған Қазақстан халқы Ассамблеясы. ҚХА – достық пен татулықтың, бірлік пен келісімнің киелі бесігі. Ұлтаралық сыйластық пен ынтымақтастықты көрсетудегі бейбіт өміріміздің белгісі. Демек, тәуелсіздікті қастер тұту, құрметтеу – тек қазақ халқы үшін ғана емес, елімізді мекендеген әрбір азаматтың парызы. Жүз отыздан аса этносты бауырына басқан Қазақстанның бейбіт бірлігін дамытып, тірлігін нығайту қасиетті борыш болып есептеледі.

Әлемдік аренадағы айтулы қадамдарға келер болсақ, еліміз 30 жыл ішінде халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналып, қысқа мерзімде өзіндік даму моделін таңдаған, жер бетіндегі бейбітшілік пен бірліктің қолдаушысы екенін таныта білді. Халықаралық саясатта тың идеяларды ұсынып, беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық етіп, жаһандық және аймақтық мәселелерді шешудегі тың бастамаларымен көріне бастаған болатын.

Тәуелсіздігіміздің дамуына, білім саласының өсіп-өркендеуіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының да қосқан үлесі ұшан-теңіз. Университетімізде теориялық білімді жетік меңгерген, кәсіби тұрғыдан алдына жан салмайтын мамандарды ғана емес, сонымен қатар ішкі рухани дүниесін жан-жақты дамыта білген, өз білімін іс жүзінде дәлелдей алатын түлектерді даярлап келеді. Мен де болашақ ма-

мандарға «Этнопедагогика», «Педагогика» және магистранттарға «Жоғары мектеп педагогикасы» пәндерінен дәріс және семинар сабақтарын жүргізіп, пәннің қырсырын үйретіп, семинар сабақтарында жаңа технологияларды меңгертіп, оқу мен тәрбие үрдісін қатар жүргізіп келе жатқан университет ұстаздарының бірімін.

Университет қабырғасында педагогикалық қызмет атқара жүріп, 200-дей ғылыми мақала, оқулық, оқу құралы, монография, нұсқаулық, әдістемелік құрал және халықаралық ғылыми журналдарда Scopus-қа мақала шығарып, университетіміздің рейтингіне өз үлесімді қосудамын. Өзім де осы оқу орнының 1982 жылғы тұлғамын. Сондықтан университеттің дамуына, қоғам талабына сай, бәсекеге қабілетті маман даярлаудың локомотиві болуына жұмыс атқарудамын. Тынымсыз еңбек пен қосқан елеулі үлестерім үшін университет тарапынан алғыстар мен марапаттауларға ие болып және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталдым. Білім бағдарламасы бойынша міндетті пәннен оқулық және оқу-әдістемелік құралдарын жаздық.

Білім беру жүйесі туралы айтсам: үздіксіз білім беру (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура); жаңа үлгідегі оқу бағдарламалары; жақын және алыс шетелдерге барып, жаңа инновациялық технологияларды үйрену, тәжірибе алмасу, академиялық ұтқырлықпен оқуға бару; жобалармен жұмыс істеу; әртүрлі тақырыпта байқауларға қатысу, жастарға арналған стипендиялар бар, баспана алу мүмкіншілігі де мол. Өзін-

өзі дамытамын деген тұлғаға барлық мүмкіншіліктер жасалған. Бұл да тәуелсіздіктің арқасында деп ойлаймын.

Ұстаз болғандықтан айтарым, жастар білімді, креативті, жауапкершілігі мол болып, ұлттық құндылықтарды өз бойларына қалыптастырса екен деген тілегім бар. Елге, Отанға, табиғатқа, жерге, тілге, дінімізге, ата-анаға деген құрмет болса, өз еліне деген аса патриоттық сезім болса, ұлттық әдет-ғұрыптарымызды, салт-дәстүрлерімізді, ұлттық сусындарымызды т.б. дәріптейтін тұлға қалыптастырсақ деген ойлар мазалайды. Себебі қазір көптеген жастар батысқа еліктейді. Дамыған елдерден жаңа инновациялық технологияларды үйреніп, әкелуге болады. Әрбір этнос өз ұлттық құндылықтарымен ерекшеленеді. Мен Қазақстан әділетті қоғам және экономикасы дамыған ел болады деп сенемін.

Тәуелсіздік жолында өзін-өзі құрбан еткен жастар тарих бетінде көркем әріппен жазылып, бейнелері мәңгі есімізде сақтаулы. Өткенін білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Білектің күшіне ғана сеніп қоймай, оқу-тәрбие, білімнің, ақыл-парасаттың, тіл мәдениетін терең меңгеріп, жүрегі елім деп соққан, жаны жайсаң, көңілі көркем патриот жастардың өсіп келе жатқаны мәлім. Ынталы, білімді шәкірттер көп, барлығы да еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосуда. Студенттерімнен болашақта үлкен үміт күтемін. Алған білімдерін жақсы жағынан көрсетеді деген ойым бар, оған мүмкіншіліктер өте көп.

Тәуелсіздік – біздің алтын қазынамыз,

елімізде Тәуелсіздік күніне орай, жыл сайын ескерткіштер мен монументтер ашылып жатыр. Мысалы, Астанада «Ұлы дала елі» монументі жаңа 25 қырлы монумент, конституциялық заңды ұлықтайтын ескерткіш тақта, Аягөздегі «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші, Тараздағы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне арналған монумент және тағы басқа да көптеген Тәуелсіздік мерекесіне арнап, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып отырады.

Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты, бұл күн сан ғасырлар бойы біздің бабаларымыздың армандаған арманы еді, оған да қол жеткіздік. Өз тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында Қазақстанның халықаралық маңызға ие шараларды ойдағыдай өткізіп, әлем мемлекеттерінің алдында беделге ие болуы жас мемлекеттің болашағы жарқын екеніне сендірсе керек. «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек», – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтпақшы, оны сақтап қалу үлкен еңбек пен тоқтаусыз даму жұмыстары мен бірлікті, сенімді талап етеді. Барлығы өтеді, қалатыны – ел мен жер һәм ұрпақ. Сол ұрпақ қанмен, термен келген тәуелсіздікті құрметтей түсу үшін үнемі еске салып отыру ұстаздардың, ата-аналардың міндеті болмақ.

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың бізге қалдырған аманаты. Ал біз еліміздің тәуелсіздігінің асқақтай түсуіне әрқашан да дайын болуымыз қажет. Тұрақтылық, толеранттылық, бейбітшілік, жұмысқа қабілеттілік және өз мемлекетіне пайдалы болуға деген ұмтылыс тәуелсіздіктің негізгі өлшемдері. Осы жолда Қазақстан жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Тұрақтылық пен татулыққа негізделген сарабал жолымызды табанды түрде жалғастыра береміз. Қазақстанды мәдениеті жоғары, рухы биік, патриоттық сезімі берік, XXI ғасырдың асау тізгінін өз қолдарына алатын ұрпақтың Отанына айналдыру үшін осы елде тұрып жатқан әрбір азамат өз үлесін қосуы қажет және ол біздің ортақ борышымыз болуы тиіс.

Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолда ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Мақсатымыз бақытты ел болу және заманмен бірге жаңаша жаңғыру, тәуелсіздіктің туын биік ұстау, рухани құндылықтарды қастерлеу мен игеру болмақ. Біз алға қойып отырған мақсат-міндеттерді жемісті іске асыру баршамызға байланысты екенін терең сезінеміз. Сан ғасырлық салт-дәстүрімізді жаңғыртып дамытуға, мәдени мұраларымызды көздің қарашығындай сақтап, қастерлеуге қоғам мен мемлекеттің біріккен күш-жігері ғана негіз бола алады. Тәуелсіздік – Тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік.

## *Инновациялық жаңалықтар ашуда ҚазҰУ әрқашан алда*



**Зұлхаир  
МАНСУРОВ,**  
*химия ғылымының  
докторы, профессор*

Биыл мемлекетіміз үшін маңызды мереке – ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде еліміз біраз қиындықты еңсеріп, дамудың даңғыл жолына түсті. Бұл – өткенге есеп беріп, келешекке нақты жоспар жасайтын үлкен белес. Ғасырлар бойы бодандықтың бұғауында болған ел үшін осы жылдардың әрбір сәті ұлттық маңызға ие. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, тәуелсіздіктің туын қолда берік ұстау әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның басты борышы, биік мақсаты болды.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өз жолдауында білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары екенін атап өтті. Таяу болашақта ел үшін қажетті технологиялар трансфертінің барынша прагматикалық стратегиясын құрған жөн. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда адами ресурстарды даярлау сапасын арттыруға, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім берудің ұлттық моделі қалыптасты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Жоғары білім туралы», «Ғылым туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы»,

«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», «Педагог мәртебесі туралы» және басқа да заңдары қабылданды.

Білім беру жүйесін дамытуға бағытталған алты мемлекеттік бағдарлама іске асырылды. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың 1997-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасы, ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2019 жылы білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Қазақстандық білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамға сапалы білімнің қолжетімділігін, жоғары оқу орындарында жаңа кәсіби дағдылар алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерді дамыту мүмкіндігін көздейді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлары азаттықтың ақ таңында өздеріне артылған осы міндетті айқын түсініп, сенім үдесінен шығуға жұмыла кірісті. Мемлекет міндеттеген білім беру жүйесін сапалық жағынан жақсартуға, ғылымды басқару мен қаржыландырудың құқықтық-заңнамалық базасын қалыптастыруға күш салды. Уақыт көшінен қалмай, жаңа заман-

ның талаптарына сай қалыптасу кезеңінен өтті, жаңа ізденістерге жол ашты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар QS рейтингі бойынша әлемнің үздік 200 университеттерінің қатарына кіріп, жоғары халықаралық рейтингке ие болды. Университетті дамытудың перспективалы бағыттары – отандық және шетелдік рейтингтерде алдыңғы қатарлы позицияларды иеленетін, ұлттық және өңірлік экономиканы жоғары білікті кәсіби кадрлармен қамтамасыз ететін Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің флагманы, көне ұлттық университет ретінде айқындалады.

Қазақ ұлттық университеті бүгінде классикалық ЖОО ғылыми-зерттеу институтына айналу векторын қабылдады. Университетте ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізіледі. ҚазҰУ-дың жанындағы Жану проблемалары институтында (ЖПИ) істелініп жатқан жұмыстардың үлкен циклы қиын жанатын және отқа жанбайтын материалдар жасауға, лазерлі және микроэлектронды әртүрлі аспаптар мен құралдарға жұмсалатын материалдарды алуға бағытталған. Мұнда әртүрлі газдар мен конденсацияланған заттардың атмосфералық жалындарының құрылымын, төменгі температуралық күйенің түзілуін және микроэлектроника мәселелеріне қатысты кейбір полимерлік заттардың деструкциясын зерттеуге бағытталған жұмыстар ерекше орын алады. Сондай-ақ біздің ғалымдар Жер атмосферасында ұшатын аппараттар үшін ыстықтан қорғайтын материалдарды жасаумен айналысады. Отқа төзімді жоғары температура-

лық синтез материалдарымен қатар, ыстыққа шыдамды материалдар өндіру, жану процестерін баяулату, жалын мен иницийрленген пиромиз әдісімен табиғи газдар және мұнай көмірсутектерін олефинге дейін өңдеу, фильтрациялық жану сияқты мәселелер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Осы технология бойынша алынған отқа төзімді материалдар республикамыздан басқа, Ресей, Украина, Қырғызстан және басқа ТМД елдерінің алюминий, мұнай өндіру, цемент, ауыр металлургия кәсіпорындарында және өнеркәсіптің басқа салаларында кеңінен қолданылып жүр.

Біздің ашқан ғылыми жаңалықтарымыз аяқастынан табылған «Эврика» емес. Бұл ғылыми зерттеулер арқылы ашылған жаңалық – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Жану проблемалары институты ғалымдарының соңғы жиырма бес жыл ішіндегі табанды еңбектерінің жемісі. Бұл туралы ертеректе идеялар болғанымен, ешқандай ғылыми жұмыстар жасалмаған. Біздің институт бұл тақырыпты зерттеуді бірінші болып бастады. Көптеген зерттеулердің нәтижесінде қарапайым жолмен, яғни жоғары температурада көмірсутектер жанғанда түзілетін күйемен салыстырғанда төмен температурада 50 пайызға дейін полициклді ароматты көмірсутектер болатыны анықталды. Олардың бізді қызықтыратын бірқатар ерекше қасиеттері бар. Мысалы, аталған полициклді ароматты көмірсутектер жоғары температурада (4000С<sup>0</sup> және одан жоғары) сұйық кристалдарға тән қасиеттерді көрсетті, бұл құбылыс әлемде бірінші рет анықталды. Осы қасиет-

тер түзілімділігі жоғары көміртекті талшықтар алу үшін шикізат ретінде қолданылатын мезофазалы шайырларды алуға мүмкіндік береді.

Улы көмірсутегі қоспаларымен ластайтын мұнай қалдықтары экологиялық қауіп төндіреді. Біз сол лас қалдықтарды адамға қызмет етуге бағыттап отырмыз. Мұнай қалдықтарының органикалық бөлігін тотықтыру арқылы, біріншіден, битум алынады; екіншіден, мұнай өндіретін өңірдің экологиялық мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты ЖПИ зертханасында мұнайлы қалдықтарды қайта өңдейтін жаңа технология жасалды. Жаңа технология бойынша мұнаймен ластанған топырақ пен мұнай шламдарынан жолға төсейтін асфальтты бетон қоспалары алынды. Тағы бір жаңалығымыз – кварц негізінде жасалған мұнаймен ластанған суды тазалайтын магниттік сорбенттер. Бұл да біздің Қазақстанға тән проблема. Ластанған судың бетіне себілген, механохимиялық жолмен алынған сорбент ұнтақ мұнай қалдықтарын бойына жинап алады. Бұл сорбенттердің бойындағы мұнайды тазартып алып, оны тағы да қолдануға болады. Қазір жылу беретін электр стансаларында бағасы жылдан-жылға қымбаттап баратқан мазутты жағады. Біздің ғалымдар көмірді мазутсыз, плазмохимиялық тәсілмен жандыратын технологияны ойлап тапты. Бұл тәсіл жылыту процесін арзандатып қана қоймай, ауаны ластайтын түтіннің құрамындағы улы заттардың шығуын да азайтады.

Біз бұл мәселе бойынша да жұмыстар

жүргізіп жатырмыз. Шанхайда өткен VI халықаралық симпозиумда әріптестеріме көмірқышқыл газын жоюдың жаңадан ашылған жолдарын көрсеттім. CO<sub>2</sub>-ны жою үшін біз табиғи газды пайдаландық. Жасаған тәжірибеміздің нәтижесінде құрамында сутегі мен әртүрлі мөлшерде СО бар синтез газ түзілді. Ал одан болашақтың жанармайы болып саналатын альдегидтер, спирттер, диметил эфиірі алынады.

Бізде электр қуатының тағы бір көзі – химиялық батареялардың жаңа түрі жасалды. Бұрын батареяларға графитті қолданушы едік қой, енді көміртектелген табиғи материал – сары өріктің сүйегінен жасалады. Бұл ғылымдағы нағыз сенсация болды. Кәдімгі сары өріктің сүйегі көміртектелгеннен кейін электрохимиялық қасиеттері жағынан бірнеше есе асып түсті. Осы жаңалығымызбен Токионың технологиялық институтын таныстырдық, жапондық мамандар тәжірибенің нәтижесін көріп қайран қалды. Жапондық ғалымдармен осы мәселе бойынша жұмыстарды жалғастыруға келісімге отырдық.

Сондай-ақ өндірісте қолданылатын электрод тапшылығын жою үшін металды электрмен дәнекерлеу электродтарының жұмыс мерзімін ұзартатын Э-46 жағылатын шихтаның құрамын жасадық. Бұл технология электр доғасының тез тұтануын және оның ұзақ жануын, темірді пісіру кезінде тігістің тегіс болуын қамтамасыз етеді. Жаңа технологияны Павлодар қаласындағы электрод шығаратын «Вторчермет» АҚ қабылдап, өндіріске қосты. Осы технология бойынша құрамы нашар болат құймасын

пісіруге және металдан жасалған заттарды айнымалы және тұрақты электр ағынында жартылай автоматты түрде пісіруге арналған КВС-19К маркалы керамикалық флюстер алынды. Жаңадан жасалынып жатқан технологияларымыз мұнымен бітпейді. Біздің институтта өте мықты ғалымдар ұжымы үлкен жобалармен жұмыс істейді, зерттеу нәтижелерін одан әрі коммерцияландыруға мүмкіндік зор.

Университетіміз бірнеше халықаралық жобалар мен гранттарды жеңіп алды. Олардың ішінде НАТО-ның, ТЕМПУС/ТАСИС гранттарын атап өтуге болады. Сондай шаралардың көмегімен университетіміз республикада бірінші болып компьютерлік жүйеге өтті. Қазір ҚазҰУ жүйесінде мыңдаған компьютер жұмыс істейді. Бұл жағынан кейбір еуропалық университеттерден көш ілгері келеміз деуге болады. Халықаралық қатынастарды нығайтып, бірлескен орталықтар ашып жатырмыз. Қазір Ланчжоу университетімен бірлесіп ашқан Қытай тілі орталығы, Қазақстан – Үнді ақпарат технологиялары орталығы жұмыс істейді. Информатика, шет тілі, заң, экономика салалары бойынша электронды алыстан басқару жүйесі құрылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтуға қосып жатқан үлесі зор. Елдің болашағы – ғылымда, жастарға сапалы білім беру, инновациялық жаңалықтар ашу жағынан біздің университет әрқашан алда келеді. Алдағы уақытта да үлкен жетістіктерге жететініне сенімдімін.

## Мамандарымыз нарықта сұранысқа ие



**Ермек  
ӘУБӘКІРОВ,**  
*химия ғылымының  
докторы, профессор*

«Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау», – деді еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Осы идеяны сапалы да саналы түрде жүзеге асырудың кілті білім мен ғылымның қарқынды дамуы барысында мүмкін болатыны айтпаса да түсінікті. Бұл орайда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміз тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде айтарлықтай жетістіктерге жетті, Қазақстан жоғары оқу орындарының басты рейтингісі бойынша көшбасшы, мемлекетіміздің тарихында бірінші болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының «Қызметтер мен өнім сапасы саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының дипломанты атанды. Біздің университетіміз Халықаралық университеттер ассоциациясының мүшесі және Еуразиялық университеттер ассоциациясының ұйымдастырушысы. Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстан ЖОО-лары арасында тұңғыш болып Болонья қаласында университеттердің



ұлы хартиясына қол қойды, ИСО 9000:2000 халықаралық стандарттар талабы негізінде сапа менеджмент жүйесіне сай, халықаралық сертификаттаудан жемісті өтті және IQNET халықаралық сертификаттау жүйесі сынды ең ірі әлемдік сертификаттау орталығының куәлігін иеленді.

Химия және химиялық технология факультетінің Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ құрамында орны бөлек. Факультеттің қалыптасуы мен дамуына ҚазКСР ҒА академиктері Ә.Бектұров, Б.Бірімжанов, Д.Сокольский, М.Усанович, М.Козловский сияқты ғалымдар орасан зор үлес қосты. Қазіргі уақытта факультет үш мамандық бойынша бакалавр, сегіз мамандық бойынша магистрлар мен PhD докторларын даярлайды. Оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Факультеттің жаңа оқу ғимараты ҚазҰУ қалашығында орналасқан, оны 2010 жылы университеттің 75 жылдығына орай, ҚР Президенті Н.Назарбаев ашқан.

Факультет құрамында алты ірі кафедра, үш ғылыми-зерттеу институты, үш факультеттік зертхана бар, олар жаңа заманауи құрал-жабдықтармен және аспаптармен жабдықталған. Факультетте 150-ден астам оқытушы қызмет етеді. Оның ішінде: 50 – ғылым докторы, 90 – ғылым кандидаты, 15 – PhD. Олардың арасында ҚР Мемлекеттік сыйлығының, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, «Ғылым бейбітшілік үшін» атты НАТО халықаралық сыйлығының, Қ.Сәтбаев, Д.Қонаев, Е.Букетов атындағы, «Тарлан», «Жастар» сыйлықтарының,

«ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері бар.

Химия және химиялық технологиялар факультеті – химия саласының бүкіл ел экономикасының дамуын қамтамасыз ететін ғылым ордасы. Заманауи тиімділігі жоғары технологияларды дамыту біздің ғалымдар әзірлеген жаңа материалдарды пайдаланумен байланысты. Факультет студенттері тек ғылыми мекемелерде ғана емес, химия, мұнай химиясы, фармацевтика, металлургия өнеркәсіптерінің кәсіпорындарында өндірістік практикадан өтеді. Бүгінде факультет Қазақстанның химия-технологиялық мамандықтарының арасында алдыңғы қатарда және рейтингі ең жоғары. Түлектері ғылыми, өндірістік және басқару салаларында, бизнесте жетекші орынға ие. Факультет студенттері элиталық кәсіби білім алу үшін және олардың өмірі қызықты және маңызды оқиғаларға толы болу үшін барлық жағдай жасайды.

Кафедра еліміздегі мұнай-химия, катализ және электрохимия саласындағы ғылыми-білім беру және өндірістік үдерістерді біріктіруге бағытталған оқу бағдарламаларын жасап, нарықтың сұранысы мен талабына жауап беретін бәсекелестікке қабілетті сапалы мамандарды даярлау бағытында елеулі еңбек етті. Кафедра ұжымындағы оқытушы-профессорлар құрамындағы ғалымдарының ғылыми зерттеулері катализдік крекинг, изомеризация, көмірсутектер мен сұйытылған мұнай газын өңдеудің жаңа катализдік процестері, гидродеароматизация және алкилдеу, медициналық және биологиялық

импланттарға антибактериалды жабындарды көпқабатты құрастыру, шайынды суларды тазарту, қатты көмірсутекті шикізатты кешенді және полимерқұрамды қалдықтарды катализдік өңдеу сияқты күрделі ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл жаңа технологиялар ірі ғылыми орталықтар мен компаниялардың ұқсас бағыттағы әзірлемелерімен бәсекелеседі және заманауи тәсілдермен зерттеу жұмыстарының өндіріс деңгейінде жаңа бағыттармен дамытуға жол ашады.

Сонымен қатар өнеркәсіпте студенттердің өндірістік практикаларын сапалы әрі нәтижелі ұйымдастыру және теориялық білімді практикамен ұштастыра отырып жүргізу мақсатында мұнай, мұнай өңдеу, пайдалы қазбаларды игеру мен өңдеу саласындағы «Атырау МӨЗ» ЖШС, ПНПЗ, «Қазатомпром» ҰАК», «АқтөбеМұнайГаз», «Рауан-НАЛКО» ЖШС және т.б. кәсіпорындармен келісімшарт бар. «Қазатомпром» ҰАК жанындағы «Жоғары технологиялар институты» және «Рауан-НАЛКО» ЖШС базасында кафедраның филиалдары ашылып, өндірістік практика шеңберінде жұмыс жүргізілуде, аталған филиалдардан жұмыс берушілер кафедрада өз пәндерінен сабақ береді.

Кафедра тәуелсіздік алған отыз жыл барысында ТМД елдерінің көптеген ғылыми орталықтарымен ынтымақтастық орнатқан. Мәселен, Новосібір қаласындағы Ресей ҒА Сібір бөлімшесіне қарайтын М.Боресков атындағы Катализ институты, Украина ҰҒА және Болгария Ғылым академиясының

Катализ институты, Химиялық технологиялар институты (ҚХР, Хэйлунцзян провинциясы, Харбин қ.) және Inco-Copernicus, ISTC, USAID, INTAS жобалары шеңберінде ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім, халықаралық гранттар, ортақ инновациялық жобаларды іске асыру бағдарламалары аясында ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп жұмыс атқарып келеді. Scopus және Web of Sciens базасына енетін импакт факторлары жоғары халықаралық басылымдарда, ТМД журналдарында және республикалық басылымдарда жыл сайын орташа есеппен 100-150 ғылыми мақала мен ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жарияланды. Кафедраның өнертабыстары да қомақты: өнертабысқа 50 республикалық патент және авторлық куәліктер, инновациялық патенті және пайдалы модельге 10 патент, сонымен бірге екі Америка Құрама Штаттарының патенті алынған.

Осындай озық жетістіктерге қол жеткізу үшін қажетті ғылыми әлеует қалыптастыру, тың идеяларды іске асыру, кешенді зерттеулер жүргізу, жаңа ізденістер бойынша заман талабына сай жаңаша ойлай алатын, бәсекелестікке қабілетті, білікті мамандарды даярлау – уақыт талабы. Осы тұрғыда Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасы алыс және жақын шетелдік университеттермен бірлесіп, магистратура, докторантура оқу бағдарламалары бойынша білім беруде, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде жемісті еңбек етуде. Мысалы, «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша Францияның Лотаринги универси-

тетімен, «Мұнайхимия» мамандығымен Уфа мемлекеттік техникалық мұнай университетімен қосдипломдық бағдарлама жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде әлемнің Топ-200 университеттер санатына кіретін Францияның Клод Бернард Лион-1 университетімен «Мұнайхимия» мамандығы бойынша қосдипломдық бағдарлама жасалуда. Әлемдік індетке байланысты туындаған мәселелер салдарынан көптеген мекемелер мен оқу орындары қашықтан оқытуға көшті, соған сәйкес, мұнай-газ саласындағы қызметкерлерге арналған «Мұнай өндіру процесіне химиялық реагенттерді қолдану теориясы. Хлорорганикалық қосылыстар» атты жаппай ашық онлайн сертификациялық курсы түсірілуде.

Бәсекелестікке қабілетті сапалы мамандарды даярлауда ғылыми-зерттеу әлеуеті халықаралық деңгейде мойындалған h-Хиршасы жоғары профессорларды жұмысқа тарту жақсы жолға қойылуда. Атап айтқанда, олар: h-Хиршасы 60-қа тең Финляндияның Або академиясынан профессор Д.Мурзин, Техас технологиялық университетінен (АҚШ) h-Хиршасы 21-ге тең Н.Нураже, Грация технологиялық университетінен (Австрия) h-Хиршасы 16-ға тең К.Аббас сабақ берумен қатар, докторлық диссертациялардың шетелдік кеңесшісі. 2014 жылдан бері Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасы мен Новосібір мемлекеттік техникалық университеті бірлесіп ұйымдастыратын «Функционалды заттардың химиялық технологиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жыл сайын Ресей

мен Қазақстанда кезектесіп өткізіліп келеді. Бұл екі университет арасындағы катализ, мұнайхимия, материалдарды синтездеу, экологиялық, химиялық технология саласындағы мәселелерді талқылап, шешу үшін шетелдік (Германия, Израиль, Испания, Иран, Ресей, Қырғызстан) және қазақстандық ғалымдардың күш-жігерін біріктіруге, олардың тәжірибе алмасуына бағытталған ірі халықаралық ғылыми іс-шара. Осындай нәтижелі, ауқымды жұмыстар жас ғалымдардың ғылымға деген құлшынысын оятып, отандық және шетелдік білім мен ғылым саласында өздерінің зерттеулері мен тәжірибелік жұмыстарын жария етуіне, ғылымның қия жолында тынымсыз еңбек етіп, ғылыми ізденіс көкжиегін кеңейтуге жол ашары даусыз.

Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалардың, соның ішінде мұнай, көмір және уранның ауқымды қоры бар екені белгілі. Еліміз түсті металдарға да бай: Д.Менделеевтің периодтық кестесіндегі 117 элементтің 99-ы Қазақстанда кездеседі. Осының бәрі көмірсутекті және минералды шикізатты талдау және өңдеумен айналысатын химиктер мен химик-технологтарды даярлауды қажет етеді. Сонымен қатар экономиканың кез келген саласына жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу химия және химиялық технология саласының мамандарынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Осыған байланысты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультеті даярлайтын мамандар әрқашан еліміздің экономикасында сұранысқа ие.

## *Бәсекеге қабілеттілік сапалы білім алудан басталады*

1991 жылдың соңында тәуелсіздік алған еліміз жоспарлы экономикалық жүйеден нарықтық жүйеге көшу жолына түсті. Қазақстан құқықтық мемлекет, нарықтық экономика және демократия нысанындағы дамудың батыстық моделін таңдап, бұл жолда елеулі жетістіктерге жетті. Тарихи өлшемдер бойынша қысқа мерзім болса да, 30 жылда, яғни ғасырдың үштен бір уақытында еліміз ішкі трансформация мен сыртқы танудың әртүрлі кезеңдерінен өтті. Осы жылдар ішінде экономиканың өсуіне ықпал еткен өңдеуші өнеркәсіп пен ғылымды қажетсінетін қызметтер саласындағы оң өзгерістер болды. Экономикалық серпілістен шабыт алған Қазақстан жаңа стратегиялық мақсат



**Ләйла БИМЕНДИЕВА,**  
*экономика ғылымының  
кандидаты, профессор м.а.,  
Экономика және бизнес жоғары  
мектебінің деканы*



**Ғалия ДӘУЛИЕВА,**  
*экономика ғылымының  
кандидаты, профессор м.а.*

– әлемнің бәсекеге барынша қабілетті озық 50 елдің қатарына кіру мақсатын қойды.

Тәуелсіз мемлекеттің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруда және ел экономикасының тұрақты даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде жоғары кәсіптік білім берудің маңызы зор. Отандық білім беру саласы өткен ғасырдың 90-жылдары нарықтық қатынастарға ену және бейімделу кезеңін өткерсе, 2000 жылдардан білім берудің жоғары стандартын қамтамасыз етуде нарықтық механизмді барынша кең қолдануға бағытталған білім беру саласын жаңашылдандыру үрдісі басталды. Білім беруді жаңашылдандырудың бағыттары Болон үрдісінің тенденцияларына және ұлттық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес анықталды. Жоғары білім беру саласының жүйелі негіздегі институционалды жаңашылдандырылуы барысында білім беру сапасын арттыруға қажетті жағдайлар жасалынып, адам капиталын ұдайы өндірудің заманауи моделі, оқу орындары және жұмыс берушілердің бірлескен іс-қимыл моделіне негізделген ұлттық біліктілік жүйесі қалыптасты.

Тәуелсіздік жылдарында қазақстандық білім беру саласының әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігінің, танымалдығының, айтулы жетістіктерінің көш басында 87 жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жетекші орын алды.

Білім ордасының Экономика және бизнес жоғары мектебі тәуелсіздік жылдарында айтулы жетістіктерге жетті. Қазақ ұлттық университетінің құрамында 1934

жылдың қыркүйек айында алғашқы қоғамдық пәндер кафедрасы – Экономикалық теория кафедрасы (бұрынғы Саяси экономия кафедрасы) ашылған. Осы кафедраның негізінде құрылған экономика факультеті 1949 жылдан бастап еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуына қажетті жоғары білікті мамандарды даярлауда үлкен үлес қосып келеді. Тәуелсіздік жылдарында білім беру саласындағы жаңашылдандыру, жас мемлекеттің экономикасына қажетті жаңа мамандықтарға туындаған қажеттіліктерге, еңбек нарығының талаптарына байланысты факультет тарихында өзгерістер орын алып, 2010 жылдың қыркүйек айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен экономика және бизнес факультеті Экономика және бизнес жоғары мектебі деп өзгерді. Тәуелсіздік жылдарында ӘЖБЖМ-нің негізін қалаған атақты ірі ғалымдар мен ұстаздарымыз – академик Я.Әубәкіров, профессорлар Б.Байжұмаев, Е.Қанатбаев, Т.Сарбасова, У.Имамбаева, С.Нысанбаев, Е.Жатқанбаев, У.Шеденов, Б.Мұхамедиев т.б. қалыптастырған білім мен шығармашылық ізденістің сара жолын факультет түлектері ұлттық экономиканың жан-жақты салаларында табыспен жалғастыруда.

ӘЖБЖМ-нің стратегиялық даму бағыттары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын, стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Фундаменталды көпдеңгейлі білім беру, өндіріске жаңа білім мен технология-

ларды генерациялау, ғылыми зерттеулер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және инновациялық-технологиялық даму бағдарламалары мен жобаларына белсенді қатысу – білім ордасының «Университет 4.0» моделі аясындағы инновациялық-зерттеу университеті ретіндегі басым міндеттері.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің құрамында қазіргі уақытта ірі төрт кафедра – Экономика, Менеджмент, Қаржы және есеп, Бизнес технологиялар кафедралары еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие және дамудың жаңа трендтеріне сай білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Солардың қатарында Экономика кафедрасы жоғары экономикалық білім беру саласында үздіксіз еңбектенуде. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы макроэкономикалық талдау, тұрақты даму, жасыл экономика, статистикалық және эконометрикалық модельдеу, тәуекелдерді бағалау, қаржылық математика бағытында біліктілігі жоғары, кәсіби және ғылыми жетістіктерін жеке, сондай-ақ шәкірттерінің табыстарымен дәлелдеген ҚР және шетелдік ғылыми ортадағы беделді мамандардан құралған. Оқытушылар ҚР БҒМ гранты есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобаларға және республикалық бағдарламаларға белсенді қатысуда. Профессорлық-оқытушылық құрамның 80 пайызы рейтингті ғылыми базаларда жоғары Хирш индексіне ие. Web of science және Scopus деректер базасындағы жоғары Хирш индексі – 5, дәйексөз саны – 80-нен жоғары.

Кафедра оқытушыларының ішінде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері де өз жетістіктерімен ерекшеленеді.

«Экономика» білім беру бағдарламасы ғылым мен білімнің, басқарудың және өндірістің қазіргі заманғы талаптарына сай келетін, отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, экономика және сабақтас пәндер саласында жан-жақты білімі бар жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Біздің түлектеріміз өзіндік іргелі және қолданбалы зерттеулерді өз бетінше шығармашылықпен жоспарлауға және жүзеге асыруға, ғылыми-техникалық прогреске, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына ықпал ете отырып, экономикадағы және онымен байланысты салалардағы ғылыми және өндірістік проблемаларды шешу үшін инновациялық білімді синтездеуге және біріктіруге қабілетті.

Кафедра еліміздің танымал тұлғаларына айналған түлектерін мақтан тұтады. Олардың қатарында Г.Қарағұсова – экономика ғылымының докторы, ҚР Парламенті Мәжілісінің қаржы және бюджет комитетінің төрайымы; М.Әшімбаев – ҚР Парламенті Сенатының төрағасы; Б.Сағынтаев – мемлекеттік қайраткер, Алматы қаласының әкімі; А.Дунаев – экономика ғылымының кандидаты, «HalykFinance» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы; Е.Қарашүкеев – Ауыл шаруашылығы министрі т.б.

«6B04103 – Экономика», «7M04102 – Экономика» және «8D04102 – Экономика»

білім беру бағдарламалары Қазақстандық инженерлік білім беру қоғамында (KazSEE) 2026 жылға дейін аккредитациялаудан өтті. Кафедраның білім беру бағдарламалары республиканың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттігінің (IQAA) бағалауына сәйкес, жетекші орындарға ие.

QS World University Rankings by Subject 2021 халықаралық рейтингіне сәйкес, Economics & Econometrics бағыты бойынша білім беру бағдарламалары 251-300 орындарды иеленді. Тәуелсіздік жылдарында халықаралық рейтингте Economics & Econometrics бағыты бойынша университет пен білім беру бағдарламаларының табысты ілгерілеуіне қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жүргізілген кешенді құрылымдық жаңғырту ықпал етті.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың ұстанымдарын әлемдік деңгейде де, өңірлік деңгейде де күшейту үшін «халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті», «ұлттық деңгейде бәсекеге қабілетті» және «өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті» жоғары оқу орындарының топтарын қалыптастыру үшін индикаторлар құрастырылатын болады» деп айқындалған.

Университеттің бәсекеге қабілеттілігін басқару тетігі сыртқы ортамен байланысты қолдауды және кеңейтуді қамтиды. Осыған байланысты кафедра әлемнің «Үздік – 500»

тобына кіретін университеттермен халықаралық байланыстарды дамытуда: University of Padua (IT) Department of Historical, Geographical and Antiquity Sciences; La Sapienza University (Rome, Italy); Lappeenranta University of Technology (Finland); Oxford “Environment Europa” (Great Britain); The University of Memphis (USA); The University of Kansas Lawrence (USA); the consultancy company of the German Institute of Economic Research (DIW). Қазіргі уақытта кафедра магистратура деңгейінде ТМД-ның «Желілік университеті» шеңберінде қосдипломды бағдарламаны жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді модернизациялау ХХІ ғасырдың ғаламдық және пәнаралық құзыреттіліктері аясында жүзеге асырылуда (оның ішінде еріктілік, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік, көшбасшылық, коммуникация, зерттеу дағдылары, іскерлік және т.б.). Жаңа білім беру бағдарламалары өмір бойы оқуды көздейтін, тез өзгертін VUCA (volatility (құбылмалылық), uncertainty (белгісіздік), complexity (күрделілік), ambiguity (екіұштылық, түсініксіздік) әлемде қажет болатын икемді және кәсіби дағдыларды (soft skills, hard skills) қалыптастыруға бағытталған. Модульдік құзыреттілік тәсіліне негізделген бағдарламаларды іске асыру WorldSkills халықаралық талаптарын ескере отырып жалғасуда. Сонымен қатар дамудың жетекші тенденцияларының бірі – цифрландыру және Y – Z ұрпақтарына жататын еңбек ресурстарының жаңа еңбек талаптарының

қалыптасуы еңбек нарығының ландшафтын едәуір өзгерістерге ұшыратып, жеке тұлғаның кәсіби даму стратегиясына қатысты жаңа міндеттер туғызуда. Демек, цифрлық қоғам және «ақылды» технологиялар кәсіби дайындықтың тиімділігі, бірегейлігі, адекваттылығы, құзыреттілікті үнемі дамыту және жетілдіру міндеттерін күн тәртібіне қояды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, «Индустрия 4.0» элементтерін енгізу өте маңызды» деп белгіленген. Алайда күрделі міндеттерді шешуге және ұлттық экономиканың қарқынды дамып келе жатқан digital-секторына қажетті мамандардың жетіспеушілігі туралы мәселе өткір қойылып отыр.

Осыған байланысты ӘЖЖБМ ұжымы жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын дайындап, оқу үдерісіне енгізуді жолға қойған. Кафедра 2021/22 оқу жылында «Экономика» білім беру бағдарламасы тобында бакалавриат және магистратура деңгейінде «Ақылды қала» және «Цифрлық экономика» инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізіп, жүзеге асыруда.

Жоғары кәсіптік білім беру саласы кез келген өркендеудің тиімді құралы, қуатты инвестициялық ресурс – адам капиталы жасалатын тәуелсіз мемлекетіміздің стратегиялық өсу нүктесі. Экономика кафедрасы, ӘЖЖМ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тәуелсіздіктің толағай мүмкіндіктерін үздік жетістіктерге ұштастырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, ұлттық инновациялық әлеуеттің нығаюына елеулі үлесін қосуда.



## *Высшее образование за годы независимости*

Система высшего образования Казахстана за годы независимости преобразовалась из советской системы в современную рыночную систему образования, где во главе угла находится не диплом о высшем образовании, а компетентность его соискателя. Нынешняя система высшего образования базируется на обучении за счет государственных грантов и оплаты за обучение. Такой переход был сложным было много нареканий и противников из числа тех, кто или не мог оплатить, или их дети не смогли учиться, или не хотели учиться. Тем не менее сложившаяся система выдержала испытания временем и при всех существующих недостатках продолжает функционировать.



**Ержан ЖАТКАНБАЕВ,**  
*д.э.н., академик*

**Айжан ЖАТКАНБАЕВА,**  
*юридический факультет,  
зав. кафедрой, доцент*



В свое время находясь у истоков процесса преобразования в университетское образование нам приходилось испытывать давление так называемого общественного мнения. Причем его нередко создавали свои же коллеги из числа профессорско-преподавательского состава. Одни считали необходимым сохранить советскую систему, другие предлагали копировать одну из систем высшего образования развитых стран и прежде всего американскую, третьи – взять лучшее из советской системы и интегрировать их в принятую систему высшего образования. Были и другие мнения, но их авторы не учитывали новую обстановку, в которой оказался Казахстан. Она же выражалась в том, что независимый Казахстан взял курс на рыночную экономику, следовательно, все должно быть подчинено экономическим законам рынка: Все продается и все покупается; Нужно покупать, если имеются средства; Нет денег, покупка не осуществляется.

Вторая причина заключалась в том, что новые достижения в науке, технике и технологии предоставили новые возможности в обучающемся процессе. Компьютерная техника властно вторглась в процесс образования. Первоначально это выражалось, прежде всего, в документо-обороте, контроле и учете за передвижением профессорско-преподавательского состава, студентов и др. лиц причастных к университету. Сейчас университеты плотно включены в процесс цифро-

визации, а по многим аспектам являются локомотивом и его движущей силой.

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби, во второй половине 90-х годов XX века, в ректорате, деканатах, кафедрах вся документация постепенно переводилась на компьютерную технику. Получаемая компьютерная техника из вузов США, др. стран, а также и из других источников передавались на механико-математический факультет, затем лишь на другие подразделения университета. Так, например, факультет экономики и социологии, сотрудничая с одним из вузов США получила Арраловские компьютеры и через некоторое время декан факультета журналистики обратился в ректорат с просьбой перераспределить несколько компьютеров в издательство «Казак университеті», так как они более подходят для издательского дела. Вот таким образом в КазНУ имени Аль-Фараби еще в 90-е годы постепенно проводилась компьютеризация. В это дело вложили определенный вклад преподаватели и выпускники факультета экономики и социологии участвуя в различных конкурсах получали компьютеры, которые передавали факультету, да и на др. факультетах они не стояли в стороне. Таким способом к 2000 году на факультете экономики и социологии были установлены компьютеры в 4-х аудиториях.

В КазНУ имени Аль-Фараби был создан специализированное подразделение «Учебно-вычислительный центр» с отделами разработки программных средств,

сопровождения программных средств, технического обслуживания, группы разработчиков и внедрения 1С - бухгалтерия. Разрабатывались программы для каждого вида учета, контроля и деятельности учебной части ректората, студенческого отдела, деканатов, кафедр, научных подразделений университета. Все эти работы для университетов США и других развитых стран уже был пройденным этапом. Более того в университете штата Небраска в г. Оклахома офицеры военно-воздушных сил США, в преддверии увольнения в запас уже учились онлайн гражданским специальностям. Мы же пришли к этому способу обучения существенно позже, так заочное образование в университете было преобразовано в дистанционное и затем уже в силу необходимости из-за пандемии ковид-19 прочно вошло в систему образования по всему Казахстану.

Сегодня КазНУ наиболее обеспеченный и продвинутый в сфере информатизации и цифровизации университет, где процесс обучения строится на новейших технологиях как технического, программного, технологического, учебно-методического характера. Бурные темпы внедрения результатов третьей промышленной революции во-втором десятилетии XXI века привело руководство фирм и учреждений США к тому, что они уже не спрашивают наличие сертификатов об окончании университета. Их интересует компетентность претендента на конкретное рабочее место. Соответственно, значение универ-

ситетского образования меняется на глазах. Сейчас становится ясно, что есть смысл усиленно работать не только над совершенствованием учебно-методической работы процесса обучения и использование современной техники и технологии, но и над разработкой этой новой техники, технологии на цифровой основе.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алғалы бергі отыз жылда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шаңырағы биік, өсіп-өркендеген, мерейлі білім ордасына, ғылым мектебіне айналды, аты әлемдік деңгейде танымал болды. Соның нәтижесінде бүгінде заң факультетінде ғана 10-нан аса мемлекеттің азаматтары білім алып, факультет бірқатар белгілі шетелдік ЖОО-лармен әріптестік орнатып, байланыс жасап отыр, олардың ішінде: Рига техникалық университеті (Латвия), Åbo Akademi University (Финляндия), Кристиан Альбрехт атындағы Киль университеті (Германия), Кастилья-Ла Манча университеті (Испания), Ыстамбұл университеті (Түркия), Лазар университеті (Варшава, Польша), Колумбия университеті (Нью-Йорк, АҚШ), Қырғыз Республикасының үкіметі жанындағы Қырғыз мемлекеттік заң академиясы, Алиев атындағы Баку мемлекеттік университеті (Әзірбайжан) және ресейлік ЖОО-лар бар. Бұл аталғандардан бөлек, заң факультетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы Ла Сапиенса университетімен (Италия, Рим), Лотарингия университетімен (Франция), Дидро университетімен (Франция), Сорбон уни-

верситетімен (Франция), М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен (Ресей), Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетімен және бірқатар өзге де мемлекеттердің ЖОО-ларымен ынтымақтастық орнатқан.

Бүгінде факультетте бакалавриаттың алты білім беру бағдарламасы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 17 білім беру бағдарламасы табысты іске асырылуда. Сондай-ақ магистранттар Баку мемлекеттік университетімен (Әзірбайжан), Висмар университетімен (Германия) және Варшава университетімен (Польша) қос диплом бағдарламасы бойынша білім алуда. Студенттердің академиялық біліктілігін арттырумен қатар, оларды толыққанды тұлға ретінде қалыптастыру – факультеттің орталық назарына алынған мәселелердің бірі. Осы бағытта факультет қабырғасында Заң клиникасы, Студенттік кеңес, Студенттер сенаты, «Сұңқар», «Көмек» ұйымдары жұмыс істейді және студенттік топтармен дәстүрлі түрде тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырады.

Заң факультеті базасында гранттық қаржыландыру бойынша алты ғылыми-зерттеу жобасы жүзеге асырылуда. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша факультет ғалымдарының еңбектеріне 13 қорғау құжаттары алынды.

Мемлекетіміздің тәуелсіздік алуының нәтижесінде заң факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы QS WUR халықаралық рейтингінің Топ-700 жоғары оқу орнында оқытудан және тағылымдамадан өтуде, бірқатар шетелдік ЖОО-лармен

халықаралық әріптестік орнатылып, факультеттің ғылыми-оқу процесіне Хирш индексі 15-тен кем емес шетелдік оқытушылар тартылған. Кафедрамызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мемлекеттік бағдарламасына байланысты ғылыми жұмыстар жүргізіледі. Факультетте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты құрылып, жұмыс істеуде.

Тәуелсіз 30 жылдың әр кезеңінде факультетте, оның ішінде біздің кафедрамызда тәуелсіз Қазақстанның заң білімі мен ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан бірқатар танымал тұлғалар: С.Сартаев, С.Зиманов, М.Баймаханов, Ғ.Сапарғалиев, С.Сәбікенов, О.Қопабаев, К.Мәуленов, М.Биндер, В.Малиновский, К.Колпаков, М.Сәрсембаев, З.Кенжалиев, Г.Усеинова, А.Ибраева секілді танымал ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қызмет етті және қызмет етуде. Бұл ғалымдардың тек қазақстандық ғылымның дамуына ғана емес, бастысы – тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің орнығуы мен қалыптасуында, дамуында алатын орны өзгеше.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігін бүкіл әлемге паш етіп, тәуелсіздігін жариялау фактісі заң факультетінің аталмыш кафедрасын ұзақ уақыт басқарған профессор Сұлтан Сартаевтың атымен тікелей байланысты. Нақ осы Қазақстанның біртуар азаматы – С.Сартаев «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясының, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы»

конституциялық заңының басты авторларының бірі болды. Оған қоса, С.Сартаев 1990 жылы Қазақ ССР-нен жаңартылған одақтық шартты дайындау үшін мемлекеттік комиссия құрамында жұмыс істеді, тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясын (1993 ж.) құрастырушылардың бірі, «Тілдер туралы» заң жобасын және тіл саясаты жөніндегі Тұжырымдаманы жасау жөніндегі комиссияның төрағасы болды. Сұлтан Сартайұлының Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін бекітіп қана қоймай, оны бекемдей түсудегі атқарған қызметі де орасан. Ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінде 55 жылдан астам уақыт жұмыс істеді.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, дамуына өзінің үлесін қосқан факультеттің келесі бір майталманы – В.Ким. Заң ғылымының докторы, профессор В.Ким тәуелсіз Қазақстанның алғашқы (1993 жылғы) және бүгінде әрекет етуші 1995 жылғы Конституцияларының жобаларын әзірлеуге қатысты, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1920-30 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау және 1986 жылғы 15-17 желтоқсанда болған оқиғаларды тергеу бойынша комиссиясының мүшесі және хатшысы міндетін атқарды. Сонымен қоса, ол Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де қызу пікір тудырған ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың саяси және конституциялық-құқықтық көзқарастарын талдауға арналған «Жасампаз жылдар» кітабының авторы.

Қазақстанның отансүйгіш азаматы ре-



тінде бізді де «Тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына мен қандай үлес қостым», «Университетте қызмет еткен уақыт аралығында егеменді еліміздің құқық ғылымы мен білімінің дамуы бағытында қандай белестерді бағындырып, еңбектер жасадым», «Болашақ ұрпаққа қандай ғылым мен білімді аманаттаймын» деген сұрақтар толғандырады. Біз заң факультетінде тұңғыш рет қазақ тіліндегі топтың ашылуына араласып, тиісінше алғашқылардың бірі болып мемлекеттік тілде білім алдық, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан отансүйгіш азаматтарды жалған, лас жалалардан ақтау үшін мемлекеттік қайраткер Мұхтар Шаханов құрған комиссияның құрамына кіріп, Желтоқсан оқиғасына қатысушылардан олардың демонстрацияға қандай мақсатпен шығып, сол үшін көрген заңсыздықтарын баяндайтын түсініктемелер жинауға қатыстық, біршама заңнамалық актілерге құқықтық сараптама жасаушылардың қатарында болдық.

Біз ҚазҰУ-дың заң факультетінде әртүрлі пәндерден студенттерге, магистранттарға білім береміз. Білім алушы

студент қауымының білімді де білікті маман, заңгер ретінде қалыптасуы үшін алғашқылардың бірі болып мемлекеттік тілде Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, мемлекет және құқық тарихы пәндерінен төрт оқу құралын, екі оқу-тәжірибелік құралын жазып шығардық.

Биыл қастерлі тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл қайта жаңғырған Қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес.

Тарихқа көз жүгіртсек, даму заңына сәйкес, әр тарихи кезеңде қоғам белгілі бір қиындықты, сынақты басынан өткереді. Бұл қалыптасқан заңдылық. Ата-бабаларымыз «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны», небір алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Онымен қоса, тоталитарлық кезеңде біз ұлттық құндылықтарымыздан, ұлттық (мемлекеттік) тілімізден, дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды.

## *Тәуелсіздік білім беру саласына жаңа бағыт әкелді*



**Рахила НАРАЛИЕВА,**  
*ЖОО-ға дейінгі  
дайындық  
кафедрасының аға  
оқытушысы*

Биыл – Қазақстан Республикасы үшін тарихи тағылымды жыл. КСРО мемлекетінің ыдырап, Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толуда. Тарих атты алып шежіре үшін 30 жыл қас қағым сәт болар, ал біздің ел үшін тәуелсіздік жылдары – еліміздің толағай табыстарға қол жеткізген тарихи маңызы бар айтулы кезең. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Н.Назарбаевтың парасатты көшбасшылығымен талай қиындықтан өттік, іргетасы берік, қуатты мемлекетке айналдық. Осы жылдары тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, саяси бағытымыз тұрақты болып, Қазақстан халқының біртұтас ұлт болып қалыптасу жолында маңызды қадамдар жасалып, тың жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Тәуелсіздік жылдары қазақстандық білім беру саласына жаңа бағыт, тың серпін әкелді. Бұл жаңалық тек жалпы білім беру саласында ғана емес, жеке тұлғалардың интеллектуалдық қабілетін арттырып, қызметін дамытуға, әлеуетін кеңейтіп жатқанынан байқауға болады. Мысалы, кеңестік дәуірде қазақстандық ғалымдардың шетелмен, әсіресе капиталистік алпауыт елдердің көрнекті ғалымдарымен, білім ордаларымен байланыс жасау, еңбектерімізді жариялау өте қиын болатын. Қазіргі таңда білім беру саласында шетелдіктермен әдістемелік,

ғылыми-инновациялық байланысты тығыз орнатып, ғылыми еңбектерімізді отандық қана емес, әлемдік рейтингте көрсеткіші жоғары Scopus, Web-Science, World-Science т.б. базасында индекстелетін басылымдарда кеңінен жариялай алу мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Елбасымыздың, Президентіміздің тіл саясатына қатысты айтқан тұжырымды терең ойларын жүзеге асыру мақсатында отандық білім беру сатысын әлемдік деңгейге көтеруге, көпұлтты елімізді, біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыратын негізгі фактор – мемлекеттік тіліміздің өрісін кеңейту, қолданыс аясын, бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енуіне, әлемдік аренаға шығуына жол салатын білім мен ілімнің, ғылым мен техниканың тілі ретінде құзыреттілігі артуына байланысты тіл маманы ретінде үнемі ізденіп жүреміз. Қазақ тілін өзгетілді аудиторияда шет тілі ретінде оқытудың инновациялық әдістемесін мемлекеттік және жалпыадамзаттық мәдени кеңістікте ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, оқыту технологиясына қатысты лингвистикалық және инновациялық әдістемелік мәселелерді талдап, зерделеп, отандық білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті қазақ тілін көптілді ортада оқытудың инновациялық кешенді әдістемесін қалыптастыру мақсатында еңбек етеміз.

Педагогикалық шеберлігім, ғылыми әлеуетімді, кәсіби біліктілігімді арттыру мақсатында шетелдік ғалымдармен тәжірибе бөлісу бағытында Кембридж панелінде пікір алмасамын. Республика деңгейінде

ғана емес, шетелде өтетін халықаралық конференцияларға, симпозиумдарға қатысу мүмкіндігіне ие болып, еңбектерімді шетелдік баспасөздерде жариялап жүрмін. Мысалы, отандық, шетелдік басылымдарда 150-ден астам ғылыми-әдістемелік, имидждік мақалаларым мен 20-дан астам оқу құралдары, оқу бағдарламам жарық көрді. Scopus базасында авторлар серіктестігімен екі мақалам және ресейлік «Интернаука» баспасында ұжымдық монографияда еңбегім жарық көрді. АҚШ, Түркия, Канада, Ресей, Украина, ҚХР, БАӘ, Мысыр, Чехия, АИР, Моңғолия мемлекеттері баспасөздерінде және өткен халықаралық конференцияларда, симпозиумда ғылыми-зерттеу еңбектерім жарияланды.

Елбасымыз «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «...Білім – біздегі Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік негізі», – деп атап көрсетіп, еліміздің болашағы, берекелі дамуы жолындағы басты стратегиялық бағыт – білім мен ғылымнан бастау алатынына баса назар аударып, «...Бізге ұлттық зияткерлік ұйытқыны жасау қажет, эрудициясы жоғары, сапалы адамдар қажет, олар халықаралық деңгейдегі бәсекелерге лайықты қабілетті болуы шарт. Бүгін білім беру үрдістеріне назар салудың маңызы өте жоғары. Іс-әрекетті орындайтын немесе жасайтын біліктілікті, өмір сүруге үйрететін біліктілікті, заман талаптарына лайықты бірлесіп өмір сүре алатын біліктіліктерді әрбір адамның бойына егу қажет», – деп, отандық, әлемдік білім-ғылым кеңістігі мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білімді

де білікті маман жастарды тәрбиелеу ісін білім ошақтарынан бастау керек екенін атап айтты.

Елбасымыз бен Президентіміздің жасампаз елдің жарқын болашағы – жастарға қатысты айтқан асыл ойлары мен жарқын да жаңа мақсатын жүзеге асыру жолында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың еңбек ұжымы аянбай еңбек етіп жатқанын сөз жүзінде емес, нақты іс жүзінде жүзеге асыруда. Әлемнің жетекші оқу орындары мен ғылым ордаларымен халықаралық байланыстар орнатуда. Ұлттық рейтингтің абсолюттік көшбасшысы – университетіміз әлемдік білім мен ғылым кеңістігінде өзінің жетістіктерімен әлемдік рейтингі жоғары жетекші оқу орындарының топ-200-дің қатарына енді. Түркі елдері академиясының ең үздік білім ордасы атағын иеленді. Университет жетістіктерінде әрбір факультет, әрбір кафедра ұстазының қажырлы еңбегінің үлесі бар. Сол секілді біздің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті де өзіндік үлесін қосуда. Біздің факультет 2011 жылы 1985 жылы жасақталған шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің негізінде құрылды. Факультет өзінің қалыптасу барысында көптеген оң өзгерістер мен даму кезеңдерін сәтті өткерді. Факультет ұжымы тіпті 90-жылдары да қажырлы қайратпен жемісті қызмет етті. Қазір XXI ғасырда да еңбек жолын сенімді түрде жалғастыруда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру саласында бұрыннан 100-ден астам шет мемлекетпен тығыз байланыс жасайды. Қазіргі уақытта университет өзінің халық-

аралық байланыстарын кеңейтіп, жетілдіріп, өркендете отырып, Еуропалық білім беру кеңістігіне сенімді түрде кірігу ісін жүзеге асыруда. Білім беру аясында көптеген әлем елдерімен байланысын кеңейте түсуіне жол ашылды. Мысалы, венгриялық Шандор Ковач деген студент өзінің қыпшақтар туралы ғылыми зерттеуін аяқтау үшін дайындық факультетіне қазақ тілін үйренуге келді. Қазақ ғалымдарының түпнұсқадағы зерттеулерін оқу үшін оған біраз еңбектенуге тура келді. Кейіннен Шандор қыпшақтардың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін әрі қарай зерттеу үшін өзінің өмірін Қазақстанмен тығыз байланыстырды. Қазіргі уақытта Шандор Ковач Венгриядағы Яс-Надькун-Сольнок облысындағы ассамблеяның жетекшісі. Ол Қазақстанмен байланысын үзбеді, қазақ тілінде өте жақсы сөйлейді. Ш.Ковач біздің елімізде жиі қонақта болып тұрады. Невада – Семей антиядролық қозғалысының белсенді мүшесі, жетпіс жастағы дайындық факультетінің қарт студенті, жапониялық Такаго Масэхико дайындық факультетін тәмамдағаннан кейін өзінің оқытушысы Г.Мұсаеваны Осака қаласында орналасқан Еуразиялық тілдер орталығы мен «Хибакуси» антиядролық қоғамына шақырды. Орталықта доцент Г.Мұсаева шетелдіктер дәрісханасында қазақ тілін оқытудағы өз тәжірибесін таныстырды. 2001 жылдың қаңтар айынан бастап шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті халықаралық бағдарлама бойынша жоғары оқу орны арасындағы көне Ханкук шет тілдер университетімен байланыс орнатып, корей

студенттерін халықаралық студенттер алмастыру бағдарламасы бойынша қабылдай бастады.

Тәуелсіздіктің жаңа ғасыры жаңа дәуірдің лебін ала келді: жаңа заманда маңызды қадам – шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерін оқыту ісі қолға алынды. 2001 жылдан бері факультетте президенттік бағдарламаның арқасында 2000-нан астам шетелдік қазақ жастары білім алып шықты. Атамекеніне оралып, қалаған мамандығы бойынша ана тілінде білім алып, жұмыс істеп жатқан түлектеріміз жылдан-жылға артып келеді. Еліне оралып, еңбегі жанған түлектеріміз де аз емес: талантты жас Қазымұрат ақынымыз, күміс көмей әнші Үшқын, «Қамшы кз» сайтының жетекшісі Біләл өнер мен шығармашылық саласында еңбек етіп жүрсе, ал Құрмет шетелдік қазақтарды орналастырып, қабылдайтын қалалық миграция департаментінде еңбек етіп жүр.

Қазіргі кезде факультет алдына қойған екі үлкен міндетті: шетел азаматтарына екі категория бойынша білім беру – этникалық қазақтар мен шетелдіктерді оқыту ісін жүзеге асыруда. Сонымен қатар мемлекеттік тілді меңгергісі келетін шетелдіктердің қатары жылдан-жылға артып келеді. Бірнеше жылдан бері жыл сайын ҚазҰУ-ға, біздің факультетке, қазақ тілін оқып-үйренуге келетін шетелдіктердің саны арта түсуде. Қазақстан Республикасындағы экономикалық және саяси тұрақтылық, жергілікті халықтың қонақжайлылық қасиеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы білім алушыларға білім беру мен елімізде тұру

үшін қажетті жағдайлардың бәрін жасап, ұйымдастыра білетін іскерлігі, ең бастысы – шетелдік студенттерді факультетте алатын білім сапасының жоғары деңгейде екені қызықтырады.

Үздіксіз білім беру жүйесі бойынша құрылған ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің инфрақұрылымы ерекше: мектеп – колледж – университет. Факультетте екі кафедрамен қатар, ҚазҰУ-дың колледжі мен «Бейіндік мектеп», «Талапкер», «Кәсіби бейіндік» және «Зерде» орталықтарының жұмыс істеуі жоғары оқу орнына дейінгі оқыту жүйесінің біртұтас білім беру саласын қалыптастырды. Факультетте, кафедрада осылайша қалыптасқан ынтымақтастық пен сабақтастық тыңдаушыларымызға тиісті дәрежеде білім алуға мүмкіндік береді. Түлектеріміздің қалаған мамандығы бойынша отандық ЖОО-ға түсіп, білім алуы үшін ұстаздар ұжымы аянбай қызмет етуде.

Кафедрада еңбегіміз жемісті болуы үшін «Шебер ұстаз» сыныбы, оқу-әдістемелік, ғылыми семинарлар, пән бірлестіктері тұрақты түрде жұмыс істейді. Бұл іс-шаралар тек оқытушылардың шеберлігін жетілдірумен қатар, тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың таланттарын ашуға да бағытталып жүргізіледі. Біздің студенттер университет іс-шараларына белсенді түрде қатысады. Республика сарайында Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арналған шарада «Жас қазақ» қойылымын көрсетті. Кезінде ҚХР-дан келген Ұланай атты аруымыз «Ана тілі» аруы атанса, шетелдік бірнеше тыңдаушымыз республикалық «Сөз мерген» лин-

гвистикалық телесайысына қатысып, жүлдегер атанды. Әсіресе соңғы оқу жылдарындағы жетістіктеріміз өте жоғары, 2019/20 оқу жылы талантты, өнерпаз тыңдаушымыз Әсел Шопан отандық екі бірдей өнер сайысының жүлдегері болды.

Жыл сайын тыңдаушыларымыз «Фараби оқулары» халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің дәстүрлі конференциясы аясында өткен байқаудың жеңімпаздары болады. Биыл аталмыш конференцияда алты тыңдаушымыз жүлдегер болды. Республикалық деңгейде өткен онлайн олимпиадалар мен блиц-турнирлерге белсене қатысып, 26 тыңдаушымыз жүлделі орындарды иемденді. Кафедра ОПК-ы да пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп, біліктілік санаты жоғары мектеп ұстазына лайық екенін танытты.

Университеттің толағай табыстарына өзіндік үлесін қосып жүрген факультетіміздің тарихында ардагер ұстаздарымыздың алатын орны ерекше. Өмірден өтсе де, артына жарқын із қалдырған профессор

Т.Қаратаев «Еңбек ардагері», «Жеңістің 60 жылдығы», «Жеңістің 65 жылдығы», «Батыр шапағаты Бауыржан Момышұлы», «Әлия Молдағұлова», «Астанаға – 10 жыл», «Ғылым мен білімге қосқан үлесі үшін» (Еуразия университеті), «Жоғары мектептегі үздік еңбегі үшін» (1984 ж.), «Қазақстан білімінің құрметті қызметкері» медалі, төсбелгілерімен марапатталған. Өзі туған ауданның (Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы) құрметті азаматы атанған. Диссертациялық кеңеске мүше болған. Т.Қаратаевтың жетекшілігімен бірнеше кандидаттық және магистрлік диссертациялар қорғалған. Көп жылдар бойы Қазақ радиосы мен телевизиясында халықаралық хабарлар жүргізген. Жиырмадан астам кітап-кітапшалардың, 200-ге жуық мақаланың авторы. «Жүз жылдың аққарасы», «Тарихтағы аттас тұлғалар» атты оқу құралдары жарық көрген.

Біз, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздары, өз тарапымыздан білім алып жатқан жастардың келешекте Қазақстанның тең құқылы мақтан тұтар азаматы болуына бар күш-жігерімізді саламыз.

## *Тарихына мән берген елдің тұғыры биік*



**Айша БЕГАЛИЕВА,**  
*ЖОО-ға дейінгі  
дайындық  
кафедрасының аға  
оқытушысы*

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Жүздеген жылдар бойы сыртқы күштердің қыспағында болған қазақ қоғамы үшін ең алдымен ұлттық «Мен» дегізерлік қасиеттің қорғаны ретіндегі дәстүрдің рөлі әсіресе зор», – деген болатын. Қазіргі таңда еліміз қарыштап даму кезеңінде. Әйтсе де ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты білу, оны кейінгі буынға аманаттап жеткізу – әрқайсымыздың басты парызымыз. Елбасының идеясымен 2008 жылдан бастап «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы жүзеге асып келеді. Жобаның басым бағыттары – білім беру жүйесінің инновациялық дамуы, ақпараттық революция, жастарды рухани тұрғыдан тәрбиелеу. Қазақ қоғамының интеллектуалдық әлеуетінің дамуына талдау жүргізіліп жатқаны белгілі. Қазақстандағы гуманитарлық құндылықтардың заманауи қағидаларын қабылдау, құндылығын сақтау, дәстүрін жалғастыру – жаңа заманның, рухани жаңғыруға бет бұрған Қазақ елінің басты мақсаты, айқын мұраты. Ақпараттық қоғамның дамуын терең зерделеуде әлемдік тәжірибеге сүйенеріміз анық. Дегенмен өзіміздің ұлттық ерекшелігіміз бен болмысымыз, ұлттық интеллектіміз бен әлеуетімізді, ұлттық кодты, яғни ұлттық қасиетімізді тек өзіміз жасайтынымыз белгілі, өйткені ол тек өзімізге қажет.

Тәуелсіздіктің үлкен жетістігі – алыс және жақын шетелдермен дипломатиялық байланыстың орнатылуы. Соның нәтижесінде өзіміздің және шет мемлекеттердің жастары бір-бірімен ғылым, білім алмасып, өзара мәдени ықпалдастық жасалуда. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы тарихшылар қауымына үлкен серпін берді. Терең зерттеуді талап ететін ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына қозғау салынды. «Архив – 2025» бағытында көптеген құжаттық деректер жинақталуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласымен таныса отырып, қазақ халқы тәуелсіздік жолында ұзақ та қиын сынақтарды бастан кешіргенін, тәуелсіздік тағдырдың қандай да бір сыйы немесе жағдайға байланысты болған оқиға деген сияқты қате мифологиялық түсініктерге тойтарыс беріп, шындығын айту қажет екенін, әсіресе жас ұрпаққа тарихты дұрыс түсіндіріп, үйрету керектігін зиялы қауым ретінде бізге жүктелген міндет екенін сезініп отырмыз. Біз, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұжымы, Президенттің Алаш мұраларын, қазақ даласындағы аштықты жан-жақты және жүйелі түрде одан әрі зерттеу қажет деген бастамасын толық қолдаймыз. Қасіретті жылдар тарихын құжаттық деректерге сүйене отырып, объективті түрде жазу керек екенін мойындаймыз. Мұндай күрделі мәселелерге, Президент айтқандай, ғылыми түрде жауапкершілікпен қарау керек.

Мемлекет басшысы жаңа академиялық тарихты жазуға шақырып, тарихшылар бұл іске шұғыл кірісуі керектігін айтты. Өйткені ол тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар Президент Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, оны әлемдік тілдерге аудару қажеттігін айтты. Шынында да, қазақ халқының салт-санасын ғана емес, әлем оның тарихын, мемлекеттілігін білу қажет екенін байқадық. Бұрын қысқаша тарих ағылшын тілінде шықса да, оны енді догмалық пайымдамалардан тыс, талапқа сай жазатын уақыт келді. Біз Президенттің «әр халық ұлттық мүддесі тұрғысынан өз тарихын өзі жазу керек» деген ұстанымын қолдаймыз. Әрине, ол ұлттық мүддемен томаға-тұйық шектеліп қалмайтыны сөзсіз, әлемдік тәжірибеден үлгі аламыз, Қазақстан тарихын дүниежүзі ғалымдары қалай зерттеп жатқанын, зерттеу өнімдерін де пайдаланамыз. Президент тарихты саясаткерлер емес, тарихшылар жазу керектігін баса айтты. Шынында да, кәсіби тарихшылар тарихты жазса, біз түрлі аңыз-әпсаналарға тойтарыс жасай аламыз. Осылайша Президентіміздің тарихты және тарихшылардың мәртебесін көтергеніне қуанып отырмыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1985 жылы ашылған шетелдіктерге арналған дайындық факультеті негізінде 2011 жылы жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті құрылып, онда 7000-нан аса шетел азаматы оқып шықты. Қазіргі кезеңде университет өзінің халықаралық байланысын жетілдіре отырып, сенімді түрде Еуропалық білім беру



кеңістігіне енуде. Осы бағытта факультет деканы, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.Жаппасов, ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент М.Мырзабеков, тағы басқа да әріптестерімнің үлесі зор. Кафедра «Фараби әлемі» халықаралық конференциясына шетелдік қазақ диаспорасынан оқып жатқан тыңдаушыларымызды белсенді түрде қатыстырып, жүлделі 1-2 орындарға ие болды. Өзімнің жетекшілігіммен Моңғолия тыңдаушысы Айман Жанболат 2-орын алды. Кафедрада шетелдіктерге және қазақ диаспорасы өкілдеріне дәріс бергендіктен, оқыту әдістемелері бойынша әртүрлі бағытта қиындықтар туындады. Осы мәселені ескерген университет басшылығы 2009 жылдың ақпан айынан бастап қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған дайындық кафедрасын өз алдына бөлек құрды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2009 жылдың 27 ақпандағы №4 шешімімен ректордың сол жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығына сәйкес, кафедра Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы деп аталды.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан тәуелсіздігіне – 30 жыл: өткені, қазіргісі және болашағы» атты онлайн дөңгелек үстел өтті. Біз осы уақыт аралығындағы ауқымды өзгерістердің куәсі болдық. Менің жастық шағымнан бастап, қазіргі кезге дейінгі саналы өмірім Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен байланысты. Осында білім мен ғылымның негізі қаланып, педагогтық қызметтің үлкен тәжіри-

бесін жинақтадым. 1980 жылдан тарих факультетінде, 2009 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін шетел азаматтарына арналған білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оралман, ауған, иран, қытай, моңғол тыңдаушыларына «Қазақстан тарихы» пәнінен дәріс беріп келемін. Олар техникалық және гуманитарлық мамандығы бойынша білім алуға көп келеді. Осынау 30 жылдың ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің озық үлгілерін таныстыра отырып, өзге тілді дәрісханаға қазақ тарихын меңгерту мақсатында «Қазақстан тарихы» оқу-әдістемелік құралын жаздық. ҰБТ және кешенді тестілеуге талапкерлерді дайындау мақсатында жазылған «Қазақстан тарихы» оқу құралы осы оқу жылында университет баспасында жарияланды. Қазақ халқының ұлттық мәдениетін шетелдік азаматтарға таныстыру мақсатымен халықаралық семинарларға да қатыстық. Одан өзге, «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» әлеуметтік тәрбие ісіне арналған әдістемелік талдама құралы мен «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» оқу-әдістемелік құралы да жарық көрді. АҚШ, Ресей, БАӘ, Қытай, Канада, Түркия секілді алыс-жақын мемлекеттердің шетелдік баспасөз беттерінде және Scopus базасында индекстелетін импакт-факторы жоғары ғылыми журналдарда екі мақала жарияланды және екі нұсқаулықтың, сегіз оқу құралы мен үш ұжымдық монографияның серіктес авторымын.

Біз жастардың мәдени-танымының, әдептілігінің қалыптасуына ықпал ететін тәрбие сағаттарын ұйымдастырамыз. Же-

текшілігімдегі «Жауқазын» үйірмесі білім алушыларға экологиялық білім берумен қатар, табиғатты аялауды үйретеді. Қорыта айтқанда, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы әлемдік ғылым-білім кеңістігінде қазақстандық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жолында, отандық тарихты зерттеу саласына және университет тыңдаушыларының білім сапасымен қатар, саналы тәрбие алуына өз үлесін қосып жүр. Шәкірттеріміздің алды сенатор, мәжіліс депутаты, министр, елші, ректор, ұстаз. Тағы басқа салаларда да қызмет атқаруда. Мінеки, ұстаздың бақыты – шәкірттерінің жетістігін көруінде.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетін шетел азаматтарына таныстыру үшін халықаралық семинарларға да қатыстық. Қандас қазақ жастары мен Ауған Ислам Республикасының тыңдаушыларына Қазақстан тарихы сабағында сапалы білім беру ісін саналы тәрбиемен ұштастыра жүргізгеніміз үшін Қазақстан халықтары қауымдастығы мен Ауғандық жерлестік қауымдастығы тарапынан алғыс хат алдық.

Адам баласы бірден ұлтжанды патриот болып қалыптаса қалмайды, ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделерін қоғам игілігімен үндестіре алғанда ғана елінің дамуына елеулі үлес қоса алады. Біз тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін береке-бірлікте жұмыс істеуіміз керек. Мемлекет басшысы осы жайында: «Біздің мақсатымыз – келер

ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу», – деді. Еліміздің дамуына аянбай еңбек етіп, білім мен патриоттық тәрбие беру басты борышымыз деп есептеймін. Тарихты эмоцияға берілмей, саяси мәдениетті сақтай отырып, тәрбие ісінде қолдануымыз қажет.

Болашақта жастар бәсекеге төтеп беріп, білімді болатынына сенемін. Қазіргі кезде алдағы бес-он жылда қандай мамандықтар сұранысқа ие болатынына алдын ала болжау жасалуда. Осы бағытта жастардың мақсат-мүдделерін, әрекеттерін бір арнаға салуымыз қажет. Ең көп сұранысқа ие болатын салалардың бірі – ғарыш пен ғайып (виртуалды) шынайылық болмақ. Зерттеушілер көпшілік айтып жүрген пікірге қарамастан, роботтар адамдарды алмастыра алмайтынына сенімдері кәміл, керісінше, цифрлық технологиялар дәуірінде мансаптық және тұлғалық тұрғыда жоғарылауға мүмкіндіктер көбейеді деп санаймын. Жастар өз келешегіне аландамай, нық сеніммен «Мәңгілік ел» идеясын өркениетті түрде жалғастыруы қажет. Қалай болғанда да, Қазақстанның Орталық Азияда империялық держава болатындай мүмкіндігі бар.

Таяу болашақта Орталық Азия ғалым-ұстаздарымен бірігіп ЖОО-ға арналған оқулықтарды қолға алып, жалпы оқулық жазу критерийлерін жүйелендірсек деген жоспар бар, өйткені оқулық білімнің негізгі нәрін беріп, іргетасын қалайды.

## *30 лет воспитываем патриотов*



**Олег АЖИМОВ,**  
*к.п.н., полковник  
запаса*

В этом году народ Казахстана празднует знаменательную дату своей истории – 30-летие государственной независимости Республики Казахстан. В 1991 году Нурсултан Абишевич Назарбаев заложил основы государственности и его основного атрибута – Вооруженных Сил независимого Казахстана. С первых дней становления нашего государства, Первый Президент Казахстана – Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами уделял первостепенное внимание строительству и модернизации наших Вооруженных Сил, повышению уровня их профессиональной подготовки и боеготовности, оснащению современными средствами вооружения.

Программой строительства казахстанской армии явились задачи, поставленные Верховным Главнокомандующим перед руководящим составом Вооруженных Сил еще в 1992 году. Уже в то время, глава государства предвидел угрозы безопасности нашей государственности в виде новых способов и методов ведения войны. Он определил, что «для того, чтобы создать современную и эффективную армию, военно-воздушные и военно-морские силы Республики Казахстан, нам необходимо укреплять материальную часть, личный состав и работу по его обучению». Именно Н.Назарбаев 15 мая 1992 года стал инициатором

создания Договора о коллективной безопасности с рядом стран СНГ, создав при этом определенный «пояс» безопасности вокруг нашего государства.

За 30-летний период Вооруженные Силы Казахстана прошли сложный, поступательный путь развития. С обретением Республикой Казахстан независимости одной из приоритетных задач ставилось создание армии, способной обеспечить защиту суверенитета и территориальной целостности государства. Первостепенной задачей являлась подготовка офицерских кадров для Вооруженных Сил.

Для мобилизационного развертывания Вооруженных Сил в государстве создается запас военно-обученного резерва. Важную роль здесь играют военные кафедры при высших учебных заведениях страны. Достойный вклад в дело обеспечения национальной безопасности государства по подготовке офицеров запаса с первых лет государственной независимости внесла военная кафедра КазНУ имени аль-Фараби.

Военная кафедра Казахского национального университета имени аль-Фараби образована в 1934 году при Казахском государственном университете имени С.М.Кирова с целью подготовки военно-обученного резерва для соединений и частей Красной Армии. В предвоенные и военные годы осуществлялась подготовка рядового и сержантского состава, Ворошиловских стрелков, санинструкторов и офицеров – военных связистов.

С момента образования военной кафе-

дры и по настоящее время для пополнения мобилизационного резерва Вооруженных сил подготовлено более пятидесяти тысяч офицеров запаса и более тысячи сержантов запаса.

Десятки тысяч высококвалифицированных выпускников трудятся во всех сферах государственной службы. За годы независимости, на военной кафедре КазНУ имени аль-Фараби подготовлено более 10 000 офицеров и сержантов запаса. Лучшие выпускники ВУЗа и военной кафедры ныне занимают ответственные государственные посты и должности в силовых структурах, укрепляя национальную безопасность Казахстана. Тысячи выпускников военной кафедры служат и трудятся во благо Родины, Гордостью военной кафедры являются ее выдающиеся выпускники периода обретения государственной независимости М.Ашимбаев, А.Исекешев, Д.Абаев и многие другие.

Необходимо отметить весомый вклад в дело подготовки офицеров запаса для нужд Вооруженных Сил полковника в отставке Фридмана Эдуарда Константиновича, который с обретением независимости нашего государства и созданием казахстанской армии, до 2006 года возглавлял военную кафедру КазНУ имени аль-Фараби. Значительный вклад в дело подготовки военных кадров и становления военной кафедры, внесли ветераны Вооруженных Сил полковники Муздыбаев Р.Т., Кибатаев К.М., Ельмухамбетов А.А., Иханбаев Б.М., Жармухамбетов К.М., подполковники Болгов А.Т., Воронин В.В., гражданские специалисты

военной кафедры Кушумов А.К. и Бейсетбаева Э.А.

За достаточно короткие сроки, были пересмотрены программы подготовки офицеров запаса, значительно расширился спектр военно-учетных специальностей. Если в 1992 году на военной кафедре КазНУ готовили офицеров запаса по двум специальностям, то в настоящее время проходит подготовка офицеров запаса по 17 специальностям и 6 специальностям сержантов запаса. Идет постоянная работа по совершенствованию учебно-материальной базы и учебного процесса, только за последние два года создано пять новых учебных аудиторий, два компьютерных класса – по военной метеорологии, связи, военной журналистике, разведывательной подготовке и военной психологии.

На военной кафедре процесс обучения осуществляется в тесной связи с военно-патриотическим воспитанием студентов. Для проведения военно-патриотической деятельности сформирована и функционирует система воспитательной и идеологической работы по патриотическому воспитанию не только студентов, но и школьников города Алматы.

Создан центр военно-патриотического воспитания, который включает в себя:

1. Именные аудитории

– Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы, первого Министра обороны Республики Казахстан генерала армии Сагадата Нурмагамбетова;

– Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы.

2. Музей истории военной кафедры НАО «КазНУ имени аль-Фараби».

3. Аудитория информационно-воспитательной работы.

4. Центр психологической поддержки (аудитория военной психологии и педагогики).

5. Корреспондентский пункт газеты «Сарбаз», созданный, на основании Меморандума, заключенного военной кафедрой с редакцией Республиканской военно-патриотической газетой «Сарбаз».

Необходимо отметить вклад профессорско-преподавательского состава и всех сотрудников военной кафедры в подготовку казахстанской молодёжи к службе в Вооружённых Силах РК, формированию у студентов таких качеств, как патриотизм, гражданственность и готовность к служению Родине.

Регулятором воспитательного процесса является годовой план воспитательной и военно-патриотической работы военной кафедры, основой которого являются мероприятия, проводимые в масштабе ВУЗа и целевые мероприятия, проводимые только военной кафедрой. В преддверии празднования 30-летия независимости Республики Казахстан на военной кафедре спланировано проведение комплекса мероприятий, освещающих достижения Казахстана, как полноправного члена мирового сообщества.

В ходе изучения и пропаганды исторического прошлого нашей страны и воспитания будущих защитников Отечества со

студентами регулярно проводятся тематические беседы «Я патриот своей страны», общественно-политические и тематические информирования к различным историческим датам, Уроки мужества, викторины, дебат-турниры, тематические вечера.

Налажена и совершенствуется военно-шефская работы со школьниками города Алматы. Организовано тесное взаимодействие и сотрудничество в вопросах военно-шефской работы с Национальным центром «Бобек» и специализированным лицеем «Арыстан». С активным участием студентов, обучающихся на военной кафедре для первокурсников университета, школьников Национального центра «Бобек», специализированного лицея «Арыстан» к знаменательным датам истории Казахстана проводятся студенческие лектории и Уроки мужества.

На плановой и регулярной основе проводятся Дни открытых дверей. За последние три года, военную кафедру в Дни открытых дверей посетило более 3000 тысяч студентов и школьников.

С 2017 года в преддверии знаменательных праздников Дня защитника Отечества и Великой Победы, по инициативе военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби проводится городская военно-патриотическая игра «Сарбаз» на кубок ректора КазНУ имени аль-Фараби, среди лучших школ Алматы, профильной школой КазНУ имени аль-Фараби и гимназией «Самопознание Национального центра «Бобек». Положением об игре предусмотрены не

только военно-прикладные виды спорта, но и творческие конкурсы, исторические и интеллектуальные викторины.

Спонсорами военно-патриотической игры «Сарбаз» являются Республиканская военно-патриотическая газета «Сарбаз», профсоюзный комитет КазНУ имени аль-Фараби «Парасат», а с 2019 года спонсором выступил Алматинский филиал Ассамблеи народа Казахстана.

Налажено тесное сотрудничество с ветеранскими организациями Алматы. Заключен меморандум о сотрудничестве в деле военно-патриотического воспитания с Алматинским Советом ветеранов офицеров войск ПВО.

Коллектив военной кафедры активно участвует в общественно-политической жизни университета и профсоюза «Парасат» КазНУ имени аль-Фараби. В течении ряда последних лет военная кафедра признана лучшим структурным подразделением университета.

Коллектив военной кафедры НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби» сердечно поздравляет студентов, сотрудников университета, воинов Вооруженных Сил, ветеранов, весь многонациональный народ Казахстана с 30-летием государственной независимости нашей Родины! Мы, вместе с многотысячным коллективом передового ВУЗа страны НАО «КазНУ имени аль-Фараби» уверенно смотрим в будущее и достойно выполним задачи по обучению и воспитанию настоящих патриотов Казахстана!















# Мазмұны

<b>Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ.</b> ҚазҰУ қалашығындағы маңызды мезет .....	3
<b>Ажар ЖҮБАНОВА, Аида ҚЫСТАУБАЕВА.</b> Тәуелсіздік жылдарындағы ҚазҰУ жетістіктері .....	12
<b>Қуандық САПАРОВ.</b> Тәуелсіз елде еңбек ету – әрбір ұстаз үшін үлкен мәртебе .....	17
<b>Мейрамкүл НАРМҰРАТОВА.</b> Биотехнологияның жаңа бағыттары пайда болды .....	22
<b>Нұржамал АЛДАБЕК.</b> Шығыстанушылар ұлттық дипломатияның құрылуына зор үлес қосты .....	26
<b>Нәбижан МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ.</b> Қандастарға қанат бітірген Қазақ университеті .....	31
<b>Ислам ЖЕМЕНЕЙ.</b> Ұлттық кадрлар даярлаудың ұстаханасы .....	35
<b>Дмитрий МЕН.</b> Развитие корееведения в независимом Казахстане .....	39
<b>Төлеубек ПЕНТАЕВ, Айжан АСЫЛБЕКОВА.</b> Тәуелсіздік тұсында геодезия ғылымы дамыды .....	50
<b>Калкаш АБУБАКИРОВА, Нина ВОРОНОВА.</b> Достижения в сфере высшего образования и науки .....	54
<b>Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА.</b> БАҚ-тың даму қарқыны жаңа сатыға көтерілді .....	58
<b>Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА.</b> Қазақтілді БАҚ-тың үлесі артты .....	62
<b>Ольга ЛОЖНИКОВА.</b> Журфак готовит профессионалов .....	67
<b>Берекет КӘРІБАЕВ.</b> Ел тарихын жаңаша тани бастадық .....	72
<b>Жанат КУНДАКБАЕВА.</b> «Приливы гордости» я испытывала часто .....	76
<b>Бибізия ҚАЛШАБАЕВА.</b> Басты құндылығымыз – ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісім .....	86
<b>Еділ НОЯНОВ.</b> Тарих – өткен шақ пен келешектің көпірі .....	92
<b>Даурен ЖАКЕБАЕВ, Оксана КАРУНА.</b> Путь независимости .....	96
<b>Мұхтарбай ӨТЕЛБАЕВ.</b> ҚазҰУ – математика ғылымының ордасы .....	101
<b>Байдәулет УРМАШЕВ.</b> IT мамандар даярлауға атсалысып келеміз .....	106
<b>Тиыштық ХАКИМОВА.</b> Развитие IT-технологий в независимом Казахстане .....	111
<b>Әлмира ЫСҚАҚОВА.</b> Студенттік спорттың дамуына тың серпіліс әкелді .....	115
<b>Асқар ДӘУЛЕТОВ, Салтанат БӨЛЕГЕНОВА.</b> Егемен елдің болашағы – саналы ұрпақ .....	119

<b>Маргулан ИБРАИМОВ, Алдияр АГИШЕВ.</b> Наука. Образование. Независимость .....	130
<b>Баян ЖОЛДАСБЕКОВА, Куралай ТАТТИМБЕТОВА.</b> Развитие филологической школы КазНУ в годы независимости .....	135
<b>Элеонора СУЛЕЙМЕНОВА.</b> Мы достойно представляем Казахстан .....	139
<b>Жанғара ДӘДЕБАЕВ.</b> Еліміздің интеллектуалдық әлеуеті артуына қызмет еттік .....	144
<b>Темірғали ЕСЕМБЕКОВ.</b> Рухани жаңғыру жобаларынан сырт қалмадық .....	148
<b>Аслан ЖАКСЫЛЫКОВ.</b> Сохраняя традиции стремимся к будущему .....	153
<b>Анаркүл САЛҚЫНБАЙ.</b> Ұлт тұтастығының тұғыры – тіл .....	157
<b>Айжан МУЛДАГАЛИЕВА, Шолпан ГУМАРОВА.</b> Плоды нашей независимости .....	168
<b>Бекжан МЕЙІРБАЕВ.</b> Факультет фарабитанудың орталығына айналды .....	172
<b>Тұрсын ҒАБИТОВ.</b> Тәуелсіздік жемісі «Мәдени мұра» .....	176
<b>Жақыпбек АЛТАЕВ.</b> Әл-Фараби мұраларын зерттеу орталығының құрылуы – үлкен жетістік .....	180
<b>Анар МУКАШЕВА.</b> Образование – движущая сила развития .....	184
<b>Мәнсия САДЫРОВА.</b> Жас ғалымдардың әлеуеті жоғары .....	188
<b>Ольга АЙМАГАМБЕТОВА.</b> Вклад кафедры в развитие независимого Казахстана .....	198
<b>Құдайберді БАҒАШАРОВ.</b> «Болашақ» жастардың шетелде білім алуына жол ашты .....	203
<b>Роза ҚАСЫМОВА.</b> «Мәңгілік ел» ұлы мұратымызды айқындап берді .....	207
<b>Зұлхаир МАНСҮРОВ.</b> Инновациялық жаңалықтар ашуда ҚазҰУ әрқашан алда .....	211
<b>Ермек ӘУБӘКІРОВ.</b> Мамандарымыз нарықта сұранысқа ие .....	215
<b>Ләйла БИМЕНДИЕВА, Ғалия ДӘУЛИЕВА.</b> Бәсекеге қабілеттілік сапалы білім алудан басталады .....	219
<b>Ержан ЖАТКАНБАЕВ, Айжан ЖАТКАНБАЕВА.</b> Высшее образование за годы независимости .....	224
<b>Болат МҰХАМЕДИЕВ.</b> Экономика ғылымының дамуына лайықты үлес қосты .....	234
<b>Зайлаги КЕНЖАЛИЕВ, Алуа ИБРАЕВА.</b> Этапы развития суверенитета Казахстана .....	238
<b>Шолпан ЗАБИХ.</b> Тернистый путь к свободе и независимости Казахстана .....	242
<b>Дина БАЙМАХАНОВА.</b> Время подводит итоги .....	247
<b>Нұрлайым МЫҢБАТЫРОВА, Әйгерім ЖАРБОЛОВА.</b> Ұлттық құндылықтарымыз қайта оралды .....	252
<b>Рахила НАРАЛИЕВА.</b> Тәуелсіздік білім беру саласына жаңа бағыт әкелді .....	257
<b>Айша БЕГАЛИЕВА.</b> Тарихына мән берген елдің тұғыры биік .....	262
<b>Олег АЖИМОВ.</b> 30 лет воспитываем патриотов .....	266

# Маңызды мезет



**Жалпы редакциясын басқарған, жоба авторы  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ**

**Редакция алқасы:**

Қаншайым БАЙДӨУЛЕТ

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Дизайнер және беттеуші: Талғат КІРШІБАЕВ

Корректоры: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Фото: Марат ЖҮНІСБЕКОВ, Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



Теруге берілген күні 25. 10. 2021 жыл. Басуға қол қойылған күні 02. 12. 2021 жыл. Гарнитурасы  
«DS Garamond». Пішімі 70x10<sup>1/16</sup>. Көлемі 17,5 б.т.  
Қағазы «офсет». Таралымы 1000 дана.

